

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 811.512.122:801.53+378 (075)

Қолжазба құқығында

БЕЛАСАРОВА ЖАЙДАРКУЛ ТАУИРБАЕВНА

**М. Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасының
теориялық мәселелері және оқыту жолдары**

6D011700 Қазақ тілі мен әдебиеті
Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін жазылған диссертация қолжазбасы

Ғылыми кеңесшісі
Ж.Қ. Балтабаева, пед.ғ.д., профессор
Шетелдік ғылыми кеңесшісі
PhD doctor, professor Ibrahim Dilek

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	3
1 М. ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	11
1.1 М. Томановтың түбір теориясы туралы тұжырымдары мен қазақ тілі тарихын жүйелеудегі ұстанымдарының ғылыми маңызы.....	11
1.2 Қазақ тілі дыбыстық жүйесінің тарихи ерекшеліктері мен даму сипаты.....	29
1.3 Морфологиялық тұлғалардың қалыптасуымен даму тарихы.....	41
Бірінші тарау бойынша түйін.....	71
2 М. ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ГРАММАТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	74
2.1 Жоғары оқу орындарында М. Томановтың тарихи грамматикаға қатысты зерттеулерін оқытудың философиялық қағидалары.....	74
2.2 М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың психологиялық шарттары.....	85
2.3 М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың педагогикалық негіздері.....	99
Екінші тарау бойынша түйін.....	115
3 М. ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ГРАММАТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ.....	117
3.1 М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың әдіс-тәсілдері.....	117
3.2 М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін өздік жұмыс тапсырмалары арқылы оқыту.....	129
3.3 Тарихи грамматика мәселелерін кешенді жұмыс түрлері арқылы оқыту және эксперимент жұмыстарының қорытындылары.....	141
Үшінші тарау бойынша түйін.....	156
Қорытынды.....	159
Пайдаланылған әдебиеттер	164
Қосымша А.....	173

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Кез келген елдің білім беру жүйесі мен мемлекеттік идеологиясының үнемі өзара байланыста, тығыз бірлікте жүзеге асырылуы – сол елдің болашағының баянды болуының кепілі. Сондықтан да әлемдік кеңістікте Қазақстанның «Ұлы Дала Елі» имиджін қалыптастыру күн тәртібіне қойылып отырған қазіргі уақытта ұлттық құндылықтар мен өркениет талаптарының ұштасуына негізделген жаңаша оқыту бәсекеге қабілетті, өзгермелі дүние жағдайына бейім маман даярлаудың басты шарты болып саналады. Бұл, әсіресе, гуманитарлық ғылымдар бойынша озық үрдістерді, оның ішінде тіл, тарих салаларындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін үнемі жаңғыртып, жаңа заман талабына сай білім мазмұнына кіріктіріп отыруды қажет етеді. Бұл орайда отандық ғалымдардың еңбектерін бүгінгі заман биігінен қайта бағамдап, жаңаша талдау ұтымды саналады.

Ең бастысы, ғылыми-зерттеу жұмысының тууы, ғылыми-теориялық деңгейге жетуі, ең алдымен, авторға, оның дарыны мен білім-білігіне, біліктілігіне тікелей байланысты. Осы орайда қазақ лингвистикасының дамуына сүбелі үлес қосқан, ұлттық қана емес, түркі әлеміне танымал, қазіргі дамыған ғылымның іргетасын қалаған сөз шежірешілерінің ғылыми шығармашылығы мен зерттеулерінің маңызы мен мәнін таныстыруға арналған есімнамалық зерттеулердің ғылыми-теориялық кеңістігі жылдан жылға кеңейіп келе жатқаны анық. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы [1], Қ. Жұбанов [2; 3; 4; 5], Қ. Кеменгерұлы [6], Н. Сауранбаев [7, 8], Ғ. Мұсабаев [9] және т.б. тілші-ғалымдардың қаламынан туған ғылыми-зерттеу еңбектерінің маңызы мен қазақ тіл білімінің қалыптасып дамуына қосқан үлесі туралы ғылыми жұмыстар жазылып, тиісті бағасын алды. Осы ретте диссертациялық жұмыстың өзегіне көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мархабат Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты жазылған зерттеу жұмыстарында айқындалған тұғырлы тұжырымдар мен ғылыми бағыттарды саралау және оны жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне, болашақ тілші педагогтерге оқытудың әдістемелік жүйесін ұсыну, оның тиімділігін дәйектеу көзделді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Адамзат дамуының тегершігі болып табылатын тіл – әрі қоғамды дамытатын, әрі сол арқылы өзі де дамып отыратын күрделі де кешенді құбылыс. Тілдің дамуының негізгі көрсеткіші көркем әдеби тіл болса, сол көркем де кестелі тілдің даму және қалыптасу жолдарын ғылыми тұрғыдан кең түрде зерттеудің және оның нәтижелерін білім беру жүйесіне енгізудің де маңызы ерекше. Бұл өз кезегінде тәуелсіздігіміздің тұғырын берік ету мақсатында жас буынның өз тарихына, рухани мұраларға деген жаңаша көзқарастарын қалыптастыруға, олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан тарихи мұраларды зерделеген еңбектерді бүгінгі уақыт талабы биігінен қайта саралап, тың тұжырымдар жасаудың қажеттігі туындап отыр.

Бұл орайда отандық лингвистиканың дамуына үлес қосқан профессор М.Томанов мұралары тоталитарлық билік үстемдік еткен кеңестік кезеңнің өзінде-ақ тілдік фактілерге сүйене отырып, қазақ тілінің бастау негіздерін айқындап беруімен, тілдің жаратылысындағы өзгерістерді ғылыми тұрғыдан саралаған ой-тұжырымдарымен бағалы, тілдің түркілік-тарихи сипатын дәлелдеген пайымдауларымен маңызды. Сол себепті болашақ филолог-мамандарға ғалым еңбектерін арнайы ұсыну арқылы олардың танымын кеңейтуге, өз тілінің тарихи даму жүйесін бағамдауына мүмкіндік беріледі. Оған қоса, және ең маңыздысы мұндай білім жүйесі болашақ маманның рухани әлемін байытып, өз пәнінің ұлт болашағын тәрбиелеудегі рөлін түсінуіне ықпал етеді, «Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне» қызмет ету жолындағы кәсіби жауапкершілігін күшейтеді. Сондықтан ғалым М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытудың әдіснамалық негіздерін айқындау, заманауи технологиялар арқылы студенттерді зерттеушінің пайымдауларын талдауға, зерделеуге баулу, болашақ педагог мамандарға өзіндік ізденістер жасату жолымен тіл мен тарихтың өзара сабақтастығын таныту нәтижесінде олардың ойлау, сөйлеу, іздену мәдениетін дамытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жасау көзделеді.

Диссертациялық жұмыста М. Томановтың еңбектеріндегі қазақ тілінің тарихи грамматикасының теориялық мәселелерін жаңаша қарауға мән берілді. Тіл тарихын зерделеген ғалымның еңбектеріне сүйеніп, тіл жүйесіндегі құрылымдық өзгешеліктер мен өзгерістердің тілдік-семантикалық заңдылықтары ашылып, теориялық пайымдауларының отандық ғылымдағы мәні дәйектеледі.

М.Томанов – отандық лингвистиканың түркология саласы бойынша тілдің тарихына қатысты іргелі мәселелерді жаңа көзқарас тұрғысынан талдап, өзінің концептуалдық тұжырымдарын енгізген ғалым. Ол көне түркі жазбалар тілінің қазақ тілімен ұқсастығын, сабақтастығын негіздей келе, тіл дамуындағы басты ерекшеліктерді, негізгі заңдылықтарды анықтады. Зерттеуші түркологияның фонетика, морфология салаларына қатысты өзіне дейін жазылған ғылыми зерттеулерді қайта бағамдап, қазақ тілінің тарихи даму жолына қатысты тың байламдар жасап, соны пікірлер айтты. Нәтижесінде түбір теориясында жаңа бағыттың сүрлеуін салды. Қазақ тілінің тарихи даму үдерісін кешенді түрде зерттеп, оның ғылыми сала ретінде қалыптасуына жол ашты, тарихи-танымдық-лингвистикалық деңгейін жаңа сапаға көтерді. М. Томановтың басты ғылыми ұстанымы – фонетиканы лексикологиядан, лексикологияны морфологиядан, оны синтаксистен бөліп қарауға болмайды деген қағида болды. Көне түркілік мұралар мен М. Қашқари еңбектеріне сүйеніп жасаған ғылыми-теориялық тұжырымдары қазақ тілінің тарихи жүйесін негіздеуде жетекші рөл атқарады. Қазақ тілінің тарихи грамматикасын диахрониялық және синхрониялық бағытта терең талдаған М. Томановтың ғылымизерттеулерін саралап, олардың негізгі теориялық бағыттарын анықтау және оны жоғары оқу орындарында оқытудың философиялық, педагогикалық, психологиялық негіздерін айқындай отырып, кредиттік оқу жүйесі талаптарына

сай жаңаша меңгертудің әдістемелік жолдарын саралау зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Профессор М. Томановтың еңбектерін өзінің зерттеу нысаны етіп алған диссертациялық жұмыс жазылмаған. Дегенмен, тіл тарихына қатысты түрлі деңгейдегі зерттеу еңбектерде ғалымның ой-пікірлері мен тұжырымдары негізге алынған. Ал ғалым мұралары туралы арнайы басылым беттерінде жарық көрген бірқатар ғылыми мақалалар бар. Ғалымның еңбектері туралы салиқалы ғылыми пайымдаулар, тұщымды ой-пікірлер білдірген зерттеушілер Қ. Есенов, Ш.Сарыбаев, Ә. Құрышжанұлы, Б. Сағындықұлы, Ж. Манкеева, А. Салқынбай және т.б. көрнекті ғалымдардың мақалалары диссертациялық жұмыста негізге алынды.

Зерттеу нысаны: педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: қазақ тілі тарихи грамматикасының ғылым саласы ретінде қалыптасып, дамуындағы профессор М. Томановтың ғылыми мұраларының маңызын танытудың, ғалымның ой-тұжырымдары мен пайымдауларын жаңа заман талабы тұрғысынан меңгертудің әдістемелік жүйесі.

Зерттеудің мақсаты: профессор М. Томановтың қазақ тілінің тарихына қатысты жазған ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдап, ғалым негіздеген теорияларды болашақ филолог мамандар дайындайтын жоғары білім беру жүйесінде оқытудың әдіснамалық негіздерін айқындап, әдістемесін жасау және оның тиімділігін дәйектеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- түркітану мен қазақ тіл біліміндегі түбір теориясына қатысты және тіл тарихын кезеңге бөлу мен қазақ тілінің тарихи дамуын жүйелеудегі профессор М.Томановтың теориялық тұжырымдарының маңызын анықтау;

- М.Томановтың қазақ тілінің тарихи фонетикасы мен тарихи морфологиясының негізін қалаған, грамматикалық категориялар (көптік, септік, жіктік) тарихын жүйелеу мен дамуына байланысты іргелі теориялық байламдарын негіздеу;

- М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытудың әдіснамалық негіздерін айқындау;

- қазақ тілінің тарихи грамматикасының білім мазмұнын М.Томанов негіздеген ғылыми-теориялық пайымдауларымен жетілдіру жолдарын негіздеу;

- профессор М. Томанов мұраларын оқытуда инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент нәтижелері арқылы дәйектеу.

Зерттеудің болжамы: *егер* профессор М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы теориялық пайымдаулары сараланып, олардың отандық лингвистика саласын дамытудағы мәні айқындалса, осы пайымдаулар арқылы жоғары білім жүйесіндегі қазақ тілі тарихының білім мазмұны тереңдетіліп, оқыту жүйесі жетілдірілсе, *онда* болашақ филолог-мамандардың кәсіби-танымдық әлеуеті көтеріліп, қазақ тілінің тарихи грамматикасы туралы дүниетанымы кеңейтіліп, оқу-ізденімдік,

коммуникативтік-когнитивтік қабілеттері дамытылар еді. *Өйткені* ғалымның теориялық пайымдаулары түбір теориясының дамуындағы негізгі бағыттарды анықтауға, қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясының тарихын терең тануға, тіл тарихын кезеңге бөлу мен қазақ тілінің тарихи дамуын жүйелеуге қатысты жаңаша ізденістер жасауға мүмкіндік береді, мәдени-коммуникативтік дағдыларды меңгеруге ықпал етеді.

Зерттеудің жетекші идеясы. М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты еңбектері – қазақ лингвистикасы тарихында өзіндік орны бар құнды мұра. Ғалымның қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты ой-тұжырымдарын жоғары білім жүйесінде қосымша оқу пәні ретінде оқыту болашақ кәсіби мамандардың қазақ тіл білімінің дамуындағы тарихи сабақтастықты тануына септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде жалпы тіл білімі, түркітану, қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты теориялар, философиядағы тіл, сана, тарихи жад, жеке тұлға туралы ілімдер, педагогикадағы білім мен тәрбиенің бірлігі, оқытудың жаңа жүйесі мен талаптары туралы қағидалар, психология ғылымындағы қазіргі заман студенттерінің жас және психологиялық ерекшеліктері туралы тұжырымдар алынды. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыста қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты заманауи теориялары мен оқыту технологиясының жетістіктері, оқытудың тиімді әдістері туралы пайымдаулар басшылыққа алынды.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеудің теориялық тұжырымдарын айқындауда анализ, синтез, сипаттау, тарихи-салыстыру, мәнмәтіндік, семантикалық талдау әдістері қолданылды. Оқыту әдістемесін жүйелеуде индуктивті, дедуктивті және эксперимент әдістері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

1. Бірінші кезеңде (2012 -2013 жылдар) зерттеу тақырыбының проблемаларын, ғылыми-теориялық негіздерін айқындау үшін М. Томановтың, отандық және шетелдік ғалымдардың тіл тарихын зерделеген еңбектерімен танысып, оларға талдау жасалып, болашақ зерттеудің негізгі бағыттары нақтыланды.

2. Екінші кезеңде (2013-2014 жылдар) зерттеу жұмысының негізіне алынатын қағидалар, жетекші идеялар айқындалды; жоғары мектепте қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытудың басым бағыттары сараланды; тарихи грамматиканы оқытудың ұстанымдары анықталды; қосымша пәннің мазмұндық-құрылымдық жүйесі жобаланды; оны оқытудың кешенді тапсырмалар жүйесі жасалып, тиімді жолдары мен амал-тәсілдері қалыптастырушы эксперимент арқылы сынақтан өткізілді; оқу бағдарламасы, оқу материалдарының кешені даярланып, тәжірибелік байқаудан өткізілді.

3. Үшінші кезеңде (2014-2015 жылдар) зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, қорытындыланды: тақырып бойынша білім мазмұны нақтыланды; білім сатылары бойынша СӨЖ/СОӨЖ тапсырмалары мен әдіс-тәсілдер нақтыланды; бақылау және қалыптастыру эксперименттерінің

нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалып, студенттің тұлғалық деңгейін көтерудегі маңызы мен рөлі дәйектелді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- профессор М. Томановтың түркітану мен қазақ тіл біліміндегі түбір теориясы мен оның қалыптасу және даму заңдылықтары туралы ғылыми тұжырымдары алғаш рет арнайы зерттеу нысанына алынып, жүйеленді, қазақ тілі тарихи грамматикасының дамуындағы ғалымның теориялық тұжырымдарының мәні анықталды;

- тіл тарихын кезеңге бөлу мен қазақ тілінің тарихи дамуын жүйелеудегі, қазақ тілінің тарихи фонетикасы мен тарихи морфологиясына қатысты зерттеулерінің ғылыми маңызы сараланды, сөз дамуындағы негізгі заңдылықтарды анықтауы теориялық үлкен жетістік ретінде танытылды;

- жоғары білім жүйесінде оқытылатын қазақ тілінің тарихи грамматикасының білім мазмұнын профессор М. Томанов тұжырымдарымен толықтырудың жолдары сараланды, қосымша оқу пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесі анықталып, оқу бағдарламасы түзілді;

- М. Томановтың қазақ тілі тарихында жасаған түбірлі өзгерістерге тірек болған жаңа көзқарастарын оқытудың философиялық, педагогикалық және психологиялық негіздері айқындалды;

- М. Томановтың ғылыми мұраларын оқытудың талаптары мен қағидалары анықталды;

- қазақ тілінің тарихи грамматикасын М. Томанов еңбектері негізінде оқытудың біртұтас әдістемелік жүйесі ұсынылып, олардың тиімділігі дәйектелді.

Зерттеу жұмысының материалдары мен дереккөздері.

Диссертациялық жұмыстың негізгі дереккөзі ретінде М. Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Тіл тарихы туралы зерттеулер», «Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы» атты еңбектері мен әр жылдары жарық көрген ғылыми-зертеу мақалалары пайдаланылды. Сонымен бірге М. Томановтың ғылыми шығармаларын талдауға арналған Қ. Есенов, Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықұлы, Ж. Манкеева, А. Салқынбай және т.б. ғалымдардың мақалалары басшылыққа алынды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығын М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты зерттеулерін терең қарастыру арқылы қазақ тілінің тарихи даму ерекшелігін болашақта зерделеудің басты тұжырымдамалық бағыттарын анықтаумен дәйектеуге болады. Диссертациялық жұмыста алынған жекелеген нәтижелер қазақ тіл білімі тарихының негізгі теориялық мәселелерін шешуде өзіндік деңгейде үлес қоса алатындығы сөзсіз. Қазіргі қазақ тілінің даму жолдарын пайымдау үшін диахрондық бағытта жүргізілген мұндай ғылыми зерттеулер қазақ тіл білімінің фонетика, морфология, лексикология, стилистика салаларынан ғылыми еңбектер, әдістемелік құралдар жазуда септігін тигізеді деп санаймыз.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы оқу процесіне қатысты анықталады. Жоғары оқу орындарындағы филология және журналистика факультеттерінде «Қазақ тілінің тарихы», «Қазақ әдеби тілі», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» курстары бойынша дәрістер оқуда көмекші құрал ретінде, семинар сабақтарында, сондай-ақ, арнаулы курс мазмұнын анықтауда оқу материалдары ретінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- профессор М. Томановтың түркітану мен қазақ тіл біліміндегі түбір теориясының қалыптасу және даму заңдылықтары туралы ғылыми тұжырымдары қазақ тілі тарихи грамматикасының дамуында маңызды рөл атқарады;

- тіл тарихын кезеңге бөлу мен қазақ тілінің тарихи дамуын жаңаша зерделеген М.Томановтың қазақ тілінің тарихи фонетикасы мен тарихи морфологиясына қатысты тұжырымдарын қазақ сөзінің дамуындағы негізгі заңдылықтарды анықтаған, әдіснамалық деңгейдегі теориялар деп бағалауға болады;

- жоғары білім жүйесінде оқытылатын қазақ тілінің тарихи грамматикасының білім мазмұнын профессор М.Томанов тұжырымдарымен толықтыру мақсатында қосымша оқу пәнін енгізу арқылы студенттердің кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін жоғарылатуға, дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік беріледі;

- М. Томановтың қазақ тілі тарихында жасаған түбірлі өзгерістерге тірек болған жаңа көзқарастарын оқыту ұлттық философияның, заманауи педагогика мен психология ғылымдарының жетістіктеріне сүйеніп, тұлғалық-әрекеттік бағытта жүзеге асырылуы шарт;

- М. Томановтың ғылыми мұраларын меңгертуде оқу мотивациясын дамытатын инновациялық технологиялар мен интерактивтік әдістерді жүйелі қолдану арқылы болашақ филолог-мамандардың кәсіби-тұлғалық деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік туғызылады;

- қазақ тілінің тарихи грамматикасын жан-жақты меңгертуде М. Томанов еңбектеріне негізделген оқытудың біртұтас әдістемелік жүйесі СӨЖ/СОӨЖ тапсырмалары арқылы студенттердің мүмкіндігі мен мүддесіне сай кешенді қамтылған жағдайда жоғары кәсіби білімнің сапасын арттыруға ықпал етеді. Ол үшін оқыту жүйесінің компоненттері оқыту мақсатына сай өзара байланыста жүргізілуі тиіс.

Зерттеу жұмысының апробациясы

Зерттеу жұмысының негізі тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалып, ғылыми семинарларда талданды. Атап айтқанда: Н. Оралбайың 85 жылдық мерейтойына арналған «Заманауи филологиялық ғылымдар» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2013), «Актуальные проблемы диалектологии языков России» атты XIV-ші Жалпыресейлік ғылыми конференцияда (Уфа, 2014), «The International Conference on Transformation of Education» атты Халықаралық конференцияда (London, 2013), «Өзбекстан Республикасының үздіксіз білім

беру саласындағы кәсіби сөйлеу құзыреттіліктерін қалыптастыру және іске асыру мәселелері» атты Республикалық семинарда (Ташкент, 2013), «Инновация және білім беру технологиялары» атты Халықалалық ғылыми-практикалық конференцияда (Жетісай, 2014), «Академик Ө. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2016) баяндалды.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны: Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, зерттеудің зерттелу деңгейі, нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері, болжамы, жетекші идеясы, зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі, әдістері, ғылыми жаңалығы, зерттеу жұмысының материалдары мен дереккөздері, зерттеудің теориялық және практикалық маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар мен зерттеу жұмысының апробациясы көрсетілген.

Диссертацияның «М.Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасы мәселелерінің теориялық негіздері» деп аталатын тарауы «М.Томановтың түбір теориясы туралы тұжырымдары мен қазақ тілі тарихын жүйелеудегі ұстанымдарының ғылыми маңызы», «Қазақ тілі дыбыстық жүйесінің тарихи ерекшеліктері мен даму сипаты», «Морфологиялық тұлғалардың қалыптасуы мен даму тарихы» атты тармақтардан тұрады. Бұл тарауда түбірдің тарихи даму бағыты туралы қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып ғылыми зерттеулер жазған, профессор М.Томановтың қазақ тілі тарихи грамматикасы жайындағы тың тұжырымдары мен қазақ тілі тарихын жүйелеудегі ұстанымдары түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың еңбектерімен салыстырыла – салғастырыла отырып жүйеленіп, сарапаталып, талданды.

«М.Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың әдіснамалық негіздері» атты екінші тарау «Жоғары оқу орындарында М.Томановтың тарихи грамматикаға қатысты зерттеулерін оқытудың философиялық қағидалары», «М.Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың психологиялық шарттары», «М.Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың педагогикалық негіздері» тармақтарынан тұрады. Аталған тарау М.Томановтың қазақ тілі тарихи грамматикасына қатысты еңбектерін оқытудың әдіснамалық негіздеріне арналып, ғалым еңбектерінің философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан ашыла меңгерілуінің қағидалары мен шарттарына арналды.

Үшінші тарау «М.Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың әдістемелік негіздері» деп аталады. Бұл тарау «Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың әдіс-тәсілдері», «М.Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін өздік жұмыс тапсырмалары арқылы оқыту», «Тарихи грамматика мәселелерін кешенді жұмыс түрлері арқылы оқыту және эксперимент жұмыстарының қорытындылары» тармақтарынан тұрады. Тарауда М.Томановтың ғылыми

еңбектерін қазақ тілінің тарихи грамматикасын қосымша оқу пән аясында оқытуда пайдаланылған жұмыстар эксперимент нәтижелері арқылы таразыланды. Болашақ филолог-мамандардың кәсіби білімі мен білігін, сөйлеу дағдысын, өзіндік ойлары мен шығармашылық қабілетін дамытуда ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі дәлелденді.

1 М. ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 М. Томановтың түбір теориясы туралы тұжырымдары мен қазақ тілі тарихын жүйелеудегі ұстанымдарының ғылыми маңызы

Түркітану ілімінде түбір теориясының алатын орны ерекше екені белгілі. Өйткені түбір тілдің морфологиялық құрылымының тарихи даму ерекшеліктерін айқындап қана қоймайды, сонымен бірге оның негізін, түпкі мағыналық сипатын да танытады, әрбір тұлғаның жасалуының негізгі бастапқы көзі болып есептеледі. Осы ретте, түбір теориясы мен оның зерттелуінің маңызы ерекше деуге толық негіз бар.

Жалпы түркі тілдеріндегі бір буынды сөздер негізінен ортақ болып келетіні белгілі. Түркі тілдерін бір-бірімен салыстыра зерттеген еңбектерде негізінен барлық түркі тілдерінің материалдары қамтылған. Соның ішінде қазақ тіліндегі деректер де үнемі келтіріліп отырылады.

Шетелдік тіл білімінде бір буынды есімдерді тарихи салыстырмалы бағытта А. Вамбери, Г.И. Рамстедт, В. Банг, К. Гренбек, К. Броккельман т.б. ғалымдар зерттеп, әртүрлі ғылыми-теориялық пікірлер айтқан. Алтаист ғалымдардың еңбегінде түркі тілдері кең сипатта зерттеу нысанына айналмағанымен, жалпы теориялық бағыттағы пікірлер айтылады. Түркі тілдерінің тарихына қатысты зерттеулерде негізінен есім мен етістік оморфизмі жеке-дара бөліп алып қарастырылмай, олардың даму жолы аффиксациямен байланыстырыла зерделенеді. Ғалымдардың көпшілігінің пайымдауынша, ата тілде етістік пен есім сөз табы ретінде бөлінбей, синкреттік сипатта болған.

Бір буынды түбірлердің түркітануда кеңінен зерттеле бастауы негізінен ХХ ғасырға сәйкес келеді екен. Бұл кезеңдегі іргелі еңбектерге түркологтар: А.К. Боровков, Н.К. Дмитриев, И.А. Батманов, А.М. Щербак, А.Н. Кононов, К.М. Мусаев, Н.З. Гаджиева, Н.А. Баскаков, З.Н. Наджип, С.Е. Малов, Ф.Г. Исхаков, В.Г. Кондратьев, Б. Серебренников, Ә.Т. Қайдаров, В.Н. Насилов, А.А. Поцелуевский, Б.М. Юнусалиев, Э.В. Севортян, Э.Р. Тенишев, Н.Т. Сауранбаев, М.Т. Томанов, А. Турсунов, А. Ысқақов, А.С. Аманжолов, С. Қызласов, Е.З. Қажыбеков, Ж. Манкееваның, Ж. Тектіғұл, М. Ескеева және т.б. ғалымдардың зерттеулерін жатқызуға болады.

Белгілі түркітанушы ғалым Н.А. Баскаковтың пікірінше, көне түркі тілдерінде бір буынды есімдер мен етістіктер ертеде бір-бірінен ажырамаған. Мысалы: *оқ, жұм, кел, кем, кер, кес, қой, құй* т.б. [10, 162-163]. Еңбекте автор қарақалпақ тіліндегі лексикалық бірліктердің сөз табына ажырамағанын тілдік деректер арқылы көрсетіп береді.

Аталған ғалым түбір морфемалардың құрылымына көп көңіл бөледі де, *оқ-оқ, шық-шық* т.б. сияқты сөздерді мағыналық тұрғыда бөліп, олардың заттық және етістіктік мағынасын жіктеп көрсетіп, олардың даму жолын түсіндіреді [11, 162-163]. Шынында да, көне түркі тіліндегі және одан бұрынғы диахрондық сипаттағы түбірдің тұлғалық бірлігі мен мағыналық кеңдігі

түркітанудағы дәлелденген мәселе деп пайымдауға әбден болады. Соңғы кездердегі жазылған ғылыми зерттеулер тұжырымдары осындай түйін жасауға мүмкіндік береді.

Түркітанушы Н.А. Баскаков түркі тілдеріндегі түбірлерді синхрондық аспектіде мынадай алты типке бөліп көрсеткені белгілі: V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC [12]. Автор қолданылу жиілігіне байланысты CVC типін ерекше атап, осы типті жиі кездесетін түбірлік тұлға ретінде таниды.

Түркітанушы ғалымдардың ішіндегі аса белгілісі А.Н. Кононов бір буынды түбірлердің мағыналық сипатын оның ішкі семантикалық құрылымына қарай қарастырып, көне түркі тілдеріне ортақ үш типті анықтайды: V, VC, CV. Автор бір буынды түбірлерді синкреттік сипаттағы, яғни зат есім мен етістік мағынасында және тек етістік негізді тұлғалар деп ерекшелеп көрсетеді [13, 162-163]. Ғалымның айтқанын жүйелер болсақ, әуелгі түбірлер сипаты синкретті: есім және етістік мағынада болған да, кейін етістік мағыналар саралана бастаған.

Байқап отырғанымыздай, түрколог ғалымдар тарихи-диахрондық аспектіден зерттегенде бір буынды сөздердің тіл дамуы барысында синкретті түбірден өрбігенін анық айтады. Демек, бір буынды есім сөздердің сипатын анықтауда тіл дамуында осы мағыналық жүйенің болғанын есте ұстау лазым.

Түркітанушы ғалымдар бір буынды түбірлерді үш бағытта қарастырған:

I. Д.Ж. Клоусон, Б.М. Юнусалиев, Э.В. Севортян, А.Н. Кононов, А.М. Щербак, А.А. Зайчковский, Ә.Т. Қайдаров сынды ғалымдар көне бір буынды түбірлердің көрінісі СГ сипатында болған деп таниды да, дауыссыз бен дауысты және дауыссыз дыбыстардан құралған буынды екінші пайда болған деп пайымдайды. Авторлардың анықтауыша, аталған болжамның дұрыстығын көрсететін фактілер мол. Айталық, *са– санау, ба – байлау, ді, ті – деді (айту), же – жеу, жа – жағу* т.б.

Аталған СГ сипатты бір буынды түбірлердің әуелгі болу мүмкіндігі туралы пікірді А.Н. Кононов [13] және Э.В. Севортян [14] т.б. ғалымдар қолдаған болатын. Ал көрнекті түркітанушы А.М. Щербак 532 бір буынды түбірдің 9 түрлі типін көрсетеді: ГСС, ГГ, СГГСС, СГСС, СГГ, ГС, ГГС, СГГС, СГС [15].

II. Екінші бағытты ұстанушылар – Г. Вамбери, В.В. Радлов, И.А. Батманов, Н.А. Баскаков сынды ғалымдардың ғылыми көзқарасы бойынша, әуелгі бір буынды түбірлердің сипаты СГС сипатында болған да, бұдан СГ және ГС түбірлері жасалып, ең соңынан Г тұлғасына дамып жеткен. Бұл көзқарасты ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, негізгі теориялық концепциясын жасаған ғалым Н.А. Баскаков дауыссыз-дауысты-дауыссыздан тұратын түркі түбірі құрылымының типтілігі туралы гипотеза дауыссыз-дауысты-(дауыссыз) типтегі барлық түбірлер көптеген сөзжасамдық үлгілерде созылыңқы дауысты дыбысты сақтаған тілдерде орын алатындығын, бұл созылыңқылық түпкі дауыссызды өтеудің рефлексі болып табылатындығын дәлелдейді [11, 30].

III. Бір буынды түбірлердің көне сипатын анықтайтын үшінші көзқарастың негізгі теориялық негізін қалаушы – Б.М. Юнусалиев. Ғалымның пікірі

бойынша, әуелгі көне түбірдің құрамында Г, СГ, ГС, СГС сияқты түбірлердің бәрі де болған [16, 31].

Түркі тілдерін жекелей зерттеген еңбектерде бір буынды түбірлердің сипаты, олардың статистикалық саны да айқындалған. Мысалы, Э.Р. Тенишев бір буынды көне түбірлердің салар тіліндегі 300 бірлігін есептеп, олардың жеке қолданыста қолданылмай, тек грамматикалық форманттар арқылы ғана жұмсала алатынын жазады [17, 88].

Ал ғалым Б.М. Юнусалиев қырғыз тіліндегі көне түбірдің сипатын танытатын түбірлердің жалпы санын 70 деп көрсетсе [16], А.С. Кызласов хакас тіліндегі негізгі бір буынды түбірлер деп 45 дыбыс тіркесін анықтайды [18] т.б.

Ғалым А. Шайхулов Орал-Жайық тілдерінде төрт мыңнан аса бір буынды түбірлер бар деген пікірді келтіре отырып, олардың көпшілігінің этимологиясы күңгірттенген деген ой айтады [19, 494].

Қазақ тіл білімінде морфология саласының қалыптасуы қазақ әдеби тілінің алғашқы теориялық тұғырын жасаушы А. Байтұрсынұлының, Қ. Жұбановтың, С. Аманжоловтың еңбегінен басталды деп санауға болады. Сонымен бірге қазақ әдеби тілінің морфологиялық құрылымы жайында І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Е. Жанпейісов, Ғ. Қалиев, М. Томанов, Ә. Құрышжанов, Ы. Маманов, С. Исаев, Ә. Төлеуов, Н. Оралбаева, А. Хасенова, М. Оразов, А. Салқынбай т.б. ғалымдар еңбегін ерекше атай аламыз.

Қазақ тіл білімінің алғашқы зерттелу кезеңінде морфологиялық ілім, көбінше, синхрондық сипатта қарастырылды. Мұның да өзіндік себебі болды, өйткені ең алдымен ана тілінің қазіргі сипатын жүйелеп, оның негізгі ерекшеліктерін анықтап, жазу үлгісі мен орфографиялық жазылу дәстүрін қалыптастыру басты міндет саналды. Осыған сәйкес А. Байтұрсынұлы зерттеулерінде морфология саласының термині жасалып, оның алғашқы метатілі айқындалды [20; 21]. Ал профессор Қ.Жұбанов тілдің тарихын зерттеудің әртүрлі тәсілдері мен жолдары бар екенін атап көрсетеді [22, 398]. Профессор Қ. Жұбанов зерттеулерінде морфологияның тарихи аспектілері толыққанды деңгейде қарастырылмағанымен, синтаксистегі сөз тіркесінің тарихы туралы жайттар бірінші рет ғылыми талдауға түседі.

Қазақ тілінің тарихына қатысты зерттеулер жүргізген С. Аманжолов бір буынды сөздерге қатысты мынадай ой айтады: «Кейбір түркологтар барлық бір буынды зат есімдер алғашқы кезде көп мағыналы болды деп топшылайды. Біздіңше, мұны барлық бір буынды зат есім сөздерге тән заңдылық деп қарауға болмайды. Тіліміздегі қазіргі көп буынды зат есімдерге тән омонимдік қасиет оларда да болған. Мысалы, *біз (мы)*, *біз (шило)*. Мұның екеуі де фонетикалық өзгеріс арқылы осы қалыпқа келген» [23, 326].

Белгілі түркітанушы Ғ. Айдаров – көне түркі жазба ескерткіштерін, әсіресе, Күлтегін ескерткішін терең зерттеген ғалым. Ол еңбектерінде ескерткіштер тілінде кездесетін тұлғалардың морфологиялық құрылымына да мән беріп, жүйелі түрде қарастырады [24].

Қазақ әдеби тілінің дамуы мен қалыптасуына, қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің кездесу себептеріне жіті назар аударып, тіл тарихын зерттеуге

қызмет еткен ғалымның бірі – Ғ. Мұсабаев тілімізде қолданыста жүрген сөздер мен сөзтұлғалардың ішкі болмысы мен табиғатын тану үшін, тарих тереңіндегі қалыптасу жолы мен мағыналық жіктелісіндегі заңдылықтарды анықтауға ұмтылады. Әсіресе ғалымның жұрнақтардың шығу және қалыптасу жолына байланысты айтқан пікірлері қызықты. *-кері, -гері* жұрнағы *қара, қарау* етістігінен шыққан, *тұрғын, тұтқын, көшкін* сияқты сөздердің құрамындағы *-қын, -кін* жұрнақтарының төркіні *түбір қон* арқылы пайда болған деген т.б. пікірлері – ғылыми жағынан құнды тұжырымдар. «Сөз тудырғыш жұрнақтар негізгі екі арнадан шыққанын айта кету керек. Біреуі – басқа сөздердің шылауына ере жүре мағынасын жоғалтқан *түбір* сөздер. Екіншісі – қос сөздердің бір сыңары мағынасын жоғалтып түрленген» [25, 93].

Түркітануда бір буынды *түбірлердің* түпкі тарихын терең барлаған ғалымдардың бірі – Ә. Ибатовтың еңбегінде сөздердің лексика-грамматикалық бөлігінің құрылым жүйесі өзінше сараланады. XIV ғасыр жазба ескерткіштерінің тілі негізінде зерттеу жүргізе отырып, *түбірлердің* жалпы сипатын былайша жіктейді: 1. Түпкі *түбірлер* (этимологиялық өлі *түбірлер*); 2. Негіз *түбірлер* (жеке айтылатын тірі *түбірлер*); 3. Туынды негіздер (*туынды түбірлер*) [26, 66]. Тілдің көне тарихына барған сайын сөздің дыбыстық құрамы азая береді де, бергін келген сайын күрделеніп, морфемалық құрамы молая түседі деген пікірді ұстана отырып, ғалым *өгра, құрт (қуртар)* *түбірлерінің* *өг – /өг-ра, құр-/құр-т* болып ары қарай тағы да тұлғалана беретінін дәлелдеп, көптеген СГС сипатындағы *түбірлердің* туынды *түбір* болатынын мысалдар негізінде дәлелдейді (*қан – қай* тұлғаларының *түбірі қа* екенін жазады).

Бір буынды *түбірлердің* табиғатын танытуда мол үлес қосқан іргелі еңбек Ә. Қайдаровтың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиялық зерттеуі деуге болады. Бұл еңбек – тек қана қазақ тіл білімінде емес, жалпы түркі тіл білімінде де өзіндік орны мен маңызы бар күрделі туынды. Автор мол тілдік материалдар негізінде қазақ тіліндегі моносиллабтардың фоно-морфо-семантикалық құрылымын қарастырады. Ғалым жасаған төмендегі тұжырымды көптеген түрколог ғалымдар түпнұсқадан дәйексөз ретінде алып жүргені шындық, ал біз оның мағыналық аудармасын беруді жөн санадық: «Біздің ойымызша, түркі *түбірі* – түркі тілдері құрылымының агглютинативті даму процесінде үздіксіз болып отыратын фоно-морфо-семантикалық өзгерістерге қарамастан өзінің табиғатын сақтап қалған тілдің ең көне әрі тарихи нақты бірлігі. Ол, егер бір буыннан аспаса, бастапқы сөздің құрылымымен сәйкес келуі мүмкін. Басқа жағдайлардың бәрінде түркі *түбірі* *түбір* статика жағдайында, ал сөз динамика жағдайында болатын тілдің туынды бірлігі ретінде көрінеді» [27, 24].

Қазақ тіл білімі грамматика саласының көрнекті өкілі К. Ахановтың еңбегінде дүние жүзі тілдерінің грамматикалық құрылысына талдау жасалып, «*түбір морфема*» термин сөзі қолданылған [28, 275].

Белгілі ғалым А. Ысқақов лексикалық және грамматикалық мағына беретін бөлшектерді морфемалар деп атай келе, оларды *түбір морфема* және *қосымша морфемаға* деп бөледі. *Түбір морфеманы* «сөздің ары қарай бөлшектеуге

келмейтін ең түпкі негізі» ретінде танып, ең негізгі морфема, сөздегі негізгі лексикалық мағынаны анықтаушы» деп көрсетеді [29, 24]. Ал Н. Оралбай «түбірдің» орнына «морфема» термин сөзін қолдана келе, оларды «негізгі морфемалар және көмекші морфемалар» деп ажыратып, «негізгі морфема деп әрі қарай бөлшектеуге келмейтін лексикалық мағынасы бар морфема деп аталады», – [30, 43] деп, «түбір термин» сөзін де қолданады.

Бұл термин туралы А.Б. Салқынбай былай деп жазады: «Қазіргі қазақ тіл білімінде әртүрлі қолданылып жүрген «түпкі негіз», «түбір морфема», «негізгі морфема» термин сөздерін бұрыс деп таппағанмен, бір ұғымды таңбалайтын әртүрлі қолданыстағы сөздерді пайдаланудан гөрі ұғымның нақты берілуі, қазақша таңбалануы тұрғысынан зерделей келе, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов қалыптастырған «түбір» терминін қайта орнықтыру қажет деп есептейміз» [31, 45].

Бір буынды түбірлердің қазақ тіліндегі сипатын зерттеген ғалымдардың бірі – Ж. Манкеева 1000-нан астам түбір сөз бен 35 сөзжасамдық модельдің табиғатын, түбір морфемалардың деэтимологиялық процесі мен олардың реконструкциясын айқындай отырып, олардың көптеген мағыналық құрылымын да ашады. Ғалымның мынадай пікірін біз есім түбірлерді зерттеуде қолдануға болады деп есептейміз: түбірдің негізгі құрылымы ретінде дауыссыз-дауысты құрылымын бөліп көрсете отырып, түбірдің тарихи құбылыс екендігін ескеру керек, сондықтан тілдің әрбір даму кезеңінде түбірдің бірнеше моделін көрсетуге болады [32, 5].

Ғалым А. Хасенованың «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты» атты еңбегінде де етістіктің негізгі лексикалық және грамматикалық сипаты терең талданады. Автор қазақ тілі материалдары негізінде етістіктің басты грамматикалық категорияларына толық тоқталып, олардың даму және қалыптасу жолдарының сырларына өздігінше баға береді [33].

Түбірлердің даму жолдары мен олардың негізгі бағыттары профессор А.Б. Салқынбайдың «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» атты ғылыми еңбегінде теориялық бағытта терең талданған. Этимон түбірлерді автор гносеологиялық процестің жемісі деп түсіне отырып, бір буынды түбірлердің даму жолын номинация теориясы арқылы түсіндіреді. Яғни сөздің дамуын адам танымының даму жолымен байланыстыра отырып, когнитивтік аспектіден терең қарастырады [34]. Ғалым сөздердің арасындағы мағыналық жақындықты, яғни бір буынды есім мен етістік арасындағы мағыналық сабақтастықты семантика-генетикалық код арқылы анықтауды ұсынады.

Қоғамдық сананың, ойлаудың логика-прагматикалық түрі күшейіп, мифологиялық, діни сана түрлерін ығыстырып шығарумен байланысты халықтық тілдің тарихын жүйелеуге де ерекше көзқарас қажет екені анықталуда. Осы ретте профессор М. Томановтың зерттеулерінің маңызына қазақ зерттеушілері нақты баға береді. Мысалы, профессор Қ. Есенов ғалым туралы мынадай пікір айтқан: «Профессор М. Томанов еңбектерінің күре тамыры қазақ тілі грамматикасы мәселелерін зерттеуде жатыр. Оның өзінде де алғашқы ізденістері тіліміздің синтаксистік құрылысын қарастырудан басталған. ... ғалымның өзге еңбектері өз алдына бір төбе болса, тарихи

грамматика жайындағы зерттеулері өз алдына шоқтығы биік жеке бір төбе болатынын ашық айтуымыз қажет. Мұнда қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен жеке сөз таптары тарихи тұрғыдан жан-жақты сөз болады» [35, 591]. Бұдан байқалатыны – замандастары, қаламдас ғалымдар М. Томановтың қаламынан туындаған ғылыми зерттеулердің тереңдігі мен ғылыми бағасының жоғарылығын мойындап, тарихшы ғалым ретінде жоғары бағалаған.

М. Томанов өзінің «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» атты зерттеу еңбегінде қазақ тілінің тарихын жүйелеуге ерекше мән береді. Тіл тарихын жүйелеуде ғалымның өзіндік ұстанымы бар. Яғни тіл тарихы мен оны жасаушы халық тарихын бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды. Сондықтан автор қазақ тілінің тарихын «қазақ» этнонимі шыққан кезеңнен бастап жүйелеуді, ал оның бастапқы бастау көздерін көне заманнан бастау керектігін ұсынады [36].

Түркітануда айтылып және біршама қолдауға ие болып жүрген бірнеше жүйелеу түрлері бар. Мәселен, С.Е. Малов тілдердің жас мөлшерін былайша көрсетеді: *ең көне тілдер; көне тілдер; жаңа тілдер; ең жаңа тілдер* [37].

Профессор М. Томанов С. Маловтың бұл пікіріне қосыла алмайтынын жасырмай, ойын былайша тұжырымдайды: «...қазақ тілінде ұяңдар мен қатаңдардың арақатынасы да шамалас, *рт, лт, нт* тәрізді көне дыбыс тіркестері де екі буынды сөздер құрамында сақталған. Бірақ бұл соңғы ерекшеліктер қазақ тілінің де пәлендей жаңа емес, оның қалыптаса бастауы да сол көне дәуірлерде болғандығының дәлелі бола алады» [36, 28].

Біз өз мақаламызда профессор М. Томановтың әр дәуірдегі тілдің сипаты мен ерекшелігіне нақты ғылыми сипаттама бере отырып, олардың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құрылымындағы негізгі ерекшелігі мен басты белгілеріне тоқталып, тілдің даму жолдарын саралағанын анықтадық [38, 203-207].

Ғалым М. Томанов қазақ тілінің тарихын терең қарастыру үшін жазба еңбектерді терең зерттеу керектігін айтады. Бұл пікір кейінгі кездерде жазылған ғылыми еңбектерде кеңінен қолдау тапқаны аян. Мәселен, Ә. Құрышжанұлы, Б.Е. Көмеков, С.Ж. Дүйсен: мынадай пікір айтады: «Ол кездегі түркілердің тілін қолдану барысына қарай, әдетте, тіл мамандары үш кезеңге бөліп қарайды: а) тукю тілі қолданылған тіл (VIII ғ.); ә) көне ұйғыр тілі қолданылған дәуір (VIII-IX ғ.) және б) көне қырғыз тілі қолданылған дәуір (IX-X ғ.). Осы кезеңдер ішінде Орхон-Енисей жазу ескерткіштері жазылған, ежелгі ұйғыр жазуының үлгілері пайда болып, оғыздар мен қыпшақтардың аралас әдеби тілі жасала бастады» [39, 39-41].

Ғалым Н.З. Гаджиева түркі тілдері мен диалектілердің жіктелу принциптері мәселесін жалпы тіл білімінде едәуір аз қарастырылған мәселелердің қатарына жатқызып, «тілдің типін анықтау үшін жеткілікті теориялық негіздемелері, сонымен қатар оның ұсақ бірліктерін ажырату заңдылықтары жоқтың қасы. Нақты тілге қатысты тип ұғымы көп аспектілі болуы мүмкін. Мысалы, өзбек тілі, ең алдымен, түркі тілдер типтегі тіл ретінде анықталады, яғни бұл тілді басқа түркі тілдерімен біріктіретін белгілердің белгілі бір жиынтығы осы тілдерді герман, роман, финн-угор және т.б.

топтардан ерекшелейді. Екінші жағынан, өзбек тілінің қыпшақ тілдер тобына жататындығын растайтын кейбір белгілері бар», – деп көрсетеді [40, 100-126].

Профессор М. Томанов «XV-XVI ғасырларда біртұтас қазақ тілі жайында айтуға мүмкіндік туады. Бұл заманда қазақтың бай ауыз әдебиеті туды, авторлық әдебиет – жазба әдебиет пайда бола бастады», – деп жазады [36, 39-41]. Бұлай деуінің мәнісін автор сол кезеңдегі қазақ халқының жеке мемлекет ретінде шаңырақ көтеруімен және жеке этнос ретінде тарих сахнасына көтерілуімен байланыстырады.

Ғалымның бұл тұжырымының қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде жалғастық тауып, толықтырылып отырғаны байқалады. Бұған мысал ретінде М. Ескееваның мына пікірін келтіре кетуді жөн көрдік: «Өзге халық тілдері сияқты түркі халықтары тілдері де ұзақ әрі тарихи күрделі тарихи даму жолынан өтті. Негізгі тілдің ғасырлар бойы үздіксіз дамуының нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптасуына алып келді» [41, 13-14].

Қазіргі таңда жазба жәдігерліктерді зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Тілімізде ескерткіштер тілінің біршама зерттелгені аян. Десек те, ғалым еңбектеріне дейінгі зерттеулер оларды фонетикалық, лексика-грамматикалық тұрғыдан қарастырумен шектеліп келді деуге болады.

XVII-XVIII ғасырларда қазақ тілінде нормалану жүреді деп тұжырымдай келіп, автор: «Қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық дамудың басты шарттарының бірі де, ондай дамудың негізі де – біртұтас, сол халықтың барлық өкілдеріне ортақ, барлығына түсінікті қатынас құралы – тілдің болуын қажет етеді», – дейді [36, 39-41]. Яғни ғалымның пайымдауынша, қоғамның, экономиканың дамуының басты шарты, қатынас құралы – тіл. Тіл дамуы қоғамдағы мәдениеттің дамуының басты көрінісі екені даусыз.

Түркі тілдерінің классификациясын жасауға қатысты көптеген ғылыми зерттеулер болғаны белгілі. Түркі тілдерінің тарихын зерттеуге қатысқан ғалымдар И.Н. Березин [42], Н.И. Ильминский [43], В.В. Радлов [44], Н.А. Аристов [45], Н.Ф. Катанов [46], Ф.Е. Корш [47] т.б. сияқты ғалымдар мұндай үлкен тақырыпты айналып өткен жоқ. Барлығы да өздерінің тұжырымдарын, пікір-көзқарастарын білдірді.

Осы көзқарастарды саралай келе, Н.А. Баскаков қыпшақ тобына жататын тілдердің өзіндік ерекшеліктерін анықтады. Бұл турасында ғалым былай деп жазады: «Тілдердің қыпшақ-ноғай тобы тарихи тұрғыдан көне болып табылатын қыпшақ-бұлғар және қыпшақ топтарынан мынадай белгілермен ерекшелінеді: а) *ч* фонемасының жоқтығы және бұл дыбыстың *ш* дыбысымен алмасуы, ал *ш* дыбысының *с* дыбысымен алмасуы, мысалы, *каш*- < *кач*- «убегать», *кыс* < *кыш* «зима» және т.б.; ә) көрші дауыссыз *м|б|п* дыбыстарына байланысты дыбыстардың алмасуы; б) дауыссыз *н|д|т* дыбыстарының орналасуына байланысты дыбыстардың алмасуы және т.б.» [48, 121-134].

Қырғыз ғалымы И.А. Батманов қызғыз әдеби тілінің көрші туыс тілдері саналатын қазақ тілі мен өзбек тілінен айырмашылықтарын анықтап, мынадай белгілерін көрсетеді: 1) дифтонгтардың созылмалы дауыстылармен алмасуы (*тав > тоо*); 2) вокализм жүйесі (сегіз қысқа фонема: *а, е, о, о, і, ь, и, у*, алты созылмалы: *аа, ее,оо, оо, ии, уу*); 3) *дж* дыбысы; 4) еріндік дауыстылардың лабиальдік-сингармонисттік алмасуы; 5) *н* фонемасына ауыспайтын аффикстік *л* және *д; һ* фонемасының жоқтығы; 7) қырғ., өзб. *ч* ~ қазақ *ш* (қырғ. *чач*, өзб. *чоч*, қазақ *шаш* 'волосы'); 8) қырғ., өзб. *ш* ~ қазақ *с* (*таш* ~ *тас* 'камень'); 9) нақ осы шақ формасының болуы *барън ж, атат* [49, 11-13].

Түркітанушы В.В. Решетов Ташкент облысының говорындағы негізгі жіктеуші белгілерді былайша анықталғанын көрсетеді: *ж* тілдері говорларының сипаты: 1) айқын *ж* (*жок*), 2) айқын *а*, 3) тілдің таңдайымен айтылатын бастапқы дауыстылардың барынша дифтонгіленуі, 4) *а/э* сәйкестігінде аффикстік *э* дыбысының басым қолданылуы, 5) *ийт, бийт* сөздерінде дифтонгілік тіркесімділіктің болуы, 6) *х* дыбысының *к* дыбысының алмасуы, 7) *чай > шай > шай* ауысу жағдайлары, 8) *а* тілдері тобындағы сияқты *ж* тілдері говорларында тоғыз фонемалы вокализмнің болуы [50,14].

Бұл аталған белгілер турасында профессор М. Томанов өз көзқарасын білдіреді. Ғалым осы ғылыми пікірлерді одан ары жалғастыра отырып, көне түркі дәуірі тұсында оғыз-қарлұқ-қыпшақ тіл бірлестігі қалыптасқанын айта келе, қыпшақ, қаңлы, үйсін тайпа тілдері қазақтың халық тілінің құрамына енгендігін дәлелдейді. «Бұл дәуірдегі түркі тілдеріне тән негізгі белгілер мыналар деп аталады: сөз арасында, сөз соңында *т\д* дыбыстарының сәйкес қолданылуы басым болды. ...Көне түркі дәуірінің өзінде сөз ортасындағы *д\т з* дыбысына ауысуы кездеседі. Сөйтіп тарихи *р ~ д(т) ~ з (с)* дыбыс сәйкестігі қалыптасады» [36, 22]. Бұдан әрі автор осы кезеңде қалыптасқан жазбалар тілін екі топқа бөлу орынды болар еді деп есептейді: олар – Орхон-Енисей ескерткіштері және көне ұйғыр тілі ескерткіштері.

Тілдің даму жолдарын тілдік деректер арқылы түсіндірген М.Томанов XI-XV ғасырлардағы өзгерістерді былайша көрсетеді: «XI-XV ғасырларда *д\т ~ з\с* сәйкестігі жаңа сатыға көше бастады. Сөз ортасындағы *д* дыбысын айтатын тілдермен қатар *й* дыбысын айтатын тілдер қалыптаса бастады. Сөйтіп түркі тілдері тарихында белгілі, тілдерді жіктеуде еске алатын дыбыс сәйкестіктері *д\т ~ з\с ~ й* қалыптасады, енді түрі тілдері сөз ортасында қай дыбыстың айтылуына қарай *д\т тілдері, з тілдері, й тілдеріне* жіктеле бастайды» [36, 23]. Негізгі тілдік жіктелісті білдіретін осындай белгілерді көрсету арқылы автор аталған кезеңде жазылған ғылыми зертеулерді де саралауға болатынын жазады.

М. Томанов М. Қашқаридың «Дивани лұғат-ит түрк» атты еңбегін ауызекі сөйлеу тілінің жинағы ретінде көрсетеді. Біздің пайымдауымызша, бұл берілген баға өте дұрыс. Өйткені Қашқари еңбегінде мысалдар ретінде алынатын мақалдар мен мәтелдер, аңыздар ауызекі сөйлеу тілінің бірліктері екені анық. Ғалым М. Қашқари еңбегін терең зерттеу арқылы мынадай тұжырым айтады: «Қашқари кітабында берілген қыпшақ материалдары бүгінгі қазақ тілінің алғашқы сипатын танытады» [36, 23]. Өз кезінде бұл өте батыл пікір болатын.

Зерттеуші Н.М. Киндикова түркі әдебиетін: VI-VIII-XII ғасырларға жататын бірінші кезең көне түркі әдебиеті деп аталып, екіншісі – XVI-XIX-XX ғасырдың басында жаңа әдеби бағыттардың пайда болуына сәйкес келеді (бұл, мысалға, татар, башқұрт, қазақ әдебиеті және Сібір өңірінің әдебиеті) және үшінші кезең – бұл кеңес заманының әдебиеті, нақты айтқанда XX ғасырдың әдебиеті, ол өз кезегінде онжылдықтарға бөлінеді: 20-30-шы жылдар әдебиеті, 40-50-шы жылдар әдебиеті және 50-шы жылдардың ортасынан, кейбір жағдайда сол жылдардың аяғынан бастау алатын қазіргі түркі әдебиеті деп кезеңдейді [51, 97-105]. Бұл жаңа бөліністің де өзіндік ерекшелігі бар екені байқалады.

Профессор М. Томанов көне түркі ескерткіштерін тек лингвистикалық тұрғыдан ғана зерттеп қоймай, сонымен бірге әдеби де, тарихи да, археологиялық та мұра ретінде қарастыруды жақтайды. Қазіргі зерттеу жұмыстарында бұл мәселе осындай күрделі аспектіде жан-жақты әрі кешенді түрде қарастырылуда. Н.А. Баскаков «Алтайский фольклор и литература» (1948) атты зерттеуінде былай деп көрсеткен: «Алтай халық әдебиетін зерттеу, оның субстратын анықтау және оның ең көне бастауларына және оның басқа халықтардың ауыз және жазба әдебиеттерімен байланысына талдау жасау барысында зерттеуші, ең алдымен, VI-VIII-XII ғасырлардың көне түркі кезеңіне және XIII-XVII ғасырлардың Моңғол кезеңіне жататын ауыз және жазба әдебиетінің барлық ескерткіштерін пайдалануы тиіс» [52, 4]. Міне, осындай тұжырымдар М. Томанов еңбектерінің де негізгі арқауы саналады. Мәселен, X-XV ғасырларда жазылған зерттеулерді жүйелеу барысында ғалым мынадай пайымдаулар айтады: «Бұл заманда қазақтың бай ауыз әдебиеті туды, авторлық әдебиет жазба әдебиет пайда бола бастады» [36, 24]. Яғни ғалым жазба әдебиет пен ауыз әдебиетін қатар қарастыра отырып, олардың орны мен өзіндік ерекшеліктерін үнемі айқындап отырады. Бұндай ойлар кейінгі зерттеушілердің фольклорға қатысты өздерінің қатынасын қалыптастыруға итермелейді, жетелейді. Ауызекі тілде жасалған туындылар да тіл тарихын анықтауда өзіндік мәнге ие болады.

Ғалым Н.З. Гаджиева «жіктеменің шынайылығы ондағы тілдердің типтері қаншалықты толық көрсетіліп, типтік белгілері қаншалықты ғылыми тұрғыда негізді бөлініп ажыратылғандығына тікелей байланысты болатыны сөзсіз» екендігін айтады [53, 38]. Біздіңше, профессор М. Томанов байламдары осындай талаптарға толық жауап бере алады. Өйткені ғалым өзіне дейінгі ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, негізгі типтік ерекшеліктерді келтіре отырып, кезеңдерді анықтайды. Мысалы, XI-XV ғасыр кезеңіндегі тек түркілік жазбаларды ғана атап қоймай, сонымен қатар түркі тілінің материалдарына жақын саналатын армян жазбалары мен қыпшақ тілінің сол кездегі сипатын таныта алады деп саналатын «Игорь полкі туралы сөзді» де атап өтеді, олардың тілдік ерекшеліктеріне назар аударады [36, 24].

Түркі тілдерін фонетикалық және морфологиялық тұрғыдан топтастыру М. Қашқари еңбегінен басталады деп қорытынды жасаған М. Томанов қалыптасу және тарихи тағдыры жағынан қазақ, қарақалпақ халықтары жақын болуы керек те, ноғай халқы оқшау тәрізді деген ой айтады [36, 30]. Бұл

пікірлер де түркітануда бұрыннан айтылып келе жатқан ғылыми пікірлермен тұстас, жақын болып келеді. Мәселен, В.А. Богородицкий барлық түркі тобына енетін тілдерді мынадай жеті топқа бөліп көрсетеді: 1) солтүстік-шығыс, 2) хакас (абакан), 3) алтай, 4) батыс-сібір, 5) орал-жайық, 6) ортаазия, 7) оңтүстік-батыс [54, 10-16].

Көрнекті түркітанушы С.Е. Малов жасаған жіктемеде түркі тілдерінің жасы көрсетілген еді. Бұл бөліністің критерийі белгілі бір позицияда *й* дыбысының келу сипаты болды. Ғалымның пайымдауынша, жаңа тілдер қатарына азербайжан, алтай, башқұрт, гагауз, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қырғыз, құман, құмық, қыпшақ, ноғай, ойрот, печенег, половец, салар, татар, түрік, түркмен, өзбек т.б. тілдері жатады. Ғалымның тұжырымынша: чуваш тілі *j* орнына *r* кездесетін қазіргі өлі бұлғар және хазар тілдерімен қатар (салыстыр.: чув. *ura* 'нога', *xur*- 'класть'), руникалық жазба тілі («оғыз»), көне ұйғыр жазба тілі, тува тілі, тофалар, көне шағатай тілі, мұнда *j* орнына *d* кездеседі (яғни *adaq*, *god*-), якут тілі, мұнда *j* орнына *t* кездеседі (*atax*, *quol*), хакас, шор және ұйғыр тілдері (сары ұйғыр тілі), мұнда *j* орнына *z* болады (*azaq*, *qoz*) [37, 25].

Мұндай бөлініс туралы М. Томанов өзінің пайымды пікірін былайша білдіреді: «... қазақ тілінде ұяңдар мен қатаңдардың арақатынасы шамалас, *pt*, *lt*, *nt* тәрізді көне дыбыстары да екі буынды сөздер (көбінесе, есімдер) құрамында сақталған. Бірақ бұл соңғы ерекшеліктер қазақ тілінің де пәлендей «жаңа» емес, оның қалыптаса бастауы да сол көне дәуірлерде болғандығының дәлелі болса керек» [36, 28]. Яғни ғалым сол кездің өзінде аса беделді болған С.Е. Малов тұжырымына толымды жауабымен тойтарыс бергендей болып, қазақ тілінің жаңа тіл бола алмайтынына, керісінше, өзге тілдермен терезесі тең тіл екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Белгілі ғалым М. Рясянен алтаист ғалым Г. Рамстедттің түркі тілдерін негізгі алты топқа бөлген классификациясын негізін алып, В. Радлов классификациясымен толықтырады. Мәселен, 1) чуваш тілі; 2) якут тілі; 3) солтүстік топ (Рясянен бойынша – солтүстік-шығыс тобы); бұл топқа Алтайдағы және соған жақын жерлердегі барлық тілдер енгізіледі; 4) батыс тобы (Рясянен бойынша – солтүстік батыс тобы), бұған мына тілдер енгізіледі: қырғыз, қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, қарашай, балқар, шығыс қарайым, батыс қарайым, татар және башқұрт тілдері; сонымен бірге бұл топқа құман тілдерінде жазылған ескерткіштер тілі мен қыпшақ тобына жататын тілдер мен сол тілде жазылған ескерткіштер тілі жатқызылады. 5) шығыс тобы (Рясянен бойынша – оңтүстік-шығыс тобы): жаңа ұйғыр тілі мен өзбек тілі; 6) оңтүстік тобы (Рясянен бойынша – оңтүстік-батыс): түрікмен, азербайжан, түрік және гагауз тілдері [55, 28-32].

Түркітануда Н.А. Баскаков ұсынған классификациялық жүйелеу көп қолдау тапқаны белгілі. Ол барлық түркі тілдерін екі үлкен топқа бөледі: *батыс хун* және *шығыс хун*. Ғалымның тілдерді топтастыру мәселесіне қатысты көзқарасы төмендегіше: «Қазіргі заманғы ғылымның талаптарына сәйкес келетін тілдер жіктемесі, ең алдымен, тілдер дамуының тарихи процесінің түркі халықтарының тарихымен байланысы негізінде, түркі тілдерінің

грамматикалық құрылысын және сөздік қорын ескере отырып құрылуы тиіс. Тілдер жіктемесі түркі халықтарының ортасында пайда болған барлық тайпалық (демек, тілдік те) қауымдастықтарды ескеруі тиіс, өйткені ол үшін әйгілі тарихи дереккөздері мен мәліметтер, сонымен қатар көне түркі тілдерінің барлық жазба ескерткіштері мүмкіндік береді. Олар әрбір тайпаның (халықтың) қандай да бір тайпаға (халыққа) енуін, демек әрбір тілдің тиісті тілдік қауымға енуін анықтайтын бағыт беруші ретінде қызмет ете алады» [56, 222-223].

Профессор М. Томанов бұл жөнінде мынадай қорытынды жасайды: «Қазіргі түркітануда қолданылып жүрген Н.А. Баскаков классификациясы тілдердің этнологиясы мен грамматикалық ортақ заңдылықтарын ғана қарастырып қоймайды, олардың қалыптасу, даму тарихын да тілдің қалыптасуы мен даму заңдылығын айқындайтын факторлардың бірі дейтін принципті басшылыққа алады» [36, 29].

Түбірдің тарихи даму бағыты туралы қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып ғылыми зерттеулер жазған профессор М.Томанов болды. Профессор М. Томанов зерттеулерінде түбір теориясы терең қарастырылған. Автор: «Егер қазіргі қазақ тілінің фактілерін тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырып қарастырсақ, онда бүгінгі тілімізде негізгі, я алғашқы түбір делініп жүрген біраз түбір сөздердің өзін алғашқы түбір мен өлі қосымшаға айыруға болатынын көреміз», – дей келіп [36, 31], көптеген түбірлердің морфологиялық құрылымын анықтап, оларды түбір мен қосымшаға ажыратады.

Профессор М. Томанов «синкретті түбірлер көп жағдайда түркі тілдерінің қауымдық дәуіріне қатысты жалпытүркілік болуы мүмкін. Біріншіден, түбір, негіз, аффикстер синкреттілігі – сөз тудырудың грамматикалық жағынан дифференцияланған аффикстік тәсілінен бұрын өмір сүрген түбір сөздер, түбірлердің алғашқы сатысы, екіншіден, синкретті түбірлер мен негіздер – семантикалық жағынан жақын, бірақ грамматикалық мағынасы мен қызметі жағынан әр түрлі сөздер», – деп анықтама бере келе [36, 31], тарихи есім түбірлердің дамуын түбір синкретизмі негізінде анықтап, ол туралы былай деп жазады: «...*art* – етістік, *art* – зат есім; *ары*, *әрі* – үстеу, *арқа* – зат есім: осы түбірден *арқала* – етістік, ортақ түбір – *ар*. Егер осы келтірілген мысалдарды байырғы түбірлер деп қарасақ, есім мен етістіктердің түбір сәйкестігін – бір ғана түбірден (немесе фонетикалық құрамы бірдей түбірден) әрі есім, әрі етістік жасалғанын көреміз» [36, 105]. Тіл құрамындағы есім сөздер мен етістіктердің жіктелуінің әртүрлі себептері болатыны белгілі. Осы жіктелудің ең негізгі себебін ғалым «фонетикалық ұқсас негіздердің тарихи дамуы барысында жасалған» деп бағамдайды. Сондықтан да бір-біріне ұқсас сөздер ежелгі заманда дербес, бір-бірінен бөлек сөздер болмаған, тек мәнмәтін құрамында ғана бір-бірінен ерекшеленген синтаксистік элементтер болған дейді. Ғалым еңбегінде есім түбірлердің табиғатын анықтап қана қоймай, олардың даму жүйесін, грамматикалық категорияларының даму жолдарын да түсіндіріп береді. Әсіресе сын есім мен сан есім, есімдіктердің даму, қалыптасу жолдарын жақсы саралап көрсетеді.

Профессор М. Томанов көне түбірлердің арасындағы етістік және есім мағынасын білдіретін лексемалардың мағыналық байланысын себептілік байланыс ретінде бағалайды. Сөйтіп, *ауыр* дейтін етістіктен сол процестің нәтижесі саналатын ұғым атауы *ауыру* есімі келіп шығатынын немесе *тоң* етістігінен *тоң* есімі, *той* етістігінен *той*, *тоқ* есімдері келіп шығатынын анықтайды. «Себептілік байланыс немесе қимыл әрекет пен оның салдары, нәтижесі түбір етістік пен туынды есім арасында көрінеді», – дей келіп, *ысы – ыстық*, *сен – сенім*, *бықсы – бықсық*, *нан – наным* сияқты лексемалық жұптарды мысалға келтіреді [36, 110].

Көне түбірлердің сипатын анықтауда барлық ғалымдар оның синкреттілігін мойындайды. Олардың мағыналық даму желісін осы синкреттілік арқылы анықтайды. М. Томанов «етістіктер мен есімдердің грамматикалық формалар арқылы өз алдарына грамматикалық кластар есебінде қалыптасуы – тіл дамуының барысында пайда болған тарихи құбылыс деп» терең байлам жасайды [36, 111]. Тілдің өте ежелгі дәуірінде бір-бірінен синтаксистік қоршау арқылы ғана ажыраған сөздер келе-келе жеке грамматикалық форманттарға ие болып, лексикалық, синтаксистік жағынан ажырағандығын айтады. Демек, тарихи тұрғыдан алғанда, лексемалардың етістік және есім деп аталатын грамматикалық топтарға жіктелуі ғалымның пайымдауынша, тілдің грамматикалық құрылысының дамуымен, соның нәтижесінде аффиксация тәсілінің пайда болуымен байланысты [57, 196-199].

Түркі тілдеріндегі түбірдің құрылымы мен оның тарихи сипатын анықтау – күрделі мәселелердің бірі. Әсіресе, XX ғасырдың 50-70 жылдарындағы ғылыми әдебиеттерде түркілік түбірлердің табиғаты туралы мәселе түркітануда кең талданып, қызу айтыстардың желісін туғызды. Көптеген пікірлерді саралай келе, профессор М. Томанов түбір теориясына өзінің де тың пікірлерін қосты.

Бұл туралы профессор Ж. Манкеева: «Түркі тілдерінде түбір қарапайымнан күрделіге, яғни моносиллабтан полисиллабтың құрылымына қарай дамыды ма деген мәселе өз шешімін таппағаны белгілі. Осыған байланысты профессор М. Томановтың түркітанудағы *жылысу*, *кірігу*, *фузия* т.б. құрылымдық өзгерістер мен модификацияға қатысты қазақ тілінің нақты тілдік деректерін талдаулары, қазақ тілінің тарихи фонетикалық жүйесінің қалыптасуы туралы пікірлерінің құндылығын атап өту орынды», – деген пікір айтады [58, 596-597].

Профессор М. Томанов түбір мағыналарының даму сипатына, морфологиялық тұлғалардың тарихи өзгерісіндегі фонетикалық заңдылықтарға ерекше көңіл бөледі. Әсіресе дивергенция, конвергенция құбылысы автор назарында болды. *Шідерті*, *Өлеңті*, *Мойынты* тәрізді атаулардың құрамындағы *-ты*, *-ті* тұлғаларын қазіргі тіліміздегі *-лы*, *-лі* екенін анықтайды. *-дақ*, *-дек* аффиксі мен *-лау*, *-леу*, *-дау*, *-деу* аффикстерінің тарихи сипаты ортақ деу арқылы ғалым *құмдақ*, *тастақ*, *шаңдақ* сөздерінің тарихи даму сипатын анықтап, «дыбыстардың тарихи ауысуы мен сәйкестіктері, редукция мен элизия құбылыстары, екпіннің ықпалы, т.б. сөздің құрылысына, морфологиялық тұлғаға әсер етпей қоймайтыны анық», – деп жазады [36, 100].

Түркітанудағы әр алуан ғылыми таластар мен көзқарастарды есепке алмағанда, түркілік түбірдің семантикалық құрылымының дамуы жалпыдан жалқыға, нақты еместен нақтылыққа қарай болды. Мәселен, көптеген зерттеуші ғалымдар *кел* 'приходить', *кет* 'уходит', *кез* 'гулять', *кеш* 'переходить', *каш* 'убегать', *кір* 'входит' сияқты тұлғалардың әуелгі тұлғалық сипаты **ке-/*ki-* /**ка* түрінде болған деп есептейді [13]. Кейін жалпы мағыналар өздерінің жекелік мағыналарына ие болғандығын анықтайды. Осындай көзқарастар М. Томанов еңбектерінен де айқын аңғарылады. Ғалым еңбегінен үзінді келтірелік: «Түркі тілдерінің өте көне дәуірінде осы күнгідей сан салалы, жіктелген сөз таптары айқын көрінбеген. Бұл жайды дәлелдеу үшін тарихта белгілі ескерткіштер тілін қарастырсақ та жеткілікті», – [36, 102] дей келіп, сөз мағыналарының сараланбағанын, сын есімдер мен үстеулердің кейін түзілген сөз табы екенін атап көрсетеді.

Түбірлерге қатысты мәселелерге ғылыми талдау жасау барысында профессор М. Томанов түбірлердің синкретизмі мәселесіне де ерекше көңіл бөледі. Түркітануда синкретизм тіл тарихындағы күрделі ғылыми мәселелердің бірінен саналады. Ресейден шыққан «Большой Энциклопедический Словарь сөздігінде синкретизмге мынадай анықтама беріледі: «Синкретизм (грек. *Synkretismos* – қосылыс, бірігу), 1) қандай да бір құбылыстың дамымаған күйін сипаттайтын ұғым; 2) әртекті элементтердің бірігуі, шектеусіз араласуы» [59].

Профессор М. Томанов бұл түбірлердің мағыналары мәнмәтінде анықталатынын ерекше атап көрсетіп, олардың мағыналарының ерекшелігі синтаксистік қызметімен астасып жататынын атап көрсетеді. Мысалы, ғалымның: «Кейінгі уақытта түркі тілдеріндегі есім, етістік түбірлерінің омонимдігі проблемалық мәселе ретінде жиі сөз болып жүр. Түбірлердің бұл ерекшелігі, көбінесе, мәнмәтін құрамында айқындалады. Етістік түбірдің есім мағынасы тұрақты тіркестер құрамында ұшырасады. Мұның өзі түбірлердің есім не етістік мәнінде жасалуы синтаксистік тәсіл арқылы ажыратылатынына дәлел», – [36, 111] деп жазуы көп нәрсені аңғартатын сыңайлы. Яки, ғалым сөздердің мәнмәтіндік мағынасына мән беріп, олардың мағыналық дамуын көрсетеді... бір-біріне ұқсас сөздер ежелгі дәуірде әсте дербес лексемалар емес, қайта мәнмәтін құрамында ғана бір-бірінен ерекшеленетін синтаксистік элементтер ғана болғандығын *ақ – ақ, көш – көш* сөздерінің мағыналық дамуы арқылы айқындайды. Мұндағы «көш» – заттық мағынада, «көш» – қимылдық мағынада жұмсалатын синкретті тұлғалар. Ал олардың осындай әртүрлі сипатта дамуы мәнмәтіндік қолданысына орай жасалғанын қазіргі ғылыми зерттеулерде терең талданып жүргені белгілі. Мысалы, *көш* сөзі арқылы жасалған *көшбасы, көші-қон, көш жер, көш бойы, көш құлаш, көшіп-қону, көш-көлік, көшбасшы, көш-жөнекей* туынды сөздерінің синтагматикалық байланысы құрамындағы сөзжасамдық тұлғалардың семантикалық және тұлғалық сәйкестігі негізінде жасалған. Бұл атаулардың жасалуында ішкі валенттілік заңы сақталады. Аталған мысалдардағы атаулардың ортақ мағынасы – көшке қатыстылығы.

Профессор М. Томанов Н.К. Дмитриевтің ғылыми пікірлеріне сүйене отырып, түбірлердің синкреттілігінің мәнісін терең түсіндіріп береді. Автордың пайымдауынша, етістіктердің қалыптасып дамуының негізгі үш сатысы бар:

- етістік түбірлердің қазір байқауға болатын ең алғашқы кезеңі, оның басты ерекшелігі – есім мен етістік негіздерінің тұлғалық сәйкестігінің болуы;

- есім мен етістік негіздерінің бір-бірінен фонетикалық алмасулар арқылы жіктелуі;

- аффиксация қалыптасуының негізінде етістіктер мен есімдер бір-бірінен грамматикалық жағынан жіктелген.

Байқап отырғанымыздай, М. Томанов есім мен етістіктердің жіктелу сипатын фонетикалық ұқсас негіздердің тарихи дамуы барысында қалыптасқан құбылыс ретінде таниды [36, 106-107].

«Тарихи синкретизм» терминін Э.В. Севортян ұсынғанда [14], оны тарихи омоним тұлғалар ретінде түсіндірген болатын, сондықтан да, кейін бұл пікір А.Н. Кононовтың зерттеулерінде [13] терең сынға ұшырады. Мұның басты себебі түркі тілдеріндегі синкреттілікті омоним ретінде түсіндіруге болмайтындығымен байланысты еді. Түркі тілдеріндегі түбірлердің тұлғасы бірдей болғанымен, олардың мағыналарының арасында семантикалық байланыс жататындығы белгілі. Бұл терең тарихи байланыс олардың мағыналық жақындығын танытады. Осы ретте М. Томановтың мәнмәтін мағынасын қарастыруы түбірлер семантикасының арасындағы алшақтық күнделікті қолданыс барысында жіктелудің жемісі болғандығын атайды.

Сондықтан, Э.В. Севортян тұжырымдарына сүйене отырса да, профессор М. Томанов былай деп жазады: «Алайда есім мен етістік негіздерінің синкретизмі туралы айтқанда, олардың арасындағы мағыналық байланысты ұмытуға болмайды. ... Сөйтіп, бір ғана фонетикалық сипатта сақталып, екі түрлі грамматикалық мән алған мұндай сөздер семантикалық тұрғыдан бірі қимылды, екіншісі соның нәтижесінде қалыптасқан процесті білдіреді» [36, 107]. Яғни синкреттілікті М. Томанов дәл Э.В. Севортянша емес, оны тек грамматикалық және қызметтік жағынан пайымдауды ұсынып, мәнмәтіндік мағынаның дамуы барысында жасалған тұлғалардың дифференциациясы деп түсіндіреді.

Қазіргі тілімізде айтылып жүрген омонимдердің барлығының қазіргі күйі ежелгі құбылыс емес, сөздер мен морфологиялық формалардың тарихи дамуының жемісі екенін нақты айтады. Шынында да, *бақ – бақ, тақ – тақ, ақ – ақ, той – той, аш – аш тоң – тоң, ұзын – ұзақ, қаш – қаш(ық)* т.б. сияқты сөздердің арғы мағыналары жақын да, тек кейінгі тіл дамуында нақтыланған, жіктелген мағыналары омоним деп саналуы қажет деп есептейміз.

Профессор М. Томанов синкретті түбірлердің табиғатын тану үшін олардың өзара семантикалық байланыстарына ерекше назар аударады. Ғалым синкретті түбірлер ретінде қарастырылатын етістік пен есімдердің бір-бірімен себептілік байланысын тілдік деректермен түсіндіреді. Мәселен, *ауыр* тұлғасы мен *ауыру* етістігінің, *той* мен *тоқ*, *бүк* пен *бүк түсу*, *тоз*, *тозаң* мен *тоз-тоз болу* сияқты түбірлердің арасындағы мағыналық байланысты талдайды.

Ғалым түбірлердің синкретизмі құбылысының дамуын, сөйтіп етістік пен есім сөз таптарының өз алдына жеке грамматикалық кластарға жіктелуінің негізі - грамматикалық формалардың қалыптасуы деген тұжырымға келеді. Яғни тіліміздегі грамматикалық топтардың бөлініп шығуының басты көзі грамматикалық формалар арқылы қалыптасқан грамматикалық категориялармен тығыз байланысты. М. Томановтың көрсетуінше: «Тілдің өте ежелгі дәуірінде бір-бірінен синтаксистік қоршау арқылы ғана ажыраған сөздер келе-келе жеке грамматикалық форманттарға ие болып, лексикалық, синтаксистік жағынан да ажыраған. Олай болса, тарихи тұрғыдан сөздердің етістік және есім деп аталатын грамматикалық кластарға жіктелуі тілдің грамматикалық құрылысының дамуымен, соның нәтижесінде аффиксация тәсілінің пайда болуымен байланысты» [60, 111].

Мұндай идеяның анықталып, оқулықта берілуі қазақ тіліндегі морфология теориясының жетістігі деп бағалануы керек. Өйткені морфология ғылымы сөздің ішкі терең құрылымының жүйелі негізін анықтайды. Морфологияның негізгі мақсатының өзі, ең алдымен, тіл құрылымының басты теорияларын жасау болып есептеледі. Бұл туралы орыс ғалымы Е.С. Кубрякова: «Зерттеу нысаны ретінде морфеманы емес, сөзді алу процесі шетелдегі морфология дамуының қазіргі кезеңін отандық тіл білімінің дәстүрлерімен жақындастырады. Ал отандық тіл білімі үшін морфология әрқашан морфема туралы ілім ғана емес, мысалы дескриптивистер үшін сияқты, сонымен қатар сөз туралы және оны репрезентациялайтын морфологиялық құрылымдары туралы ілім болған», – деп жазады [61, 158]. Яғни сөзді, түбір сөзді зерттеудің маңызы ерекше, мұнда жасалған теория жалпы морфологиялық зерттеулердің негізгі желісін анықтайды деп есептеуге толық негіз бар.

Көне түбірлердің сипатын анықтауда ғалымдардың барлығы дерлік оның синкреттілігін мойындайды. Олардың мағыналық даму желісін осы синкреттілік арқылы анықтайды. М. Томанов «етістіктер мен есімдердің грамматикалық формалар арқылы өз алдарына грамматикалық кластар есебінде қалыптасуы – тіл дамуының барысында пайда болған тарихи құбылыс» деп терең байлам жасайды [36, 111]. Тілдің өте ежелгі дәуірінде бір-бірінен синтаксистік қоршау арқылы ғана ажыраған сөздер келе-келе жеке грамматикалық форманттарға ие болып, лексикалық, синтаксистік жағынан ажырағандығын айтады.

Фонологиялық және морфологиялық кейбір ерекшеліктерге қарамастан, бір буынды есім түбірлердің семасиологиялық құрылымының даму барысы мен көпмағыналылығы жалпы болып қала береді. Бір буынды есім түбірлер гомогендік қасиеті арқылы дамығандықтан, олардың мағыналық даму жүйесі де барлық түркі тілдерінде өзінің лексикалық мағыналық жақындығын сақтайды. Сондықтан мұндай қасиет қазақ тілі үшін де ортақ болып табылады. Мысалы, көне түркі тіліндегі бір буынды есімдер мен қазақ тіліндегі бір буынды есім сөздердің өзіндік дара қалпындағы мағынасын салыстырсақ, бір-бірінен ешқандай айырмашылық таба алмайтынымыз да шындық: қазақ тілінде – *ай*,

ас, ат, ау, аш, бай, бақ, бал, бас, бит, біз, боз, бір, мың, бос; көне түркі тілінде – *ай, ас, ат, ав, ач, бай, баг, бал, баш, бит, биз, боз, бир, бин*, бош т.б.

Осылайша тізімді ұзақ соза беруге болады. Мұндай деректер арқылы көз жететін бір жағдай – қазақ және көне түркі тілдеріндегі бір буынды есім түбірлердің негізгі және өзек семасы бір-біріне өте жақын, түбі мен төркіні бір.

Бір буынды түбірлердің мұндай мағыналық сипатының өзгеріссіз сақталуының негізгі себебі – олардың лексикалық мағыналарының тұрақтылығынан.

Сөз таптарының ішінде ішкі семантикалық құрылымы жағынан ең тұрақты сөз табына мыналар жатады: жіктеу есімдіктері; түбір етістіктер; сан есімдер.

М. Томановтың пайымдауынша, өзге сөз таптары бұлармен салыстыра қарастырғанда, өзгеріске ұшырауға бейім. Мұның ішінде үстеу, әрине, кейіндеу пайда болған сөз табы ретінде танылады. Ал зат есім – басқа сөз таптарымен салыстырғанда өзгеріске өте жиі түсетін сөздік қабат. Күнделікті өмірдегі қолданылатын заттар мен құбылыстарды таңбалайтын болғандықтан да, уақыт өтуіне байланысты өмірімізге енген, адам дүниетанымы таныған барлық заттар мен құбылыстарды зат есім арқылы белгілейміз. Заманға сәйкес енген құбылыстардың барлығы да зат есім арқылы көрсетіледі. Сондықтан да зат есімдер тілдің дамуы барысында көнеріп немесе жаңа қолданыстағы сөздер пайда болып жатады. Себебі адам баласының дүниетанымы қалыптастырған ең қажетті заттар мен құбылыстар қажет болмай қалуы мүмкін емесе, сондықтан олардың атауы санадан өшпей, жаңғыра береді. Ал керісінше, күнделікті тіршілікте өзгеріске жиі түсіп отыратын адамның киімі, тұрмысқа қажетті заттар, жан-жануарлар аттары, діни ұғымдар атаулары т.б. өзгеріске жиі ұшырап, оны таңбалайтын зат есімдер де өзгеріп отырады.

Қазақ және көне түркі тілдеріндегі бір буынды есім түбірлердің мағыналық сипатын тарихи-диахрондық аспектіде зерттеп, оны көне түркі жазба ескерткіштермен салыстырғанда, олардың мағыналық құрылымының түбегейлі өзгеріске түспегенін аңғаруға болар еді. Айталық, *ат – ат, сен – сен, мен – мин, сел – сел, қаз – қаз* т.б. сияқты сөздердің көне түркілік мағынасы мен қазақ тіліндегі мағыналары ортақ, әрі даму жүйесі бірдей.

Бір буынды есім түбірлердің фонетикалық жағынан жақындығы мен мағыналық жағынан ортақтығы көрсетілген тілдердегі сөздік қордың жақындығын танытады. Адам өмірінің, тіршілігінің негіз өзегіне айналған заттар мен құбылыстардың атаулары көне замандағы мағыналарынан еш ауытқи қоймайды. Жалпы тілдік даму – эволюциялық сипаттағы аса баяу жүретін процесс. Сондықтан да негізгі сөздік қордағы сөздердің мағыналары өзінің ішкі құрылымдық мағынасын сақтайды. Бір буынды түбір сөздің мағынасын сақтауы тілдің ішкі бірлігін анықтайды деп тұжырым жасауға болар еді. Осы бір буынды түбірлерден тарап, жаңа мағына иеленген әртүрлі туынды сөздердің де мағынасы әуелгі мағынаның негізгі, өзекті сипатын сақтап қалады.

Қазақ және көне түркі тіліндегі адам анатомиясына қатысты атаулардың мағынасын салыстыралық: қазақ тілінде – *айақ, бет, бас, бел, мұрын, көз, күйі, тіл, тіс, тізе, қан, қарын, қас, кірпік, қол, қолтық, сақал, сан*;

түрік тілінде – *айак, бет, баш, бел, бұрын, гөз, гүч, дил, диш, дізі, кан, карін, қаш, кірпік, кол, колтик, сакал, сан.*

Көрсетілген лексикалық атаулардың семантикалық мағынасы терең. Сөздікте әрбір сөздің бірнеше мағыналары көрсетілген. Айталық «бас» сөзінің қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде 11 мағынасы берілсе, түрік тілінде оның 7 мағынасы, «бел» сөзінің қазақ тілінде 5 мағынасы, түрік тілінде 6, «көз» сөзінің де өте көп ауыспалы мағыналары қалыптасқан. Сөздің тура мағынасы да, ауыспалы мағынасы да салыстырылып отырған екі тілде ортақ заңдылық негізінде дамыған [62]. Сөздің ауыспалы мағынасы негізгі мағынадағы бір семаның негізінде қалыптасқан.

М. Томанов сөз таптарының түзілу кезеңдерін атап көрсетеді. Мысалы, етістіктердің қалыптасып дамуының негізгі үш сатысы бар:

- етістік түбірлердің қазір байқауға болатын ең алғашқы кезеңі, оның басты ерекшелігі – есім мен етістік негіздерінің тұлғалық сәйкестігінің болуы;
- есім мен етістік негіздерінің фонетикалық алмасулар арқылы жіктелуі.

Профессор М. Томанов синкретті түбірлердің табиғатын тану үшін олардың өзара семантикалық байланыстарына ерекше назар аударады. Ғалым түбірлердің синкретизмі құбылысының дамуын, сөйтіп етістік пен есім сөз таптарының өз алдына жеке грамматикалық кластарға жіктелуінің негізі – грамматикалық формалардың қалыптасуы деген тұжырымға келеді. Тілдің өте ежелгі дәуірінде бір-бірінен синтаксистік қоршау арқылы ғана ажыраған сөздер келе-келе жеке грамматикалық форманттарға ие болып, лексикалық, синтаксистік жағынан ажырағандығын айтады.

Профессор М. Томановтың бұл пікірлері кейінгі қазақ зерттеушілерінің ғылыми жұмыстарында дамып отырғанын көреміз. Мысалы, Е. Қажыбеков өзінің «Түркі тілдеріндегі гомогенді түбірлердің етістік-есім корреляциясы» атты зерттеуінде «синкретизмді» тарихи құбылыс, ал «омонимияны» қазіргі заман құбылысы ретінде таныса [63, 26], екінші бір еңбегінде: «грамматикалық синкретизм көп жағдайда аффикстердің грамматикалық белгісіздігі, түркі түбірінің ежелгі диффузды трансформациясы, алғашқы сөздердің полифункционалдылығының жартылай грамматикалануының салдары» деген тұжырым жасайды [64, 90].

Филология ғылымдарының докторы Ж. Тектіғұл «туынды есім мен етістік негіздер арасындағы сыртқы ұқсастық – түркі тілінің құрылымындағы есім мен етістіктің бір-бірінен жете ажыратылмаған кезеңдегі алғашқы эволюциялық сатылардың көрінісі» дей келе [65, 244], «Біздің қазіргі синкретті тұлғаларды ең алғашқы тілдік бөлшектер деп жүргеніміздің өзі шартты болуы мүмкін. Өйткені синкретті тұлғалардың бойында әрі заттық, әрі сындық, әрі қимылдық, кейде сандық мағыналардың жинақталуынан конкреттілікті емес, абстрактілікті көреміз. Ендеше, синкретті тұлғалар өзіне дейінгі конкретті тілдік элементтердің белгілі бір күрделену сатысының жемісі болса керек», – деген ой тастайды [65, 245].

Профессор А.Б. Салқынбай ұстазы туралы жазылған «М.Томанов зерттеулерінің кемелдігі мен кешенділігі» атты мақаласында ғалым қаламынан

туған ғылыми зерттеулерді саралап, анықтап зерделеп, оның ғылыми еңбектеріндегі негізгі бағыттарды былайша жіктеп көрсетеді:

1. *М. Томанов – қазақ тілінің тарихи грамматикасын алғаш жүйелеген, негіздеген ғалым.*

2. *М. Томанов – түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазып, түркітануға үлкен үлес қосты.*

3. *М. Томанов – Қазақ тілінің стилистикасы пәні бойынша жазылған алғашқы оқулық авторларының бірі.*

4. *М. Томанов – ежелгі және орта ғасыр мұраларын зерттеуші ғалымдардың бірі.*

5. *М. Томанов қазақ әдеби тілінің қалыптасу жолы, даму сипаты, әдеби тіл нормалары, ежелгі түркі әдеби тілі мен қазақ жазба әдеби тілінің сабақтастығы, қазақ әдеби тілінің ортаазиялық әдеби тілмен тарихи қарым-қатынасы туралы мәселелерге де көп көңіл бөліп, көптеген ғылыми мақалаларын, зерттеулерін арнаған.*

6. *М. Томанов еңбектерінде мәтін мәселесінің де көптеген теориялық мәселелері қамтылған.*

7. *М. Томанов – қазақ лексикографиясының, терминографиясының қалыптасуына ат салысқан ғалым [66].*

Профессор М. Томановтың еңбектерін зерделеген мақалаларды басшылыққа ала отырып және ғалымның ғылыми шығармашылығын қарастыра келе, төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

- М. Томанов бірінші рет қазақ тілінің тарихи грамматикасын жазды;
- қазақ тілі тарихын зерттеудің негізгі әдістерін көрсете отырып, оны кезеңге бөлу, қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орны сияқты мәселелерді тұңғыш рет ғылым тұрғыдан негіздеп берді;
- тарихи фонетика мен тарихи морфологияның негізгі мәселелерін мол тілдік деректер арқылы ашып көрсетіп, түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық құрылысының басты ерекшеліктерін айқындады;
- тілдің қазіргі морфологиялық құрылымын оның динамикалық дамуының жемісі ретінде танып, тілдік деректерді тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырып, түбір ретінде танылып жүрген көптеген сөздерді алғашқы түбірі мен қосымшаға ажыратып, тіл дамуындағы морфологиялық даму заңдылықтарын жүйелеп көрсетіп берді;
- бір буынды түбірлердің өзгеруіндегі басты ерекшеліктерді анықтады;
- түркі халықтарының өте кең көлемді мекенді жайлап, түркі тектес емес тайпалардың тілдерін ассимиляциялап, түркілік сипат бергенін дәлелдеді;
- түбір морфеманың семантикалық және грамматикалық жағынан дербес қолданылатындығын, әрбір морфема сөз құрамында белгілі бір семантикаға ие болатындығын тарихи тұрғыда дәлелдеді;
- қазақ сөз мәдениетіне қатысты өзіндік тұжырымдар жасап, кейінгі зерттеулерге жол салып берді;
- көне түркі жазбалары, Махмұт Қашқари, Қ. Жалайри жайында үлкен ғылыми зерттеулер жазды;

- ғасырлар бойы көркемдік өңдеудің нәтижесінде ұлттық тіліміздің сөйлеу мен жазу жүйелерінің кемелденгендігін дәлелдеді, жазба тіл туралы да келелі тұжырымдар жасады;
- тілдің бүгінгі дамуының да басты бағыттарын, әдеби тілдің басты даму шарттарын анықтады;
- әртүрлі кезеңдердегі әдеби шығармалардың мәтіндеріне, тілдік құралдарына талдау жасай отырып, әдеби тілдің, ұлттық тілдің дамуындағы негізгі факторларды атап көрсетті.

1.2 Қазақ тілі дыбыстық жүйесінің тарихи ерекшеліктері мен даму сипаты

Тегі мен түп тамыры бір болғандықтан да, түркі тілдерінің жалпы сипаты, негізгі қалыптасу жолы ортақ. Сондықтан жалпы дыбыстық жүйелердің ерекшелігін зерттегенде, өзге түркі тілдеріндегі деректерді келтірмеу, айқындамау мүмкін де емес. Қазіргі жеке түркілік тілдердегі тілдік ерекшеліктер мол болғанымен, тарихтың терең қойнауына қарай барған сайын, ортақ бірліктер көбейе бастайтынын айтуға болар еді. Мұның өзіндік ішкі заңдылығы да бар. Түркі тілдерінің дамуының ежелгі сипатында етістік және есім негізді бір буынды түбірлер ортақ болады да, олардың кейінгі кезеңдегі тұлғалық және мағыналық дамуында дыбыстық ерекшеліктері көбейеді, дауысты дыбыстардың жіңішке нұсқалары жасалып, дауыссыз дыбыстардың бір-бірінен жіктелетін бірнеше жаңа нұсқалары қалыптаса бастайды.

Профессор М. Томановтың тіл тарихына арналған зерттеулерінің ішінде шоқтығы биігі қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің қалыптасу заңдылықтарын анықтап, оларды қазіргі қазақ тілімен салыстыруы дер едік. Ғалым қазақ тіл білімінде алғаш рет тарихи фонетиканы жүйелеп, оның негізгі нысаны мен зерттеу әдістерін анықтады, қазақ тілі фонетикалық жүйесінің негізгі ерекшеліктерін ашып көрсетті. Дауысты дыбыстар жүйесі мен дауыссыз дыбыстар жүйесін бөлек саралай келе, олардың даму ерекшеліктерін ғылыми сипатта дәлелдеп көрсетті [67, 34-37].

М. Томанов түркі тілдерінің негізгі жүйелілік ерекшеліктерін анықтай келе, олардың ішіндегі ең бастысы фонетикалық жүйе екенін алға тартқан болатын. Ол түркі тіліндегі топтардың өзіне тән белгілерді көрсеткенде де, оның бастысы ретінде фонетикалық жүйені атайды [68, 315-316]. Ғалымның пікірінше, фонетикалық жүйе бойынша жеке түркі тілдерінде мынадай жағдайларда дыбыстық өзгерістер болады: сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырайтын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады [68, 7].

Қазіргі қазақ тіл білімінің ғылыми әдебиеттерінде дауыстылардың саны әртүрлі болып белгіленіп жүргенімен, қазақ тілінің тарихи грамматикасында 8 дауысты дыбыс бар деп беріледі еңбекте.

Қазақ тіл білімінің алғашқы білімпазы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттелуінің ғылыми негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы бес дауысты дыбыс,

екі жартылай дауысты дыбыс бар деп жазған болатын [20]. Дауысты дыбыстарға автор *а, о, ұ, ы, е* дыбыстарын жатқызады.

С. Аманжолов қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың санын 14 деп көрсетсе: *а, ә, е, о, ұ, ү, ы, і, и, у, э, я, ю* [69], профессор К. Аханов қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың санын 11 деп: *а, е, ы, і, ә, о, ө, ұ, ү, и, у* [70], ал А. Нұрмаханова «қазақ тілінде он бір дауысты дыбыс (*ә, а, е, ы, і, й, о, ө, ұ, ү, у*) бар» деп дәлелдейді [71].

Дауысты дыбыстардың саны туралы ғылыми зерттеу жүргізе отырып, профессор С. Мырзабеков былай деп жазады: «Қазақ тілінің байырғы құрамында тоғыз (*а, е, о, ө, е, ұ, ү, ы, і*) дауысты дыбыс бар. Мұны ешкім де жоққа шығара алмайды» [72, 33]. Осы пікірге біз де тоқтаймыз.

Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың классификациясы үш түрге бөлінеді: біріншісі – сөйлеу, яғни сөйлеу мүшелерінің пайда болуын зерттейді; екіншісі – есту (кұлақ) мүшелерінің әсерін зерттейді; үшіншісі – акустикалық классификация.

Дауысты дыбыстар сөйлеу мүшелерінің негізгі үш түрінің қатысы мен қалпына қарай, атап айтқанда: 1) тілдің қалпына (қызметіне); 2) еріннің қатысына (қызметіне); 3) жақтың ашылу қалпына қарай топтастырылады.

Қазақ тіліндегі бір буынды сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар мен көп буынды сөздердің бірінші және келесі буындарындағы дауыстыларды бір-бірінен ажыратып қарау керек болады. Зерттеушілердің көрсетуінше, бір буынды түбір құрамындағы дауысты әрі тұрақты әрі сапалық жағынан басқа сөз құрамындағы дыбыстарға ешқандай бағынышты емес. Ал көп буынды лексемалар құрамындағы дауысты дыбыстарда мұндай қасиет жоқ. Олар көбінесе айнымалы, өзгермелі болып келеді екен. Әсіресе мұндай буындағы дауысты дыбыстар сингармонизм заңы бойынша өзге дыбыстардың ықпалына түсіп кетіп отырады [73, 41-44].

Профессор М. Томановтың пікірі бойынша, «фонемалар жүйесін анықтау үшін, комбинаторлық, позициялық өзгерістер әсер етпейтін жағдайдағы дауыстылар қарастырылуы тиіс. Ал комбинаторлық, позициялық өзгерістер әсер етпейтін жағдай тек бір буынды түбір құрамында ғана болады» [68, 15]. Демек, бір буынды түбірлердің құрамындағы дауысты дыбыстардың сапалық сипатын тұрақты деп бағалай отырып, олардың қазақ тіліндегі сапалық өзгерістері мен қалыптасу заңдылықтарын зерделеуге болар еді. Бұл арада оғыз тобына жататын түрік тілі мен қыпшақ тобына жататын қазақ тілінің негізгі өзіндік даму заңдылықтарын анықтап алу орынды болмақ.

Әрбір түркі тілдері тобында дауысты дыбыстардың айтылуының өзіндік ерекшелігі болатыны туралы Б. Серебренников пен Н. Гаджиева оғыз тобындағы тілдерді «алғашқы» бірінші ұзақ дауыстылар (дифтогтар мен полидифтонгтар) мен қысқа дауыстылардың бір-бірінің қарама-қарсылығына негізделген жүйе деп жазады. Ал қыпшақ тобындағы тілдерді шартты түрдегі ұзақ, ең қысқа дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе деп бағалайды [74, 16].

Түркітанымдық әдебиеттерде «алғашқы (первичные) дауыстылар» деген термин бар. Мұндай терминді түрік тілдерінің белгілі мамандары Дени, Хазай, кейін Э.В. Севортян [75, 24] және т.б. ғалымдар қолданған. Дегенмен, бұл терминнің тым шартты екені өзінен-өзі түсінікті. Бұл терминнің шартты болуының мәнісі алғашқы дауысты дыбыстардың қандай сипатта болғанын ешкім де айтып бере алмасы түсінікті.

Екіншіден, түрколог ғалымдардың арасында түркі тілдерінің даму кезеңін әртүрлі түсіндіру де бар. Айталық, Н.А. Баскаков вокализмнің дамуына байланысты фонематикалық құрылымның дамуын кезеңге бөлу жөніндегі пікірін былай білдіреді: 1) Алтай кезеңіне дейінгі кезең (бұл кезеңде өзге алтай тілдері сияқты бұл кезеңдегі түркі тілдері де өзіндік ерекше грамматикалық құрылымы бар, бөлінбеген моновокальдық жүйеден дамыған тіл болған); 2) Алтай кезеңі (түркі тілдері өзінің жалғамалылық қасиетін иеленген, ал сөздер морфофонемелардың тіркесінен құрала бастаған кезең); 3) Хун кезеңі (түркі тілдері жалғамалылық сипатта толық жетіліп, дауыстылардың саны сегізге жеткен); 4) Көне түркілік кезең (түркі тілдері өзіндік ерекшеліктерін иеленіп, жеке топтарға бөліне бастайды); 5) Қазіргі түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгере бастауы [11, 72-73].

Бұл жүйелеуден өзгеше ерекшелігі бар жіктеме Б. Сағындықұлының кезеңге бөлуі болып саналады. Ғалым өзінің «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты зерттеуінде тілдік фактілердің табиғатына қарай отырып, есте жоқ ескі кезеңдерден бастап, қазіргі уақытқа дейінгі аффрикат дыбыстардың даму кезеңін былайша жүйелейді:

1-кезеңде тұңғыс, маньчжур, корей, жапон, түркі, монғол тілдері бір-бірінен ажырамаған;

2-кезеңде гипотезалық аффрикаттар мүлде жойылып, жаңадан қалыптасқан аффрикаттар одан әрі дами бастайды;

3-кезеңде солтүстік-шығыс алтай тілдері мен оңтүстік-батыс алтай тілдері одан әрі жіктеле түседі;

4-кезең түркітануда қалыптасқан алтай дәуіріне сәйкес келеді [76].

Бұдан байқайтын нәрсе: «алғашқы дауысты дыбыс» деген терминнің тым шарттылығы. Оның үстіне, ғалымдар еңбектерінде: «Алғашқы» созылыңқы дауысты дыбыстар деп әліге дейін дыбыстардың қандай да бір тіркесімінің түрленуінің нәтижесі ретінде түсіндіру мүмкін емес дыбыстар аталады», – делінеді [74, 23]. Осы тұрғыдан салыстырар болсақ, қазақ тіліндегі дауыстылардың өзіндік даму сипаты бар. Қыпшақ тілдеріндегі ұзақ дауыстылар мен қысқа дауыстылардың бір-біріне қарсы қойылуы сақталмаған немесе мүлде мұндай құбылыс болмаған.

Дауысты дыбыстардың тарихи ерекшеліктері

Тіл қатысына қарай дауыстылардың екі қатары қалыптасады: алдыңғы қатардағы дауыстылар және артқы қатардағы дауыстылар. Алдыңғы қатардағы дауыстыларға түрік тіліндегі *e, i, o, й, і* дыбыстары жатады, ал артқы қатардағы дауысты дыбыстарға: *a, i, o, u, a, й* жатады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды М.Томанов төмендегідей топтарға жіктейді:

1. Артикуляциялық мүшенің ашылу дәрежесіне сай естілуі:

а) ашық дауыстылар: *a, e, o, ə*.

ә) қысаң дауыстылар: *ү, ұ, ы, і*.

2. Дыбыстың айтылу тонының көтеріңкі не бәсең болуына байланысты:

а) жуан дауыстылар: *a, o, ұ, ы*.

ә) жіңішке дауыстылар: *e, ə, ү, і*.

3. Ерін қатысына қарай:

а) еріндік дауыстылар: *ұ, ү, o, ə*,

ә) езулік дауыстылар: *a, (ə), e, ы, і*. [36,42]

Қазіргі тіл білімінде дауысты дыбыс жүйесін *төмен сазды, жоғары сазды, жсай сазды, бемоль сазды* т.б. деп бөлу жүйесі де бар. Айталық, тілші ғалым Ж.А. Аралбаевтың «Вокализм казахского языка» атты еңбегінде дауысты дыбыстардың осылай бөлінісі де көрсетіледі [77,83]. М. Томанов түбір сөз бір дауысты фонемадан, дауысты және дауыссыз фонемадан, дауыссыз-дауысты-дауыссыз фонемалардан құралған деген пікірімен қосыла отырып, осыған орай, «үш дауысты фонема *a, ы, у*» болған деген ғылыми тұжырым айтады [36, 43]. Бұл көрсетіліп отырған дауысты дыбыстардың жуан нұсқалары бұрын пайда болғаны туралы пікір түркітануда толық дәлелденді деуге болады.

Ал жіңішке дауысты дыбыстар тілдің кейінгі дамуы барысында дыбыстардың фонетикалық өзгерістері нәтижесінде дамыған. Яғни дыбыстардың айтылуы барысындағы жасалған жаңалықтар деп бағаланады. М.Т. Томанов дауысты дыбыстардың жіңішке нұсқаларын, айталық, «*e, і, ү*» дауыстыларын орта ғасырда келіп шыққан деген пікірді айтады [36, 43]. Ғалымның пайымдауынша: «Бұл фонемалар алдыңғы түбір құрамындағы *a, ы, у* фонемаларының екінші түбір құрамында бейтараптануы, яғни семантикалық қызметінің әлсізденуінің нәтижесі болды. Тіл дамуының кейінгі дәуірлерінде ғана бұл дауыстылар фонемалық айырым белгілерге ие болады. Сөйтіп түркі тілдері вокализмінің 8 дауыстыдан тұратын жүйесі осы кезеңде қалыптасса керек» [36, 43]. Бұл көрсетілген пікірлер кейінгі тілші ғалымдар еңбегінде де қолданыс тапқандығын байқаймыз.

Профессор Б. Сағындықұлы аталған мәселе жөніндегі теориялық түсініктерді анықтап, оларға толықтай түсінік бере келе, мынадай тұжырым жасайды: «Қорыта келгенде, түркі тілдерінде (оның ішінде қазақ тілінде) құрамында жіңішке дауыстылар келетін сөздер болмаған деп толық сеніммен айта аламыз. Ж. Аралбаев қазақ тілінде *a, у, ы* дауыстылары пайдаланылатын сөздердің 50 проценттен асып жығылатынын сөздіктер негізінде есептеп шығарған. Жіңішке тұлғалы сөздердің баршасын бұрынғы жуан қалпына келтіргенде бұл цифрдың тіпті 80-90 санын көрсетуі ықтимал. Демек, жіңішке айтылатын сөздерді тарихи тұрғыдан жуан деп тану түркітануда таза ақиқат ретінде қабылдануы қажет» [76, 95-96].

Профессор С. Мырзабеков «*ә*» дыбысының қазақ тіліндегі айтылу жүйесі мен оның қолданысы туралы ғылыми еңбектерге толық талдау жасай келе,

«халық тілінде ә-нің өрісі әлдеқайда кең», – деп жазады. Ғалым бұл дыбыстың жіңішкеру себебін былай түсіндіреді: «Сонымен *a* және *ә* артикуляциялық (ерін, жақ) жақтан жуық фонемалар. Олардың арасындағы алмасулардың көп сыры осында жатса керек», – дейді де, мұның өзінің кейбір сөздің орфограммасына салқыны тиіп жүргенін, яғни қазіргі тіліміздегі *абдыра* – *әбдіре*, *аумесер* – *әумесер*, *ай-түй* – *әй-түй*, *аламыш* – *әлеміш*, *таж* – *тәж* т.б. сияқты сөздердің орфографиялық сөздіктерде әртүрлі жазылып жүргенін айтады. Шынында да, автордың бұл айтып отырғаны – қазіргі тілде, баспасөз беттерінде жиі кездесіп отыратын деректер. Автор ойын мынадай оймен қорытындылайды: «Олай болса, сөздердің жіңішкеруі – жалғаса беретін тілдік үрдіс» [72, 47]. Біз де ғалымның осы ойын тілдің тарихи дамуының бір кезеңіндегі деректің дұрыс ғылыми бағалануы деп пайымдай аламыз. Себебі тіл дамуының өне бойында жуан дауысты дыбыстардың жіңішке дыбыстарға ауысып, фонемалық сипатының бірте-бірте қалыптасатыны байқалады.

Мұндай пікірлерді А.Б. Салқынбайдың монографиялық еңбегінен де байқаймыз. Ғалым дауысты дыбыстардың сөзжасамдық қызметін анықтай отырып, жуан-жіңішкелі буындардың алмасуы барысында жаңадан номинация жасалатынын анықтайды. Сонда сингармониялық параллельдердің сөз жасаушылық қызметінің көне замандардан бастап-ақ тілде бар процесс екенін жан-жақты дәйектейді. Автордың пайымдауынша, жуан-жіңішкелі нұсқалардың сөз жасауы бірден болған құбылыс емес, «алдымен аллофондық сипатта қолданып, кейін фонемалық жағдайға жеткен» [34, 173]. *Аса* – *есе*, *ару* – *еру*, *бай* – *бей* – *бий*, *ақтау* – *әктеу*, *ақ* – *әк*, *бар* – *бәрі*, *ауа* – *әуе*, *бас тігу* – *бәстесу* т.б. сияқты көптеген сөздерді мысалға келтіре отырып, бұл дыбыстардың сәйкесуі арқылы фонетика-семантикалық сөзжасам тәсілі негізінде жаңадан номинативтік атау жасалғанын анықтайды.

Егер дыбыстардың мұндай өзгерісі арқылы жаңадан сөз туындайтын болса, онда бұл құбылыс морфонологиялық құбылыс бола алмайды. Тек дыбыстардың тарихи сәйкестігі негізінде болған тілдің дамуын сипаттайтын дерек фонетикалық даму деп бағаланады.

Демек жуан-жіңішке дыбыстардың даму жүйесін морфонологиялық құбылыс деп, яғни дыбыстардың алмасуы деп бағаланбайды. Өйткені бұған тілдік деректер толық қайшы келеді. Г. Раеваның «Қазақ тіліндегі сингармониялық варианттар мен параллельдер» атты кандидаттық диссертациясында бұл мәселе төңірегінде әңгіме болады [78, 173].

Қазақ тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болып бөлінуі мынадай сипатта болып келеді:

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың топтастырылуы: *a* – жуан, ашық, *ә* – жіңішке, ашық, *e* – жіңішке, ашық, *ы* – жуан, қысаң, *i* – жіңішке, қысаң, *o* – жуан, ашық, *ө* – жіңішке, ашық, *у* – жуан, қысаң, *ү* – жіңішке, қысаң.

М. Томанов «XV-XVI ғасырлар арасында дауыстылар жүйесі *ә*, *и*, *у* дыбыстарымен толығырақ. Ә дауыстысы шығыс тілдерінің ықпалының нәтижесі болса, *и*, *у* дыбыс қосындылары тіл құрамында болған дыбыс өзгерістерінің нәтижесі» деген пікір айтады [36, 44].

Барлық түркі тілдері сияқты қазақ тілінде де ашық және қысаң дауыстылар бар. Қазақ тіліндегі тарихи ашық дауыстылар саны – төртеу. М. Томановтың көрсетуінше, олар мыналар: *a, e, o, ø*. Ал қысаң дауыстылар: *ұ, ү, ы, і*.

Дауысты дыбыстардың ашық және қысаң болып жіктелуі ауыз қуысының ашылу дәрежесіне немесе дыбысталу процесіндегі тілдің көтерілу дәрежесіне байланысты екені белгілі жайт.

Ашық және қысаң дауысты дыбыстардың көне түркі тіліндегі сипатын В.Г. Кондратьев өзінің «Грамматический строй памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв» атты еңбегінде былайша жіктеп көрсетеді:

- 1) ашық дауыстылар: *a, o, э, ø*;
- 2) қысаң дауыстылар: *ы, у, и, ұ* [79, 17].

Дауыстылардың ашық-қысаң топтарға жіктелуі түркі тілдерінің генезистік ерекшеліктері болып санала ма, әлде тілдердің тарихи даму барысында пайда болған ерекшелік пе деген сұраққа түркологтар әртүрлі жауап қайтарған.

Жоғарыда аталған еңбегінде В.Г. Кондратьев көне түркі тіліндегі ашық-қысаң дауыстылардың жүйелі түрде келуі жөнінде мынадай пікір айтып кетеді: «...ашық және қысаң еріндік дауыстылардың арасындағы айырмашылық жазуда бейнеленбейді» [79, 17]. Ал бұл мәселені профессор М. Томанов екі түрлі аспектіден қарастыру қажеттігін ұсынады: біріншіден, қазіргі түркі тілдерінің қайсысында дауысты фонемалардың ашық, қысаң нұсқалары фонемалық қызмет атқарады. Ғалымның пайымдауынша, мұның өзі дауысты дыбыстың сөзжасамға қатысын айқындайды. Яғни бұл құбылыс сөз мағынасына жаңадан мағыналық өзгеріс енгізе алса, онда оның жаңадан тілдің тарихи даму барысында пайда болған құбылыс екенін танытады. Екіншіден, қазіргі түркі тілдерінің қайсысында болса да, айырмашылығы ашық не қысаң дауыстыларға негізделген вариант сөздер тобы бар. «Бұндай құбылыс дауыстылардың ашық-қысаңға жіктелуі түркі тілдерінің генезистік заңдылықтарының қатарына жататындығын дәлелдейді», – [36, 17] деп түйіндейді автор ойын. Шынында да, тілімізде ашық пен қысаң вариантты сөздер мол кездеседі. Олардың ішінде диалектілік сипаттағы вариант сөздермен қатар, жаңа мағына иеленіп, жеке номинативті туынды сөз ретінде танылатын лексемаларды да мол көрсетуге болар еді.

А ашық дауысты дыбысының түркі тілінде екі нұсқасы бар делінеді. *A* – қысқа ашық дауысты, *a* – созылыңқы ашық дауысты. Қысқа *a* дауыстысы бір буынды сөздерде жиі ұшырасады да, оған үнемі екпін түседі. Мысалы: *аз – аз, қаз – қаз, ал – ал, ант – ант, ас – ас, ат – ат, ай – ай, ав – ау, адж – аш, вад – бай, бас – бас* т.б.

A дыбысы түрік тілінде жуан сөздердің барлық буынында, байырғы кірме сөздерді талғамай жазыла береді: *ан(аң), вар (бар), ата, ач* (аш). Қазақ тілінде де, бұл әріп барлық буындарда жазылады: *ақ, қара, мақала, тамақ*.

A дыбысы кейде, айталық, өзбек тілінде *o* дыбысына алмасып кететін болса (мысалы, *бош*), түрік тілі мен қазақ тілінде мұндай алмасу жоқ. Бұл құбылыс екі тілдегі жақындықты танытады. Екі тілде де аулау позициясында «а» дауыстысы өзгеріске түспейді, өзінің қасиетін толық сақтайды.

Түрік тілінде созылыңқы «а» дыбысы бар. Ғалымдардың көрсетуінше, мұндай созылыңқы *a* дыбысы негізінен араб және парсы тілдерінен енген сөздерде жиі кездеседі де, таза түрік тілінің лексемаларында ұшыраса қоймайды. *A* созылыңқы дыбысы жалпы алғанда мағынаны өзгерте алмайды. Тек кей жағдайларда ғана мағынаға әсер етіп фонемалық қызмет атқарады. Мысалы: *асар – асар, алам – алам, хала – хала* т.б. Түрік тіліндегі созылыңқы *a* дыбысының қолданылуы алтай, қырғыз, гагауыз, түркімен, тува, хакас тілдеріндегідей емес. Бұл тілдерде созылыңқы дыбыстар фонемалық дәрежеге жеткен. Қазақ тіліндегі «ау» сипатындағы сөздер түрік тілінде «ағ» дыбыс тіркесі арқылы беріледі. Мысалы: *бағ – бау, йағ – жау, тағ – тау* т.б.

Түркітанушылардың дәлелдеуінше, түркі тілдерінің көпшілігінде созылыңқы дауысты дыбыстардың сақталуының негізгі себебі бірінші буындағы болған фонетикалық өзгерістермен тығыз байланысты. Яғни бір буынды лексемалардағы сөз басындағы әуелгі қатаң дыбыстар екпінмен айтылған кезде, дауыстылардың созылыңқылығын туғызды. Мұндай пікірге де ден қою орынды деп білеміз.

Қазақ тілінде созылыңқы *a* дауысты дыбысы жоқ.

Түркі тілдеріндегі созылыңқы *a* дыбысы тұрақты дыбыс ретінде бағаланбайды. Көне түркі жазба ескерткіштерінде созылыңқы *a* дыбысы кездеседі де, кейін бірте-бірте қысқа *a* дыбысына дамыған.

М. Томанов жеке дауыстылардан «ә» дыбысының тарихына ерекше тоқталған. Жоғарыда атап өткеніміздей, ғалым бұл дыбысты шығыс тілінің әсерінен пайда болған деген пікір айтады. Қазақ тіліндегі *ар* сөзінің арғы түрі *Һар* болғанын айта келе, осы түбірден *аркім, ардайым, аралуан, аркез, арқилы* т.б. сөздердің тарағанын көрсетеді. Сонымен бірге автор байырғы қазақ сөздерінде кездесетін *әнер, әкел* сөздерінің де жасалу сипатын терең түсіндіреді. Бұл сөздер екі түбірдің бірігу процесінен кейінгі әсерінен жіңішкеріп кеткен деп анықтайды.

Профессор М. Томанов *у, и, ү, ұ, о, ө* дыбыстарының тарихын терең қарастыра отырып, олардың ерекшеліктерін, дифтонгтық, монофтонгтық сипаттарын ашып көрсетеді. Мәселен, «*у* дифтонг дауыстысы көне түркі тілінде қолданылған *уз* (кейде *із*) дыбыс тіркесі негізінде қалыптасқанын», «*и* дифтонг дыбысының қазіргі тілде монофтонгіге айналу процесі байқалатынын» [36] жазады. Көне түркі, қызғыз, қазақ тілдеріндегі дифтонгілерінің бір ізділігін нақты тілдік деректермен көрсетеді.

Фонемалық мәні жоқ, сөз мағынасын ажыратуда ешқандай рөл атқармайтын дыбыстар сапалық жағынан тұрақсыз болып келеді. Вариант сөздердің дербес мағынаға ие болып жеке атау ретінде қабылдануы, негізінен, жеке тілдерге ғана тән құбылыс ретінде танылады. Сондықтан да қазақ тіліндегі кездесетін мұндай жуан-жіңішкелі сәйкестіктер дыбыстық нұсқалар ретінде қала береді әрі солай қарастырылады. Яғни қазақ тілінің тарихи шығу жүйесі мен даму сипатында жуан-жіңішкелі дыбыстардың жалпы сипатындағы негізгі айырмашылықтар мен жақындық осындай деуге болады.

Дауыссыз дыбыстардың даму сипаты

Профессор М. Томанов қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесін ерекше зерттейді. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін жалпы түркілік консонанттық жүйеден бөлек бола алмайтынын орынды ескерте отырып, оларды мынадай топтарға бөлу дәстүрі бар екенін айтады: «жасалу орнына қарай (еріндік, тіс, тісеріндік, тіл арты, тіл алды, көмей, тіл ортасы), дауыстың қатысына қарай (үнді, ұяң, қатаң), айтылу жолына қарай (шұғыл, ызың)» [36, 52-53].

Түркітанымдық әдебиеттерде түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстарының қалыптасуындағы ортақ заңдылықтары туралы көп айтылады. М. Томанов осы тұрғыда А.М. Щербак еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, өз зерттеулерінде қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарының тарихи сипатын аша көрсетеді [15]. М. Томанов сөз басындағы дауыссыздарды, дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі тарихи өзгерістерді айқындай келе, жеке дауыссыздардың қалыптасу жолына үніледі. Бірақ бұл үнемі А.М. Щербак пікірімен келіседі деген сөз емес. Мәселен, А.М. Щербактың сөз басында 6-8 дауыссыз фонема кездеседі деген пікіріне қарсы дау айтады. Сөз басы *б* кейде *м* дыбыстарынан басталады дегенге М. Томанов мынадай ой қосады: «... түркі негіз тілінде ұяң дыбыстар сөз басында қолданылса да, бір-екіден аспаған. Сөз басында айтылуы мүмкін дейтін ұяң дауыссыздар *б*, кейде *м*. А.М. Щербак беретін алғашқы түркілік бір буынды түбірлер құрамында, дегенмен *б*, *м* дыбыстарынан басталатын сөз жоқ» [36, 54]. Қазіргі қазақ тілінде «б»-мен айтылатын сөздер көне түркі тілінде «п» фонемасымен берілгенін нақта мысалдар арқылы көрсетеді: *па* (*ба*, *байла*), *пай* (*бай*), *пақ* (*бақ*, *бақыла*), *пар* (*бар*), *паш* (*бас*), *па* (*бей*, *бйе*), *пен* (*мен*) т.б.

Сонымен, дауыссыз дыбыстарға тән заңдылықтар бойынша сөз басында жеті дауыссыз фонема айтылады. Кейбір ауытқуларды еске алмағанда, оның төртеуі – шұғыл дауыссыздар (*б*, *т*, *қ*, *ч*). Біреуі – мұрын жолды *м* дауыссызы. Екеуі – ызың *с*, *й*. Сөздің ортасы мен соңында он жеті дауыссыз дыбыс келеді. Олардың жетеуі шұғыл – *п*, *б*, *д*, *к*, *қ*, *г*, *ч* дыбыстары. Төртеуі мұрын жолды – *м*, *р*, *ң*, *н* дыбыстары. Төртеуі ызың – *й*, *с*, *з*, *ш* дауыссыздары. Екеуі – діріл дауыссыздары – *л*, *р*. Сөз соңындағы шұғылдар екі нұсқалы *з*, *г* ұяң дауыссыздары сөз ішінде тұрақты болып келеді.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесінің дамуында конвергенция процесінің нәтижесінде дыбыстардың бірыңғайлануының орын алғандығын М. Томанов терең талдап көрсетеді. *Байла*, *киім*, *жай*, *тайа* т.б. сияқты сөздердің пайда болу жолын дыбыстардың өзгерісінің нәтижесі ретінде бағалайды. Ал *жаз* – *жай*, *бақ* – *бау*, *семіз* – *семір*, *тіз* – *тер*, *қыз-қырқын* т.б. сияқты сөздердің дамуын фонетикалық дивергенция процесі деп бағалайды. «Фонетикалық конвергенция процесі», – деп жазады ғалым, – тілдің сөздік қорын егжей-тегжей түгел қамтымаған. Әр жаңа құбылыстың жаңа екені ескінің ізі қалғанда ғана байқалатыны тәрізді, конвергенция процесінің өтуі де дивергендік құбылыстар арқылы байқалады» [36, 56].

Оғыз тобындағы ұяңдау (палатализация) процесі қыпшақ тобындағы тілдерге тән болмаған деген ғылыми ұстанымды ұсынған ғалым өзге де қыпшақ

тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде сөз басында қатаң дыбыстардың ұяң дыбыстармен салыстырғанда мол қолданылатынын атап көрсетеді.

Ғалым көне түркі тілінде 16 дауыссыз дыбыс болғанын көрсетіп, оларды жеке-жеке қазіргі қазақ тілімен салыстыра отырып талдайды.

Б дыбысы қазақ тілінде сөздердің басында, ортасында жазыла береді: *бой, бақ, бос*. Екі немесе көп буынды сөздердің ортасында: *арба, тоба, сабын, абырой*. Ал сөздің соңындағы *б* дыбысы туралы С. Мырзабеков былайша жазады: «Соңғы позицияда **б** жазылғанмен (*араб, гардероб, куб, клуб, ромб, прораб, штаб* т.б.) оның айтылуы **п** болады. Сондықтан да бұл сөздерге жалғанатын қосымша қатаңнан (*арабқа, клубқа, штабпен, штабсыз* т.б.) басталады» [72].

Д дыбысы қазақ тілінде де аталған дыбыс сөздің басында және ортасында қолданылады. Мысалы; бір буынды түбір сөздердің көбіне басында кездеседі: *дал, дән, доп*; екі немесе көп буынды түбір сөздердің басында және ортасында кездеседі: *әдет, адал, дәрі, дара, дене, дәстүр* т.б. Ал байырғы сөздердің соңында бұл дыбысқа сөз аяқталмайды, тек басқа тілдерден кірген сөздерде ғана қолданылады: *поезд, велосипед, завод, пароход* т.б.

Тарихи тұрғыдан зерттегенде *д* дыбысы – *т* дыбысының ұяң нұсқасы. Профессор Б. Сағындықұлының пікірінше, бұл дыбыс ТС аффрикатынан жіктеліп шығады: ТС – Т – С – Д – З; Көне түркі тілінде *д, з, л, н, р* дыбыстарынан сөз басталмаған. *Д* дыбысының орнына сөз басында *т* дыбысы жұмсалған [76].

Қазақ тілінде *н – т – д* фузиялық ерекшелігі үлкен рөл атқарады. Яғни қосымшалардың бірінші дыбысы *н – д – т* дыбыстарына алмасып қолданып, нұсқалар жасайды. Қазақ тілінде *д* дыбысы, сөздердің алғашқы және ішкі буынында жазылып, сөздің соңғы буында қолданылмайды.

Х дыбысы тек қазақ тілінде кірме сөздерде қолданылады. *Х* дауыссызы сөздің бас шенінде қолданылады. Мысалы: бір және көп буынды түбір сөздерде: *хат, хан, рух, ах* және т.б. Байырғы қазақ сөздерінде *х* дыбысынан сөз басталмайды. Мұндай құбылыс тек кірме сөздерге тән екенін ескертеміз. *Х* дыбысы көбінесе протезалық қызмет атқарады.

Ж дыбысы сөздердің алғашқы және орта буынында жиі, ал соңғы буында тағы аз қолданылады: *жаз, жол, ажал, көже, мұқтаж*. Қазақ тіліндегі *ж* дыбысы – түрік тіліндегі *й* дыбысының көрінісі. *Ж* дыбысының дамуы жөнінде түркітануда бір-біріне қарама қарсы бірнеше пікір бар. Көптеген зерттеушілер көне түркі тілінде *ж* дыбысы болмаған дей келіп, *ж* дыбысын сөз басында қолданатын қазақ тілін ең жаңа тіл ретінде қабылдауды ұсынғанын білеміз. Беделді ғалымдардың пікірлеріне қарама-қарсы дәлелді соны пікірді айтып, өз пікірін ғылымда айта алған ғалым Б. Сағындықұлы екенін атап айтқан орынды болар еді. Автордың пайымдауынша, дауыссыз дыбыстардың дамуы бұрыннан айтылып жүргендей *й – дж – ж – т – д – ч – ш – с – з* сәйкестігі негізінде дами алмайды. Себебі *й* дыбысы мен *дж* дыбыстарының артикуляциялық айырмасы өте үлкен. Сондықтан олар бір-біріне алмаса алмайды. Автор дауыссыз дыбыстардың даму жолын былайша көрсетеді: *тс – тш – тй – дй – дж – дз –*

тс – дз – т – д – с – з – ш – ж – й т.б. [76, 31]. Сөйтіп *ж* дыбысы аффрикат *дж* дыбысынан жіктеліп шығады. Ал *й* дыбысы сына дыбыс ретінде танылады. Қазақ тілінің жергілікті говорларында дублет ретінде *д – ж* сәйкестігі байқалады. Мысалы: *жүз – дүз, жүзу – дүзу, жүз – дүз* т.б.

Сонымен, *ж* дауыссызы қазақ тілінде сөздің басы мен ортасында және соңында қолданылғанмен, түрік тілінде бұл дыбыс көбінесе кірме сөздерде ғана кездеседі.

К дыбысы сөздердің барлық шенінде қолданылады. Мысалы; бір буынды түбір сөздерде: *көз, кез, күт, әке, көке, көк, сөк, төк, шек*. *К, к* дыбыстары көне түркі тілінде белсенді жұмсалғаны белгілі жайт. Көне түркі тілінде сөз басында жұмсалған бұл дыбыстарды профессор М. Томанов «өз сапасын сақтаған» деп көрсетеді. Қазақ тілінде қолданылатын бұл дыбыстардың сипатын автор өзге түркі тілдеріндегі қолданысымен салыстырады.

Қ – қазақ тіліне тән дыбыс. Түрік тілінде бұл дыбысты бейнелейтін әріп жоқ. Қазақ тілінде бұл әріп сөздің барлық буынында қолданылады. Мысалы: *қал, қош, қан, мақта, бақа, ақ, сақ, тақ*. **С.** Мырзабеков «**Қ** фонемасы – қазақ тіліндегі ең актив фонема. Ол сөздің барлық позициясында тұра береді. Қазіргі қазақ тілі лексикасының 14 проценті (8402 сөз) осы дыбыстан басталады», – дейді [72, 63].

Ғ дыбысы қазақ тіліне тән. Көне қазақ тілінде *ғ* дыбысы сөздің алғашқы буынында аз, ал сөздің ішкі буынында тағы да жиі қолданылады. Бұл екі және көп буынды түбір сөздерде қолданылған: *ағы, бағыр, ағыз, йағуқ, қырағау, сығыр, бұғдай, туг, азығ* т.б. М. Томанов: «Көне түркі тілінде сөздің абсолют басында *ғ, г* дыбыстары жұмсалмаған, бірақ сөз соңында жиі айтылған: *аңдағ, тег* т.б.», – деп жазады [36, 58].

Көне түркі тілінде сөз соңында айтылған *ғ* дыбысы қазақ тілінде әртүрлі көрініс тапқан: 1) *ғ* дыбысы буын құрамайтын дауыссыз *у* дыбысына алмасқан. Ғалым бұл алмасуды терең талдайды: *бағ – бау, тағ – тау, сағ – сау, йағ – жау, ағыр – ауыр, ағыз – ауыз, бағыр – бауыр, йадағ – жаяу* т.б.; 2) кей сөздердің құрамындағы *ғ* дауыссызы *й*-ге алмасқан: *йығ – жый, багла – байла* т.б.; 3) сөз соңында *ғ* дыбысы түсіріліп айтылады: *сарығ – сары, кішіг – кіші, суғ – су* т.б.; 4) бір буынды сөз соңындағы *ғ* дыбысы қатаң *қ* дыбысына ауысып қолданылады: *тағ – тақ, бағ – бақ, сағ – сақ* т.б. [36, 60].

Ғ дыбысы *ғалым, ғажайып, ғұмыр, ғашық, тағдыр* т.б. сияқты араб-парсы тілінен енген сөздерде кездеседі. Түркі тілдеріндегі сөздерде бұл дыбыс сөздің соңғы буынында кездеспейді.

Г дыбысы қазақ тілінде сөздердің басында аз, ортасында тағы көп жазылады: *гүл, гауһар, тегін, сөгіс* т.б. Сөздің соңында мүлде қолданылмайды, тек екі немесе көп буынды кірме сөздердің соңында көруге болады. Мысалы: *педагог, филолог, археолог, технолог*.

М. Томанов сөз соңында көне түркі тілінде *г* дыбысы қазақ тілінде *й*-ге айналатынын айтады. Көне түркі тілінде – *бег, ег* сөздері – *бий, ий* сипатында айтылады. Көне түркілік *г*-нің *й*-ге айналуы, сол арқылы сөздің фонетикалық өзгерісі кейде тіл дамуының барысында болған әртүрлі қосымшалардың

жалғануы арқылы көмескіленіп кеткен. Автор *з*, *г* дыбыстарының өзгерісі тілдің грамматикалық құрылысына да әсер еткенін жаза отырып, *-лық*, *-лы*, *тек* тұлғасынан тарайтын *-дақ*, *-дек*, *-дай*, *-дей*, *-ғу*, *-гү* қосымшаларының даму тарихын көз алдымызға келтіреді. [36, 61].

Сонымен бұл дыбыс екі тілде де сөз басында аз қолданылады. Байырғы түркі сөздердің басында *з* дыбысы аз қолданылған, бұл дыбыстың орнына *к* дыбысы қолданылатын. Бұл әріп екі тілде де тағы көптеген сөздің орталық буынында қолданылып, соңында қолданылмайды.

Л дыбысы сөздердің барлық шенінде қолданыла береді. «Л» дыбысын ғалым «р» дыбысымен бірге тарихи тұрақсыз дыбыстар қатарында қарайды. «Л» дыбысының сөз ортасында және сөз соңында түсіп қалатынын нақты деректермен келтіреді: *анар (алып бар)*, *әкел (алып кел)*, *боса (болса)* т.б. Аталған дыбыс көне түркі тілінде сөз басында мүлде қолданылмай, сөз ортасы мен сөз соңында жиі жұмсалған деген пікір айтады. Қазақ тілінде бір буынды түбір сөздердің барлық буынында қолданылады: *лақ*, *ала*, *елі*, *ел*, *бел*, *көл*, *мол*.

М дыбысы сөздердің барлық шенінде қолданылады. Бір буынды түбір сөздерде болса, түрік тіліндегідей көбіне сөздің басы мен соңында қолданылады: *мен*, *мол*, *мас*, *шам*, *там*, *қам*.

Н дыбысы бір, екі немесе көп буынды түбір сөздің барлық шенінде қолданыла береді. Мысалы: *нан*, *нақ*, *нұр*, *нас*, *дене*, *көне*, *әні*, *ені*, *күн*, *сын*, *қын*, *қына*, *мына*, *күнә*, *жын*, *сан*, *анар*, *жан*, *қан*, *дана*, *сана*, *ойын*, *жиын*, *сайын*, *айқын*, *жарқын*, *сарын*, *қарын*, *шын*.

Ғалымдардың көрсетуінше, *н* дыбысының сөз басында айтылуы – айрықша комбинаторлық өзгерістердің нәтижесі. Қазақ тілінде сөз ортасында *н* – *й* дыбыстарының сәйкестігі кездеседі. Махмут Қашқари еңбегінде сөздердің құрамында *й* дыбысын айту түрік тайпасының тіліне, ал *н* дыбысын айту арғу тайпасының тіліне тән деп көрсетілген.

П дыбысы көбіне екі немесе көп буынды түбір сөздердің барлық шенінде қолданады, мысалы: *пәтер*, *пышақ*, *кепсер*, *сыпырғыш*, *қап*, *көп*, *шөп* т.б.

Р дыбысы қазақ тілінде бір, екі немесе көп буынды түбір сөздердің барлық шенінде қолдана береді. Мысалы: *рең*, *рет*, *рас*, *ірі*, *сері*, *марал*, *тер*, *ер*, *төр*, *әр*, *қар*. М. Томановтың көрсетуінше, «р» дыбысы көне түркі тілінде сөз ортасында, әсіресе сөз соңында, қосымшалар құрамында жиі қолданылған. Автор «р» дыбысының сөз ортасында қолданылуының үш жағдайын атап өтеді: екі дауысты арасында; дауыссыз дыбыстан кейін; бірінші буынның соңғы дыбысы болады.

С дыбысы орын талғамай бір, екі немесе көп буынды түбір сөздердің барлық шенінде қолдана береді. Мысалы: *сап*, *сана*, *сақ*, *аса*, *есеп*, *қасық*, *кес*, *төс*, *бас*, *тас*, *шайқас*, *сөгіс*. М. Томановтың көрсетуінше, «көне түркі тілінің *с* дыбысы қазіргі қазақ тілінде сөздің барлық шенінде сақталған. Бірақ қазақ тілінің құралу процесінде, сондай-ақ даму барысында дыбыстардың үндесу заңдылығының әсерімен сөз басындағы *с* дыбысы кейбір сөздер құрамында *ш* дыбысына айналып кеткен» [36, 67].

Ш дыбысы орын талғамай бір, екі немесе көп буынды түбір сөздердің барлық шенінде қолдана береді. Мысалы: *шақ, шөл, қойшы, кіші, қаш, шап.*

Т дыбысы қазақ тілінде орын талғамай бір, екі немесе көп буынды түбір сөздердің барлық шенінде қолдана береді. Мысалы, *төр, тар, терең, таныс, өту, мата, хат, шет, рет, мәдениет.*

В дыбысы сөздің басында 180 сөзде, сондай-ақ, ортасында да кездеседі. Соңында жазылғанмен (*архив, актив, устав*) қатаң *ф* болып айтылады да, қосымша қатаңнан (*архивке, архивте, архивпен*) басталады [72, 67].

Й дыбысы ескі қыпшақ тілінде бұл дыбыс сөздердің басында қолданылған: *йалан, йалғыз, йеңге*. Қазіргі қазақ тілінде бұл дыбыс сөздердің ортасы және соңғы буынында: *тайғақ, қаймақ, көмей*; ал бір буынды түбір сөздерде көбіне сөздің соңында қолданылады: *ай, қай, май, ой, той, шәй*.

З дыбысы бір, екі немесе көп буынды түбір сөздердің барлық шенінде қолдана береді. Мысалы: *зат, зор, заң, зейнет, азап, езу, азу, азақ, жаза, қаз, жаз, күз, қағаз*. *З* дыбысы келетін сөздер көбінесе араб-парсы тілінен енген сөздер болып келеді.

Ч дыбысы қазіргі қазақ тілінде *т* және *ш* элементерінің кірігуінен құралған. *Ч* аффрикатымен айтылатын сөздер қазақ тілінде әзірше аз. *Ч* көбіне сөздің басында айтылады: *чал, чапан* [72, 69]. Қазіргі Жетісу өңіріндегі тұрғындарының тілінде көне тілдегі *ч* дыбысы жақсы сақталған. Бұл аффрикат көне түркі жазбалары тілінде мол кездеседі. Көне *ч* дыбысы мен орыс тілінен енген *ч* дыбысының арасында үлкен айырмашылық бар.

Дауыссыз дыбыстардың үндесуі түркі тілдерінің көпшілігінде қатаң түрде сақталады. Тіпті өзге тілдерден ауызша түрде енген сөздер де сөйлеу барысында енген тілдің ассимиляция заңдылығына бағынып кетеді. Бұл жерде біз ауызша енген дегенді баса айтуға тиіспіз. Өйткені жазба түрде енген сөздер көбінесе өзінің бұрынғы сипатын сақтап қалады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, дауыссыз дыбыстардың ассимиляциясы туралы әңгіме болғанда, сонар дауыссыздар: *р, л, м, н, й*-ды бөліп қарастырған орынды болады. Оның мәнісі мынада: бұл дауыссыз дыбыстардың қатаң айтылатын нұсқалары болмайды, сондықтан олар сөз ішінде көбінесе өзгеріссіз айтыла береді. Мысалы: *шырқа, тарқа, сырға, қалта, жантақ, қалампыр, қамқа, кемпір, ырсыл, қырсық, қармақ, жармақ, айна, айдар, айқай, айшық* т.б.

Бұл жөнінде А.Н. Кононов былай деп жазады: «Дауыссыз дыбыстардың үндестік заңы бойынша түбірдегі дауыссыз дыбыстар – бір буында немесе буындар шекарасында орналасса да, түбірдің немесе дауыссыз дыбысқа басталатын аффиксті негіздердің жалғасуында, «ұяңдылық» және «қатаңдылық» бойынша қолданылады, яғни сөз түбірінде немесе негізінде қос дауыссыз келетін болса, ұяң дауыссыздан кейін тек ұяң дауыссыз дыбыс келеді, ал қатаң дауыссыздан кейін – қатаң дауыссыз тұрады» [13, 38].

Қазақ тіліндегі «с-ш» дыбыстарының бір-біріне ықпалы негізінен «ш» дыбысының басымдылығында болады: *бас-шы – бапшы, қос-шы – қошшы, ас-шы – ашшы* т.б. *р-л* дыбыстары бір-бірімен қатар айтыла береді де, дыбыс

тіркесімі ретінде түсіндіріледі: *арлан, торлан, барлық, тарлық, торлы, қарлы, жарлы, әрлен* т.б.

Қазіргі қазақ тілінің оқулықтарында, дауыссыз дыбыстардың саны 25. Бұлар: *б, в, г, ғ, ж, д, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң*. У фонемасы да буын жасай алмағандықтан, дауыссыздар тобында орын алады (І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ж. Аралбаев, Ә. Жүнісбеков, Ж. Әбуов, Ғ. Әбуханов, С. Мырзабеков т.б.). Бірақ осы 25 дауыссыз дыбысқа Ғ. Әбуханов, Ж. Түймебаев 26-ші дыбыс етіп *щ* әрпін де қосқан. Осыған орай «*щ* – дыбыс емес, әріп. Ол созылыңқы *ш* (немесе қос *ш*) дыбысының таңбасы, транскрипцияда оны *ш* түрінде таңбалайтыны айтылады. Қазақ тілінде *щ* әрпі тек *ащы, тұщы, кеңсе* сөздерінде жазылатыны белгілі» [72, 53].

Демек, дауыссыз дыбыстар – 25. «Бұл қазіргі әдеби тілдерде қолданылып жүрген дауыссыз әріптер қай тілдің болса да, өзіне тән өзгешелігімен қатар жалпы түркілік тектестігін сақтағандығы байқалады» [71, 37].

Сонымен, М. Томанов қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі дауыссыз дыбыстарды салыстыра отырып мынандай нәтижеге келеді: қазақ тілі қыпшақ тобына жатады; дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар арасындағы негізгі фонемалық сипат танытатын дыбыстардың жалпы фонетикалық сапалық желісі ұқсас, бірыңғай. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі және қазіргі түркі тілдерінің деректерімен салыстыра отырып, ғалым нақты ғылыми тұжырымдар жасады, бұл жасалған ғылыми тұжырымдардың маңызы бүгінгі күнде де ерекше мәнді деп бағаланады.

1.3 Морфологиялық тұлғалардың қалыптасуы мен даму тарихы

Кез келген тілдің морфологиялық құрылымы сөздің құрамы мен сөзтұлғаның құрылымын зерттеумен тікелей байланысты. Ал тілдің морфологиялық құрылымын анықтау – сол тілдің қасиетін, ішкі мән-мазмұнын, өзге тілдермен салыстырғандағы басты ерекшелігін айқындау деген сөз. Бұл тілдің қазіргі синхрониялық құрылымы мен оның тарихи дамуының морфонематикалық ерекшеліктерін зерделеумен де тығыз байланысты. Морфологиялық жүйе – көптеген грамматикалық категориялардың, бір-біріне оппозицияда тұратын тұлғалардың жиынтығы.

В. фон Гумбольдт мынадай ой айтады: «Грамматикалық формалардың құрылуы тіл арқылы жүзеге асырылатын ойлау заңдылықтарына бағынады және дыбыс формаларының осы заңдылықтарына сәйкестігіне (Congruenz) сүйенеді. Мұндай сәйкестік қалай да әрбір тілде орын алуы тиіс...» [80, 3].

Яғни морфемалар тіліміздің құрылыс материалдары сияқты. Ондағы түбірлер мен негіздер, туынды сөздер т.б. тіл бірліктері ішкі жүйені құрайды. Демек, морфологияны зерттеу – тілдік жүйенің негізін, құрылысын зерттеу деген сөз [81, 185]. Осы реттен қарағанда, М. Томановтың қазақ тілінің тарихи морфологиясын зерттеуінің ғылыми-теориялық мәні ерекше.

Жалпы түркі тілдерін салыстыра зерттеген ғұлама ғалымдардың айтқан ғылыми пікірлеріне назар аударсақ, түркі тілдерінде тілдің барлық салалары бойынша олардың қарым-қатынасының негізгі бірлігі мен айырмашылықтары

бар. А. Ювалы мен Н. Имашева: «Түркі мемлекеттерінің келесі бір ерекшелігі басқару түсінігінің «әлемдік мемлекет» болуы. Себебі, әлемдік мемлекет ұғымында түркі мемлекеттерінің билік шегі негізінен бір әлем билігі ретінде көрінеді. Оғыз қаған дастанында «шатырымыз – көк аспан, байрағымыз – алтын күн деген сөзіне нақ әлемдік мемлекет түсінігі анық байқалады», – деп жазады [82, 23]. Бұл пікірмен қосыла отырып, көне жазбаларындағы осындай «әлемдік» идеялардың молдығын және оның морфологиялық құрылымы арқылы да түркілік дүниетанымның көрінетінін айту керек деп ойлаймыз.

Бұрыннан белгілі морфологиялық құрылыстың негізгі мәселелерінің бірі – аффиксация. Өйткені түркі тілдері типологиялық жүйеленуі бойынша жалғамалы топқа жатады. Кей ғалымдар тілдерді типологиялық жағынан агглютинативті, флективті, аморфты, полисинтетикалық тілдер жүйесі деп бөлуді толық дұрыс деп есептемейді. Мәселен, Б. Сағындықұлы тілдердің тарихи дамуындағы морфологиялық және фонетикалық қалыптасуында агглютинативтік, флективтік, аморфтық, полисинтетикалық белгілер бір тілдің бойында болған деген пікір білдіреді [76].

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының өзге семьядағы тілдерден бұдан басқа да бірнеше өзгешеліктері бар. Айталық: үндіеуропа тілдерінде зат есімдер *жанды* (одушевленный) және *жансыз* (неодушевленный) құбылыстарды білдіруіне қарай әртүрлі грамматикалық категорияларға жіктелсе, түркі тілдерінде бұдан мүлде өзгеше. Түркі халықтарының дүниетанымына орай пайда болған бұл жүйеде адам баласының орны ерекше сипатта жоғары деңгейге қойылады. Зат есімдер тобына жататын сөздер *адамзаттық* және *ғаламзаттық* деп бөлінеді. Бұлай бөлу бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, біздіңше, оның маңызы терең. Бұл мәселеге тек грамматикалық жүйеден ғана қарап қоймау керек. Мұның онтологиялық, когнитивтік терең мәні бар. Түптеп келгенде, адамзат пен ғаламзат деп екіге бөліп жіктеу түркі халықтарының адам баласына деген көзқарасын да танытса керек. Көрсетілген мәселе өте терең, әрі ғылыми жағынан әлі де кеңінен зерттеуді талап ететін тың мәселе деп түсіну керек.

Түркі тілдерінің өзге тілдерден тағы бір ерекшелігі тәуелдік жалғаулары мен тәуелдіктің өзіндік ерекше құрылымының болуы. Септеу түрінің ішінде тәуелді септеудің болуы. Мұндай ерекшеліктердің қай-қайсысы болса да халық ұғымымен байланыстыра зерттелуі тиіс. Осы ретте О.С. Жұбаеваның «Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэзектілігі» тақырыбындағы докторлық диссертациясының «Септік концептінің морфологиялық репрезентациясы» атты тармағында ғалым мынадай тұжырым жасаған: «Септік морфологиялық категориясы адамның түрлі қатынастарды зерделеуі нәтижесінде пайда болған. Сондықтан септік концептісіне қатынас концепті негіз болған. Жалпылау когнитивті механизмі арқылы қатынас негізгі концептінің мазмұнында «қатынас» сипаты пайда болды. Ол септік концептінің қалыптасуына негіз болып, концептінің құраушы бөліктерінің бірінде көрініс табады. Морфологиялық жолмен берілетін басқа да концептілер сияқты, бұл

концепт жіктеуші концепті болып табылады. Ол тіл арқылы пайда болып, тілдегі қатынас түрін концептуалдау нәтижесінде түзіледі» [83, 40].

Түркі тілдеріндегі көптік жалғауы мен жекелік тұлғалардағы сөздерге жалғаулар өзгеріссіз, бірыңғай жалғанады.

Осы айтылғандарды жүйелер болсақ, онда түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының негізгі басты ерекшеліктерін М. Томанов былайша көрсетеді:

- морфемалардың бір-бірінен жігі айқын ашылып тұрады;
- түбір морфема семантикалық және грамматикалық жағынан біршама дербес қолданылады;
- әрбір морфема көпшілік жағдайда сөз құрамында мотивті болып келіп, белгілі бір семантиканың иесі болып отырады [68, 80].

Тіл білімінің қай саласын алсақ та, оның зерттеу объектісі я тікелей, я жанама түрде сөзге келіп тіреледі. Өйткені сөзде фонетикалық қасиетте (дыбыстық кешен) , лексика-семантикалық қасиетте (ішкі мағына) , сөзжасам қасиетте (морфологиялық құрамы мен құрылысы, сөздердің түрленуі, сол арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, алуан түрлі грамматикалық мағыналар білдіріп сөйлем құрауы) бір-бірімен қабысып, қабаттасып келіп отырады [84, 5].

Семантика-функциональдық белгілері жағынан қазақ тілінде сөздер 9 топқа бөлінеді: *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, одағай, шылау сөздер*. Алайда профессор С. Исаевтың ғылыми зерттеулерінде бұған қосымша *модаль сөздер* оныншы сөз табы ретінде аталып [84], кейін бұл ғылыми пікір Е. Жанпейісов [85] пен А.Б. Салқынбай [31] еңбектерінде қолдауға ие болды.

Профессор М. Томанов зерттеулерінде бұрынғы бөлініс жүйесі сақталады, автор сөз таптарының барлығын емес, тек негізгі сөз таптарының даму жолын талдап қарастырады.

Түркі тілдеріндегі есім сөздердің де, етістік сөздердің де құрылымдық жүйесі өзге тілдермен салыстырғанда айқын болады. Кез келген түбір сөз бен туынды сөзді салыстырғанда оның құрамындағы түбір мен қосымша арасындағы айырма бірден көзге көрініп тұрады. Бұрыннан белгілі сөздердің морфологиялық құрамы негізінен екі тілдік бірліктен тұрады: түбір тұлғалар мен қосымшалар. Олардың тұлғалық жағы мен семантикасында жалпы алғанда аса мол айырмашылық байқалмайды.

Бір буынды түбірлердің салыстырмалы-тарихи сипаты анықталады. Мысалы: *аз – аз, ай – ай, аяқ – аяқ, ақ – ақ, ант – ант, ас – ас, ат – ат, аттау – аттау, адым – адым, ав – ау, адж – аш, баз – баз, бағы – бағы, бал – бал, бас – бас, бел – бел, без – без, бер – бір, беш – бес, бил – біл, бин – мың, боз – боз, бит – бит, бой – бой, бош – бос, бол – мол, бұл – бұл, бұл – бұл, геч – кеш, гүл – гүл, гер – кер, ген – кен, гир – кір, гер – кер, гөч – көш, гөк – көк, гүн – күн, гөл – көл, гөз – көз, гүч – күш, дақ – дақ, дағ – тау* т.б. сияқты бірдей түбірлерді көптеп көрсетуге боларды.

Бұдан байқалатыны, қазақ тілінің қазіргі сипаттамалы жағдайында қолданылатын тұлғалардың морфологиялық құрылымы мен тарихи

тұлғалардың сипатында, лексикалық мағынасы, семантикалық жүйесі, тарихи түрдегі мағыналық құрылымында даму қалпы ортақ.

Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалымдар пікіріне назар аударсақ, осындай бір буынды түбірлердің жазба ескерткіштерде де осы қалпында, осындай мағынада кездесетінін байқауға болады. Мысалы, Ә.Ибатов XIV ғасыр ескерткішінің бірі Құтыбтың «Хұсрау уа Шырын» дастанының тілін зерттей келе, ондағы 4600 астам дара және күрделі сөздерді анықтайды. Автордың пайымдауынша, бұл сөздер айтылу мақсатына қарай 50800 түрлі сөз қолданыста айтылған екен. Мұндағы бір буынды сөздердің сипаты назар аударалық: *ат, баш, құш, атлы, сөзле, ай, құшла, ачар, аймыш, ойна, қулақ, ев, тағ, таиш, түн, күн* т.б. [26]. Бұл сөздердің де бүгінгі қазақ тіліндегі дәл осындай тұлғадағы лексикалық бірліктермен тұлғалық және мағыналық жағынан, мағыналық дамуы мен грамматикалық категорияларды қабылдау тұрғысынан да бірдей екендігін саралауға болады. Дәл осындай ортақ бірліктерді өзге де кез келген кезеңдегі түркі жазбаларындағы тарихи ескерткіштерден табуға болар еді. Дегенмен, көне түркілік тілдегі және қазақ тіліндегі сөздердің құрамы мен құрылым жүйелері бір-біріне айна қатесіз ұқсас деуге келмейді. Олардың грамматикалық және семантикалық кейбір ерекшеліктерін анықтау орынды болмақ.

Сөз құрамындағы грамматикалық тұлғалардың орналасу реті, олардың құрылымының өзіндік даму және қалыптасу жүйесі туралы көптеген ғылыми зерттеулер бар. Айталық, түркі тілдеріндегі сөздердің құрылым жүйесін кеңінен зерттеген ғалым Н.А. Баскаков агглютинативті тілдердегі, соның ішіндегі әсіресе, түркі тілдеріндегі лексикалық бірліктердің құрамында мынадай негізгі элементтер болатынын көрсетіп берген: 1) түбір; 2) түбір мен сөз тудырушы лексика-грамматикалық аффикстерден құралған бірінші негіз; 3) түбір мен сөз тудырушы лексика-грамматикалық және сөз түрлендіруші функционалды-грамматикалық аффикстерден құралған екінші негіз; 4) сөз түрлендіруші аффикстер [86, 354]. Байқап отырғанымыздай, бұдан тек қана лексикалық бірліктердің жалпы құрылымдық жүйесін ғана емес, олардың орналасуының да жүйелі көрінісін анықтауға болады.

Бұл тұрғысында профессор М. Томановтың ғылыми пікірі терең мән беруге тұрарлық. Ғалым түбірлер мен негіздердің арасынан үлкен тарихи байланыс көреді, оны зерттейді, тілдік деректермен дәлелдейді. «Бір буынды түбірлер аффиксацияның нәтижесінде көп буындыға (екі буынды, кейде үш буынды) айналып, кейін осының өзі тұрақты құбылысқа айналған. Қазіргі тілдегі екі буынды байырғы түбірлердің көбісі-ақ жай көздің өзіне де байырғы түбір мен қосымшаға ажырайды» [36, 115]. Дей тұрғанмен, ғалым қазіргі қазақ тілі тұрғысынан түбір ретінде танылып жүрген екі буынды негіздердің қалыптасуын беріде болған құбылыс ретінде танымайды. Ескерткіштердің тілін зерттеп, салыстыра келе, V-VIII ғасыр жазбаларында бір буынды түбірлермен қатар екі-үш буынды түбірлердің де белсенді қолданғанын анықтайды. Түркітанушы ғалымдар еңбегіне сүйене отырып, «*ад (ат), ада (ата), сав (сөз), сөзле (сөйле), тап (табын), тапын (табын), ы (ағаш), ығач (ағаш)*» сияқты

сөздердің ортақтығы мен олардың бір-бірімен тұлғалық және мағыналық, мазмұндық сәйкестігін көрсетеді.

Профессор М. Томанов мынадай тұжырым жасайды: «Сонымен, екі буынды түбірлердің қалыптасуы. Сөйтіп, түбірдің буын санының ұлғаюы өте ежелгі дәуірде, Орхон-Енисей жазбалары дәуіріне дейін-ақ әбден орныққан құбылыс», – деп жазады [36, 116].

Ғалым түбір құрамына этимологиялық талдау жасаудың негізгі принципті жолы ретінде олардың құрылымында болған мынадай үлкен тарихи өзгерістерді атайды: 1) түбір құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістер; 2) түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістер.

Түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістер тілдің ежелгі тарихи дамуына байланысты болғандықтан, синхрондық бағыттағы зерттеуде анықтала қоймайды, мұндай негіздердің құрамы бір бүтін болып, аффикстер түбірге толықтай сіңіп кеткендігі байқалады. Мұны тек этимологиялық тарихи тұрғыдан терең тексерудің нәтижесінде ғана анықтауға болар еді. Мәселен, *үлес*, *үлестір*, *үлестіруші* тұлғаларының ортақ түбірі болып тұрған *үлес* сөзінің құрамы *үле* түбірі арқылы жасалғанын келтіреді. Әрбір ғылыми тұжырымына нақты тілдік деректер келтіре отырып дәлелдейтін ғалым, өлі түбірлердің құрамына сіңіп кеткен мына тұлғаларды анықтап, олардағы этимологиялық заңдылықты ажыратып көрсетеді: *-с* қосымшасы; *-қа*, *-ға*, *-ке*, *-ге* қосымшасы; *-р*, *-ыр*, *-ір* форманты; *-н* қосымшасы; *-т* қосымшасы; *-л* қосымшасы; *-ы*, *-і* аффиксі; *-ра*, *-ре* тұлғасы; *-а*, *-е* қосымшасы.

Ғалым осы тұлғалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, сөздердің даму жолдарын зерделейді. «Сонымен, – деп жазады М. Томанов, – түбірлердің дамуын оның тарихи өзгерісінен бөліп қарауға болмайды. Түбір сөз құрамындағы фонетикалық өзгерістерді ескермей тұрып, оның даму ерекшеліктерін білу мүмкін емес» [36, 134]. Ғалымның бұл тұжырымы қазақ тіл білімінде жазылған теориялық еңбектердегі негізгі тұжырымдамалармен іштей үндесіп, астасып жатады.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын зерттеген ғалымдардың бірі А.М. Щербак болды. Түркі тілдеріндегі есімдердің, етістіктің, үстеу мен бейнелеуіш сөздердің салыстырмалы жүйесін жасаған ғалымның тұжырымы мынаған саяды: кез келген түркі сөзінде оның құрамына енетін құрылымдық элементтердің мынадай қатаң екілік орналасуы байқалады: сол жағында – түбір морфема..., оң жағында – аффикстік морфемалар [87, 21]. Сөйтіп, автор түркі тілдеріндегі әуелгі түбір сөздің келетінін одан кейін зат есім мен етістік формаларының жалғануының өзіндік ішкі заңдылығы мен реті болатындығын көрсетіп береді. Шынында да, айталық зат есімнің түбірінен кейін, ең алдымен, көптік жалғау, содан кейін тәуелдік жалғау мен септік жалғаулар келетіні бұрыннан белгілі. Бұл заңдылық қазақ тіліне де, өзге түркі тілдеріне де тән құбылыс ретінде бағаланады. Осындай ерекшеліктер барлық жазба ескерткіштерге де тән. Көне түркі жазбаларының тілінде де қосымша морфемалар түбірден кейін, өз ретімен жалғана береді.

Профессор М. Томанов еңбектерінде сөз таптарының тарихы:

- есім сөз таптарының дамуы;

- етістік категорияларының дамуы деп екіге бөлініп беріледі.

«Сөздердің грамматикалық кластарға жіктелуі сөйлем ішіндегі мәні мен қызметіне байланысты болған құбылыс» деп таныған ғалым, атаудың мән-мағынасы мен қызметіне ерекше көңіл бөледі.

Ғалымның сөздің сөйлемдегі қызметінің ерекшелігіне қатысты жариялаған ғылыми мақалалары бірнешеу. Солардың бірінде ғалым қазақ тілінің диахрондық және синхрондық жүйесінде қазіргі кездегі негізгі жеті заңдылықты анықтайды. Мұндағы басты принцип ретінде тілдің жүйелілігі, бір-бірімен байланысы басты назарда болады: «Тілді тарихи тұрғыда зерттеуде жүйелілік ұғымы тілдік құрылымның әртүрлі жақтарының өзара әрекеттестігін білдіреді: фонетика морфологиямен, морфология синтаксиспен, лексика морфологиямен және синтаксиспен байланысты болады» [88, 58]. Ғалым еңбегінің басты құндылығының бірі – қазақ тіліндегі есім және етістік негіздердің грамматикалық дамуын жүйелі түрде зерттеуі екені анық нәрсе.

Көптік және тәуелдік жалғауының ерекшеліктері

Түркі тіл білімінде қосымшалардың құрылымы туралы әртүрлі ғылыми пікірлер бар. Солардың ішіндегі ең басты әрі беделді пікір Э.В. Севортянның пікірі деп есептелді. Ғалымның пайымдауынша, қосымшалар негізінен үш түрге жіктеледі: *сөз тудырушы; сөз түрлендіруші; функциональды жұрнақтар* [14]. Осы жүйеде зерттеу көптеген түркі тілдерінің грамматикалық еңбектерінде сақталған. Әсіресе, кеңес кезінде жазылған ғылыми еңбектердің, зерттеулердің көпшілігінде осы бағыт сақталады.

Зерттеу жұмысымызда қазақ тілінің материалдарын түрік тілінің деректерімен салыстыру барысында түрік тілін зерттеген ғалымдар Дж. Дени [89], В.А. Гавайн [90], Т. Бангуоглы [91], Н. Озкан [92], Е. Гурсой-Наскали [93], З. Коркмаз [94], Х. Девели [95] еңбектері пайдаланылды.

Түрік тілінде екі түрлі жалғау бар деп есептеледі: *чеким* (аффиксы словоизменения) және *йапым* (аффиксы словообразования). Чекимге (аффикс словоизменения) кіретін жалғаулар: *көптік, тәуелдік, сентік, жіктік*.

Тарихи тұрғыдан және қазіргі тіл тұрғысынан алғанда тілдік бірліктердің мағынасы бар екені белгілі. М. Томанов көптік жалғауы мен көптік категорияны терең зерделей келе, олардың мынадай тәсілдер арқылы берілетінін анықтайды: *морфологиялық; лексикалық; синтаксистік*.

Түркі тілдерінің қай-қайсысында да көптік ұғымды білдіретін тұлғалардың сипаты ортақ болып келеді. «Қазіргі түркі тілдерінде де, көне жазба ескерткіштерінде де жекелікті, бірлікті білдіретін тұлғалар жоқ, тек көптік мағына беретін *-лар, -лер, -ләр* тұлғалары бар. Көне түркі жазбаларында көптік мән тек осы тұлғалар арқылы ғана емес, лексикалық және синтаксистік тәсіл арқылы да беріліп, әртүрлі семантикалық сипатта жұмсала алған» [36,].

Ғалымдардың көрсетуінше, көптік жалғаудың мәнмәтіндік мағынасы әртүрлі болған. Бұл жөнінде В.Г. Кондратьев былай жазады: «Форма с аффиксом *-лар* обозначает: множественность противостоящую обозначению

единичного предмета формой единственного числа, раздельность, расчлененность единиц, образующих множества» [79, 36].

М. Томанов Орхон-Енисей ескерткіштерінде көптік жалғауының екі түрі – *-лар*, *-т* кездесетінін жазады [36, 136]. Ғалымның пікірінше, көне түркі жазбаларындағы көптік жалғауының нөлдік тұлғамен немесе *лар* тұлғасымен келуінің өзіндік ерекшелігі мен бір-біріне қарама-қарсы қойылатын жағдайлары болған. –*лар* тұлғасы негізінен бөлектік, көптік мағынаны беруде және жақты білдіретін сөздермен бірге қолданған. Көбінесе *-лар* тұлғалы көптік мағына белгілі бір сөздермен бірге ғана қосылып жұмсалған.

Ал көптік мағынаның жалғаулықсыз түрі жинақтық мағынаны берген әрі бұл тәсіл өте жиі қолданылған. Көптік жалғауының жасырын келген жолы түркітануда әлі де зерттей түсуді қажет етеді деп ойлаймыз. Профессор А. Айғабылұлының мақаласында бұл ғылыми мәселені көтергені белгілі [96].

Түркітанушылардың пікірінше, көптік категориясының жалғаусыз түрінің мағыналық сипаты бұрын терең болған да, *-лар* тұлғасының мағынасы кейін кең дамыған. С. Исаев көптік мағынаның жалпылық, дерексіздік мағынаға қарай дамуын көрсетеді. Мағыналық дамудың бұлайша дамуының да өзіндік танымдық сипаты бар. Кез келген жеке-дара нәрсенің қайдан шыққаны, қалай болғаны, кім, не екені деректі болады да, зат не құбылыс көбейген сайын ол туралы түсінік те кеңейіп, бірте-бірте дерексіздене береді. Демек, көптік жалғаудың жалпылық, дерексіздік, абстрактылық мағынаға ұласуы оның грамматикалық мағынасының дамуы деп түсіндіріле алады [84].

Түркітанушы ғалымдар көптік жалғаудың тарихы туралы біраз пікірлер білдірген. Мысалы, *-лар* аффиксінің арғы төркіні бірнеше, көп деген сияқты лексикалық бірлік болуы мүмкін деген ой айтылса [97, 20], В.А. Богородицкий көптік тұлғасының қалыптасуын III жақ жіктеу есімдігі мен *-ар* жұрнағының арасындағы ығысу процесі нәтижесінде болған деп есептейді [54, 16].

Түркітану ғылымындағы атақты ғалым А.М. Щербак X-XII ғасыр жазбаларын талдай келе, *-лар* жалғаулы сөз көбінесе изафеттік сыңарда келіп, кейін даму барысында ғана жекелей сөзге жалғанып келгенін жазады [87]. Осыған ұқсас пікірді В.Г. Кондратьев те айтқан. Автордың пікірінше, көптік жалғаулы сөздер көбінесе қос сөздер жасаған: *-лар* аффиксінің белгілі бір семантикасы бар зат есімдермен ғана қолданылуы көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі қос сөздердің өте кең қолданылуын түсіндіреді. Әрі қарай –*лар* ды әмбебап түрде қолдануға байланысты қос сөздердің бұлайша көп қолданылуына қажеттілік болмады [79, 39].

Сонымен көне түркі тілінде көптік мағына жалғаусыз берілген де, жалғаулы түрі қос сөздер мен изафеттік ыңғайда қолданыс тапқан. Көбінесе көптік мағына лексикалық тәсілдер арқылы орындалған. Ал аталған мағынаның *-лар* түріндегі формаға алмасуы кейінгі дәуірдің жемісі де, оның мағыналық жағынан жан-жақты дамуы қазіргі тіліміздің жеткен жемісі деп түсінеміз. Ғалым А. Ысқақов анықтаған көптік жалғаудың грамматикалық қызметіне қарай семантикалық мағынасы мен стилистикалық реңінің он екі түрлі [29, 43] болып дамуын тек осылай түсіндірген орынды болар еді.

Қазіргі қазақ тілінде көптік жалғауының мынадай сингармониялық нұсқалары бар екені белгілі: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*. Сонымен бірге ол тек зат есімге ғана емес, басқа сөз таптарына да жалғана береді: *мыналар, келгендер, отырғандар, олар, бұлар, сондайлар, қарағандар, жазғандар, сақтанғандар, сүйенгендер, сүйінгендер, осылар* т.б. Демек, тілдегі көптік жалғауының жалпы семантикалық сипаты мен олардың өзіндік мағыналық даму жүйесі бар және көне түркі тіліндегі көптік жалғауының тарихи сипаты қазақ тілінде сақталған деуге толық негіз бар [98].

Көптік жалғауының бұл тұлғалардан өзге де тарихи ескерткіштерде кездесетін бірнеше түрлері бар. Олар: *з, қ, л, м, н, р, с, ч* тұлғалары. Аталған формалар тек көне жазба мұрағаттарда ұшырасқанымен, қазіргі түркі тілдерінде жеке грамматикалық тұлға ретінде жолықпайды. Тек кей сөздердің құрамында бөлінбейтін бөлшек ретінде ғана кездеседі. Бұл көптік тұлғалар жөнінде Б. Серебренников пен Н.З. Гаджиева еңбектерінде толық айтылып, нақты деректер негізінде дәлелденген [74]. Көптік формаларының мұндай көне тұлғаларының кейбірі мысалы, *з, қ, т* тұлғаларының мағынасы қазақ тілінің маманы М.Томанов еңбектерінде де аталады. «*т* қосымшасы Орхон-Енисей жазбаларында атақ-дәрежені, чинді білдіретін азын-аулақ сөздердің ғана құрамында кездеседі» [36, 117] деп жазған автор оған мынадай мысалдарды келтіреді: *тарқан-тарқат, шад-апыт, тігін-тігіт* т.б.

Ал *з* тұлғасы туралы М. Томановтың өзіндік көзқарасы бар. Ғалым С.Е. Маловтың «біз» сөзінің құрамына қарап *з*-ны көптік тұлғасы ретінде қарауын қарастыра келе, мынадай ой айтады: «...Махмуд Қашқари дәуірінде сіз есімдігінің сыпайылық мәні мен көптік мәні қатар жүрген. Түркі тілдерін зерттеушілердің кейбірі бұл қосымшаны ескі дәуірдегі екілік категориясының көрінісі деп те қарайды. Айталық, *ауыз, көз, егіз* сөздері қосқос немесе екі бөліктен тұратын атаулардың бәрі бірдей *з*-ға аяқталмайды. Мысалы, *құлақ, аяқ, қол, бет* т.б. *з* әрпіне аяқталатын атауыш сөздер санаулы, *көз, егіз* т.б. Екінші жағынан *з*-ға аяқталатын сөздердің *р*-ға бітетін етістік варианттары бар. Мысалы, *көз – көр, семіз – семір, атыз – айыр, қарыз – қайыр* т.б.» [36, 118]. Ғалымның пайымдауынша, *р~з* дыбыстарының мұндай сәйкестігі *р~з* дыбыс тіркесінің жіктелуінің, яғни түркі-монғол бірлестігінің қалдығы болса керек.

Қазіргі қазақ тілінің деректерін барлағанда көптік мағына беретін мұндай тұлғалар сақталмаған. Тек кейбір лексикалық бірліктердің құрамында сақталып қалуы ықтимал. Бірақ оның өзі өзінің әуелгі көптік мағынасынан ажыраған.

Түркі тілдерінің өзге тілдерден грамматикалық айырмасын көрсетіп тұратын негізгі грамматикалық категорияның бірі осы – тәуелдік жалғаулары. Кейбір дыбыстың нұсқалық сипатын ескермесек, жалпы түркі тілдеріндегі тәуелдік жалғауының формалық сипаты мен грамматикалық табиғаты ортақ.

Түркітанымдық зерттеулерде түркі тіліндегі тәуелдік жалғаудың әуелгі тұлғалары былай көрсетіледі:

Жекеше түрі
1-жақ -м, -ым //-им

Көпше түрі
-быз //-биз,-ыбыз//-ибиз

2-жақ	-ң, -ың//-иң	-ңыз //-ңиз, ыңыз//-иңиз
	-ғ, -ығ//-иғ	-ғыз //-ғиз, -ығыз/-иғиз
3-жақ	-ы//-и, -сы//-си	-ы //-и, -си//-сы

Бір буынды түбір дауыссыз дыбысқа біткенде, тәуелдік жалғаулардың жалғану сипаты былай көрсетіледі.

	Жекеше түрі	Көпше түрі
1-жақ	ат-ым	ат-ыбыз
2-жақ	ат-ың	ат-ыңыз
	ат-ығ	ат-ығыз
3-жақ	ат-ы	ат-ы

Бір буынды түбір дауысты дыбысқа аяқталғанда, тәуелдік жалғауларының жалғану сипаты былай көрсетіледі.

	Жекеше түрі	Көпше түрі
1-жақ	ата-м	ата-быз
2-жақ	ата-ң	ата-ңыз
	ата-ғ	ата-ғыз
3-жақ	ата-сы	ата-сы [36].

Кейін бұл жүйе тілдің дамуы барысында кейбір дыбыстық өзгерістерге түскен. Бұл дыбыстық өзгерістер, негізінен, жеке түркі тілдерінің ішкі табиғи-тарихи даму сипатына байланысты болған. Айталық, 1-жақ тұлғасында кей тілдерде *y*, *ü* дауыстыларымен алмасып келсе, екінші жақтағы *-ыг*, *ig* тұлғасы тек Орхон-Енисей жазба ескеркіштерінің тілінде ғана сақталған. Бұл көненің көзі қазіргі тілдердің ішінде тек чуваш тілінде ғана сақталып отырғанын анықтауға болады.

Үшінші жақ тұлғадағы *-ы*, *-i*, *-сы*, *-сі* формасы негізінен тек дауысты дыбыстардың *ы-i* не *а-е* нұсқаларына алмасуы негізінде ғана өзгерген. Бұл жақтағы негізгі өзгешелік ғалымдардың анықтауынша, тек башқұрт тіліне тән болса керек. Тәуелдік жалғауының 3-түрі *һь*, *һi* сипатында келеді.

Ендігі негізгі мәселе түркі тілдеріндегі тәуелдік жалғауының шығу генезисі жайында болып отыр. Күні бүгінге дейін түркі тіл білімінде тәуелдік жалғауының шығуы, қалыптасуы туралы бірнеше пікір бар. Алтай тілдерінің, оның ішінде түркі тілдерінің тарихын зерттеушілер өте ежелгі кезеңдерде екпін түскен буыннан кейін айтылған жіктеу есімдіктері бара-бара өзінен бұрын тұрған, негізгі логикалық екпін түскен сөздің энклитикасына айналған дейтін пікірді қостайды. Осындай кейінгі позицияда қолданылған тұлғаның бірі – тәуелдік жалғаулары болса керек деген пікірді М. Томанов айтады.

Түркітануда орныққан негізгі пікір – А.М. Щербактың тұжырымы. Ғалым «тәуелділік аффикстері предикативтік көрсеткіштерге жатады, ал предикативтік көрсеткіштер – жіктеу және жіктеу-сілтеу есімдіктерге жатады», – деп жазады да, оның реконструкциясын мынадай сипатта береді:

1-е лицо	-м < мән	-быз-мыз < биз, пи:с
2-е лицо	-ң < сән	-ңыз, -сиз, < си:с

3-е лицо -ы(н)- и(н) <ын -ин [87, 76].

Профессор Б. Сағындықұлы өзіне дейінгі тәуелдік жалғауға қатысты айтылған ғылыми пікірлерге толық теориялық талдау жасай келе, тәуелдік жалғауы бұрыннан бар болған. Ол – өте көне форма. Оның тұлғасы *ын*, *ин* деген жаңа ғылыми пікір айтады. Автордың пайымдауынша, бұрын бұл тұлғалардың жақтық мағынасы мен жақтық формалары болмаған. Жақтық белгілер ғалымдар көрсетіп жүргендей, жіктеу есімдіктерінің негізінде қалыптасқан, екі грамматикалық мағынаның: 1. тәуелдіктің; 2. жақтық мағынаның бір-біріне сіңісуі осы себептен дей келіп, мынадай ғылыми болжам ұсынады:

Ежелгі дәуірде:	Орта дәуірде:	Қазіргі дәуірде:
1. қолын маның	қолым маным	менің қолым
2. қолын саның	қолың саның	сенің қолың
3. қолын аның	қолы аның	оның қолы

Сонымен бірге, Б. Сағындықұлы тәуелдік жалғауының үшінші жағында *с* дыбысы неге пайда болады деген сұраққа да жауап береді [76]. Бұл мәселе туралы кезінде В.А. Богородицкий келер шақ мәнін білдіретін болымсыздық етістігі жіктелгенде пайда болатын *с*, сондай-ақ, татар тілінде кездесетін «барасы» сияқты сөздердің құрамында кездесетін келер шақ есімшелердің құрамындағы *-сы* тәуелдік жалғауының үшінші жақ көрсеткіші *-сы* тұлғасымен туыстас деп анықтаған [54]. Б.А. Серебренников те В.А. Богородицкийдің жоғарыдағы тұжырымын қолдаған [74].

«Тәуелдік жалғауы үшінші жағының екінші варианты *-сы*, *-сі* формасының тарихи тұрғыдан қалай шыққанына, біздіңше, түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер ғана жауап бере алады. Өйткені бұлар – халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан тілдік материалдар. Көне формаларды сақтаған. Мысалы, қазақ тілінде «Кісі болар баланы кісесінен танымын, Адам болар баланы ісесінен танымын» деген мақал бар. Осындағы «*ic + ec*» көптік формада тұр. (*ic + ec + i + нен*), *ec* ұйқас мақсаты үшін алына салған бос бөлшек емес. (*e*)*c*-тің көптік мағына беретін көне форма екендігі ғылымға белгілі», – деп жазады М. Томанов [36, 131].

Профессор М. Томанов көне түркі тілінде тәуелдік жалғауының тұлғалары меншіктік, иелік мағынаны бергендігін атап көрсетеді:

Жекеше түрі:

1-жақ *-м* (*-ым*, *-им*, *-ум*, *-үм*, *-ам*, *-ем*): *будуным*, *қаңым*, *қутым*, *оғлум*, *қағанум*;

2-жақ *-ң* (*-ың*, *-иң*, *-уң*, *-үң*, *-аң*, *-ең*): *будуның*, *қаңың*, *қутың*, *оғылың*, *адашың*;

3-жақ *-ы*, *-сі*, *-си*, *-сі*, *-зы*, *зи*: *уйасы*, *қағаны*, *айгучысы*, *қуты*, *будуны*, *адашы* т.б.

Көпше түрі:

1-жақ *-мыз*, *-міз*, *-миз*, *-мүз*, *-мұз*, *-ымыз*, *-имиз*, *-умуз*, *-амаз*, *-әмәз* (*ханымыз*, *ечимиз*, *қағанымыз*)

2-жақ *-қыз*, *-киз*, *-ңіз*, *-низ*, *-унуз*, *-үнүз* (*адашыңыз*, *қағаниң*, *оғулиңиз*)

3-жақ *-ы, -сы, -си, -зы, -зи, -сылар, -силар* [36, 140].

Көне жазба ескерткіштерінде тәуелдік жалғауында тұрған сөз жіктеу есімдіктерімен тіркесіп те, тіркеспей де жазыла берген деген пікір айтады ғалым. Яғни бұл тілдік факті қазіргі қазақ тілінің фактісіне өте жақын. Тәуелдеулі сөз өзі жеке келіп те, тәуелдік, меншіктік мағынаны білдіре алады, жіктік жалғауымен келіп те, тәуелдік, меншіктік мағынаны бере алады.

Күлтегін т.б. жазбаларында тәуелділік мағына синтаксистік жолмен де берілген. Мысалы: *бегін ат*. Яғни Орхон-Енисей жазбаларының тілдік деректеріне сүйенген автор тәуелдік мәннің морфологиялық және синтаксистік жолмен берілгенін анықтайды.

Ал қазіргі қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауымен салыстыра отырып, олардың арасындағы өзгерістің де болмашы екенін ашып көрсетеді.

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, қазіргі қазақ тілінде тәуелдік категориясы үш түрлі тәсіл арқылы жасалады деп анықталады. Олар мыналар:

Морфологиялық тәсіл

- *-нікі, -дікі, -тікі* жұрнағы арқылы;
- тәуелдік жалғауы арқылы беріледі.

Синтаксистік тәсіл

Біз, сіз есімдіктеріне ілік септік қосымшасын жалғап, оған анықталатын (иеленетін) заттың атын білдіретін сөзді ешбір қосымшасыз-ақ тіркестіру арқылы жасалады.

Аралас тәсіл

Бұрынғы (анықтаушы) компонентінің есімдіктер ғана емес, басқа есімдіктерден де бола беретініндігі жағынан және соңғы компонентінің үнемі тәуелдік жалғаулы сөз болатындығы жағынан таза синтаксистік тәсілден басқалау.

Байқап отырғанымыздай, мұнда қазақ тілі мен көне түркі жазбаларындағы тәуелдік тұлғаларын салыстырғанда біршама өзгешеліктер бар. Ең алдымен, қазақ тіліндегі тәуелдік жақтың бірінші жағындағы *-ым, -ім, -м* тұлғаларының орнына, оның көне түркіше нұсқасы-*им, -имиз* тұлғалары жұмсалады.

Екіншіден, екінші жақтағы *-ң, -ың, -ің* тұлғасының орнына *-ін, -ин* тұлғалары келеді. Үшіншіден, тәуелдік жалғаудың үшінші жағындағы қазақ тіліндегі *-сы, -сі* нұсқасы онда болмайды. Бұл жөнінде профессор М. Томанов мынадай ой айтады: «Тәуелдіктің жекеше I жағы м «мен» жіктеу есімдігінің қысқарған түрі ретінде танылса, жекеше II жағы ң «сен» жіктеу есімдігінің қысқарған түрі есебінде танылып жүр» [36, 141].

Түркітанушы А.Н. Кононовтың пайымдауынша, түрік тіліндегі тәуелдік жалғауының *-н* және *-м* деген негізгі элементтері жіктік жалғауының формалары арқылы дамып қалыптасқан. Ал *-сі imi (n)* деген сілтеу есімдігінен пайда болған [13, 74].

Түркі тілдерінің барлығына тән негізгі ерекшелік әрбір грамматикалық категорияның өзіндік мағынасы мен тұлғасы ғана емес, олардың жүйелі бір орны бар екені белгілі. Яғни грамматикалық категориялардың өзінің жалғанатын, қосылатын орны болады. Тәуелдік жалғауының осындай қосылатын орны бар. Ол негізінен мынадай жағдайларда жалғана алады: 1) зат

есімнің түбіріне бірден жалғана алады. Мысалы: *балам, данам, ұлым, күнім, айым* т.б.; 2) өзге де есім сөз таптарының түбірлеріне бірден жалғанып, оларды заттандырып жібереді: *ағым, қызылым, барым, бесім, жетім, оным, қырқы, тоғызы, көгі* т.б.; 3) етістіктің функционалды тұлғаларынан кейін жалғанып, оларды мәнмәтінде заттандырады: *оқуым, барғаның, келгенің, жүруің, жазуың, тоқуым, сөйлеуің, көргені* т.б.; 4) зат есімнің көптік тұлғасынан кейін жалғанып, көптік семаның кімге тәуелді, меншікті екенін білдіріп тұра алады (*кітаптарым, кітаптарың, кітаптары, кітаптарымыз, кітаптарыңыз, кітаптары*). Бұл мысалдардан байқалатын тағы да бір ерекшелік мынадай. Тәуелдік жалғауының көптік тұлғасы мен жіктік жалғауының бірінші жағындағы көптік мағынаны білдіретін *мыз* тұлғасының сыртқы формасы бір-біріне ұқсас болып келеді. Мысалы: (*біз балалар-мыз, ағалар-мыз, бауырлар-мыз, бабалар-мыз, ұлдар-мыз, қыздар-мыз, біздің балалар-ымыз, ағалар-ымыз, бауырлары-мыз, ұлдар-ымыз, қыздары-мыз*). Мұндағы негізгі ерекшелік тек *ы* тұлғасы арқылы беріледі. Мұның мәнісі тәуелдік және жіктік жалғауының тарихи тұрғыдан бір-бірімен генетикалық жақындығын танытса керек.

Бұл тұлғалардың мағыналық ерекше сипаты айтылудағы екпін арқылы ғана анықталады. Тәуелдік жалғауына, әдетте, екпін түсіп, ерекше айтылады да, баяндауыштық мағына беретін тәуелдік жалғауы екпінсіз айтылады.

Тәуелдік жалғауы жалғанған сөздер өздерінен бұрын ілік септік жалғауында тұрып тіркесетін жіктеу есімдіктерімен тікелей байланысты болады. Сондықтан да тәуелдеулі сөздің жақ жалғаулары да жіктеу есімдіктерінің жақтарына сәйкес келіп отырады.

Тәуелдік мағына затқа немесе құбылысқа тән болғандықтан, оның тәуелді затпен бірге айтылып отыратыны – табиғи заңдылық. Адам дүниетанымының сипатына және дүниедегі зат пен құбылыстың қажеттілігіне сәйкес кез келген нәрсе өзге бір жағдай арқылы орындалып, белгілі бір нәрсеге тәуелді, меншікті болып отырады. Осыған орай тәуелділікті білдіретін жалғаулар үнемі өзі тәуелді болатын затпен бірге келіп, содан кейін қолданылып отырады. Бұның өзі адам қолданған зат пен оның жүйелі жұмсалу сипатының тілдегі көрінісін айғақтай түседі. Яғни тәуелдік жалғауы үнемі ілік септік жалғауымен бірге келіп, зат пен құбылыстың кімнің меншігінде, иелігінде екенін айқындап тұрады. Сөйтіп, олар бір-бірімен матаса байланысады. Матаса байланысу деген өзге тілдерде бұндай тұлғалы сипатта кездесе қоймайды. Бұл түркі тілдерінің өзіндік бір ерекшелігі ретінде бағаланады. Тәуелдік жалғауының матаса байланысуы түркітануда түрік изафеті деген атпен кеңінен таныс. Бұндай терминді беріп, оны толықтай терең аспектіде зерттеген түрік ғалымы – С.С. Майзель мынадай тұжырым жасайды: изафет болу үшін кез келген екі есім сөз емес, тек қана зат есімдер тіркесуі қажет [99, 11].

Тәуелдік жалғауы мен ілік септігі арқылы матаса байланысу ашық түрінде де, жасырын түрінде де жұмсала береді. Матасудың тәуелденіп те, тәуелсізденіп те келетін түрлерінің түрік және қазақ тілдерінде алатын орны ерекше. Матасқан тіркестердің кейбіреулерінде сыңарлардың арасында басқа

сөз қыстырылмай тіркессе, кейбірінің арасына өзге сөздер қыстырылып та қолданыла береді.

Тәуелдік мағынаны білдірудің тағы бір тәсілі – морфология-синтаксистік тәсіл. Қазақ тілінде бұл тәсіл синтаксистік тәсіл ретінде танылады. Профессор А. Ысқақовтың көрсетуінше, синтаксистік тәсіл *біз, сіз* есімдіктеріне ілік септік қосымшасын жалғап, оған анықталатын заттың атын білдіретін сөзді ешбір қосымшасыз-ақ тіркестіру арқылы жасалады [29, 48]. Мысалы: *біздің ауыл, біздің ел, біздің ағайын, сіздің аудан, сіздің мекеме, сіздің кітапхана* т.б.

Кей ғылыми еңбектерде морфологиялық-синтаксистік тәсілге изафет құрылымының III жүйесін де жатқызады.

Егер қазақ тілінде *-нікі, -дікі, -тікі* жұрнақтары морфологиялық тәсілге жатқызылып, тәуелдік жалғауымен бір сипатта қарастырылса, кей түркі тілдеріндегі *-кі* аффиксі өзінше жеке ерекше бір тәсіл ретінде анықталады. Мәселен, түрік тіліндегі *-кі* аффиксінің жалғану ерекшелігі – ілік септігінен кейін жалғанады: *Менім, менімкі, сенін, сенінкі, онин, онинкі, бізім, бізімкі, сізін, сізінкі, онларін, онларінкі*.

Ал қазақ тіліндегі *-нікі* жұрнағының жалғану сипаты бұдан өзгешерек. *-нікі* жұрнағының генезисі туралы нақты айтылған ғылыми пікірлер бар, әрі олардың барлығы да негізінен бір пікірге келіп тоқтайды. Яғни ілік септігінің жалғауына *-кі* жұрнағы жалғану арқылы *-нікі* формасы қалыптасқан деген ғылыми тұжырым қалыптасқан. Бұдан шығатын қорытынды қазақ тіліндегі *-нікі* формасы түрік тіліндегі *-кі* формасымен генетикалық жағынан туыс, жақын. Тек қана қазақ тілінде бұл тұлға тарихи таңба ретінде дамып, ілік жалғауымен тұтасып кеткен де, түрік тілінде өзінің бұрынғы тарихи жалғану қалпын сақтап қалған деп бағалаған дұрыс. Сондықтан қазақ тілінде *-кі* аффиксі жалғанғанда, алдындағы *-ның, -нің* формасымен тұтасып, *-нікі* тұлғасында қалыптасқан. Сонда қазақ тіліндегі *-нікі* тұлғасы меншіктік, иелік мағына береді де, жеке немесе зат иеленуші субъектіден бұрын қолданылады (*кітап – біздікі, мектеп – оқушылардікі, дәптер – Мараттікі, қалам – Мұхиттікі, жер – Қазақстандікі, бала – ананікі* т.б.).

-нікі тұлғасының өзі жалғанған сөзге қосатын мағынасы туралы түркітануда әртүрлі көзқарастар бар. Кей ғалымдар бұл тұлғаның мағынасы арқылы жалғанған сөз сын есімге айналады десе, кейбір ғалымдар керісінше заттық мағына үстеледі деген пікір айтады.

Түрік тіліндегі *-інкі* тұлғасының мағынасы жөнінде А.Н. Кононов мынадай тұжырым айтады: «семантикалық белгілері бойынша *венимкі, бабанінкі, ортанінкі* формаларының құрамында заттың өзінің және оған тиесілі сапаның, қасиеттің мағынасы болады; бұл иеленетін заттың өзін білдірмей-ақ оның кімге, неге тиістілігін білдіретін ерекше субстантивтену; иеленетін заттың атауы алдыңғы сөйлемде білдірілуі мүмкін» [13, 98].

Профессор М. Томанов мынадай пікір айтады: «*-нікі* аффиксінің құрамы күрделі, тарихи жағынан екі бөлікке бөлінеді. *-нің* – ілік септігінің қосымшасы, *-кі* сын есім жасайтын жұрнақ. Ілік септігінің соңғы дыбысы «ң» элизияға ұшырап, *кі* аффиксімен бірігіп кеткен» [36, 141]. Ал қазақ тіліндегі *-нікі*

тұлғасы негізінен зат есімдер мен есімдікке, заттанған өзге де сөз таптарына жалғанып, тек тәуелділік мағына береді. Өзге мағына туғыза алмайды. Мысалы: *өзімдікі, онікі, баланікі, ананікі, мынанікі, оқығандікі, келгендікі, кешегінікі, қызылдікі, ақтікі, барғандікі* т.б. Мұндағы сөздердің барлығы да *-нікі* тұлғасы жалғанбай тұрып-ақ семантикалық жағынан мәнмәтінде өзгеріске түсіп, заттанған тілдік бірліктер деп бағаланады.

-нікі аффиксінің негізгі бір ерекшелігі тәуелдік жалғауының 1, 2, 3 жағына бөлінетіні сияқты, өзі жалғанған сөзді белгілі бір жаққа бөлмейді. Жаққа ешқандай қатыссыз, бейтарап тұрады. Іс-әрекеттің қай жаққа қатысты екені мәнмәтіндегі өзге тілдік бірліктер арқылы анықталып отырады.

Тәуелдік жалғауы түрік және қазақ тілдерінде кейде экспрессивтік эмоциялық көңіл күйді білдіру үшін де қолданыла береді. Мысалы: *айым-айым, күнім-гүнім, қызым-кызым, балам-балам, ұлым-ұлым, басым-басым, жаным-жаным, гүлім-гүлім* т.б. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерде адам сезіміне әртүрлі эмоциялық ықпал жасап, әртүрлі экспрессивтік әсер етеді. Сөйтіп тыңдаушыға жақсы көру, ұнату, сүйу сезімдерін жеткізуге мүмкіндік әпереді. Сондай-ақ, құрметтеу, еркелету сезімдерін де жеткізуге болады.

Тәуелдік жалғаудың екінші, үшінші жағының қосымшаларын қолдану арқылы мәнмәтінде құрметтеу, сыйлау, кейде мысқылдау, қораш көру сезімдерін де жеткізуге болады.

Тәуелдік жалғауының 2-жағы арқылы кейде бірінші жақтың да мағынасын беруге болады. Айтушы өзі туралы айтып отырып, тәуелдіктің екінші жағымен де сөйлеуге мүмкіндігі болады. Мысалы: *-Мына мен, ағаң тұрғанда ештеңеден қорықпа*. М. Томанов тәуелдіктің III жағының шығу төркінін ашып көрсетеді. В.В. Радлов, В. Котвич еңбектеріне сүйене отырып, ғалым мынадай пікір білдіреді: «Тәуелдіктің III жағының түпкі төркінін В.В. Радлов «сын» (сипат мәніндегі) сөзі деп қараған. Қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік тәуелдіктің III жағы септік жалғауының *n* дыбысын қосып алады (*баласына, баласында*)» [36, 141].

Сонымен, қорыта айтқанда, қазақ тілінің тәуелдік категориясы көне түркілік тұлғаларымен тұлғалық және мағыналық жағынан бір-бірімен өте жақын, шығу тегі мен тарихи дамуы ұқсас категориялар ретінде саналады. Тәуелдік категориясы қазақ тіліндегі тұлғалар форма жағынан дамыған. Бұл даму көрінісі ең алдымен қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауларының дыбыстық нұсқаларынан анық байқалады. Яғни тәуелдік жалғауының екінші жағындағы *балаң, келінің, оқушың, қызың, ұлың* т.б. сияқты сөздердегі *-ң* дыбысының келуі әуелгі *-н* дыбысының дамыған кейінгі тұлғасы ретінде танылады. Тілдік деректер *-н* дыбысының бұрын, ал-*ң* дыбысының кейін дамып пайда болғанын көрсетеді [100].

Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауы түрік изафетін туғызуға қатысады.

Тәуелдік жалғауы көптік жалғауынан кейін келеді. Тек кейде стильдік мақсатта жұмсалғанда тәуелдік жалғау көптік жалғауынан бұрын келуі ықтимал. Бұл да әдеби нормаға жатады: (*ағамдар, бабамдар, бабаңдар* т.б.)

Тәуелдік жалғауының қазақ және түрік тілдеріндегі негізгі даму жолы мен қалыптасу сипаты ортақ, әрі бір-біріне өте жақын деп байлам жасаймыз.

Жіктік жалғауының қалыптасуы

Түркі тілдерінің барлығына да ортақ саналатын жіктік жалғауының негізгі қызметі мен жалғану жүйесі етістікке тән екені белгілі. Барлық іс-әрекетті білдіретін сөздер мен сөз тіркестері жіктік жалғауымен түрленіп, сөйлемнің предикативтік қызметін атқарып тұратыны белгілі жайт. Зат есімнің жіктік жалғауын қабылдай алу жүйесі өзге грамматикалық категориялардың құрылымымен салыстырғанда кейінірек, кештеу қалыптасқаны туралы да ғылыми пікірлер бар екені белгілі.

Түркі тілдеріндегі жіктік жалғауының жіктеу есімдіктері арқылы жасалып пайда болғандығы туралы пікір түркітануда әбден қалыптасқан шындық. Яғни жіктік есімдігінің мен тұлғасы арқылы *-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін* тұлғалары дамып қалыптасса, *сен* сөзі арқылы *-сын, -сың, -сін, -сің* тұлғалары, *сіз* сөзі арқылы *-сыз, -сіз* тұлғалары пайда болған.

Тарихи тұрғыдан зерттегенде аңғарылатын негізгі ерекшелік бар. Жіктік жалғауларының құрылым жүйесі өз ішінде екі нұсқасы болатынын Ә.Ибатов өзінің «Сөздің морфологиялық құрылымы» атты ғылыми зерттеуінде былайша көрсетеді: 1) толық вариантты түрі: *-быз, -мыз, -ман, -сан, -сыз, -сіз*; 2) қысқа вариантты түрі: *-қ, -м, -ң, -ңыз, -ңіз* [26, 128].

Жіктік жалғауының осы көрсетілген толық түрі мен қысқа түрінің өзіндік жалғану жүйесі қалыптасқан.

Жіктік жалғауының толық түрі: 1) есім түбірлерге тікелей жалғанады; 2) тәуелдік және септік жалғауларынан кейін жалғанады.

Етістіктің қалау рай (*-қай, -кей*), шартты рай (*-са, -се*), есімше және көсемше тұлғаларынан кейін жалғанады. [36].

Ал жіктік жалғаудың қысқа түрі тек қана етістік тұлғаларынан кейін жалғанады. Қазақ және көне түркі тілдеріндегі жіктік жалғауының жалпы сипатының ұқсастығымен бірге, айырмашылықтары да мол саналады. Айталық, қазақ тілі мен түрік тілдерінің өзінде мынадай айырма бар:

I жақтың көпше түрі түрік тілінде болмайды.

II жақтың *-сыз* тұлғасы түрік тілінде болмайды.

III жақтың көптік жалғаулы түрі негізінен қыпшақ тобындағы тілдерде, оның ішінде қазақ тіліне де тән құбылыс болып табылады.

Сонымен, қазақ және түрік тілдеріндегі зат есімдерге жалғанатын жіктік жалғауының өзгешеліктері бар. Бұл тіл дамуының кейінгі кезеңінде қалыптасқан ерекшеліктер деп бағалануға лайықты.

Септік категориясының негізгі мағыналық құрылымы

Түркі тілдеріндегі септік жалғау тұлғалары мен олардың парадигмалық сипаты, синтагмалық қатынасы, жалпы алғанда, бір-бірінен онша алыс емес. Түбі бір, тегі бір түркі тілдері болғандықтан да, септік жалғауының жалпы даму заңдылықтары мен мағыналық құрылымдық сипаты ортақ деуге әбден болады.

Профессор М. Томанов септік категориясының даму ерекшеліктеріне де ерекше назар аударады. Мұның басты көрінісі ол профессор Ғабдолла Қалиевпен бірігіп жазған «Қазақ тілі тарихи грамматикасының программасында» септік категориясына ерекше орын береді. Септік жалғауларының грамматикалық мәні мен қызметінің саралануына меңгеруші сөздің грамматикалық және лексикалық дамуының әсері болатынын ескерте отырып, ғалымдар әр септікке жеке тоқтайды, арнайы сағаттар бөледі. Септік жалғауларының көне түркілік тұлғасына, ескі қыпшақ тіліндегі тұлғасына мән береді. Мұның өзі ең алдымен септік жалғауларының грамматикалық-семантикалық табиғатының күрделілігімен байланысты болса, екіншіден, ғалымдар тұлғалардың қызметтік ерекшелігін ашуда олардың тарихи даму жолдарын көрсетудің де маңыздылығын айқындайды.

Септік жалғауы зат пен құбылыстың өзге бір затқа қатысын, бағытын анықтаудан туған. Көне түркі тілі ескерткіштерінде септіктің негізінен екі түрлі сипатын анықтауға болады. Оның біріншісі, ғалымдардың пайымдауынша ең көне ататүрік тілінде болған. Бұл септік жалғауларының негізгі ерекшелігі көлемдік мағынаны беруге белсенді қолданған. Б.А. Серебренников пен Н.З. Гаджиеваның пайымдауынша, ең көне кезеңдегі септік жалғауының сипаты мынадай болған [74, 75-76]:

Атау	тұлғасы жоқ
Ілік	-ы, -и, -ығ, -иғ
Барыс	-а, -ә, -қа, -кә, -ра, -рә, -ры, -ри, -ары, -әри, -ғари, -гәри. -ча, -чә. -н
Жатыс	-ма, -мә -да, -дә
Құралдық	-ын, -ин.
Шығыс	-лы:ғ, -ли:ғ -ла, -лә. -лан, -лән
Экватив	-ча, -чә

Көне түркі жазбаларында атау септігінің грамматикалық көрсеткіші жоқ. Осыған сәйкес түрколог ғалымдар көне кезеңде атау тұлғалы форма болмаған деп есептейді. Атау септігінің осы ерекшелігі бүгінгі таңда өмір сүріп отырған түркі тілдерінің барлығында да сақталған. Яғни барлық түркі тектес тілдердің атау септіктерінде арнайы грамматикалық тұлға болмайды.

Түркі тілдеріндегі септік жалғаудың даму жолы терең де күрделі саналады. Біз мұны төменде әрбір септікті жекелей алып талдағанда бағамдап,

саралаймыз. М. Томанов: «Септік категориясының морфологиялық және семантикалық дамуы екі түрлі грамматикалық категориямен тығыз байланысты: тіл құрамында жалғаулардың пайда болып, молаюы және етістіктердің меңгеру қабілетінің өзгеріп, кеңеюі» [36, 146] деп ғылыми мәні терең пікір айтады. Демек, ғалым септік категориясының дамуын сөйлеудегі оның қызметімен, прагматикалық даму ерекшелігімен салыстырып отыр. Ескерткіштер тілінде септік категориясының кездесу реті мен жүйесін терең барлай келе, мынадай пікір білдіруі де бүгінгі таңдағы қазақ тіл біліміндегі жаңа тұжырым деп саналауы керек: «Көне түркі тілінде жиі ұшырасатын, септік жалғауларының «жүйесіз» алмасып қолданылуының азайып, белгілі бір жүйеге түсуі де етістіктердің меңгеру қабілетінің сараланып, жіктелуімен тығыз байланысып жатады» [36, 146-147]. Зерттеушілердің көрсетуінше, көне түркі тілінде атау мен табыс, жатыс пен барыс септіктері бірінің орнына бірі жұмсалып, алмасып қолданылып отырған. Бұл сірә, олардың мағыналарының арасындағы лексика-грамматикалық жақындықты танытса керек.

М. Томановтың пайымдауынша, көне түркі дәуіріндегі тілде септелудің үш түрлі жүйесі болған: *жай септеу; тәуелдеулі сөздердің септелуі; есімдіктердің септелуі* [36, 147].

Негізгі септелетін сөз табы зат есім екені белгілі. Ал заттық мәнге ие болған заттанған атаулар, ғалымның көрсетуінше, көне түркілік мұраларда аса көп болмаған. Заттанған атаулардың дамуы, сөйтіп жаңа мән алуы кейінгі тарихи дамудың нәтижесі ретінде қаралады.

Тіл дамуының орта кезеңіндегі яғни ескі қыпшақ дәуірі кезеңіндегі септік жалғауының сипатын былайша көрсетуге болады. Ескі қыпшақ кезеңі қазіргі қазақ тілінің тікелей бастауы екені белгілі жайт.

Атау	тұлғасы жоқ
Ілік	-ың, -иң
Барыс	-қа, -кә -а, -ә
Табыс	-ы, -и
Жатыс	-та, -тә, -да, -дә
Шығыс	-тан, -тән, -дан, -дән

Байқап отырғанымыздай, қыпшақ тілдерінде, оның ішінде қазақ тіліндегі септік жалғауларының қалыптасуында аса үлкен айырмашылық болмаған. Тек кейбір дыбыстық ерекшеліктер болғанын атап өту орынды.

Көне түркі тілімен салыстырғанда қазақ тілінің материалында септік жалғаулары негізінен ілік септігінің, барыс септігінің, табыс септігінің құрамында өзгеріске ұшыраған. Олар мынадай сипатта:

Көне түркі тілінде	Қазақ тілінде
Ілік	-ың, -иң -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің
Табыс	-ы, -и -ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні, -н.
Барыс	-қа, -кә, -а, -ә -қа, -ке, -ға, -ге, -а, -е

Көне түркі тілінде де, салыстырылып отырылған қазақ тілінде де септік жалғауының жалғануының өзіндік қалыптасқан тәртібі, жүйесі бар. Мәселен, септік жалғаулары есім түбірлерге тікелей жалғанады: *тойға, күнгә, булутда, қонаққа, қушның, сүтні, бітікні, аспанда, йерге* т.б.

Көптік жалғауынан соң жалғанады: *кұсларға, тауларға, ағаларды, апаларды, бабаларды* т.б.

Тәуелдік жалғауынан кейін жалғанады: *сачымның, сарайымқа, жанымға, бағыврымға, айыма, күніме, сәулемді, атамды, бабамды, тілімнен* т.б.

Етістік түбірлі есімше тұлғаларына жалғанады: *көргенде, алғандын, білгенен, бішмішдә, тейүрде, ұққанның* т.б.

Септік жалғаулар өзге де зат есімнің грамматикалық категориялары сияқты емес, үнемі сөздің ең соңында, сөз құрамындағы барлық тұлғалардан кейін орналасады. Бұл да септіктің негізгі бір ерекшелігі деп түсінуге болады. Септік жалғауының сөз құрамында келу тәртібін мынадай үлгі арқылы беруге болар еді:

1. есім + септік жалғауы;
2. есім + көптік + септік жалғауы;
3. есім + көптік + тәуелдік + септік жалғауы;
4. етістік + функциональды тұлға + көптік + септік жалғауы;
5. етістік + функциональды тұлға + көптік + тәуелдік + септік жалғауы.

Кей түркі тілінде септіктің мағынасы кейде шылаулар арқылы да беріле алады. Септік жалғау сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша екені белгілі. Шылаулардың да қызметі негізінен сөз бен сөздің арасын байланыстыру болғандықтан, аталған тілде екі форманың мағыналық жақындығы байқалады.

Қазақ тілінде септік жалғауының жеті түрі бар: атау септігі, ілік септігі, барыс септігі, табыс септігі, жатыс септігі, шығыс септігі, көмектес септігі жалғаулары.

Ал түрік тілін зерттеген орыс ғалымы А.Н. Кононовтың пікірінше, түрік тіліндегі септік жалғауының саны – алтау [101].

Қазақ тіліндегі септік жалғауларының тарихи даму жолы мен қалыптасу сипаты өзге түркі тілдерімен бірдей болғанымен, ішінара өзіндік айырмашылығы да болады. Қазақ ғалымдары септік жалғауының жалғану жүйесі мен оның мағыналық және тұлғалық сипатын терең зерттеген деуге болады. Тек септік жалғауларға байланысты тек оқулықтар мен оқу құралдарынан өзге бірнеше ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазылған. Қазақ тілінде септіктің әсіресе формалық жүйесіне көп көңіл бөлінсе М. Томанов еңбектерінде септік жалғауларының мағыналық құрылымына талдау жасалады.

Қазақ тілінің септелу жүйесінде көне түркі тілімен салыстырғанда, түбірге септік тұлғаларының жалғауынан мынандай ерекшеліктері бар:

Септік жалғау тұлғалары үндестік заңы негізінде жалғанады:

а) сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жуан буынды жалғау жалғанады да, соңғы буыны жіңішке болса, оған жіңішке буынды жалғау жалғанады;

ә) сөздің соңғы дыбысының дауысты немесе үнді, ұяң, қатаңның бірі болып келуіне қарай қосымша дыбыс үндестігі (ілгерінді ықпал) негізінде жалғанады[36].

Қазақ тіліндегі сөз соңындағы *ж* және *з* дыбыстарынан басқа ұяң кездеспейді, яғни сөз *б, в, г, д* сияқты ұяң дыбыстарға аяқталмайды. Екі тілде де сөздердің соңындағы бұл ұяң дыбыстар айтылуда қатанданып *п, ф, к, т* болып естіледі де, қосымшаның қатаң дыбыстан басталатын нұсқасы жалғанады.

Септік жалғауларының сөзге жалғану ерекшеліктерінің бірі: қазақ тілінде ілік септік жалғаулары мұрын жолды үнді дыбысқа біткен сөзге *-н* дыбысынан басталатын болса, көне түркі тілінде септік жалғаулары мұрын жолды үнді дыбысқа біткен сөзге *-ын* (*-ин, -ұн, -үн*) болып басталады.

Көне түркі тілінде де қазақ тілінде де атау септіктің арнайы қосымшасы жоқ. Басқа септіктің қосымшаларының тұлғалануы мен сөзге қосылуы жағынан кейбір септік түрлерінің бір-бірімен ұқсас және айырмашылықтары айқын.

Қазақ тіліндегі табыс, шығыс септік жалғауларының дыбыс үндестігіне байланысты нұсқалары: *н, д, т* дыбыстарынан (*-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті* және *-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен*) басталады, ал түрік тілінде табыс пен шығыс септік жалғауларына *белиртме* және *чыкма* септік жалғаулары ұқсас.

Жатыс септік жалғауы, жуан-жіңішкелікті есептемегенде, екі тілде де бір сұраққа (кімде? неде? қайда?) жауап береді де, *-да/-де, -та/-те* деген жалғауларға басталады.

Қазақ тілінде барыс пен көмектес септік жалғаулары мүлде өзгеше. Бұл осы септіктердің әрқайсының қалыптасуы мерзімдік жағынан да, мағыналық жағынан да, қандай сөзден немесе тұлғадан және қалай қалыптасуы жағынан да басқаша болғанын көрсетеді. Мысалы, көмектес септігі тек қазақ тіліне тән септік деп есептеуге болады. Өйткені, басқа түркі тілдерінің көпшілігінде жоқ, соның ішінде түрік тілінде де жоқ. Бұл септік, басқа септік түрлерінен әлдеқайда кеш қалыптасқан. Қазақтың жазба тілінде, жазба нұсқалар тілінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына дейін, көмектес септік грамматикалық тұлға ретінде емес, септеулік шылау ретінде *білән, бірлән, мінән*, кейін *мәнән* сияқты қолданылып отырған. Одан барып менен арқылы *-мен, -бен, -пен* түрінде қалыптасқан. Қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауы сырт түрі жағынан *-мен, -бен, -пен* деген жалғаулық шылаумен ұқсас, бірақ одан қалыптаспаған септеулік шылаудан туған, ал септеулік шылау мен жалғаулық *-мен: менен – білән* төркіндес [84, 79].

Қазақ тілінде барыс септік жалғауы буын үндестігі бойынша я жуан түрде, я жіңішке түрде; дыбыс үндестігі бойынша дауысты, үнді және ұяң *ж, з* дыбыстарына біткен сөздерге *к* не *қ* дыбыстарынан басталатын нұсқасы (*-қа, -ке*) жалғанады.

Егер көне түрік тіліндегі септеу үлгісінде септік жағауы тәуелдік жалғауынан кейін әдеттегідей жалғана беретін болса, онда қазақ тілінде септіктің ішкі тұлғалық өзгерістеріне сәйкес жай септеу және тәуелді септеу деп жіктеледі. Олардың әрқайсысының өзіндік тұлғасы болады.

Әдетте, дәстүрлі грамматикаларда септік жалғауының сипаты морфологияда жазылып, оның синтаксистік қызметі толық ашылмайды да, синтаксис саласында сөз тіркестерінің жасалу жолы дегенде айтылады. Сондықтан кейде септік жалғауларының сөз тіркесін жасаудағы қызметі мен семантикалық қуаты анықталмай қалады. Септік жалғауы грамматикалық форма болғандықтан, оның негізгі қызметі мен функциональдық толық анықталуы синтаксистік жүйеде көрініс таба алады. Септік жалғауларының талдануы да осы аспектіден болуы қажет деуге болар еді.

Атау септігі. Көне түркі және қазақ тіліндегі атау септігінің бір-бірінен аса үлкен айырмашылығы болмайды. Атау септігінің арнайы жалғауы жоқ. Бұл жағдай барлық түркі тілдеріне ортақ. Ғалымдардың көрсетуінше, атау септігінің тұлғасы көне кездегі тілде болмаған сыңайлы. Айталық, М.Томанов бұл туралы былай деп жазады: «Атау деп қарауға мүмкін болатын арнайы тұлға қазіргі түркі тілдерінде ғана емес, түркі тілдерінің даму тарихында да болған емес. Бірақ соған қарамастан, өзіне тән арнайы грамматикалық формасы болмаса да, атау септігінің өзіне ғана тән грамматикалық мағынасы (субстантық), ол нөлдік формада тұрған сөздің өзіне тән синтаксистік қызметі (грамматикалық субъект) бар екенін ескеруіміз керек» [36, 85].

Осындай ғылыми тұжырымдар, негізінен алғанда, барлық түркітанымдық еңбектерде кездеседі. Ғалымдардың бұл тұжырымдары көбінесе Орхон-Енисей мұрағаттары негізінде жасалғанын айту ләзім. Ал оның алдындағы ең көне тілдегі атау септігінің тұлғасы қандай болған еді дегенді айту үшін нақты айғақты тілдік дерек қолымызда жоқ. Соған қарамастан, мұндай болжам айтып жүрген ғалымдар да бар. Б. Сағындықұлының болжамы бойынша, атау септігінің алғашқы мағынасы өте терең, семантикалық сипаты ауқымды болған. Ал оның тұлғасы *-ун, -ан, -ын* сипатында болған дей келіп, көне тілдегі септіктің сипатын былайша болжайды:

Атау	қаған + ын + үчүн
Ілік	қаған + ын + ын
Барыс	қаған + ын + қа
Табыс	қаған + ын
Жатыс	қаған + ын + та
Шығыс	қаған+ын + тан
Көмектес	қаған + ын бирла [76, 121].

Автордың мұндай болжам айта алуының мәнісі тілдік деректерді терең тарихи фактілер арқылы тарата алуында болып отыр деп пайымдауға болар еді. Яғни қазіргі септік, тәуелдік, жіктік жалғауларының бәрінде *-н* дыбысы кездеседі. *-н* дыбысы заттық мағына беретін таңба болып есептеледі. Септік жалғауының тек зат есімге ғана жалғана алатынын, ал өзге сөз таптарындағы сөздерге жалғанғанда оларды заттандырып жіберетіндігін ескерсек, мұндағы *н* дыбысының қызметі мен маңызы өзінен өзі анықталады.

Ал *-н* дыбысының алдындағы *-у, -а, -ы* дыбыстары ең көне дауысты дыбыстардың тұлғалық сипаты екені бұрыннан белгілі. Бұл дауысты дыбыстар жөнінде Н.А. Баскаков [10, 11], Ж. Аралбаев [77] еңбектерінде толық ғылыми

тұжырымдар бар. Аталған еңбектерде *-а, -у, -ы* дыбыстарының алғашқылығы, кейін бұлардың жіңішке нұсқаға дамығаны жайында жақсы айтылады. Демек, жоғарыда айтылған Б. Сағындықұлының атау септігінің ең көне формасы *-ан, -ун, -ын* тұлғасы болған деген пікірін қолдауға, қуаттауға болады деп есептейміз.

Атау септікті А.Н. Кононов, Б. Серебренников, А.М. Щербак, А. Ысқақов, М. Томанов т.б. ғалымдар негізгі септікке жатқызады. «Негізгі септік» деген терминді қолданушы ғалымдар сөздің септелмей тұрғандағы негізгі формасы тілде барлық септіктердің қызметін атқарады деген қағиданы негізге алған. «Түркі тілдеріндегі негізгі септікті танушылардың бәрі оның семантикалық құрамында атау септіктің субъекті мағынасын және қосымшасыз басқа септікердің мағынасын қосып береді. Сондықтан оны атау септік деп атамай, негізгі септік деп атайды. Сөйтіп бұл арада негізгі септіктің мағынасы, мазмұны мөлшерсіз кеңейтілген, өйткені оның құрамына басқа септіктердің мағынасы қосылған» [102, 33].

Атау септігі *кім? не?* сұрақтарына жауап береді. Түрік және қазақ тілдеріндегі атау септігінің сөйлемдегі қызметі бір-біріне жақын.

Профессор М. Томанов атау септігінің қолданылу жолын зерттей келе, оның мынадай сипатын көрсетеді: атау септігінің өзінің тура мағынасында қолданылуы; ілік септік қызметінде жұмсалуды; табыс септік орнына жұмсалуды; барыс септік орнына қолданылуы; жатыс септігінің орнына қолданылуы; шығыс септік орнына қолданылуы [36, 147-148].

Ғалымның дәлелдеуінше, қазақ тілінде атау септігінің жатыс септігінің орнына қолданылуы кездеспейді. Осылайша ғалым, нақты тілдік деректер арқылы атау септігінің қолданыс жүйесін таразылайды. Бірақ кейінгі зерттеулерде «ілік, табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің қосымшасыз формалары атау септікке тек сыртқы формасы жағынан ғана ұқсастығы, ал олардың мағынасы, синтаксистік қызметі, тіркесетін сөздері жағынан атау септікке ешбір ұқсастығы жоқ екендігі дәлелденген» [102, 38].

Ілік септігі. Көне түркі тілдеріндегі септік жалғауларын зерделей келе, ғалымдар Б. Серебренников пен Н.З. Гаджиева мынадай ой айтады: «түркі ата тілінің ерте кезеңінде ілік септігі болмаған, оның орнына изафеттік құрылым қолданылған» [74, 76].

Зерттеуші Е. Ағманов «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі» еңбегінде түрік изафетінің үш түрінің матаса байланысу сипатын тарихи тұрғыдан терең зерттейді. Сонда мынадай бір пікір бар: «Изафеттің бірінші түрінің даму тарихына байланысты айтылатын тағы бір мәселе бар. Жоғарыда осы үлгідегі зат есім сөздердің орын тәртібінің тұрақталуы кейін болғанын, бұрын олар араларына сөз салып та байланыса беретіні айтылып, V-VIII ғасыр жазбаларынан, көне ұйғыр тілі материалдарынан келтірілген болатын. Мұның себебі ескі түркі дәуіріндегі атау тұлғада тіркес құрайтын зат есімдердің синтаксистік қызметінің дамымағандығында болса керек. Ол кезде зат есімді аналитикалық тіркестердегі сөздер жапсарласа байланысса да, араларына сөз салып байланысса да, бір ғана атрибуттық қызметті берген» [103, 108].

Профессор М. Томанов көне түркі тілдеріндегі жазба мұрағаттар тіліндегі ілік септігінің сипаты мына тұрғыда болып келгенін көрсетеді: *-ың, -ің, -уң, -үң, -ның, -нің, -нуң, -наң, -нәң* [36, 148]. Зерттеушілердің айтуынша, *-ың* және *-ның* қосымшаларының алдында тұрған *-н* тұлғасының бар не жоқ екендігіне қарап, түркі тілдерінде екі түрлі сипаттағы ілік жалғауы қалыптасқан.

Академик В.В. Радлов «Алтын орда жарлықтары» жайлы еңбегінде *-ың* тұлғасын негізінен батыс түркі тілдеріне тән деп, ал *-ның* тұлғалы формасын шағатай тіліне, яғни шығыс тілдеріне тән форма деп қарағаны жөнінде М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев еңбегінде атап өтіледі [104, 148]. Авторлардың одан әрі атап көрсететіні сияқты, шынында да, бұл пікірдің қазіргі тілдік деректермен толық сәйкес келе бермейтін, ұшқарылау тұжырым екеніне көз жеткізу аса қиын емес. Айталық зерттеу нысанына айналып отырған қазақ тілінің өзінде зат есім тұлғаларына ілік септігінің тек *-ның, -нің* тұлғалары ғана жалғана алады да, түрік тілінде тек ілік жалғауының *-ың, -ің* нұсқасы жалғанады.

М. Томанов Махмут Қашқаридың «Дивани лұғат-ит түрік» еңбегінде ілік септігінің *-ың* нұсқасы есімдіктерге тән де, *-ның* нұсқасы зат есімдерге тән болып жалғанғандығын жазады. Осындай сипат орта ғасырдағы өзге жазба деректердің тіліне де тән. Көне жазба ескерткіштері тілдерінде ілік септігінің беретін мағынасы – меншіктілік мән беру болған. Дегенмен түркі тілдерінің даму, қалыптасу жолында бұл мағынаны алғашқы мағына деуге бола қоймайды. Ілік жалғауының алғашқыда «белгілі субъектінің айналасындағы, қасындағы» деген мағынасы болған дегенді жазады зерттеуші.

Ғалымдар *н* дыбысының негізгі мағынасы мен семантикалық табиғатын толық аша алмай әрұдай ғылыми болжамдар айтқан. Н.А. Баскаков бұны тұлғаның алдына қыстырылып айтылатын эпентеза болуы да мүмкін деген пікір айтқан [86, 93]. Ғалымдардың зерттеулерінде алғашқы *-н* тұлғасы әртүрлі танылады: бұл дыбыс тұрақсыз дыбыс [105, 7], тарихи қалдық [106, 41], қыстырма дыбыс [107, 146].

Ілік септігінің құрамындағы *н* дыбысының тарихи қалыптасуы туралы түркітануда қалыптасқан ғылыми болжамдарға шолу жасай келе, өзінің пікірін Б.Сағындықұлы былайша тұжырымдайды: «Жалпы алғанда, *н*-нің морфологиялық ығысу жолымен ілік септігінің құрамына ауысқаны рас. Бірақ ол, жіктеу, сілтеу есімдіктеріндегі *-н* емес, тәуелдіктің III жағы толық формасы құрамындағы *-н* еді» [76, 120]. Яғни автордың пайымдауынша, септік жалғауларының құрамында, сондай-ақ көне атау септігінде де *-ин, -ун, -ан* жалғауы болған да, ол кейін терең тарихи даму барысында элизияға ұшырап, түсіп қалған. Ал өзге септіктердің құрамында кейде сақталған.

Сонымен, ілік жалғауының алдындағы *-н* дыбысының тарихи қыстырма дыбыс екендігі жөніндегі ғалымдардың пікірі жалпы алғанда бір арнаға тоғысатындай. Ал оның түп төркіні туралы ғылыми ойлар болашақта сараланып, бір пікірге келетіні кәміл.

Профессор М. Томанов ілік септігінің көне тілдегі тұлғасы мынадай: *-ін, -ин, -ім, -ун, -нун* деп көрсетеді. Ал беретін негізгі мағынасы қазақ тіліндегі

сияқты иелікті, меншікті білдіреді. Сондай-ақ иелік мағына түрік тілінде масдар арқылы, яғни *-дік, -(у)асак, -ма, -іш, -маклік* тұлғалары арқылы да беріле алады.

Қазақ тіліндегі ілік септігінің тұлғасы: *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің*. Мысалы: *ананың, мынаның, менің, сенің, оның, біздің, қолдың, жердің, елдің, айдың, күннің, нұрдың, жанның, тастың, беттің, қолдығ, оқтың, оттың, жайдың, адамның, баланың, ананың, атаның* т.б. Осы жалғаулардың тұлғалары үндестік заңы бойынша жалғанатыны белгілі. Осыған байланысты «... сөзге жуан, жіңішке болып жалғануы тіліміздегі дауысты дыбыстардың үндестік құбылысына тәуелді болады...» [108, 57].

Көне түркі тілімен салыстырғанда қазақ тіліндегі ілік жалғаулары жаңа өзгерістерге мол ұшыраған деуге негіз бар. Өйткені тілдік фактілердің өзі осыны көрсетеді. Сингармониялық заңдылықтарды берік сақтаған қазақ тілі дауыссыз дыбыстар жүйесінде *л дт* фузиялық құбылысын қалыптастырған. Сондықтан да, қатаң дауыссыздардан кейін *-тың, -тің*, ұяң дауыссыздан кейін *-дың, -дің*, үнді дауыссыздан кейін *-лы, -лі* нұсқалары жұмсалады.

Профессор М. Томанов ілік қосымшасының этимологиясы туралы айтылған көптеген ғылыми пікірлерге шолу жасайды. Рамстедтің пікірін қолдай келе, былай деп жазады: «*-ның* тұлғасының құрамындағы қысаң дауысты этимологиялық емес, «жалғастырушы» дыбыс болады» [36, 152].

Ілік септігі грамматикалық тәуелділікті де білдіреді. Мысалы: *апамның үйі, қаланың шеті қаламның ұшы, баланың мектебі* және т.б. Ілік септігінің сұрақтары: *кімнің? ненің?* Байқап отырғанымыздай, көне түркі және қазақ тіліндегі ілік септік жалғауының негізгі айырмасы мынадай:

- *н* дыбысының жалғау алдында болуы немесе болмауы;
- үндестік заңының орындалуы не орындалмауы.

Қазақ тіл біліміндегі изафеттің үшінші түрін терең зерттеген ғалымдар М.Б. Балақаев, Е. Ағманов, С. Исаев болды. Олар осы үлгідегі сабақтастық қатынасын бір жақты емес, екі жақты болатындығын, яғни ондағы бірінші сөз – ілік септігіндегі тұлға екіншісіне бағынса, екіншісі де бірінші сыңарына бағына алатынын тілдік материалдар негізінде талдап түсіндіреді. Ілік жалғауындағы сөз мағынасы тәуелді жалғауындағы сөзді қажет етсе, тәуелдік жалғауындағы сөз мағынасы міндетті түрде ілік жалғаулы сөзді керек етіп тұрады. Бұл өзге сөз тіркестерінен ерекше саналатын матасудың мағыналық және тұлғалық сабақтастығын танытады [109, 163-182].

Зерттеуші Е. Ағмановтың пайымдауынша, «Изафеттің үшінші түрінің семантикалық өзгеруі дегенді тек бір бағытта – мағыналары барынша даралана түсу бағытында дамиды деп қана түсінуге болмайды, сонымен бірге конкретті меншіктілік мағынаның абстракциялана бастауын байқататын кейбір факторларды да кездестіреміз», – [103, 57] деп жазады. Қазақ тілінде – *жүректің демікпесі*, түрік тілінде – *«ілімін файдасы»* сияқты мысалдар арқылы меншіктілік ұғымның көмескіленіп бірте-бірте абстракцияланып, абстрактылы ұғымдар арасында айқындауыштық қатынас қана болатындығын көрсетеді.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі ілік жалғаулы изафеттің үшінші түрі мен қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі изафеттің мынадай ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар.

Бірінші, көне жазбалар тілінде изафеттің бұл түрі сирек ұшырасады. Меншіктілік мағына көне тілдерде изафеттің бірінші және екінші түрі арқылы беріледі. Екінші, Орхон-Енисей жазбаларында көбінесе тәуелдік жалғауы түсіріліп айтылады. Бұл құбылыс қазақ тіліндегі дастандар тілінде бірлі-жарым ұшырасады. Мысалы, *Базарбайдың Төлеген, Қобыландының Тайбурыл* т.б.

Изафеттің үшінші түрінің көне жазбаларда сирек кездесетініне қарап, түрколог-ғалымдар (А.М. Щербак, С.С. Майзель) оны тарихи тұрғыдан кейін қалыптасқан деп бағалайды. Бұл пікір де қолдауға тұрады. Шынында да, грамматикалық көрсеткіші бар тұлғалар тілдің кейінгі дамуының көрінісі. Ал меншіктілік мағынаның әуелгі кездерде изафеттің бірінші және екінші түрлері арқылы берілгені туралы пікірді қуаттаймыз.

Қорыта келгенде, ілік жалғаулы зат есім тұлғалары қазақ және көне түркі тілдерінде бір-біріне жақын, семантикасы ортақ, тұлғалық бірліктегі форма деп бағалауға болады. Ілік жалғауының қазақ тіліндегі – «н» тұлғасы тарихи көне форма болып есептелгенімен, жалғауға кейінірек қосылған деп пайымдалып, қазақ тіліндегі тұлғасын дамудың кейінгі кезеңіне жатқызамыз.

Барыс септігі. Барыс септігі түркі тілдерінде әртүрлі сипатта көрінген. Көне түркі жазба ескерткіштерінде барыс септігінің сипаты мынадай болған: -*ғару*, -*геру*, -*қару*, -*керу*, -*ру*, -*рұ*, -*қа*, -*ке*, -*ға*, -*ге*, -*йа*, -*йе*, -*а*, -*е*. Бұл тұлғалардың әрқайсысы түркі тілдерінің тарихында әртүрлі кезеңдерде қолданыс тауып, кейін түркі тілдерінің жеке сипатта қалыптасу дәуірінде әртүрлі тілдердегі барыс септігінің қалыптасуына негіз болған.

М.Томановтың пікірінше, Орхон жазбаларында істің бағытын, мекенін білдіруге барыс септігінің -*ғару*, -*геру* (кейде -*нару*) тұлғасы қолданылған екен. Мысалы, *ілгеру, біргеру, күн ортусынару* т.б. Ал, -*ғару* аффиксі кісіні, халықты білдіретін сөздерге жалғанып, ол сөздер істің бағытын білдіретін болған. Мысалы, *ана тарқанғару ічре саб ыдымыс – ана тарқанға ішке қарай жіберді*.

Орта ғасыр кезеңінде -*ғару* формасы осы сипатта бағыттық мағынада жұмсалмай, түбірмен бірігіп жаңа сөз жасау процесіне қатысатын болған. Сөйтіп қазіргі түркі тілдеріндегі *сыртқары, ішкері, жоғары, тысқары, ілгері* сияқты жаңа номинация туғызуға негіз болған. Қазіргі қазақ тіліндегі барыс септігінің жалғауы -*қа*, -*ке*, -*ға*, -*ге* көне түркі жазбаларында да жиі жұмсалған. Бұл тұлға әуелгі -*ғару* формасынан жіктеліп шығуы да ықтимал.

-*ға*, -*ге* формасының көне түркілік мағынасы терең болған. Онда мақсаттық, себептік, мезгілдік, уақыттық, қимыл әрекеттің бағытын білдіретін мағыналар болған. Сондықтан, бұл форма жатыс, шығыс септіктерінің орнына да қолданыла алған.

Барыс септігінің генезисі туралы әртүрлі ғылыми пікірлер бар. Ғалымдар Б.А. Серебренников пен Н.З. Гаджиева бұл септікті ата тілдегі ең көне кезеңдегі кеңістіктік септіктердің ішіндегі ерекше бір түрі ретінде қарастыра келіп, оның мағыналық сипатының ерекшеліктерін көрсетеді. Ондай мағыналардың

мынадай бір ерекшелігін атап көрсетеді: барыс септігінің көптеген көрсеткіштерінің құрамына міндетті түрде *-а* элементі болады. Ол негізгі мағынаны нақтылап тұратын *-қа, -ра, -ча* аффикстерімен байланысады. Бір кезде негізгі барыс септігі құрамында *-а* аффиксі бар септік болған, ал *қ, р* және *ч* элементтері мағынаның кейбір қырларын ғана білдірсе керек. Жеке барыс септігі жалғаулары бір-бірімен байланысып, бірігіп кейін жаңа күрделі аффикстерді құруы мүмкін деген болжам айтады [74, 78].

-қа барыс тұлғасы туралы ғалымдар оның көне түркі жазбаларында кездесетіндігін ескере отырып, әртүрлі пікірлер айтады. Айталық, А.М. Щербак [87, 37] еңбегінде барыс септігінің *-а* тұлғасын бұрынғы *-га* аффиксінен шығарады. Сонда ғалымның пікірінше *-га* тұлғасы *-а* тұлғасына жіктеліп, тек жікте есімдіктеріне ғана жалғанатын болған деген пікір айтады. Мысалы, *бана, сана, ана, маға, саға* т.б.

Зерттеуші ғалымдар барыс септігінің тұлғаларын жеке-жеке талдап, олардың мағыналарын анықтайды. *-рү, -рү, ру, -ра, -рә, -рі* тұлғаларының генетикалық мағыналарын талдауда да әрқилы көзқарастар қалыптасқан. Белгілі ғалым С.Е. Малов *-ру* аффиксін *-гару* тұлғасын құраған форма ретінде қарастырса [37], Б.А. Серебренников *-ра, -ры* тұлғалары мен *-рә* және *-ри* тұлғаларын генетикалық жағынан бірдей деп пайымдап, кейін бұл жалғаудың барыс септігінің *-р* формасына негіз болғандығын көрсетеді [74]. М. Томанов *-га* аффиксін барыс септігінің қазіргі тұлғасы деп қарастырып, *-ру* аффиксін өте ескі дәуірдің қалдығы, ол тек кейбір сөздердің құрамында өлі тұлға ретінде сақталған деп пайымдайды. Сөйтіп, өзінің пікіріне мынадай дәлелдер келтіреді: *кері, ары, бері, тысқары, ішкері, сыртқары* т.б. [36, 156].

Істің бағытын, бет алысын білдіретін *-ру* аффиксі қазіргі түркі тілдерінің ішінде тек чуваш тілінде сақталған.

Түрік тіліндегі барыс септігінің мағынасын талдай келе, А.Н. Кононов оның 9 түрлі мағыналық құрылымын анықтайды [13]. Бұл негізінен барыс септігінің мәнмәтіндегі мағынасы екендігі көрінеді. Ал қазақ тіліндегі барыс септігінің тұлғасы *-га, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не* формасында болып келеді. Қазіргі қазақ тіліндегі барыс септігінің аффикстерін анықтап зерделегенде мынадай ерекшелік назар аудартады. Барыс септік жалғануының қолданылу үлгісінде *мен, сен, ол, бұл, сол, анау* есімдіктерінің тұлғалануы мен тәуелдеулі есімдердің тұлғалануы өзіндік сипатқа ие болған. Мысалы, *маған, саған, оған, бұған, соған, анаған, мынаған* т.б. Және тәуелдеулі сипатында: *анасына, мынасына, баласына, үлкеніне, кішісіне, әкесіне, шешесіне* т.б. Яғни мұндай жағдайда барыс септігінің екі түрлі ерекше тұлғасы көрінеді. *-ған* және *-на* тұлғасының тарихи қалыптасу жүйесін өзгеше анықтау қажет болады. *-ған* тұлғасы жіктеу есімдіктеріне жалғанғанда, «мен + ға» өзгеріп, «е» дыбысы өзінің жуан нұсқасы «а»-ға алмасады да «маған», «саған» тұлғасына өзгереді.

Септеулі зат есім тұлғаларына жалғанғанда көне тұлға – *н* дыбысы қайта пайда болады да, сына дыбыс ретінде көрініс табады. Бұл жөніндегі профессор Б. Сағындықұлының пікірін біз жоғарыда келтірген болатынбыз [76]. «*Баласына*» деген сөздегі барыс септігінің тарихи формасы тек *-а* тұлғасы.

Сонда бұл сөздің морфологиялық құрамы былайша көрсетіледі: *бала (түбір) + сы (тәуелдік жалғауы) + н (көне сына дыбыс) + а (барыс септік жалғауы)*.

Ал М. Томанов *-ған* аффиксінің құрамындағы *н* дыбысын барыс септігінен басқа жалғау ретінде қарайды [36, 159]. Көне түркі тілінде барыс септігінің формасы *-ғар* түрінде келеді. Осыған байланысты кейбір ғалымдар *-ғар* тұлғасын жеке атау мағынасын берген номинативті сөз ретінде таниды. *-ғар* тұлғасы мен *-ған* тұлғасының арасында бір қарағанда байланыс бар сияқты көрінгенімен, ғалымдардың пікірінше, бұлар – әртүрлі формалар. Бұл жердегі *-ғар* тұлғасымен *-ған* тұлғасының арасында генетикалық байланыс жоқ. *-ған* тұлғасының этимологиясы *га+н* тұлғаларының бірігуі арқылы түсіндіріледі.

Профессор М. Серғалиевтың «Қазіргі қазақ әдеби тілі» атты еңбегінде барыс септігіндегі сөздер сөйлем ішінде қандай мағыналарда жұмсалынатыны көрсетілген. Олар:

-қимыл-әрекеттің бағдарын, барып тірелер жері: *базарға барды, университетке түсті* және т.б.;

-қимыл-әрекеттің мақсатын білдіреді: *оқуға келді, қуанышқа жаралды* және т.б.;

-жанама объектіні танытады: *бойына қарады, қабырғаға сүйенді*;

-мөлшер-мезгіл мағынасында да жұмсалады: *бір жылға жетті, бірнеше күнге созылды* [110, 27].

Махмұт Қашқари «Дивани лұғат-ит түрік» атты зерттеуінде барыс септігінің қосымшасы кейде бағыттық мағынаны көрсетіп, өз мағынасында жұмсалса, кейде жатыс септік мағынасында да жұмсалатыны айтылады [111, 65]. Бірақ автордың айтуынша, барыс септігінің жатыс септік мағынасында қолдануы арғу тілінде болмаған. Егер арғу тайпасын қазіргі арғын тайпасы деп түсінсек (Ә. Қайдаров осылай түсіндірілген), онда қазақ тіліндегі жатыс септік мағынасы мен барыс септік мағынасы орта ғасырдың өзінде ақ дифференцияланып, жіктелген сипат алған деп пайымдауға болар еді.

Барыс жалғаулы сөздер сөйлемде келгенде үнемі меңгеріле байланысады. Бұл жөнінде қазақ ғалымдары Ә. Аблақовтың «Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері» [112], Е. Ағмановтың «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі» [103] атты ғылыми-зерттеу еңбектерінде терең зерттеліп, тиісті бағаларын алған.

Табыс септігі.

Табыс септіктің сұрақтары: *кімді? нені?* сипатында болып келеді.

Табыс септігінің тұлғалары түрік тілі мен қазақ тілінде бір-бірінен онша алыс емес. Түрік тіліндегі табыс септігінің тұлғасы мына сипатта болып келеді: дауысты дыбыстан кейін *-иі, -иі, -иі, -ий* тұлғасында, ал дауыссыз дыбыстан кейін *-і, -и, -й* тұлғасында келеді. Бұдан байқайтынымыз: түркі тіліндегі табыс септігі тек дауысты дыбыстан тұрады. Ал қазақ тіліндегі табыс септігінің тұлғасы күрделі. Мұның сыры қазақ тіліндегі сингармониялық заңдылықпен тікелей байланысты екені аңғарылады. Яғни *-ны, -ні* табыс жалғауы атау сөздің соңғы дыбысының қатаң, ұяң не үнді болуына байланысты әртүрлі нұсқада өзгеріп отырады.

Түрік тілінде де табыс септігі негізінен тура толықтауыштық қызметте жұмсалады. Сондай-ақ, кейбір зерттеулерде кейде іс-әрекеттің мезгілі мен мекенін білдіріп, пысықтауыштық қызметте де жұмсала алады деп көрсетіледі.

М. Томановтың көрсетуінше, көне түркі жазба ескерткіштер тілінде табыс септігінің тұлғалары мына сипатта болып келеді: *-s, -z, -ыз, -із, -ұз, -үз, -ы, -й, -н, -ні, -ны*. Орхон-Енисей жазба мұрағаттарында табыс септігінің *-s* нұсқасымен *-н* нұсқасы жарыса қолданылған. Бұл жөнінде көптеген зерттеушілер жазған болатын. Мысалы, С.Е. Малов, В.Г. Кондратьев, Г.Ф. Благова еңбектерінде табыс септігінің тұлғалық сипаты мен мағыналық қырын саралай келе, осындай пікірлер айтады. Г.Ф. Благова табыс септік жалғауларының түрлерінің жалғану ыңғайын анықтайды. Автордың пікірінше, *-s* тұлғалы табыс септігі тек зат есімдерге жалғанған да, ал *-ы* тұлғалы табыс септігі тәуелдік тұлғалы есімдер мен есімдіктерге жалғанған [113, 112-122].

Дегенмен, табыс септігінің *-s* тұлғасы тек көне түркі жазбаларында ғана орын алғанын айтуымыз керек. Ал Орта ғасыр жазбалары тілінде олар аз қолданылып, кейін мүлде кездеспейтін болған.

Орта ғасыр жазбалары тілінде табыс жалғаулы етістікті сөз тіркестері тек қана тура объектінің іс-әрекетке қатысын білдіріп қана қоймай, істің мекенін, бағытын да білдіргенін М. Қашқари, Ж. Баласағұн еңбектерінен толық байқауға болады. Е. Ағмановтың зерттеуінше, XI ғасыр ескерткіштері тілінде табыс септігіндегі сөзді есімдіктердің меңгеруі де ұшырасады. Мысалы: *көрлүч тонуг өзүнә, татлыз ашыз адынқа* т.б. [103, 167]. Мұндай деректер орта ғасырдан бастап есімді меңгерулердің элементтері тілімізге ене бастағанын аңғартады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі қолданысында табыс септігі ашық қалпында да, жасырын қалпында да келе алады. Бұл құбылыс көне түркі тілінде де кездеседі. Ж.Балтабаева өз зерттеуінде табыс септіктің қосымшалы, қосымшасыз формалары жүйесіз қолданыла бермейтіндігін, олардың әрқайсысының белгілі орында қолданылуға бейімделгендігін айта келіп, табыс септіктің қосымшалы формасының қолданылатын он бір жағдайын көрсеткен. Ал табыс септіктің қосымшасыз формасы объекті жекеленбей, дараланбай жалпы мәнді білдіргенде қолданылатындығын және қосымшасыз формада қолданылатын негізгі сөз табы – зат есім, оның ішінде жалпы есімдер екендігін тілдік нақты мысалдар арқылы дәлелдеген [102, 90-95].

Ендігі бір негізгі мәселе – табыс септігінің генезисіне, қалыптасу жүйесіне қатысты проблема. Бұл мәселе жөнінде түркологтардың арасында бірнеше көзқарастар бар. Түрік тілдерінің морфологиясын, әсіресе септік жалғауларын да терең зерттеген ғалымдардың бірі – А.Н. Кононов табыс септігінің көне тарихи даму жүйесін ілік септігімен бірге байланыста қарастырып, табыс септігінің көне тұлғасы *-s, -ыз, -із*-ті ілік септік құрамындағы мұрын жолды *-н* дыбысының өзгеруінен шыққан деп болжайды [101, 96].

Ғалым В.А. Богородицкий табыс септігінің әуелгі түрі *-ы, -і* сипатында болған деп пайымдап, есімдік түбірге жалғанған кезде есімдіктің соңғы *-н* дыбысы морфологиялық ығысу заңы бойынша қосымшаға ауысып кеткен деп есептейді [54].

Профессор М. Томанов табыс септігінің генезисі туралы мынадай ой айтады: «... табыс жалғауының қалыптасуы бір кезгі тәуелдік жалғаудың есімдіктерге жалғанып, морфологиялық ығысу процесіне ұшыраудың нәтижесі болып шығады. Ал ілік жалғауы болса, осы жалғаудың морфологиялық ығысуға екінші рет ұшырауының нәтижесі» [36, 154]. Яғни бұл жерде ғалым В.А. Богородицкийдің пікірін қуаттайды.

Табыс септігінің қалыптасу жүйесі туралы бұдан өзгеше пікірді айтқан Б. Сағындықұлы монографиялық еңбегінде табыс септігінің қалыптасу тарихын тәуелдік жалғауының өлі формасы *-н* арқылы анықтауға болды деген болжам айтады. «Ал енді табыс септігіне келсек, оған аталған өлі форма екі түрлі жағдайда ықпал жасаған. Алғашқы өзгеріс. Қазірге дейін түркі тілдерінде көп қолданыстарда табыс септігі жасырын тұрады. Яғни арнайы жалғау жалғанбаса да мән-мағынасы түсініле береді. Осы заңдылық тәуелдіктің үшінші жағы септелген кезде *-ын* көне формасы әдепкі толық қалпын сақтап қалады. Бірақ бұрынғы мәнінен, қызметінен айырылып қалған *-н* қазіргі кезде табыс септігінің көрсеткіші сияқты қабылданатын болды», – дей келіп, табыс септігі жалғауын былайша таратады: *-ын/-ин* – тәуелдік жалғауының көне формасы, *-ы/-і* табыс септігі [76, 123-124]. Көне түркі жазба ескерткіштері мен орта ғасыр мұрағаттарынан мол тілдік деректер келтіре отырып, пікірін дәлелдейді.

Аталған пікірлердің қай-қайсысы да қазіргі таңда түркітануда аталып өтіледі. Болашақта осы заңдылықтардың біреуі қабылданып, табыс септігінің шығу генезисі анықталатынында дау болмаса керек. Бұл айтылғандар – қазақ табыс септігінің қалыптасу жолы мен кейінгі дамуына тікелей қатысы бар теориялық мәселелер. Салыстырылып отырған тілдердің табыс септігі осы көне тұлғалардың кейінгі саралануы, нақты бір тілдегі көрінісі ретінде бағаланады.

Жатыс септігі.

Жатыс септігіндегі сөздер көлемдік, мекендік және мезгілдік мағынаны білдіреді. Осыған байланысты сөйлемдегі беретін мағынасы мен келген орнына байланысты жатыс септікте тұрған зат есім жанама толықтауыштық, мезгіл пысықтауыштық, кейде баяндауыштық та қызметтер атқара алады.

Көне түркі тілі мен қазақ тіліндегі жатыс септіктерінің тұлғасы мен мағыналық сипаты ортақ: *-да*, *-де*, *-та*, *-те*. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі жатыс септігінің тұлғасы да осы сипатта болып келеді. Тек жазба мұрағаттар тіліндегі жатыс септігінің мағынасы қазіргі тілдермен салыстырғанда көп мағыналы болғанын аңғаруға болады.

Ғалымдар Б.А. Серебренников пен Н.З. Гаджиева көне тілдегі жатыс септігінің негізгі ерекшелігі ретінде мыналарды атап өтеді: 1) мекен мағынасы; 2) бір нәрседен бағытталу мағынасы [74, 81]. Бұдан да өзге мағыналары болғаны жөнінде М. Томановтың еңбегінде көрсетіледі:

- іс-әрекеттің, заттың орнын-мекенін білдіретін мағына;
- іс-қимылдың, әрекеттің уақыт, мезгілін білдіретін мағына;
- заттың, процестің шыққан объектісін білдіретін мағына [36, 161].

Ғалымның пайымдауынша, көне түркі жазбаларында жатыс септігі барыс септігі мен шығыс септігінің орнына да жұмсала алған. Кейінгі тілдік даму

барысында септік тұлғаларының мағынасы өзіне орныққан да, әр септіктің өзіндік білдіретін ерекше мағынасы тұрақталған.

Көне түркі тілінде жатыс септігінің қолдану аясы кең болған. Сондықтан да мәнмәтінде оның атқаратын қызметі мол болып саналады. Сөйлемде келу ыңғайы мен орнына қарай жатыс септігі мынадай қызмет атқара алады:

1. Жанама толықтауыш болады. Мұндай жағдайда жатыс жалғаулы сөз негізінен баяндауыштың алдынан келеді.

2. Мекен пысықтауыштық қызмет атқарады. Жатыс жалғауы белгілі кеңістіктегі орындалатын істің уақыты мен әрекеттің орнын көрсетеді.

3. Амалдық пысықтауыштық қызметте жұмсалады.

Байқап отырғанымыздай, қазақ тіліндегі жатыс жалғауының мағынасы мен көне түркі тіліндегі жатыс жалғауының мағынасы бір-біріне өте жақын. Бұның себебі түбі бір, тегі бір түркі халықтарының дүниетанымдық көзқарасының ортақтығында жатса керек. Әдетте тіл жүйесінде көлемдік мән мен мезгілдік мән астасып жатады. Сондықтан бұл екі мағына бір ғана тұлға арқылы көрініс таба алады. Жатыс септігіндегі сөздер сөйлемде өзге сөздермен тіркесіп келіп, меңгеру болады. Меңгеріле байланысқан жатыс жалғаулы сөздер көбінесе етістікпен байланыса алады. Сөз тіркесінің мағыналық қатынасын айқындаудағы жетекшілік рөл оның құрамындағы сөздердің лексикалық семантикасына тікелей қатысты болатыны белгілі жайт. Дегенмен бұл тіркестердің мағынасын айқындауда жатыс септігінің де мағыналық реңі болатынын айту және анықтау қажет. Жатыс септігін өзге септікпен алмастырсақ, объектінің бағытталған бағыты, мезгілі т.б. өзгеріп кетеді. Демек, жатыс жалғауы тек қана екі сөздің арасын байланыстырып қана қоймайды, оған белгілі бір дәрежеде мағыналық реңк те қоса алады деген сөз.

Шығыс септігі. Шығыс септіктің жалғаулары: *-дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен*. Шығыс септігіндегі зат есім мекендік мағынаны, қимыл-әрекеттің себебін, жанама объекті қимыл-әрекеттің арасындағы байланысты, заттың неден жасалғанын, бүтіннің бөлшегін, тура объектісін білдіреді және салыстыру мағынасында қолданылады. Мысалы: *қаладан, үйден, таңнан, басынан сипады, айқайдан қашады, еттен тамақ жасалынады, аюдан да күшті, тастан да қатты*. Бұл септіктің сұрақтары: *кімнен? неден? (қайдан?)*.

М. Томанов зерттеуінде: «Түркі тілдерінің өте ескі кезеңінде шығыс мәнін беретін арнаулы қосымша болды ма дейтін мәселеде бірсыпыра зерттеушілер шығыс септік қызметін Күлтегін мен Тонықұқ ескерткіштері тілінде жатыс жалғауы атқарғанын, шығыс септіктің арнаулы тұлғасы өте сирек ұшырайтынын айтады», – [36, 162] дей келе, бірнеше мысалдарды келтіре отырып, ондағы шығыс септігінің тұлғалық және мағыналық сипатын танытатын тың деректерді ұсынады. Шығыс септік қосымшаларының көне түркі жазбалары мен М. Қашқари еңбектерінде кездесетіні туралы мынадай пікір айтады: «көне түркі жазбаларында қысаң дауысты варианттары да (*-тын, -тін*), ашық дауысты варианттар да (*-тан, -тен, -ден*) кездеседі».

Бұл септік те тұлғалық және мағыналық сипаты жағынан қазақ тіліндегі шығыс септігімен жақын, негізгі қалыптасу және даму жолдары ортақ саналады. Шығыс септігінің сөйлемдегі атқаратын қызметтері мынадай:

- жанама толықтауыш болу;
- мекен, мезгіл, амал, себеп, мөлшер пысықтауыш болу;
- анықтауыштық пысықтауыш болу [36, 162].

Қазақ тілі мен көне түркі тіліндегі шығыс септіктерінің айырмашылығы қазақ тіліндегі шығыс жалғауының нұсқаларына ғана қатысты айтылады. Фузиялық заңдылыққа сәйкес, қазақ тілінде шығыс септігінің *-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен* деген нұсқалары жұмсалады.

Шығыс септік қосымшаларын көне түркі жазба мұрағаттары негізінде салыстырар болсақ, онда қазақ тіліндегі де, түрік тіліндегі де кейбір айырмашылықтарды аңғаруға болар еді. Айталық көне түркі жазбаларында шығыс жалғауының қысаң дауысты нұсқалары *-тын, -тін* кездесе, қазіргі салыстырылып отырған тілдерде мұндай тұлғалар мүлде кездеспейді.

Аталған тұлғаның этимологиясы туралы түрколог ғалымдардың пікірі негізінен бір арнаға саяды. Шығыс септігінің *-дан, -ден* тұлғасы жатыс септігінің *-да, -де* тұлғасы негізінде қалыптасқан. Ал кейінгі сыңары *-н* тұлғасы туралы әртүрлі ғылыми болжамдар бар. Яғни бұл *-н* тұлғасы қазіргі таңда өлі формаға айналған тәуелдік жалғауының формасы. Ол барлық септік жалғауларында сақталып қалған деген ғылыми болжамдар да бар.

«Шығыс септігінің негізгі беретін мағыналары: істің-әрекеттің шығар көзін, іс-әрекеттің таралған, ажыраған объектісін білдіру», – [36, 164] деп көрсетеді профессор М. Томанов. Шығыс септігіндегі сөздер сөз тіркесінде келгенде көлемдік мәнде жұмсалып, үнемі меңгеріле байланысады. «Кейде шығыс септік жалғаулы сөздер іс-әрекеттің пассив субъектісін де білдіреді», – [36, 164] дей келіп, көптеген тілдік деректер келтіреді.

Сонымен, шығыс септігі – көне түркі тілінен бері қолданылып келе жатқан кеңістік септіктердің бірі. Оның мағынасы мен тұлғасы аса көп өзгеріске ұшырай қоймаған. Қазақ тілі мен көне түркі тілдеріндегі тұлғалық және мағыналық сипаты бір-біріне жақын, ұқсас.

Көмектес септігі. Көмектес септіктің жалғаулары *-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен*. 1. Қазақ тілінде бұл жалғаулардың жуан нұсқасы жоқ. Көмектес септіктің *-мен* (кейде *-менен*) жалғауы көбіне, сөздің соңындағы дауысты, үнді (*р, е, м, н, ң*) және дифтонг *и, у* дыбыстарына жалғанады; 2. *-бен* (кейде *-бенен*) жалғауы сөздің соңындағы ұяң (*ж, з*) дауыссыздарына жалғанады; 3. *-пен* (кейде *пенен*) жалғауы сөздің соңындағы қатаң және ұяң (*б, в, г, д*) дауыссыздарына жалғанады [108, 156-157].

Көмектес септігі түркі тілдерінің көпшілігінде жоқ. Бұл тұлғаның мағынасын өзге тілдерде – *біле, бірлен, білен* шылаулары арқылы беріледі.

Қазақ тілінде көмектес септіктің болуы біздің тіліміздің тұлғалық және мағыналық жағынан дамығандығын көрсететін бір айғақ деп есептеуге болар еді. Бұлай деуіміздің бір мәнісі мынада қазақ тіліндегі *-мен, -бен, -пен* көмектес септігінің төркіні «бірлен» жұрнағынан туындап барып қалыптасатыны белгілі.

Яғни тілдің баяу дамуы барысында бұл жалғау қыпшақ тілдерінде, оның ішінде қазақ тіліне осы қалыпқа түскен.

Қазақ тіліндегі көмектес септігінің тарихи даму сипаты туралы профессор М. Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» атты еңбегінде жақсы аталып көрсетіледі. Автордың зерттеуі бойынша, «біле» шылауы қазақ халқы арасында ХІХ ғасыр аяғына дейін қолданылып келген кітаби жазба тілдің құрамында да кездескен. Көмектес жалғауының «мен» шылаулы түрі жергілікті диалектілерде де кездеседі деп көрсетеді ғалым аталған еңбегінде [36, 166].

Құралдық септіктің бір түріне жататын көмектес септігінің беретін мағынасы терең. Негізгі беретін мағынасы құралдық, бірлестік мағына болып саналады. Көне түркі жазба мұрағаттары тілінде көмектес септігінің тұлғасы - *ін*, -*ын*, -*н* түрінде болған. Бұл екі тұлғаның мағынасы бірдей болғанымен, тұлғалық, генетикалық жағынан бір-біріне жақын емес. Түркі тілдерінде тілдің кейінгі дамуы барысында -*мен*, -*бен*, -*пен* жалғауының қызметінің дамуы барысында көне түркілік -*ын*, -*ін*, -*н* жалғауы қолданыстан шығып, бірте-бірте мүлде ұмытылған. Көне түркі жазбаларында -*ын*, -*ін*, -*н* тұлғасымен бірге – *бірле* шылауы қатар жұмсалған. Кейін орта ғасыр жазбаларында оның әртүрлі сыртқы тұлғалары өзгерген нұсқалары да кездесе бастайды.

Түркітанушы ғалымдар А.М. Щербак [105] пен Э. Наджиптің [114] көрсетуінше, «Мухаббат-наме» жыры мен «Гүлстан-бит түрки» дастандарында тәуелдік жалғауының *бірле*, *біле* түріндегі нұсқалары бірдей жұмсала берген. Орта ғасырдағы жазба деректер тілін терең зерттеген ғалым А.М. Щербак ХІ-ХІІ ғасыр жазбаларында көмектес септігінің екі тұлғасы да қатар қолданыла бергенін ашық жазады [105, 89].

Қазіргі қазақ тілінде көне түркі жазбаларында болған -*ын*, -*ін*, -*н* көмектес септігінің бірлі-жарымды іздері сақталған. Бұл туралы М. Томановтың еңбегінде де айтылып өткен. Айталық: «*бірлі-жарым*, *тайлы-таяғы*, *іші-сырты*, *жарлы-жақыбай* т.б. сияқты мысалдардағы -*ы*, -*і* -*лы* тұлғалары осы аффикстің бүгінгі тілдегі көрінісі ретінде бағаланады». [36].

Қорыта айтқанда, профессор М. Томанов көне түркі тіліндегі септіктердің мағыналық және құрылымдық, тұлғалық сипаттарына қарай тарихи-салыстырмалы аспектіде талдау жасай отырып, септік жалғауларының көне түркілік тұлғасына, ескі қыпшақ тіліндегі тұлғасына мән береді. Ғалым септік категориясының морфологиялық және семантикалық дамуы екі түрлі грамматикалық категориямен тығыз байланысты қарастырады: тіл құрамында жалғаулардың пайда болып, молаюы және етістіктердің меңгеру қабілетінің өзгеріп, кеңеюі.

Бірінші тарау бойынша түйін

Профессор М. Томанов тарихи есім түбірлердің дамуын түбір синкретизмі негізінде анықтап, есім сөздер мен етістіктердің жіктелуінің ең негізгі себебін «фонетикалық ұқсас негіздердің тарихи дамуы барысында жасалған» деп бағамдайды. [36] Автор олардың жеке грамматикалық кластарға жіктелуі тілдің грамматикалық құрылысының дамуымен, соның нәтижесінде аффиксация

тәсілінің пайда болуымен байланысты деген тұжырым жасап, бір-біріне ұқсас сөздер ежелгі заманда дербес, бір-бірінен бөлек сөздер болмаған, тек мәнмәтін құрамында ғана бір-бірінен ерекшеленген синтаксистік элементтер болғандығын дәлелдейді.

Ғалымның түбірдің этимологиясын анықтауда мына факторларды маңызды деп есептейді: *қарапайымдану, морфологиялық ығысу, аналогия, халықтық этимология, дифференциация, сөз мағынасының өзгеруі*. Түркі тілдерінің түбірлер корпусын нақты анықтап, олардың қалыптасу жолдарындағы жоғарыда келтірілген факторларды саралай зерделеу болашақтың ісі деп есептейміз.

Профессор М. Томановтың еңбектерін зерделеген мақалаларды басшылыққа ала отырып және ғалымның ғылыми шығармашылығын қарастыра келе, төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

- М. Томанов бірінші рет қазақ тілінің тарихи грамматикасын жүйелеп жазды;

- қазақ тілі тарихын зерттеудің негізгі әдістерін көрсете отырып, оны кезеңге бөлу, қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орны сияқты мәселелерді тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан негіздеп берді;

- тарихи фонетика мен тарихи морфологияның негізгі мәселелерін мол тілдік деректер арқылы ашып көрсетіп, түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық құрылысының басты ерекшеліктерін айқындады;

- тілдің қазіргі морфологиялық құрылымын оның динамикалық дамуының жемісі ретінде танып, тілдік деректерді тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырып, түбір ретінде танылып жүрген көптеген сөздерді алғашқы түбірі мен қосымшаға ажыратып, тіл дамуындағы морфологиялық даму заңдылықтарын жүйелеп көрсетіп берді;

- бір буынды түбірлердің өзгеруіндегі басты ерекшеліктерді анықтады;

- түркі халықтарының өте кең көлемді мекенді жайлап, түркі тектес емес тайпалардың тілдерін ассимиляциялап, түркілік сипат бергенін дәлелдеді;

- түбір морфеманың семантикалық және грамматикалық жағынан дербес қолданылатындығын, әрбір морфема сөз құрамында белгілі бір семантикаға ие болатындығын тарихи тұрғыда дәлелдеді;

- қазақ сөз мәдениетіне қатысты өзіндік тұжырымдар жасап, кейінгі зерттеулерге жол салып берді;

- көне түркі жазбалары, Махмұт Қашқари, Қ. Жалайри жайында үлкен ғылыми зерттеулер жазды;

- ғасырлар бойы көркемдік өңдеудің нәтижесінде ұлттық тіліміздің сөйлеу мен жазу жүйелерінің кемелденгендігін дәлелдеді, жазба тіл туралы да келелі тұжырымдар жасады;

- тілдің бүгінгі дамуының да басты бағыттарын, әдеби тілдің басты даму шарттарын анықтады;

- әртүрлі кезеңдердегі әдеби шығармалардың мәтіндеріне, тілдік құралдарына талдау жасай отырып, әдеби тілдің, ұлттық тілдің дамуындағы негізгі факторларды атап көрсетті.

Профессор М. Томанов қазақ тіл білімінде алғаш рет тарихи фонетиканы жүйелеп, оның негізгі нысаны мен зерттеу әдістерін анықтады, қазақ тілі фонетикалық жүйесінің негізгі ерекшеліктерін көне түркі тілі материалдарымен салыстыра отырып, ашып көрсетті. Дауысты дыбыстар жүйесі мен дауыссыз дыбыстар жүйесін бөлек саралай келе, олардың даму ерекшеліктерін ғылыми сипатта дәлелдеп, түркі тілдеріндегі мынадай дыбыстық өзгерістерді көрсетті: сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырайтын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады.

Фонемалық мәні жоқ, сөз мағынасын ажыратуда ешқандай рөл атқармайтын дыбыстар сапалық жағынан тұрақсыз болып келеді. Қазіргі түркі тілдеріндегі жуан-жіңішкелікке негізделген нұсқалардың көпшілігінің жеке тілдер құрамында дербес мағынаға ие болғандығы соны дәлелдейді. Вариант сөздердің дербес мағынаға ие болып жеке атау ретінде қабылдануы, негізінен, жеке тілдерге ғана тән құбылыс ретінде танылады. Сондықтан да қазақ тіліндегі кездесетін мұндай жуан-жіңішкелі сәйкестіктер дыбыстық нұсқалар ретінде қала береді, әрі солай қарастырылады.

Профессор М. Томанов қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі дауыссыз дыбыстарды салыстыра отырып, мынандай нәтижеге келеді: қазақ тілі қыпшақ тобына жатады; дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар арасындағы негізгі фонемалық сипат танытатын дыбыстардың жалпы фонетикалық сапалық желісі ұқсас, бірыңғай.

Ғалым түркі тілдерінде түбірдің буын санының ұлғаюы өте ежелгі дәуірде, Орхон-Енисей жазбалары дәуіріне дейін-ақ әбден орныққан құбылыс екендігін айта келіп, түбір құрамына этимологиялық талдау жасаудың негізгі принципті жолы ретінде олардың құрылымында болған мынадай үлкен тарихи өзгерістерді атайды: 1) тарихи фонетикалық және 2) морфологиялық өзгерістер.

Профессор М. Томанов көптік жалғауы мен көптік категорияны тарихи және қазіргі тіл тұрғысынан терең зерделей келе, олардың морфологиялық; лексикалық және синтаксистік тәсілдер арқылы берілетінін анықтайды.

Тілдегі көптік жалғауының жалпы семантикалық сипаты мен олардың өзіндік мағыналық даму жүйесі бар және көне түркі тіліндегі көптік жалғауының тарихи сипаты қазақ тілінде сақталған деуге толық негіз бар.

Қазақ тілінің тәуелдік категориясы көне түркілік тұлғаларымен тұлғалық және мағыналық жағынан бір-бірімен өте жақын, шығу тегі мен тарихи дамуы ұқсас категориялар ретінде саналады. Алайда қазақ тілімен көне түркі жазбаларындағы тәуелдік тұлғаларын салыстырғанда мынадай өзгешеліктер кездеседі: 1) қазақ тіліндегі тәуелдік жақтың бірінші жағындағы *-ым, -ім, -м* тұлғаларының орнына, оның көне түркіше нұсқасы *-им, -имиз* тұлғалары жұмсалады; 2) екінші жақтағы *-ң, -ың, -ің* тұлғасының орнына *-ін, -ин* тұлғалары келеді; 3) тәуелдік жалғаудың үшінші жағындағы қазақ тіліндегі *-сы, -сі* нұсқасы онда болмайды.

Профессор М. Томанов септік категориясының морфологиялық және семантикалық дамуы екі түрлі грамматикалық категориямен тығыз байланысты

қарастырады: тіл құрамында жалғаулардың пайда болып, молаюы және етістіктердің меңгеру қабілетінің өзгеріп, кеңеюі.

2 М. ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ГРАММАТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Жоғары оқу орындарында М. Томановтың тарихи грамматикаға қатысты зерттеулерін оқытудың философиялық қағидалары

Педагогика тарихына көз жүгіртсек, білім мен тәрбие берудің жалпы тұжырымдамалық бағыттары философиялық қағидалардан бастау алғанын көреміз. Тәрбие мен білімнің рөлі мен мақсаты, адамгершілік идеалдары, құндылықтар, тәрбие мен қоғамның талаптарына сай дара тұлғаны дамыту мәселелерінің қай-қайсысы да ежелгі дәуірлерден-ақ философиялық зерттеулермен тығыз ұштасып жатады.

Зерттеу тақырыбымызға орай профессор М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты пәнді оқыту әдіснамасын айқындау үшін де дәстүрлі және заманауи философиялық еңбектердегі білім беру тұжырымдары мен білім берудің жаңа парадигмаларына байланысты теорияларды басшылыққа аламыз. Ол тәрбие, жеке тұлға, тұлға мәдениеті, әлеуметтендіру, тұлғаны дамыту, тәрбие мен білімнің құндылықтық бағдарлары секілді категориялармен тығыз сабақтастықта ашылатын болады. Өйткені бүгінгі білім мен тәрбиеге қатысты проблемаларды анықтау мен оның шешімін табу кез келген мәселенің мәнін философиялық тұрғыдан зерделеу арқылы жүзеге асады.

Ғаламдану кең қанат жайып отырған бүгінгі аласапыран уақытта жас ұрпақтың тарихи санасы мен ұлттық болмысын қалыптастыру, олардың рухани дүниесін байыту, философиялық мәдениетін өркендету аса маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Оған дәл қазіргі уақыттағы қоғамда теке-тірес болып отырған қайшылықтар мүдделі етуде. ХХІ ғасырдағы шығыс пен батыс философиясының компаративистік тәсілденуі ұлттық философияның ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылықты арттыра түсуде. Ол үшін ұлттық философияның бастауы болып саналатын түркі мәдениетіне, оның қайталамасы жоқ, өзіндік бағыт-бағдары айқын философиясының ерекшеліктерін тану көкейкесті мәселеге айналды. Руханият саласында орасан зор әрі басты мақсат – халық рухын, оның өзегі – ұлттық ой-сананы жаңғырту немесе қайтадан қалпына келтіру. Өйткені қаншама экономикалық және саяси жетістіктерге жеткенмен де, мәдени қайта өркендеусіз, тарихи жад пен танымның негізінде қалыптасып, өркениеттің биігіне көтеретін саналы білім болмайынша, ешқандай ел бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосыла алмасы анық.

«Ал қазіргі кезеңнің жағымсыз үдерістері алып келген сұрықсыздық, тұтынушылық психологиясы мен дарашылдық жас ұрпақтың санасына енбей қоймайды. Міне, сондықтан бұрынғы кісілікті, ізгілікті, қайырымдылықты, құтты, төзімділікті бәрінен жоғары қоятын халықтың санасы өзгерістерге, яғни трансформацияға ұшырауда. Сөйтіп, жаңа тұрпайы материалистік, прагматистік, тіпті, утилитарлық сипаттағы құндылықтар жүйесі қоғамдық санада беки түсуде. Мұндай теріс мағынадағы үдерістер Жер бетіндегі барлық халықтардың тағдырына қатысты екені байқалады. Қазақтар – сол тұтастықтың

бір бөлігі. Осыған орай қазақ халқының тағдыры абстрактілі мәселе емес, ол сол халықтың әрбір өкілінің, әсіресе, жас ұрпағының, оның ішінде ертеңгі ел иелерін тәрбиелейтін педагог мамандардың рухани деңгейімен, интеллектуаллық әлеуетімен, дүниетанымымен астасып жататынын айтуға болады. Ал әрбір тұлға бақытты болуы үшін халықтың ғасырлар бойы қордаланған даналыққа толы рухани байлығын игеруі тиіс және әлеуметтің әрбір ғылыми мәселесін жан-жақты әдіснамалық тұрғыда зерделеу – заманауи ғылымның қасиетті парызы», – деп көрсетеді философ Ә. Нысанбаев [115, 6].

Кез келген мемлекет айқын мәдени және рухани-адамгершілік бағдарсыз дами алмайды. Өйткені ертегі-аңыздар, эпостар мен тарихи жәдігерлер халықтың философиялық пайымдау жүйесінің өзегі болып, ұлттық тарихтың терең қойнауларында жинақталып отырады. Қазақ елі географиялық және әлеуметтік-мәдени жағынан қарағанда, Батыс пен Шығыс және ежелгі өркениетті Қытайдың қақ ортасында орналасқан. Бұл фактор қазақ халқының кешегі, бүгінгі және болашақтағы рухани болмысына, құндылықтар әлеміне және дүниетанымына әсерін тигізбей қоймайды. Ендеше, біз үшін рухани мәдениетті дамытудың экономика мен саясатқа қарағанда артықшылығы басымырақ. Дәстүрлі қазақ дүниетанымын осындай өркениеттік әдіснама бағытында зерттеу қомақты ғылыми нәтижелерге жетелейді. Сондықтан қазақ философиясы, қазақ тарихы, тілі мен әдебиеті бойынша зерттеулердің де, оны білім беру жүйесінде оқытудың да әдіснамалық, методологиялық негізі болып табылады.

Кеңестік дәуірден кейінгі уақытта қазақ және түркі философиясы арасындағы рухани-мәдени байланысты тереңдету мәселесі өзекті бола түсуде. Сонымен қатар, мәдени әртүрлілікке байланысты ХХ ғасырда кең дами бастаған философиялық ойлау мен пайымдаудың жаңа типтерін игеру қазіргі таңда маңызды болып отыр. Өйткені оларда демократиялық мәдениеттің, азаматтық қоғамның қалыптасуы, рационалдықтың жаңа тәжірибесі жинақталған. Бұл тәжірибе біздің ұлттық ерекшелігімізді ескеріп, ұлттық тіліміздің тарихын терең зерделеу үдерісінде ұлттық философиямыз бен ұлттық мәдениетімізді тірек ете отырып, тіл тарихы саласын өркендетуге теориялық-әдіснамалық негіз ретінде көмек береді, басқа мәдени кеңістіктермен тиімді сұхбаттық қатынаста болуға шақырады.

Біздің зерттеу нысанымызға алып отырған Мархабат Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты зерттеу еңбектері кеңестік кезеңде жазылғандықтан, онда ұлттық философиямен тікелей байланысты қағидаттар анық көрінбейді. Бірақ бүгінгі таңда ғалым мұралары сол тоталитарлық билік үстемдік еткен уақыттың өзінде тілдік фактілерге сүйене отырып, қазақ тілінің бастау негіздерін айқындап беруімен, тілдің жаратылысындағы өзгерістерді ғылыми дәйектеген ой-тұжырымдарымен бағалы, тілдің түркілік сипатын дәлелдеген пайымдауларымен маңызды. Сол себепті болашақ филолог-мамандарға ғалым еңбектерін арнайы қосымша оқу пәні түрінде ұсыну арқылы олардың танымы кеңейіп, өз тілінің тарихи даму жүйесін бағамдауына мүмкіндік беріледі. Оған қоса, және ең маңыздысы болашақ маманның рухын көтеріп, өз пәнінің ұлт болашағын тәрбиелеудегі рөлін түсініп, білім беру

үдерісіндегі кәсіби жауапкершілігін күшейтеді. Тіл тарихын оқытудың философиялық негіздерін айқындауда болашақ педагог мамандарға тіл мен тарихтың өзара сабақтастығын таныту арқылы олардың ойлау, сөйлеу, іздену мәдениетін дамытуға басымдылық беріледі.

«Жалпы, философияның өзі – адамдардың еркін ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ілім. Оның құрылымынан догмалық түрде қатып қалған көзқарастарды, түсініктерді іздеу – жаңсақтық. Ол үнемі ағып жатқан өзендей түрленіп жаңғырып отыруы тиіс. Тек тоталитарлық қоғамда ғана философияның аясы тарылып, белгілі бір идеологиялық қалыптардың ауқымдарымен шектеліп отырады» [115]. Әрине, ол дегеніңіз, белгілі бір іргелі ұғымдар болмады деген сөз емес. Қазақ дүниетанымы үшін ондай базалық негіз болған әмбебап ұғымдар бар екені белгілі. Мәселен, қазақтың дүниетанымдық және құндылықтық әлемі этикалық ұстанымдарды, негізінен, адамаралық қатынастарды өзектендіріп, биікке шығарып, оны барлық бағдарлардан жоғары қоятындығы анық көрсетіледі және осы ұстаным қазіргі зерттеулердің басымдық танытатын әдіснамалық қағидасына айналған. Сонымен, өзінің өткенін тану философиясы қазіргі заманауи білім берудің дүниетанымдық және әдіснамалық негізі болып табылады.

Әрбір этностық мәдениет қазіргі кезеңде өзінің төлтумалық мәдениетін сақтау үшін ұлттық бірегейлігін, даралығын білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударуда, сондықтан оны сақтауға, әрі қарай дамытуға жанталасуда. Шығыстық ділге сәйкес келетін ерекшеліктер мен батыстық өркениеттік сипаттардың жетістіктерін синтездеу арқылы еліміздің өзгешелігіне сай келетін ұлттық идеяны, құндылықтық бағдарды анықтау мәселесі тұр. Бұл мақсатқа қоғамды іштей рухани жағынан біріктіру, топтастыру, ешкімді көзқарасына қарап алаламау, сөйтіп, әрбір адамның әлемдегі өзіндік құндылығын бағалау, асқақтату сияқты теориялық іргетастарға әлеуметтік қатынастар негізделген жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Ол үшін ұлтты ұйыстыратын, жастардың тарихи санасын қалыптастыратын қайнаркөздерге ерекше мән беру керектігі өзектене түсуде. Осы орайда көне дәуірлерден тамыр тартып жатқан халық философиясы тарихын тілдік мұралар арқылы зерделеудің отандық білім жүйесі үшін маңызы аса зор. Өйткені өзінің жеке философиясы болмаған елдің дербес рухани тұрмыс пен өркендеуге мүмкіндігі болмайды, бөгде тектік факторларға тәуелділігі күшейе түседі. Ондай жағдайда философия жалаң теорияға емес, тарихи мұралар мен оларды зерттеуге арналған еңбектерге сүйену қажеттігі белгілі.

Ұлттық философия – жүйелі ілім, ал оның негізгі қайнарлары тарихи жәдігерлерден бастау алатыны белгілі. Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі халықтардың бірі қазақтар бірнеше ғасыр бойында ауызша әдіспен өзіне тән бай рухани мұра жасай білді. Дегенмен, сол бай тарихтың арғы тегінде жатқан түркі өркениетін жаңа дәуір талабы тұрғысынан қайта парықтап, саралай алу бүгінгі студенттердің, болашақ филолог мамандардың интеллектуалдық әлеуетін арттырудың басты факторына айналып отыр. Сол себепті диссертациялық жұмыстың осы тарауында

профессор М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты зерттеулері философиямен, руханилықпен сабақтастықта қарастырылды.

Тіл арқылы ғана өткенді тануға, бүгінді бағалауға, ертенді бағамдауға қол жеткізіледі. Тіл арқылы меңгерілетін білім тарихи мұраларда сақталған тілдік кодты ғана емес, мәдени, когнитивтік және эстетикалық кодтарды ашуға мүмкіндік береді. Ол, әрине, бірінші кезекте таныммен байланысты болады. Өйткені тіл – адам танымының, адам санасының туындысы. Танымды жалпы түрде адамның әлемге әлеуметтік, тарихи тұрғыдан дамыған қатынасы деп анықтауға болады. Мысалы, «Сонау ескі Еділ мен кәрі Каспийден бастап, бір күндерде бүкіл түркі халықтарының алтын бесігі атанған Алтайға дейін немесе заманның ұзақ сонары тоздырған аласара шөккен Орал тауының түстігінен бастап, атағы өзіне сай Хан-Тәңіріні (6995) – бүкіл әлемде белгілі биік, аспан ханына теңеген жерлерді иемденген ата-бабаларымыз болашағы бар ұрпағына өз заманынан ескерткіш етіп, атаусыз қалдырмауға тырысқан екен», – деп жазылған ғалым толғаныстарының сырына үңілдіру қажет. Бұл көне түркі ескерткіштерінің тілі туралы жазылған мәтіндермен жұмыста олардан тек ақпараттық мағлұмат іздеумен шектелмей, сол мұралардың халық тарихындағы маңызын ашуға басымдылық берілуі қажеттігін негіздейді.

Таным ғылыми және ғылыми емес деңгейлерде де жүзеге асырылады. «Ғылыми таным дегеніміз – жүйелілік, білімдердің негізділігі, ғылымның тілі, ғылыми зерттеулердің әдістері мен құралдары сияқты ерекше белгіге ие танымның түрі болып табылады. Ғылыми таным танымның әдістері мен формаларын екі түрлі деңгейде қолданады, олар: эмпирикалық таным әдістері, теориялық таным әдістері» [116, 113].

Студенттерге тіл тарихына қатысты деректерді түсіндіру барысында тіл мен адамзат танымының, оның ішінде ұлттық танымның мәселелері өзара бірлікте ұсынылуы тиіс. Бұл өз кезегінде теориялық және эмпирикалық таным әдістерін қатар қолдану арқылы өз шешімін табады. Студенттер өздік жұмыстарды орындау барысында ғалымның тіл тарихын зерделеудегі өзіндік принциптерін тану арқылы қазақ тілінің даму заңдылықтарын ажыратуға төселеді.

М. Томанов түбір сөздердің мағыналары мәнмәтінде анықталатынын атап көрсетіп, олардың мағыналарының ерекшелігі синтаксистік қызметімен астасып жататынын айтады. Мысалы, ғалым: «Кейінгі уақытта түркі тілдеріндегі есім, етістік түбірлерінің омонимдігі проблемалық мәселе ретінде жиі сөз болып жүр. Түбірлердің бұл ерекшелігі, көбінесе, мәнмәтін құрамында айқындалады. Етістік түбірдің есім мағынасы тұрақты тіркестер құрамында ұшырасады. Мұның өзі түбірлердің есім не етістік мәнінде жасалуы синтаксистік тәсіл арқылы ажыратылатынына дәлел» [36, 83], – дей келіп, сөздердің мәнмәтіндік мағынасына мән беріп, олардың мағыналық дамуын көрсетеді. Бір-біріне ұқсас сөздер ежелгі дәуірде әсте дербес лексемалар емес, қайта мәнмәтін құрамында ғана бір-бірінен ерекшеленетін синтаксистік элементтер сипатында болғандығын *ақ – ақ, көш – көш* сөздерінің мағыналық дамуы арқылы айқындайды. «Мұндағы «көш»– заттық мағынада, «көш» – қимылдық мағынада жұмсалатын синкретті тұлғалар. Ал олардың осындай

әртүрлі сипатта дамуы мәнмәтіндік қолданысына орай жасалғанын қазіргі ғылыми зерттеулерде терең талданып жүргені белгілі. Мысалы, *көш* сөзі арқылы жасалған *көшбасы*, *көші-қон*, *көш жер*, *көш бойы*, *көш құлаш*, *көш ілгері*, *көшіп-қону*, *көш-көлік*, *көшбасшы*, *көш-жәнекей* туынды сөздерінің синтагматикалық байланысы құрамындағы сөзжасамдық тұлғалардың семантикалық және тұлғалық сәйкестігі негізінде жасалған. Бұл атаулардың жасалуында ішкі валенттілік заңы сақталады. Аталған мысалдардағы атаулардың ортақ мағынасы – көшке қатыстылығы.

Әрбір атаудың өзіндік ерекше туынды мағынасы бар. *Көші-қон* туынды сөзінің мағынасы *көш*, *қон* сөздерінің семасы арқылы, *көшбасшы* сөзі – *көш*, *бас*, *-шы* сөзжасамдық тұлғалары арқылы т.б. уәждеделген. Яғни туынды сөздегі нақты ұғым құрамындағы сөздердің мағыналық сәйкестігінің негізінде жасалған» деген пікір білдірген [36, 111]. Ғалымның осы пікірін талдау арқылы студенттер тілдің тарихи кезеңдеріне сай эволюциялық даму мүмкіндігін түсінеді. Тілдің уақыт пен кеңістікке қатысын таниды. Тілдегі өзгерістер тек жұмсалымдық (функционалдық) мақсатқа ғана емес, бір тіл мен екінші тілдің арақатынасына, өзара ықпалдастығына тәуелді болуын саналы түрде игереді. Соның нәтижесінде тіл мен сананың, тіл мен ұғымның өзара бірлігі туралы ой түйеді.

Оқыту үдерісінде адамзат қызметінің басқа да салаларымен тығыз байланыстыру үшін интеграциялық білім беру маңызды рөл атқарады. Мұнда тіл, тарих, философия өзара кіріктіріліп отырылуы көзделеді. Өйткені кез келген ғылым тілсіз өмір сүре алмайды. Тіл – өміртанымның өзегі, қоғамның, тарихтың айнасы. Тілдің дамуы мен қоғамның дамуы – бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Кез келген тілдің сөздік қоры тұрақты болғанымен, сөздік құрамы үнемі даму үстінде жетіліп отырады. Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі мәні мен қызметін қоғамдық ғылымдарсыз, оның ішінде философия ғылымынсыз таныту мүмкін емес. Өйткені ұлттық сана, тарихи жад дамыған сайын соған сәйкес ұлт философиясы да, ұлттық тіл де дамып, жетілу үстінде болатыны белгілі. Осы аксиоманы студенттердің санасына сіңіру үшін түркі тілінің тарихына байланысты айтылатын сабақ тақырыптары үнемі философиялық қағидаларға сүйеніп отыруды қажет етеді.

Ғалымдардың пайымдауынша, «тіл туралы ғылымның қазіргі заманғы даму сатысына позитивті білімнен тіл туралы теориялық-әдіснамалық кең аядағы терең білімге өту қондырғысы тән. Өйткені бұрын сыртқы лингвистикалық факторлар ретінде қарастырылып келген экстралингвистикалық құбылыстар қазіргі лингвистикада интралингвистикалық (ішкі) құбылыстар ретінде қарастырылуда. Тіл туралы қазіргі ғылымдағы осындай жаңа интралингвистикалық мәселелер қатарына тіл мен мәдениет, тіл мен қоғам, тіл мен тарихтың арақатынасы мәселелерімен қатар тіл мен философияның өзара байланысы туралы мәселе де жатады» [116, 114]. Сол себепті тіл тарихын оқыту барысында білім берудің танымдық мақсатының бір нысаны ана тілі мен ұлттық философияның, тарихтың байланысына, сондай-ақ тіл мен философиядағы идиоэтикалық пен

әмбебаптыққа қатысты болып отыруы заңды. А.Ф. Лосевтің пікірінше, «кім грек тілін түсінсе, сол грек философиясын да түсінеді» [117, 46].

Тіл тарихын зерттеушілердің айтқан пікірлерін студенттердің өздік ізденіс жұмыстары арқылы дәлелдеуі олардың тіл туралы дүниетанымын қалыптастыруға және ізденімдік қабілеттерін, өз ойларын дәйектеу іскерліктерін қоса жетілдіруге негіз болады. Мысалы, тіл тарихын зерттеуге байланысты жасалған «Орхон жазуы Талас өлкесінен тараған», «жазу Монғол жерінде хандық құрған түңгюйлерге (түріктерге) Жетісудан тікелей барған», «Талас алфавиті шығысқа, батысқа, солтүстікке, оңтүстікке дейінгі түркілерге тарап, мың жарым жылдай өмір сүрген», – [25, 53] деген ғылыми пайымдауды одан әрі кеңейтіп, дәлелдеу үшін студенттерге ұсынуға болады. Мұндай тапсырманы берудегі басты мақсат: біріншіден, қазақ тілінің бастау көзі болып саналатын көне түркі ескерткіштерінің тілінің әлемдік өркениеттегі маңызына білім алушының өзінің көзін жеткізуіне ықпал ету. Екіншіден, қазақ тілінің сол түркі тілінің мұрагері екендігі туралы өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Үшіншіден, тіл мен тарихтың сабақтастығын таныту. Ал осындай тапсырмалар арқылы қалыптасатын дүниетаным студенттің философиялық мәдениетін жетілдіре түсетіні сөзсіз.

Ғалымдардың пайымдауынша, «ұлттың мәдениеті мен дүниетанымы тарихын толық қамту үшін, ең алдымен, оның «философиялық мәселе» екендігіне назар аударуы тиіс. Өйткені «ұлттың бүтін болмысын» немесе тұтас тарихын құру объективті шындыққа жүгінгенде және соған сай оны философиялық-логикалық тұрғыда меңгергенде ғана мүмкін («тарихилық принципі» – «принцип историзма»). Себебі тарихтағы барлық оқиғалар себепті-салдарлы. Оған жасанды конструкцияларды жапсыра алмайсың. Олай еткенде – «тұтас тарих» та өмірге келмейді. Ендеше, тарихшылар мен лингвистер тарихи мұраларды зерттеу барысында «тарихшы» немесе «тілші-ғалым» ғана емес, бір мезетте «философ», «логик», «мәдениеттанушы «археолог», «деректанушы», «анотом» және т.б. ғалымдар ретінде көрінуі тиіс» – дейді [118, 21].

Бұл, әрине, тіл тарихына қатысты материалдарды зерделеу мен оны білім жүйесіне енгізуде де толық ескерілуі тиіс талаптың бірі саналады. Тіл тарихын танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқыту болашақ маманның тарихи-тілдік санасын қалыптастыруға келіп саяды. Еліміздің дамуы, тарихы мен тағдырына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз ұлттық тарихи сананы қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек», – деп атап көрсетті [119, 1].

Тарихи жадтың сақталуына және қалыптасуына әсер ететін қайнаркөздер: өнер, мүсін, архитектура, музыка және ең бастысы көркем әдебиет, тарихи жазбалар, ұлттың тарихы. Міне, осы аталғандардың ішінде тарихи сананы қалыптастырып, тарихи жадты сақтаушы рөлді тарихи мұралар құрайды. «Тарихи жад тарихи деректерді, тарихи мұралар тілін салыстыру, талдау арқылы шындықты бейнелеуге, бағасын беруге тырысатындығымен құнды болады» [120, 136].

Жалпы ұлттық сана мен тарихи танымды қалыптастыратын халықтың тарихи мұралары екендігіне күмән жоқ. Ал, осы тарихи таным арқылы ұлттық сананы қалыптастыратын рухани құндылықтардың ең бастысы болып «мәңгі құндылықтар», яғни сол халыққа тән сан ғасырлық тарихы бар шынайы тарихи туындылар саналады. Тарихи танымның әлеуметтік бір функциясы ұлттық және тарихи сананы қалыптастыруға бағытталады. Философиялық тұрғыдан алғанда тарихи сана деген не? Тарихи сана әлеуметтік жад сияқты қарастырылады. Осы ұғым көптүрлі қалыптасқан немесе ғылыми формада құрылған өткенді бағамдаушы қоғамдық пікірге негізделеді. Тарихи сана басқа ұғымдардан өзінің уақытты қосымша өлшемдермен қарастыратындығымен өзгешеленеді. Сондай-ақ, тарихи сана қоғамдағы өткен кезенді, ондағы рухани жәдігерлерді әртүрлі қырынан қарастыруымен де айрықша сипатқа ие. Сондықтан тарихи жадсыз тарихи сана қалыптаса алмайды. Ал, білімнің ішінде ерекшесі – тарихи білім. Бұл үстірт деректерді білумен шешілмейді, сол тарихи деректердің ұлт тарихындағы маңызын, мәнін түсінуімен өлшенеді. Осы жерде бір анық мәселе тарихи сананың ерекшелігі өткен уақыт пен қазіргі кезеңдерді сабақтастыра қарастыратындығында. Бұл тарихи уақыт байланысы нені білдіреді және ол қоғамға не береді деген сұрақтарының туындауы заңды құбылыс. Жалпы тарихи сана тарих ғылымындағы бір ғана мәселе емес, әрбір қоғамдағы өмірде аса маңызды болып табылады. Тұрақты тарихи сана қоғамдағы тұрақтылықтың маңызды көрсеткіші саналады [121, 87]. Бұл, әсіресе, қазіргідей жастардың өз тарихы мен төл мәдениетінен жерініп, жатсыну жағдайында күрделі проблемаға айналып отыр. Сол себепті курс барысында М.Томановтың қазақ тілінің даму тарихын жіктеген материалдары танымдық тұрғыдан да, санақалыптастырушылық тұрғысынан да, интеллектуалдық әлеуетті дамыту тұрғысынан да студенттер үшін білім қорын толықтырады, кәсіби білігін жетілдіреді.

М. Томанов қазақ тілінің қалыптасу және даму жолдарын былайша көрсетеді:

- Түркі бірлестігіне дейінгі дәуірді іштей Алтай бірлестігі және Хун бірлестігі деп бөледі;
- Түркі бірлестігі дәуірі екі кезеңге ажыратылады: Көне түркі қағанаты кезеңі (V-X ғасырлар), Орта түркі кезеңі (X-XV ғасырлар);
- Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI-XVIII ғасырлар);
- Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғасыр) [36, 20].

Қазақ тілінің даму жолдарын жіктеген ғалым өзіндік ішкі қағидаларға, ұстанымға сүйенеді. Олар: біріншіден, *халықтың тарихы*, екіншіден, *тілдің құрылымдық заңдылықтары*. Тілдің даму жолдарын тілдік деректер арқылы түсіндірген М. Томанов өзі жіктеген әр заманның ерекшеліктерін тілдік құбылыстармен сабақтастықта дәйектеп отырады. Ғалым XI-XV ғасырлардағы тілдік жүйедегі өзгерістерді былайша көрсетеді: «XI-XV ғасырларда $\partial \backslash m \sim z \backslash c$ сәйкестігі жаңа сатыға көше бастады. Сөз ортасындағы ∂ дыбысын айтатын тілдермен қатар $\backslash y$ дыбысын айтатын тілдер қалыптаса бастады. Сөйтіп түркі тілдері тарихында белгілі, тілдерді жіктеуде еске алатын дыбыс сәйкестіктері

д\т ~ з\с~ й қалыптасады, енді түрі тілдері сөз ортасында қай дыбыстың айтылуына қарай *д\т тілдері, з тілдері, й тілдеріне* жіктеле бастайды» [36, 23]. Негізгі тілдік жіктелісті білдіретін осындай белгілерді көрсету арқылы автор аталған кезеңде жазылған ғылыми зерттеулерді де саралауға болатынын жазады. Осындай нақты талдаулардың білім мазмұнында қамтылуы студенттердің лингвистикалық және когнитивтік құзіреттіліктерін қатар қалыптастырады. Тарихи жадын тереңдетеді. Ол үшін мұндай жаңашыл тұжырымдардың өзіне дейінгі зерттеушілердің тұжырымдарынан несімен ерекшеленетіні туралы пайымдамалық талдаулар жүргізілуі тиіс.

Тіл тарихын оқытудың әдіснамалық тұғыры ретінде студентке тілді қай қырынан қарастырсақ та, оның түпкі мақсаты тілдегі тарихи, мәдени және когнитивтік кодтарды аша отырып, халық дүниетанымының ерекшеліктерін таныту болып табылады. Ұлт дүниетанымы – халық тарихы мен тілінің өзара бірлігін терең түсіну үшін аса маңызды тұғыр. Ол қоғамдық сананың барлық түрлерімен тығыз байланысты. Сондықтан оны зерделеп үйренбейінше, қазақ тарихи грамматикасын зерттейтін ғылымның маңызын, эволюциясын, ұлттық сана қалыптастырудағы өзіндік идеологиялық қызметін, рухани жетістіктерін, адамгершілік қағидаларын пайымдау мүмкін емес. Тамырын әрісі сақ, ғұн, берісі түркі дәуірлерінен тартып жатқан ұлттық тіл мен ұлттық философиямыз ғылыми құндылығымен қатар, жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттілікке жету жолдарын тікелей іздеуге ұмтылысымен, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді. Бұл жайында М. Орынбековтың «Ежелгі қазақтың дүниетанымы» атты монографиясында «қазақ жерінде көне заманда өткен сақтар, түркілердің дүниетанымдық негіздері, ой кешу үрдістері, озық философиялық ұғымдары тарихилық, сабақтастық тұрғысынан қарастырылып, оның біртұтас қазақ ұлттық сана-сезімінің мазмұнын құрайтындығы» жөнінде пікірлері айтылған [122, 53].

Мұндай көзқарастарды қалыптастырудың алғышарты ретінде және М. Томановтың тіл тарихына қатысты тұжырымдарының мәнін терең түсініп қабылдауы үшін, сонымен қатар білім берудің аксиологиялық сипатын арттыру мақсатында студенттерге қосымша оқу пәнінің кіріспе сабағында төмендегідей мәтін берілді:

«Түркі мәдениеті – ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан мәдениеттің жалпы атауы. Түркілердің алғашқы ата қонысы Шығыс Тянь-Шань мен Алтай өңірі болған. «Халықтардың ұлы қоныс аударуының» нәтижесінде қазіргі Қазақстан, Орта және Алдыңғы Азия, Шығыс Еуропа территорияларына кең таралып орналасқан түркілер қазіргі түркі тілдес халықтардың барлықтарының субстаты болып табылады.

«Түркі» деген термин тұңғыш рет 542 жылы аталады. «Түркі» этнонимі алғашқы кезде белгілі бір ақсүйектерден шыққанын білдірген (ғылымда этносқа қатысты «түркі» терминін қолдану қалыптасқан, біз соған арқа сүйейміз). Орталық Азияны мекендеген көптеген тайпалық одақтардан біріккен феодалдық мемлекет Түркі қағандығы өмір сүрген. Түркі қағандығының

әлеуметтік-саяси және қоғамдық өмірінде әскери істер аса маңызды орын алған. Түркілердің алғашқы көсемдерінің бірі Бумын қаған болған. Түркі қағандағы тұсында түркі тілінің өрісі барынша кеңіп, ұланғайыр өлкедегі негізгі тілге айналған. Түркілердің өз жазуы болған. Сол көне түркі жазбаларынан түркілердің дүниетанымдық көзқарастары, наным-сенімдері туралы көп мағлұмат алуға болады.

Көне түркілер аспан денелерінің қозғалысына карап ауа райын, жыл маусымдарының қандай болатынын күні бұрын анықтай алған. Көне түркілер геометрия, математика ғылымдарынан да хабардар болған, оны су жүйелерін салуға, күрделі ғимараттар, карауыл төбелер тұрғызуға, т.б. пайдаланған. Олар металды, түрлі минералдарды еріту әдістерін, шөптердің емдік қасиеттерін білген. Емдеудің неше түрлі әдістерін де жетік меңгерген. Ежелгі түркілер, негізінен, қос күшке – Көкке және Жерге сиынатын болған. Көк Тәңірінің рақымымен елді билеген қағандар «Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген» деп аталған. Ежелгі түркілер үшін Көк пен Жер-Судан кейін тұрған құдіретті күш әйел, ошақ басы құдайы Ұмайға табынған. Түркі халықтарының мәдениетінде персонификациялабаған, шексіз аспан әлемімен қатар аспан шырақтары, құтты мекен, от-суға да бас игенін білдіретін деректер кездеседі.

Түріктердің дүниетанымының бастау бұлағы, қайнар көзі – табиғат. Бұл, табиғатпен біте қайнасып бірге өскен, соның өзгерісін, құбылысын жіті бақылайтын көшпелілер әулетінің қоршаған ортамен тығыз байланысты екенін білдіреді. Көптеген салт-дәстүрдегі наным, тыйымдар осы табиғатпен біте қайнасудан туындаған ұғымдар жиынтығы болып саналады. Осы табиғатты жаратушыны «Тәңірі» деп танып, оның туындысы табиғатты аялау арқылы оған құрмет көрсетілген. Бұл үрдіс қазірге дейін осы халықтардың жалғасы боп саналатын көптеген халықтардың салт-дәстүрінде орын алған» [122, 14].

Бұл мәтінге талдау жасаудағы мақсат: тіл тарихына қатысты материалдардың неге түркі жазбаларымен байланыста беріліп отырғанының себебін ашу. Сол бағытта лингвофилософиялық талдаулар негізінде философия, тіл туралы ғылым және басқа да ғылым түрлері секілді пәнаралық кеңістікке шығу мүмкіндігін кеңейту, алдын-ала бағдар беру. Зерттеушілер «тілді талдаудың кеңдігі мен оның өмір сүру аясына байланысты тіл философиясында үш негізгі қондырғы-бағдарламаны бөліп көрсетеді:

Біріншісі – имманентті-семиологиялық, мұнда тіл «өзімен өзі және өзі үшін» қатынастар мен әр түрлі бірліктер жүйесі» ретінде қарастырылады. Бұл қондырғы структурализмде көрініс тапқан [123, 37].

Екінші қондырғы – антропологиялық, мұнда тіл адам мен оның әлемі контекстінде қаралады. Бұл бағыт жалпы тіл білімінің негізін салушы В. фон Гумбольдттың, неогумбольдшылар мен соған ұқсас концепциялардан көрініс табады [124].

Үшінші қондырғы – (тео) антропоғарыштық, мұнда тіл кең аяда – Құдай, адам, ғарыш кеңістігінде қарастырылады [125].

Тіл мен философияның байланысы тақырыбы гуманитарлық ойдың ең күрделі мәселелерінің бірі болып қала береді. «Ойшылдардың әрбір ұрпағы мәңгі сұраққа өз жауабын береді. Қандай да бір танымның бастапқы нүктесі тіл арқылы қалыптасқан әлем, жаратылыстанушы да, тарихшы да, тіпті философ та затты бастапқыда тіл қалай жеткізсе, солай таниды» [126, 26].

Соңғы жылдардағы зерттеулерде тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі мәні мен қызметін ғылыми тұрғыдан анықтауға қоғамтанушы ғалымдар – философтар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, әлеуметтік психология мамандары назар аудара бастады. Сондықтан тіл дамуына пәрменді ықпал ететін қоғамдық-әлеуметтік факторлар назарға алынды. Тіл мәселелерін дамудың негізгі мазмұнын құрайтын диалектиканың заңдарына сүйене отырып, философиялық таным тұрғысынан зерттеу аталған мәселені шешуде өз нәтижесін берді.

«Философия – қатып-семіп қалған ұғымдар жиынтығы емес. Ол – үздіксіз даму үстіндегі құбылыс. Оны әрбір философ, әрбір дәуір өз ерекшеліктерімен толықтырып, жаңа таныммен тереңдетіп отырады. Сондықтан қазіргі заманның ғалымдары мен зерттеушілері ғана емес, білім алушы жастар тарихтан нәр ала отырып, өзі де рефлексияға бара алмаса, онда ондай білім мен ғылым жалпылама абстрактілі үстірт түсініктердің жиынтығынан әрі аспайды. Ол мәнді ашуға, яғни, нақты білімге қол жеткізуге, үздіксіз даму үстіндегі күрделі процестердің мағынасын өз заманына сай ашуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан «тілдік, философиялық зерттеулерді олардың генезисімен, қоғам мәдениеті тарихымен тұтастықта қарастыру қажет. Ал, бұл проблема – мұхиттың тереңі сияқты түпсіз нәрсе» [118, 28].

Қазақ тілінің тарихи грамматикасына байланысты беріліп отырған қосымша оқу пәнінің білім мазмұнында қамтылған тақырыптардың қай-қайсысында да бүгінгі кемелденген қазақ тілінің тарихи даму жолын, сол тарихи эволюцияның сырын ашқан, дәлелдеген түркітанушы ғалымдардың еңбектерін, соның ішінде профессор М.Томановтың кейбір мәселелерде өзіне дейінгі зерттеушілердің тұжырымдарын жалғастырған, ал кейбір тұстарда қалыптасқан теорияларды түбірімен өзгертіп, жаңа арнаға бұрған концептуалдық маңызы зор ой-пікірлерін таныту мақсаты көзделді. Сол таным арқылы және өзіндік ізденістерге құрылған шығармашылық тапсырмалар, СӨЖ, СОӨЖ жұмыстары арқылы студенттердің өз тілі мен мәдениетінің тарихына құрмет сезімдерін қалыптастыру, кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін арттыру міндеттелді. Осындай бағыттағы білім ғана студенттердің тұлғалық қабілеттерін, дүниетанымын жетілдіретіні бағдарға алынды. Олардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін білімді сіңіруге басымдылық берілді.

Философиялық тұрғыдан алғанда, жеке тұлға –интегративті жүйе, шегенделген тұтастық. Алайда, жеке тұлғаны зерттеумен айналысатын ғалымдар бұл тұтастықтың «өзегі» бар деп мойындайды, олар оны «Мен -жүйе» немесе жай ғана «Мен» деп белгілейді. «Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері: оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде

қоғамдық прогрестің тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және өзіне тән ерекшелігінің көрініс табуы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады. Бұл орайда «адам», «жеке тұлға» деген ұғымдардың қатары «даралық» деген ұғыммен толықтырылу мүмкіндігі мол.

Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте, адамның мінезі мен темпераментінің ерекше белгілері (мысалы, салмақты-жігерлі және мақсатты адам), шығармашылық қызмет-әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді. Осылайша, болашақ филолог мұғалімнің даралығы оның терең білімдарлығы, педагогикалық көзқарастарының ауқымдылығы, өзі оқытатын пәнге деген ерекше қатынасы, шығармашылық қабілеті, тіл туралы өзіндік көзқарасы, дүниетанымы және т.б. арқылы көрінеді. Олай болса, қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуші М. Томанов пікірлерінің мәні мен маңызын жете түсінуге ықпал ететін басты фактор – танымдық қабілеттің дамуы. Танымдық қабілет өзінен-өзі қалыптаспады. Оның тууына мотивациялық тұрғыдан қозғау салатын басты түрткі – білімнің құндылықтың мән алуы. Таратып айтқанда, студент үшін алған білімінің фактологиялық немесе таза лингвистикалық сипатынан гөрі сол білімнің өзі үшін, ұлттың келешегі үшін қаншалықты маңызды екенін ұғынуы үлкен рөл атқарады. Сол себепті білімнің құндылықтық, руханилық бағдарын күшейту пәнді оқытуға философиялық тұрғыдан келуді қажет етеді.

Кез келген қоғамдағы ұрпақтар жалғастығы мәдени мұраларды игеру, қабылдау және шығармашылықпен дамыту арқылы жүзеге асады. Ол руханилықтың белгілі бір деңгейін меңгерудің нәтижесінде мәдениет субъектісінің өзіндік санасын жетілдіреді. Бұл бағытта тіл тарихына қатысты білімдер өз ұлттық ділімізге сай, халықтық-танымдық іргетасы берік ұғымдарды орталық негіз етіп ұстану қажеттігін бекітеді.

«Рухани құндылықтардың ұғымдық негіздері, қайнар көздері «руханилық», «тарих», «мәдениет», «адам» деген категориялармен астасып жатыр. Сондықтан рухани құндылықтар адамның шынайы болмысының нығаюына игілікті әсер ететін, тұлғалық дамуына өзек болатын, еркіндігін шығармашылықпен, жасампаздықпен көрсетуге мүмкіндік беретін Ақиқаттың нұрлы құбылыстары деп те аталады. Рухани құндылықтар адамның ішкі әлеуетін көтереді, рухани үйлесімділігіне әсер етеді» [127, 156].

Рухани махаббатқа адамның жалпы әлемге, тіршілік иелерінің барлығына, табиғатқа, өзінің тарихына, болашағына деген ықыласы жатады. Бұл деңгей – рухани дамудың биігіне көтерілген, білім мен талапты өздерінің рухани дамуының негізі деп түсінетін адамдарға ғана тән деңгей.

Қазақ тілінің тарихын жетік білмеуден туындаған өз тіліне салғырттық пен тәуелсіздік рухының арасындағы қайшылық бұл мәселені өте байыппен, бірақ ішкі серпілісі мығым жүйемен жүргізуді қажет ететіні белгілі. Сондықтан оның танымдық-руханилық мәнін әбден толымды түсіне білу керек. Бұл орайда хакім

Абай айтқан мына тұжырымға жүгіну шарт: «Адаспай тура іздеген хақимдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пенденің (адамның) қазығы - осы жақсы хақимдер, әр нәрсе дүниеде солардың истихражы (істеу, ойлау) бірлән рауаж табады. Хақимдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини (шын иман) болады. Бұл хақимдер... адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасы нәфиғлық (пайда беруші) болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дауа жоқ» [128, 138]. Дана Абай адамның алған білімінің көлемімен, көп оқығандығымен ғана ардақты емес, ол өз білімін үздіксіз толықтырып, жаттығып, логикалық ережелерді еркін меңгеріп, шеберлігі мен өнерін шындай түсуге тиісті деген ой тастайды.

Олай болса, жоғары оқу орны студенттеріне қазақ тілінің тарихи негіздерін меңгерту жаңа уақыт талабы тудырған қажеттілік болумен қатар халқымыздың тереңнен тамыр алып жатқан тілдік қағидаларын жаңғыртуға, білім берудің ізгілендіру, демократияландыру, гуманитарландыру тенденцияларын жүзеге асыруға, әлемдік білім кеңістігіне шығуға жол ашатын негізгі талаптарының орындалуына кешенді түрде мүмкіндік беретін оқытудың негізгі міндеттерінің бірі әрі қол жеткізілетін нәтижесі болуы тиіс.

Тұжырымдай айтқанда, тілдің тек қатынас құралы ғана емес, әр халықтың интеллектуалдық әлеуетінің, санасы мен дүниетаным деңгейінің көрсеткіші екендігін ескерсек, жоғары мектепте оқылатын тіл тарихына, теориясына қатысты пәндердің міндеті айқындала түседі. Бұл ұлттық философияның гуманистік-тұлғалық бағдарларын негіз етіп ұстанатын педагогиканың әрдайым тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру теориясына сүйенуді, оның әдіснамалық негізі етіп білім философиясын басшылыққа алуды талап етеді. Сонда ғана болашақ филолог маманның тұлға ретінде қалыптасуында тіл пәнінен меңгерген білімдері адами жағынан толысып өсуіне қажетті субъектілік мәні жоғары факторға айналмақ.

2.2 М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың психологиялық шарттары

Қандай бір пән болмасын оның оқытылу сапасы білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері мен жеке бас қабілеттерін дұрыс бағамдап, оларға берілетін білімді сол ерекшелікке сай етіп ұсынуды қажет етеді. Сол кезде ғана білім декларациялық сипаттан арылып, білім алушының өмір қажетіне айналады. Сондықтан бүгінгі студенттің, ғаламдану жағдайында ақпараттық кеңістікке еркін шыға алатын, білімді тек оқытушы беретін кітаптан немесе оқу материалдарынан ғана табумен шектелмейтін жас ұрпақтың табиғатындағы өзгешеліктерді айқындап алу қажет деп санаймыз.

Қоғам дамуының өтпелі кезеңдеріндегі күрделі жағдайға жастар душар болады. Өйткені «олардың дүниетану жүйесі қалыптасу үрдісінде, ал өзгермелі әлеуметтік ортаның әлі ресімделіп үлгермеген құндылықтар жүйесі мінез-құлықтың қажетті бағдар бере алмайды. Бұл үрдістегі студент жастар алып отырған орнына байланысты әлеуметтік-мәдени өзгерістердің әлеуетті әрі маңызды қозғалыс күші ретінде ерекше назар аударды қажет етеді. Студенттер

қазіргі уақытта жастардың анағұрлым серпінді, қабылдағыш бөлігі болып табылатындықтан, қоғамдағы кез келген өзгерістер оларға жылдам әсер етеді» [129, 39].

Алдымен назар аударатын мәселе – «студент» терминінің мәні. Бұл латын тілінен қазақ тіліне аударғанда «үздіксіз ізденісте жүретін, әрекет етуден жалықпайтын білім алушы» дегенді білдіреді. Өкінішке орай, қазіргі заманғы студенттер ортасындағы үш түрлі бағыттың өріс алып отырғанын айтуға болады. Оның біріншісі – мақсаты айқын, өзінің болашағын анық сезінетін, меңгеретін білімін өзінің де, мемлекеттің де мүддесіне жаратуға даяр, өзіне жоғары талап қоя алатын жігерлі, ізденімпаз топ. Екіншісі – жоғары оқу орнын сыртқы ықпалдардың әсерінен кездейсоқ таңдаған, әлі өмірден нені қалайтынын толық ажыратып болмаған, енжар топ. Үшіншісі – осы мамандықты өзі таңдамаса да, оқуға келіп түскеннен кейін ата-анасының алдындағы парызын жете түсініп, ендігі жерде олардың үмітін (оқу үшін төленетін қаржысын да) өтеу үшін бар күш-жігерін оқуға арнап, кәсіби білім алуға, жақсы маман болуға ұмтылған, еңбекқор топ. Дегенмен, қазіргі кезде білімге саналы қарайтын жастар үлесінің артып келе жатқаны шындық. Сондықтан біз бұл тарауда жалпы студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдің тарихи грамматикасын меңгерту жолдарын саралаймыз.

Психологтар студенттердің жас кезеңіне қарай олардың тұлғалық деңгейіне тән мындай ерекшеліктерді атап көрсетеді: «олар қарапайым, қалыпты немесе құрғақ сөзден гөрі абсолютті сезімталдыққа, оқу үдерісіндегі күрделі психомоторлы дағдыларды меңгеруге дайын болады. Басқа жастағылармен салыстырғанда бозбала жасындағылардың оперативті есі, кез келген нәрсеге жылдам зейін қоя білуі, вербальді-логикалық тапсырмаларды орындауға қызығушылығы айқын көрінеді. Осылайша бұған дейінгі кезеңдерде меңгерген білімдері мен біліктеріне сүйеніп, биологиялық, психологиялық және әлеуметтік үдерістерге тән «биік» нәтижелерге қол жеткізе алуымен де ерекшеленеді» [130, 112].

Өзгермелі дүние жағдайы жастардың оған жылдам бейімделуін қажет етеді. Мұндай талап студенттердің бойында кез келген мәселенің тетігін тез таба білуді, прагматикалықты, қызу эмоциялардан гөрі мәселенің байыбына барып, оны ақыл таразысына салып, пайдалысы мен қажетсізін айыра алуды қажет етеді. Бүгінгі студенттің өзін-өзі бағалау талабы да жоғары болуы тиіс.

Даралыққа ұмтылыс та олардың бойынан жиі байқалады. Білімділігімен ғана емес, өзгеше ойлау қабілетімен, басқаларға ұқсамайтын дара ойлар айта алуымен көзге түсуді қалайды. Осы ұмтылыс өзінің тегін, тарихын білуге қызығушылығын қаншалықты тудыра алса, алатын білімі мен білігінің алдағы өміріне қаншалықты пайдасы барын бағамдай алуы да оқитын пәнге, онда берілетін мағлұматтардың қажеттігіне деген сыни көзқарасты тудыра алады. Олай болса, қазіргі студенттерді декларациямен, жалаң ұранды пікірлермен «жаулап» алу мүмкін емес. Сол себепті оқытушының алдында, бір жағынан, студенттердің өз тарихын білуге деген құштарлығын ұштай білу, екінші,

жағынан, осы берілетін білімнің олардың болашақ кәсібіне, интеллектуалдық әлеуетінің дамуына ықпал ететінін сезіндіре алу міндеті қатар қойылады.

Жаңа заман студентінің басым бөлігі – өмірге бейім, ішімдік, темекі шегу, уақытын ысырап ету секілді жаман әдеттерден бойын аулақ ұстайтын жастар. Діндарлықтан да алыс емес. Олардың діндарлығы фанаттықтан гөрі имандылыққа, тазалыққа ұмтылуға бағытталған.

Түркітанушы М. Томановтың өз зерттеуінің нысаны етіп түркология, оның ішінде қазақ тілінің тарихи грамматикасын таңдауының себептерін, оның Кеңес кезеңінде әлемге танымал түркітанушылардың тұжырымдарына сыни көзбен қарап, бірін ары қарай дамытса, енді біріне қарсы пікір айтып, өзіндік көзқарасын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, тіл тарихын зерделеуде өзіндік соқпағын сала білген тұлға екендігін таныту үшін бүгінгі заман студентінің бойындағы осындай психологиялық ерекшеліктерді ескерген жөн.

Қазіргі ақпараттар тасқыны мол заманда өмір сүру талабы студенттердің ақпараттық технология құралдарын жетік меңгеруді қажет етеді. Сондықтан олар заманауи технологиялардың «құлағында ойнайды». Олай болса, студенттердің осы қабілетін де оқу үдерісінде кеңінен пайдалана алу қажет. Бұл қазіргі уақытта білген, меңгерген білімді тұсаукесер түрінде жинақтап, жүйелеп, көркем безендіріп беру дағдыларын қалыптастыру қабілеттерін қоса дамытып отыруды қажет етеді.

Студенттердің психологиялық ерекшеліктерінің бірі ретінде ақпараттық технологияларына тәуелділіктің арту салдарынан қазіргі заман жастарының бір-бірімен араласу ниетінің төмендеп бара жатқанын да ескеріп отыру қажет. Білімнің саналы ұғындырылуы жастардың өзара бірлесіп ізденіс жасаулары арқылы арта түсетіні белгілі. Сол себепті студенттерге өздік жұмыс түрлерін орындатуда олардың теориялық білімдерін, қатысымдық біліктерін көпшілік алдында дербес, жұптық, топтық жұмыс түрінде қорғау дағдыларын дамытуды өзектендіре түседі.

Қазіргі оқу үдерісі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «дайын білімді беру» сынды сыртқы ықпалды білдіретін жұмыстар мен тапсырмалардан құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдарға негізделгенде ғана белгілі бір деңгейге жетуге болатынын дәлелдеп отыр. Оқу үдерісі студентке бағытталып, оқыту антропоцентристік идеяларға негізделетіндіктен, үйрену/үйрету әрекеттері біртұтастыққа құрылған қарым-қатынастан тұрады. Бұл қарым-қатынас оқытушы мен студент, студент пен студент, студенттердің өзара бірлескен топтары арасында жүреді. Оқу мен оқыту, үйрену мен үйрету осындай қарым-қатынасқа негізделген жағдайда, олардың нәтижесі мен маңызы да осы қарым-қатынасқа тәуелді болады.

Жоғары оқу орындарындағы студенттерге білім берудің интербелсенді әдістерін жан-жақты зерделеген А.Қ. Әлімовтің пікірінше, бүгінгі күні білім беру жүйесінде мәселені былайша қоюға болады: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге /үйретуге болады» [131, 94]. Олай болса, жоғары мектепте оқу үдерісінің негізін интербелсенді

әдістемелер құрауы керек, яғни сабақ үдерісінде интербелсенді технологияларды кеңінен қолдана білу қажет. Зерттеулерге сүйенсек, дамыған елдердің жалпы білім беру ұйымдарында интербелсенді технологиялар оқу үдерісінің негізін құрап, ең басты үйрену технологиясы болып есептеледі.

Интербелсенді оқыту жолдарын тиімді пайдалану студенттер жүйелі ойлау арқылы өздігімен үйрену, ақпаратты таңдау, түсіну, қолдану, оның негізінде жаңа ақпарат құрастыру және оны бағалау дағдыларын қалыптастырады. «Бұл дағдылар болашақта білім алушыларды бүгінгі күні тіпті де болжауға мүмкін болмайтын проблемалардың шешімдерін табуға жетелейді» [132, 131-132].

Біздің студенттерге ұсынатын білім мазмұнымыз негізінен тарихи материалдарға негізделгендіктен, сол білімді студенттердің ұғымына сай етіп, қажеттігіне көз жеткізе отырып оқытуды қажет етеді. Бұл олардың дүниетанымын кеңейту амалдарын жүйелі қолдануға келіп саяды. Адамның дүниетануының алғашқы баспалдағы түйсік болып табылатындығы психологиялық еңбектерде көрсетіліп жүр. Өйткені нақты пайымдау, шындықты бейнелеу жайындағы мәліметтердің бәрі адамға осы баспалдақ арқылы жетеді. Сондықтан психологтар «адам түйсік арқылы заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерін, сапаларын білетін болса, қабылдау арқылы зат немесе құбылыстың тұтас бейнесін көреді» деп есептейді [133, 152].

Жоғары оқу орнында оқыған кезеңінде студенттің теориялық білімін қалыптастыруға байланысты жүргізілетін жұмыстардың, берілетін тапсырмалардың мазмұны олардың жас ерекшеліктерімен қатар жеке ерекшеліктері, яғни түйсік, қабылдау, зейін, қиял, ой, еспен байланысты болуы тиіс. Білім мазмұнында қамтылған тарихи деректер, салыстырмалы сипаттағы білімдер студенттердің білімін толықтырып қана қоймайды, рухани жағынан да өсіп, болашақ мамандығына сай кәсіби тілде жүйелі әрі мәдениетті сөйлеу дағдыларын меңгертуді қоса көздейді. Психологтардың пайымдауынша, қабылдау адамның ой, сезім, ерік, түйсік т.б. психикалық үдерістермен тығыз байланыста болады. Ойлау – ақыл әрекетінің ең жоғарғы сатысы. Ойлау арқылы адам өзі қабылдаған, байқаған елестің, құбылыстың шындыққа қатысын анықтайды. Сондықтан да П.И. Иванов: «Ойлау – ақиқаттың адам санасындағы жинақталған көрінісі», – [134, 229] дейді.

Студентке берілетін білімдердің олардың ойына қозғау салуы маңызды. Өйткені ойлау – оперативті әрекет. Сол себепті студенттердің ойлау әрекеттерінің кешенді түрде жүзеге асырылуына назар аударылады. Ойлау әрекеттері : салыстыру, талдау және синтез, дерексіздену (абстрагирование), жалпылау, нақтылау (конкретизация), топтастыру (классификация) және жүйелеу. Осы ойлау әрекеттері арқылы студенттерге тілдің даму жолдары, ондағы тілдік құбылыстардың өзгеруіне себеп болған жағдайлар туралы туралы ұғым беріледі. Өйткені адам баласының барлық әрекеті – еңбегі де, оқуы да, сөйлеуі де ойлаумен тығыз байланысты. Ойлаусыз адамның іс-әрекеті нәтиже бермейді. Болашақ филолог мамандар үшін осы ойлау әрекетіне негізделген түрлі тапсырмаларда алдыңғы орынға шығарылатын маңызды

талаптың бірі олардың сөйлеу тілін, оның ішінде кәсіби лексикасын дамыту болып саналады. Белгілі тілші ғалым А. Ысқақовтың «қазақта «ойлай білмеген адам, сөйлей де білмейді» деген мақал бар. Бұл мақал ойлау мен сөйлеудің бір-бірімен тығыз байланысты екеніне айғақ. Шынында, ой тілге негіз болса, тіл ойға арқау болады... Олай болатын себебі – адамның ойы тілдегі сөздер арқылы, тілдің грамматикалық заңдары арқылы жарыққа шығады», – [135, 16] дейді. Сондықтан М. Томановтың зерттеулеріне арналған қосымша оқу пәні оқу материалдарын меңгертуде студенттердің ойлау операцияларын орындау арқылы олардың сөйлеу шеберліктерін қоса дамытуға көңіл бөлінеді. Бұл екінші жағынан студенттердің пәнді меңгеруге деген оқу мотивациясын да тудыруға ықпал етеді. Бұл орайда студенттердің түркологияға, қазақ тілінің грамматикасына тән термин сөздерді, ұғым атауларын сауатты қолдану дағдыларын дамытуға, оларды дұрыс қолданып, өздері игерген білімі мен біліктіліктерін жетілдіруге ерекше назар аударылып отырды.

Студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескеру мәселесінде олардың болашақ мамандығына қатынасы да маңызды фактор ретінде алынып отырады. Әдетте, жоғары оқу орнына түскен студенттің бойында өзінің күші мен қабілеттеріне деген сенімділік күшейіп, алдағы күндерінің жарқындығына үміті арта түседі. Ал II және III курстарда жоғары оқу орнын, мамандығын дұрыс таңдадым ба деген сұрақ көп мазалайды. III курстың соңына қарай өзінің таңдаған бағытының дұрыстығына сенімі артады немесе, керісінше, қателескенін сезіне бастайды. Оған жоғары оқу орнындағы оқу тәртібі, оқыту жүйесі, жекелеген оқытушылардың талаптары әсер етеді.

Психологтар «жоғары оқу орнындағы пәндердің кәсіби жазбасын (профессиограммасын) дайындағанда олардың студент психикасына қатысты талаптарға үш деңгейде жауап беретінін ескеруді қажет деп санайды. Олар: 1) өте қажетті; 2) салыстырмалы түрде қажетті; 3) қалауына қарай. Электив пәндердің білім мазмұнын анықтағанда осы профессиограммды қолдану жақсы нәтижелерге әкеледі» [136, 26]. Көрсетілген профессиограмма талаптары тұрғысынан қарағанда, біз ұсынып отырған тіл тарихына қатысты, оның ішінде отандық түркологияның дамуына байланысты оқу материалдары болашақ филолог маманды тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, оның елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру жағынан да жағымды білім болып саналады деп санаймыз. Өйткені бұл қосымша оқу пәні студенттерге білімнің тереңдетілуі тұрғысынан жаңа фактілер мен тың деректер, түйінді тұжырымдар арқылы олардың тілге саналы көзқарастарын қалыптастыру көзделеді.

Тіл менен адамның психикалық дамуы тығыз байланысты, тіл адам психикасының дамуында белгілі қызмет атқарады. Сол себепті психологтар тілде айтылғанды, сөзді қабылдау, ұғыну үдерісін, қарым-қатынасты қамтамасыз ететін адамға тән әрекет түрі ретінде, яғни «тілдік ойлаудан» ауызша және жазбаша сырттай сөйлеуге өту үдерісі деп есептейді [137, 40]. Іштей сөйлеу мен сырттай сөйлеудің өзара байланысы, сөйлеу механизмдері, қарым-қатынастың ауызша және жазбаша формалары, түйсік және қабылдау, ойлау және сөйлеу, қиял және ес секілді психикалық үрдістер мен зейін, ерік,

қабілет т.б. секілді жеке тұлға қасиеттерінің дамуы тілге қатысты. Ғылыми еңбектерде көрсетіліп жүрген сөйлеудің аталған түрлері бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Сондықтан студенттерге берілетін тапсырмаларда олардың жазбаша тілі мен ауызша сөйлеу тілін өзара бірлікте дамыту мақсаты қойылып отырады. Бұл сөйлесім әрекетінің ғалым Ф.Ш. Оразбаева негіздеген бес түрінің: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесімнің ішкі логикалық бірізділігі мен кешенді қамтылуының нәтижесінде жүзеге асады [138, 198].

Алайда жазба сөз – ауызша сөзге қарағанда өзгеше психологиялық негізі бар айрықша тіл функциясы. Жазба сөз – өте қиын, саналы, әдейі бір мақсатпен жұмсалатын тіл формасы. Сол себепті жоғары мектепте студенттерге тарихи грамматика мәселелерін оқытуда психологтардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, олардың ойлауы, сезімі мен түсінігі, байқауы мен қабылдау түйсіктерін, ойы мен қабілетін ескеріп отыру басты назарға алынды. Сонда ғана студенттердің әдеби тілде жүйелі сөйлеулерінің психологиясы мақсатты түрде қалыптасатын болады.

Ғылыми еңбектерде көрсетіліп жүргендей, ұлттық психология мемлекеттік тілді жетілдіру, дамыту саясатына негізделеді. М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың психологиялық негізі ертеңгі маманның болашаққа немқұрайды қарамай, өз ісіне сүйіспеншілікпен, ынтамен кірісіп, тарихи грамматиканың теориялық мәселелерін терең түсіне білу қабілетін дамытуға бағытталды. Б.Г. Ананьевтің пікірінше, «студенттік шақ – адамның негізгі әлеуметтік қабілеттерінің дамуына өте қолайлы кезең. Жоғары білім студенттің психикасының дамуына, оның тұлғалық қабілеттерінің дамуына ерекше әсер етеді. Егер осы кезеңде оған жақсы мүмкіндіктер жасалса, онда студенттің психикасының барлық деңгейлері дами түседі де, олардың ойлау қабаттарын тереңдетіп, кәсіби мүмкіндіктерін жан-жақты меңгеруіне оң ықпал етеді» [139, 50].

Қазақ тілі тарихи грамматикасының мәселелерін оқыту барысында студенттер бойында ұлттық сана, ұлттық діл қалыптастыруда отандық психологтар Ж. Аймауытов, М. Мұқанов, Қ. Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, Т. Тәжібаев, А. Темірбеков т.б. белгілі психолог ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Өйткені студенттер – қоғамның болашағына жауапты әлеуметтік топ өкілдері. Сондықтан олардың бойына ұлттық рухты сіңіру білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Әсіресе, жаһандану жағдайында әлемдік өркениетті елдермен терезесі тең маман дайындау, алдымен олардың бойына мемлекетшілдік сананы қалыптастыруды қажет етеді. Зерттеушілердің пайымдауынша, «Студенттерді зерттеу оларды мемлекеттің келешегінде интеллектуалды әлеуеті болып саналатынын ескеріп, үнемі жанарып отыратын динамикалы әлеуметтік топтың өкілдері ретінде тану, сонымен қатар жаңа буынның өмір сүру үлгісі мен оны тәрбиелеуді жетілдірумен байланысты. Осы топтың дамуынан Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси келешегі қандай болады деген сұраққа жауап табуға болады. Біздің еліміздегі әлеуметтік-біліми жағдайдың өзгеруі, жасұрпақтың әлеуметтік-кәсіби тұрғыдан білім алуындағы жаңа үрдістердің пайда болуы студент жастардың әлеуметтік топ

ретіндегі мәселелерін зерттеу қажеттілігін арттырды. Олардың қазіргі деңгейін интеллектуалды-игіліктілік жағынан саралау мен құндылықтық бағдарларын ұғынуға деген қажеттілік туындап отыр» [140, 43].

Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінде тарихи грамматика мәселелерін оқытудағы негізгі мақсат – оларға тіл теориясын меңгерту барысында тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылымының қазіргі кезге жету жолын тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы түсіндіре отырып, тілдің тарихи дамуы жайында теориялық материалдарды сапалы меңгерту. Жоғары мектеп әдістемесіне арналған Ж. Сүлейменованың «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясында: «Оқытуда нәтижеге жетудегі басты мәселе – студенттің жеке ерекшеліктерін, оқу-танымдық іс-әрекетін психофизиологиялық қырынан зерттеп білу, ал белсенді оқу әрекетінің нәтижесі – ғылыми-теориялық білім қалыптастыру. Бұл үдеріс оқу материалын ұғыну, оны тәжірибеде дұрыс қолдана білу, ойлау операцияларының жинақтау, талдау, салыстыру, дерексіздендіру, жалпылау түрлерінің бірлескен қызметі негізінде жүзеге асады. Оқу әрекеті, негізінен, студенттің білімді игеруі, меңгеруі болса, екіншіден, оқытушының өз шәкіртінің білімге ынта-ықыласын оятып, белсенділігін көтеріп, дүниеге саналы көзқарасын қалыптастыру жолындағы әрекетінің тоғысы болып табылады», – [141, 98] деп көрсеткен. Олай болса, оқыту студент бойында білім, дағды, іскерлікті қалыптастыру мақсатында оның психикасына әсер ету болып табылады. Соның негізінде студенттің ғылымға деген көзқарасы, жеке тұлға ретінде дамуы, болашақ мамандығына сай дамуы, жетілуі жүзеге асады. Ғалымның пікірінше, оқыту жүйесінде қандай да болмасын пән мазмұнын логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізу және сол арқылы білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту, жетілдіру ең негізгі жайт болып табылады. Әрине, студенттердің ойлау деңгейі бірдей болмайтындығы да белгілі. Өйткені білім алушылардың әрқайсысының білімге деген қызығушылығы, ынтасы, қабылдауы, ойлауы, түсінігі түрліше болады. Оның үстіне адамның көңіл күйі де оның ойлау қабілетіне әсер етеді.

Жоғары оқу орындарында студенттердің тілін дамыту әдістемесін қарастырған Ж. Балтабаева ойлау белсенділігі адамды шығармашылық әрекетке жетелейтіндігін, ал ондай әрекет қиялдың өте күшті дамуын қажет ететіндігін, ал қиялдың дамуы тілдің дамуына да қатысты екендігін айта келіп, «студенттердің сөйлеу әрекетінде қиялдың орны ерекше, өзіне, студенттік өмірге, қоғамға қатысты мәселелер бойынша әңгіме ғана емес, пікірталас, ойбөліске қатысып, өздерінше тұжырым жасап, талқылауға белсене қатысады, оқыған шығармаларындағы оқиғаларды одан әрі дамытып, мәтін құрастыру, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыру, бейнеленген заттар, оқиғаларды ойша жалғастырып әңгімелеу, мақал-мәтелдердің мазмұнына қарай мәтін құрастыру т.б. жұмыстар тіл дамытуды жетілдіру мүмкіндігін кеңейтеді. Өйткені студенттің іс-әрекеті – мақсаттылық, шешімділік, тұрақтылық, дербестік, белсенділік, өзін-өзі ұстау секілді қасиеттерге негізделген», – деп көрсеткен [142, 42]. Олай болса, студент теориялық білімді меңгеруде де

ойлана отырып талдау жасауға, өз бетімен ізденуге, ойын жинақтап, қорытынды жасай білуге дағдылануы қажет.

Ал тілдің дамуы мен ойдың бірлігі мәселесі философия, психология тұрғысынан ерте танылғаны белгілі. Сондықтан тілдік білімнің тереңдетілуі нәтижесінде студенттің де тілі мен ойлау қабілеті теңдей дамытылатыны – ғылымда қарастырылған мәселе. Қазір бұл мәселе тек ойға ғана қатысты емес, одан әлдеқайда кең ауқымда қарастырылып жүр. Мәселен, Е.А.Баринаова тілді дамытудың жолдарын жетілдіріп, күрделендіре отырып, бүкіл тіл дамыту жүйесінде білім беру мен тәрбие беру мәселесі бірге шешіледі деп санайды, Ол оқушы тілін дамыту арқылы оның қабылдау, ес, ойлау, адамгершілік, эстетикалық сезім, мінез-құлық, ерік жүйесінде өзгерістер тудыруға болатынын дәлелдейді. Білім алушының тұлғалық дамуында тіл дамытудың әсерін өте жоғары бағалай келе, өз пікірін былайша қорытады: «Сөйлеу табиғаты туралы мәселе тек ойлаумен ғана емес, сондай-ақ білім алушының санасы мен қызметінің бүкіл құрамымен тікелей байланыста болып, ал сөйлеу мәдениетінің дамуы жеке тұлғаның санасын тәрбиелеудің, мәдениетін дамытудың жалпы тәсілдерінің біріне айналып, олардың сөйлеу мәдениетінің міндеттері «жалпы тәрбиелік мәнге» ие болады» [132, 15].

Ойлау әрекеті салыстыру, талдау, біріктіру, жүйелеу әрекеттерімен тікелей байланысты. Бұдан психикалық функциялардың дамуы студенттің теориялық мәселелерді қалай түсінуіне қатысты екені анық байқалады. Осы ретте зерттеуші З. Бейсенбаеваның «Түсіну – күрделі де ұзақ үдеріс. Студент әр құбылыстың мәнін, заңдылығын біртіндеп түсінеді. Яғни оқыту әдістемесіндегі психологияның мақсаты – студенттің материалды саналы түсінуінің, қабылдауы мен ойлауының жолын табуға көмектесу» деп көрсетеді [143, 65].

Шындығында да, студенттік кезеңде олардың социогенді мүмкіншіліктері дамып, байқағыштық деңгейлері жетіледі. Өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін көрсетуге, көп білуге ынталанады, ізденеді, сөйтіп, олардың барлық психикалық қасиеттері дамиды. «Пәнге деген қызығушылығы артады, таңдаған кәсібіне оң пікірі, дағдылары мен білігі, ақыл-ой қызметін тиімді ұйымдастыру қабілеті мен өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби тұрғыдан өз бетімен білім алу дағдыларының жүйесі қалыптасады, жоғары білікті мамандарды болашақ кәсіби қызметіне даярлауға қойылатын талаптарға неғұрлым сәйкес келуіне қол жеткізеді. Бұл өз кезегінде кәсіби маңызды сапалардың жетілуіне әкеледі» [144, 71-75]. Сондықтан студенттің оқу әрекетіне оқытушы басшылық жасай отырып, олардың өз бетімен ізденіп, жүйелі білім алуына мүмкіндік жасауы керек. Осы ретте тұлғаның психологиялық және дара ерекшеліктері – іс-әрекет үстінде танылатынын, ал тұлға деген индивидтің іс-әрекетке араласуының нәтижесінде пайда болатын болатын жаңа сапалық өзгеріс екені ескерілуі қажет. Тұлғаның дамуы оның іс-әрекетіне байланысты. Іс-әрекеті арқылы тұлғаның білімі қалыптасады. Білімнің қалыптасуында күнделікті оқу үдерісінде қалыптасатын кәсіби-интеллектуалдық біліктердің рөлі үлкен.

Психолог М. Мұқановтың пікірінше, қоршаған дүниеде заттар көп, олардың ұқсастығы да, айырмашылығы да бар. Оларды ажырату үшін ой іске

қосылады, байқағыштық қасиет дамиды. Заттардың ұқсас жақтарын бір ұғымға жатқызып қабылдау әрекеті пайда болады. «Заттар, құбылыстардың ұқсас жақтарын, біріншіден, бір ұғымға жатқызып, топтастырып отыру қабылдау кезінде тәртіпсіздікпен күресуге мүмкіндік беретінін, екіншіден, тиісті нәрселерді ойша тәртіпке келтіру үшін нендей қасиеттер мен құбылыстар нәрсенің қандай түріне жататынын білу қажет, үшіншіден, біз бәлендей заттың салмағын, көлемін ұзын не қысқа екенін өлшемей-ақ шырамыта алмасақ, онда ортамызға бейімделу қиынға соғар еді», – [145, 5] деп санайды. Бұл пікір тіл тарихын оқыту үдерісінде профессор М. Томановтың әрбір тілдік құбылыстарға қатысты айтқан пікірлерінің маңызын дұрыс сараптау үшін оның ойларын өзге зерттеушілердің пайымдамалырымен салыстырып отырудың қажеттігін көрсетеді. Ол, әсіресе, ғалымның ғылыми жаңалықтары мен өзіне дейінгі зерттеушілердің пікірінің арақатынасын зерделеуге, тілдік құбылыстардың тіл дамуындағы орны мен рөлін жете түсінуге оң ықпалын тигізеді.

3. Бейсенбаева жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың психологиялық ерекшеліктерін саралағанда қандай құбылысты болмасын түсіну, қабылдау үшін оның мәнін, ерекше белгілерін, қайнар көздерін, оның басқа құбылыспен байланысын, қоршаған ортадағы орнын саналы түрде білу, меңгеру екендігіне тоқтала келіп, «құбылысты саналы түрде түсіну үшін оны қоршаған ортамен себеп-салдарлық байланыста қарастыру қажет. Осы байланыс көбірек және жан-жақты орнаса, түсінік терең де толық болатыны күмәнсіз,» – [143, 65] деп, студенттің жаңа материалды меңгеруінде осыған дейінгі меңгерген білімін пайдаланудың артықшылықтарын ескерткен. Бұл пікір студенттерге профессор М. Томановтың тарихи грамматикаға қатысты тұжырымдарын оқытуға да қатысы бар. Қазақ тілі тарихи грамматикасын оқытудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, тарихи грамматика курсы – тілдің қазіргі күйге, сыпатқа жету эволюциясын тарихи-салыстырмалы әдіспен түсіндіретін тіл білімінің саласы. Олай болса, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінде тарихи грамматиканы оқыту барысында студенттер тілдің қазіргі күйге, сыпатқа жету эволюциясын тарихи-салыстырмалы түрде түсіне білулері қажет. Өйткені білім алушылар тілдің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму жолын тарихи тұрғыдан түсініп, қабылдаса ғана оқу үдерісі нәтижелі болады.

Қабылдау арқылы адам ойын тіл арқылы білдіреді, өйткені ойлау, қиял сияқты күрделі психикалық үдерістер түсіну мен қабылдаудың негізінде дамиды, есте сақталады. Бұған Н.А. Степановтың: «Қабылдау – бұл заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен бөлшектерінің сезім органдарына тікелей әсер етуде олардың жиынтығының айқындалуы», – деген сөзі дәлел болады [146, 41]. Тілдің қай саласы бойынша да теориялық мәліметтерді қабылдаудың маңызы зор. Өйткені қандай да болмасын заңдылықты түсіну үшін оның мәнін, ерекшеліктерін, басқа құбылыстармен байланысын ажырата білу керек. Тілден теориялық материалдарды есту, түсіну, ұғыну арқылы дұрыс қабылдау белгілі қызмет атқарады. Сондықтан сабақта оқытушы студенттің берілген мәліметтер мен ақпараттарды, тапсырмаларды дұрыс қабылдауына зер салуы маңызды.

Зерттеушілердің көрсетуінше, білімнің қалыптасуында бір-бірімен байланысты компоненттер болады. Оның біріншісі – жоғарыда аталған оқу материалын қабылдау. «Қабылдау тиімді болу үшін: мақсаттылық, саналылық, игерілетін білімнің тірек білімге негізделуі, жаңғыртылуы, студенттің білімге қатысты материалдарды көзбен көріп, құлақпен естіп, көңіліне тоқуына жағдай жасау қажет. Екінші компонент – оқу материалын ойша өңдеу, жүйелеу. Игерілетін білімнің сапасы студенттің белсенді ойлауымен (талдау, салыстыру, тұжырымдар жасау) тығыз байланысты. Үшінші компонент – игерілген білімді іс жүзінде қолдана білу. Ол үшін теориялық білім практикалық әрекетінің негізі екендігін білуі тиіс. Төртінші компонент – білімді бекіту. Бекітудің ең тиімді жолы – практикада қолдану» [147, 11]. Бұл білім берудің барлық сатыларындағы оқыту жүйесіне ортақ талап. Сондықтан студент те өзінің белсенді ойлау қабілетіне сүйеніп, талдап, қорытынды шығара білуі және оны ауызша да, жазбаша жүйелі жеткізе білуге үйренеді. Сонда ғана оның түсініп қабылдаған білімі нәтижелі де берік болады. Бұл жерде жоғары мектеп студенті мектеп оқушысы емес, ол – әлеуметтік дағдылары толысқан, болашақ жолы мен мамандығының ерекшелігін түсінетін, өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға екенін ескеріп, тапсырмаларды, білім мазмұнын күрделендіруге, олардың ізденімдік сипатын арттыруға болады.

Оқыту және басқа да іс-әрекеттердің бәрі адамның зейініне қатысты екендігі психологиялық еңбектерде айтылып жүр. Өйткені зейін қойып тыңдау – дұрыс ұғуды, мәселені терең түсінуді қамтамасыз ететін факторлардың бірі. Зейіннің оқыту ісіндегі маңызына ғалымдар ертеден-ақ мән берген. Ғалым К.Д. Ушинский зейіннің екі түрін ажыратқан, олар: «пассив және актив зейін» [148, 121]. Ол баланың жасына қарай пассив зейінді қолдана отырып, актив зейінді дамыту керек деген.

Ал белгілі ғалым Қ. Жарықбаевтың зейінге қатысты: «Адамға тән әрекеттің кез келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы мүмкін емес. Зейін – адамның өз психикасын ұйымдастыра алу қабілеті. Дәлірек айтқанда, зейін дегеніміз – айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу», -деген тұжырым жасаған [149, 61]. Ғалым К.Д. Ушинский көрсеткен зейіннің екі түрін ырықты, ырықсыз зейін деп атаған: «Сыртқы дүниенің кез келген объектілері кейде ырықсыз-ақ біздің назарымызды тартады. Мысалы, көшемен кетіп бара жатып, бояулы затқа көзіңіз түссе, оған мойын бұрасыз. Не жақын жерден шыққан милиционердің ысқырғанына жалт бұрылып қарайсыз т.б. Осылардың бәрі ырықсыз зейінге жатады» [149, 63].

Ырықты зейін, керісінше, адамның мақсатты түрде бір мәселеге әдейі зер салуы болып табылады. Қ. Жарықбаев оны ырықты зейінге «әрекетті жоспарлы түрде ұйымдастыру» деп анықтама береді. Оның, әрине, ересек адамдарға көбірек тән екеніне назар аудартады. Олай болса, студенттің зейінін сабаққа тартудың жолын іздеу оқытушының міндеті екендігі сөзсіз. Ол негізінен сабақтың тартымды ұйымдастырылуына байланысты, әрі студенттерді сабаққа қызықтыра білуге тікелей қатысты. Өйткені адамды еліктіріп, өзіне тартқан

нәрсенің бәрі қызығудың объектісі болып табылады. Қызығудың физиологиялық негізі – «Бұл не?» дейтін рефлекс.

Қызығушылық – мотивтің бір түрі. И.П. Павлов қызығуды «адам жанын жадыратушы, ми қыртысында іс-әрекет жағдайын туғызушы фактор» деп атаған [147, 48].

Қызығушылық өзінің мазмұны мен бағытына қарай *материалдық, қоғамдық, танымдық, кәсіптік* және т.б. болып бөлінеді. Осы қызығулардың әрқайсысы өз алдына бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, танымдық қызығушылық оқудың, ғылымның түрлеріне қатысты болады. Сондықтан тарихи грамматиканы оқыта отырып, студенттерді оның сан алуан қырларына қызықтыра білу, оған зейінін аудару оқытушыдан үлкен шеберлікті қажет етеді. Осы ретте зерттеуші З. Бейсенбаева өз еңбегінде студенттердің рухани қызығуын туғызу үшін сөзжасам пәні бойынша бірнеше жұмыс түрлерін көрсеткен. Сол жұмыстардың көпшілігінің тарихи грамматиканы оқытуға да қатысы бар. Енді олардың кейбіреулеріне тоқталайық. Мысалы, студенттердің оқуға деген қызығушылығын дамыту үшін тақырып бойынша жарияланған мақалалармен, ғылыми еңбектермен, олардың мазмұнымен таныстыру, оқыту қажет. Ғылыми жарияланымдармен жұмыс барысында студент:

- тақырыпқа қатысты әртүрлі мағлұматтармен қаруланады;
- тақырыптың ерекшелігін, қолданылу аясын, ішкі заңдылықтары мен мүмкіншіліктерін білуге, ойды білдірудің озық үлгілерімен танысуға қажетті білім алады;
- тіл байлығы молаяды, ғылыми-кәсіби лексикуаны меңгереді;
- ғылыми ойлау қабілеті артады;
- өз ойын түрлі тілдік амал-тәсілдер арқылы жеткізу қабілеті ширайды;
- көпшілік алдында өз пікірін өтімді жеткізу жолдарын меңгереді;
- аудиториямен қарым-қатынас жасау әдебін меңгереді;
- сұраққа ұтымды, дұрыс жауап беруге төселеді.

Сонымен қатар, тіл тарихынан хабардар ету мақсатында ғалымдар мен ойшылдардың, ақындар мен жазушылардың тілге байланысты айтқан толғамдарын, көркем образ үлгілерін оқыту да тиімді. Бұл студенттің өз тіліне деген көзқарасын, сүйіспеншілігін қалыптастырады; мазмұны терең оқу материалдары студенттің тілге деген қызығушылығын, ынтасын арттырады; проблемалы оқыту студенттің танымдық мақсатқа жетуіне мүмкіндік жасайды. Бұрынғы игерген білімдері мен жаңадан алған білімдерінің арасында байланыс болу үшін студент алған білімдерін бір-бірімен сабақтастыруға мүдделі болады. Оның жолдарын іздестіреді, ақыл-ой деңгейі артады.

Мотив тудырудың бір шарты – жағымды психологиялық жағдай туғызу. «Бұл тікелей оқытушыға байланысты. Студентпен қарым-қатынасында оқытушы тарапынан әдептілік, зейінділік, ықыластылық, тілектестік, шыншылдық, табиғилық, қарапайымдылық сезімдері көрінуі тиіс, студенттің жеке басын сыйлау, онымен санасуы қажет» [143, 73-74].

Бұл талаптарды М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытуда қолдану маңызды. Өйткені тарихи грамматика бойынша студенттердің

қызығушылықтарын арттыратын ғылыми еңбектерді талдау, оқытудың жаңа әдістерін қолдану арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Тарихи грамматика бойынша студенттерге теориялық білім берудің сапасы олардың қызығушылықтарын туғызатын жұмыстарды жүйелі ұйымдастыра білуге тікелей байланысты. Себебі студенттердің тиянақты да жүйелі білім алуға дағдылануы олардың психологиялық жағдайына, яғни қызығушылығына, білімдеріне, тәжірибелеріне қатысты. Сөйтіп, студенттердің белгілі ғалым еңбектері арқылы тарихи грамматика бойынша теориялық білімдерінің дамуы, жетілдірілуі оның танымдық қызығушылығына негізделгенде, білім сапасының артуына мүмкіндік жасалатыны анықталды.

Психикалық үрдістердің бірі сол білім саласы бойынша ұғым қалыптастыру болып есептеледі. Ал ұғым сөзбен тікелей байланысты, өйткені сөз – ұғымның сыртқы көрінісі. Сол себепті сөз арқылы адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасайды, басқаға белгілі ұғым туралы хабар береді. Психологтардың пікірінше, ұғым адам санасында жасына қарай тәрбие мен оқытудың әсерінен және оның өзіндік әрекеті үдерісінде дамиды. Оның үстіне, студент психологиясы да әртүрлі, біреулері оқытушы ұғындырғанды тез ұқса, кейбіреулері қабілетті бола тұра баяу қабылдайды. Сондықтан оқытушы студенттерге теориялық білім беруде олардың психологиясымен санаса отырып, жұмыс жүргізсе, тіл дамыту да, тәрбие ісі де нәтижелі болады.

Жоғары мектептегі оқыту ісінде де естің атқаратын қызметі ерекше. Ойды білдіруде адам өзінің есіне сүйенеді. Бұл жайында В.Г. Киселева былай дейді: «Қысқамерзімді және ұзақмерзімді жад негізінде дами отырып, жедел жадтау механизмі шетелдік сөйлеу әрекетін тек ойлау операциялармен бірге ғана табысты қамтамасыз етеді. Демек, жедел жадты дамытуға бағытталған жаттығулар талдау мен синтез операцияларын дамытумен бір мезгілде жүзеге асырылады» [150, 8]. Олай болса, ес – ойлау мен сөйлеуді қамтамасыз ететін құралдың бірі. Олардың арасында тығыз байланыс бар. Ойлаудың бір түрі ретінде жад онымен тығыз байланыста болады. Кез келген оқу қызметінде жадтың мәні зор. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жад сөйлеу әрекеті кезінде өзара байланысқа түсе отырып, сөйлеу әрекетіне қызмет ететін ақпараттың жедел бірліктеріне (жедел жадқа) айналады. «Сөйлеу әрекетінде жад пен ойлау бірлесіп кетіп, бірінен біріне ауысып отырады. Бұл ауысулар кейде сөйлеу әрекетінде қайсысы жадқа, ал қайсысы ойлауға тиесілі екенін анықтау қиынға түсетіндей қалыпта болуы, байқалмай өтіп жатады» [150, 9].

Адамның естігенін есте тұтуы, есте сақтауы туралы терең тұжырымдарды ұлтымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың қара сөздерінен де кездестіреміз. Ақын естің мәнін ашатын «ұмытпастық себептер» деген психологиялық атау енгізген. Абай өзінің 31-қарасөзінде: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек. Үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек», – дейді [151, 50].

Дана Абайдың бұл айтқандары арада қанша уақыт өтсе де, өз құнын жоймай келеді. Оның себебі, біріншіден, адамның есте сақтау қабілетіне қатысты айтылған бұл тұжырымда сырттан естілген ақпараттың тыңдаушының ой-санасына орнығуына дейінгі әрбір кезең өте тиянақты және өте дәлелді жүйеленген. Екіншіден, оқырманының қабылдауына соншалықты жақын әрі түсінікті етіп жеткізілген. Ақынның көкірек деп отырғаны – оның өмірлік ұстанымының тірегі болып саналатын жүрек мекені. Жүректен шыққан сөздің ғана жүрекке жететінін айтып отыр. Айтушының сөзін дұрыс қабылдау үшін оның тыңдаушысының да жүрегі ашық болуы керектігін түйіндейді. Екінші кезеңінде тыңдаушы өзінің тапқан жаңа білімін, соны тұжырымдарын қуанып, қабылдауы керектігі айтылады. Өйткені адам өзі тұшынып, бар ықыласымен қабылдамайынша, айтылған немесе жазылған дерек, тұжырым қанша құнды болса да, оның көкейіне қонақтамақ емес. Үшінші кезекте естіген нәрсені қанша қуанып қабылдағанмен, оны өз ойына тұрақтандыру үшін сол ұғымды әлденеше рет қайталап, ойда жаңғыртып отырмаса, ол жадтан өшіп кетеді. Төртінші кезекте «уайымсыз-салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бірнәрсеге құмарлық пайда болу секілді ой кеселдерін» адамның қалыптасуына ғана емес, жалпы ғылым-білім атаулыны азғыратұғын нәрсе деп бағалауы Абайдың адам жанының терең иірімдеріне бойлай алған қабілет-қарымын көрсетеді. Данышпанның бұл пікірінің мәні ешқашан төмендемек емес. Мұндай пікір, әсіресе, тіл тарихына қатысты курс материалдарының қай кезеңінде де үнемі назарда болуы шарт. Бұл – бір. Екінші жағынан алғанда, оқытушының да өз пәніне үлкен жауапкершілікпен қарауын, берген оқу материалдарының оқушы жадына жету мәселесінің ішкі мүмкіндіктерін барынша дұрыс бағамдауын қажет етеді. Теориялық тақырыптарды жаңаша құруға, оқытудың инновациялық технологияларын барынша орынды қолдануға қол жеткізілген жағдайда ғана «қызықсыз» білім болмайтыны анық.

Ес адамның қабылдау, ойлау, қиял секілді психологиялық құбылыстарымен де тығыз байланысты. Ол, әсіресе, ойлау үшін аса қажет. Мәлімет есте дұрыс сақталмаса, ол ойлауға қиындық келтіреді. Ж. Аймауытов: «...еске түсіру өнері дегеніміз – ойлау өнері... Байланыстардың мәнісі – ойлау деген сөз», -деп тұжырым жасайды [152, 77]. Естің нәтижелі болуы қайта білімді, ойды жаңғыртуда өте айқын көрінеді. Ол есте сақтаудың да, ойда ұстаудың да нәтижесі болып есептеледі. Қайта жаңғырту дегеніміз есте қалғанды жай механикалық қайталау емес, ол материалды ойша қайта өңдеу, баяндау, оның негізгісін айқындау, меңгерген материалды жаңа қырынан түсініп ұғыну деңгейіне жету болып саналады. Бұл, әсіресе, тарихи материалдарды жүйелі меңгертуде ескерілуі міндетті деп саналады. Өйткені белгілі ғалым Н.Уәлидің анықтауынша, «айтылымды, мәтінді қабылдаушы (реципиент) мәтінде, айтылымда кодқа салынған тілдік, тілдік емес ақпараттарды ашу арқылы сөйлеушінің коммуникативтік діттемін, мақсатын, аңғарады»[153,9]. Баяншы мен тыңдаушының/оқырманның арасындағы байланысты қамтамасыз ететін ең басты тетік – когнитивтік, эстетикалық кодтар. Олар тыңдаушы мен оқырманның ойында реакция тудырып, жаңа білім

қорын құрауға негіз болады. Сол себепті білім жинақтауда оны аталған екі код тұрғысынан игеру талап етіледі

Қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытуда студенттердің байқау немесе аңғарымпаздық қабілетін дамытудың да маңызы зор. Білім алушылар тарихи грамматика заңдылықтарын, ерекшеліктерін түсініп, ажырату үшін оларды байқауға, байқағыштыққа үйреткен абзал. Байқау дегеніміз – белгілі мақсат пен объектіні арнайы назар сала қабылдау. Сондықтан студенттерге белгілі бір нысанды байқату үшін уақытқа қоса, сол материалдың «ішіне енгізетін» кодтарды бере білу маңызды. Қазіргі кредиттік жүйеде әрбір пәннің кешенді жоспарында әрбір тақырыпқа қатысты мерзім көрсетіліп отырады. Сол белгіленген уақыт ішінде олар әр тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттермен мұқият танысады. Осындай ізденімдік жұмыстары арқылы студенттер мәтіндегі негізгі мен қосалқыны ажыратуға, теориялық мәтіндердегі ерекше нысандарға зейін қойып, зерттеп түсінген материалдары жайында өз ойларын жүйелі жеткізуге машықтанады.

Заманауи білім берудің талаптары бойынша оқыту үдерісінде студентке білімді дайын күйінде қабылдатып, іскерлік, дағды қалыптастырумен шектелмеуі тиіс, оқу болашақ маманның ақыл-ойын, шығармашылық қабілетін ұштап, өздігінен білімін жетілдірудің амал-тәсілдерін меңгертуді көздеуі қажет. Осыған орай, Қ. Жарықбаевтың «Ұжымдағы ортақ істің табысты болуына, психологиялық үйлесімнің орнауына мүмкіндік беретін психологиялық жағдай», – деген пікірі бар [154, 73]. Мұнда оқытушы мен студенттердің, студент пен студенттің өзарасындағы түсіністік қарым-қатынас та басты рөл атқарады. Жоғары білім алу кезеңі, ғалымдар айтып жүргендей, адамның әлеуметтендірілуінде ерекше рөл атқарады. Ал әлеуметтендіру – белгілі бір қоғамдық жағдайда адамның жеке басының қалыптасу үдерісі, сондықтан оқыту үдерісінің міндеті – тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және қалыптастыру болып табылады.

Оқыту әрекеті студентті білім, дағды, іскерлікпен қаруландыру, тілін дамыту, сол арқылы оның ішкі дүниесінің кеңеюіне әсер ету, кәсіби дамуына мүмкіндік жасау мақсатын көздейді. Осы тұрғыда ғалым Ж. Сүлейменова «...оқыту үдерісі студентті өз бетімен сыни ойлауға, ізденуге, ғылыми жетістіктердің мәнін түсінуге, игерген білімін өмір тәжірибесінде қолдана алуға, яғни рухани шығармашылық әдісіне үйретуі тиіс» деп есептейді [141, 14]. Ал бұл жұмыстардың барлығы да студенттің пән бойынша жүйелі де сапалы білім алуына игі ықпал етеді. Өйткені ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеу студенттің білімін толықтырады, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Ал біздің жағдайымызда қазақ тілінің тарихи грамматикасынан теориялық білім бере отырып, теориялық білім негізінде студентті шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру және болашақ мамандығына сай кәсіби тілде дұрыс сөйлеуге дағдыландыру – басты меже. Кәсіби тілде шебер сөйлеу оңай іс емес, оған қойылатын талаптар да бар: «Маманның ауызша сөйлеуіне қойылатын өзіндік талап болады. Оның сөзі стилистикалық

және логикалық жағынан аяқталып қана қоймай, эмоционалды-бейнелі, ғылыми тұрғыдан дәлелді және әсер ететіндей болуға тиіс. Кәсіби сөйлеу қасиеті практикалық тәжірибе барысында қалыптасып қана қоймайды, өзіндік реттеуді және сөйлеуді жетілдіруге ұмтылуды талап етеді» [155, 489].

Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды дайындау үдерісінде студенттің теориялық білім негіздерін меңгере отырып, өз беттерімен ізденуі – жүйелі білімнің кепілі. Сондықтан студенттердің жеке басының мүмкіндіктерін ескере отырып, танымдық ерекшеліктеріне көңіл бөлінуі тиіс. Олай болса, жоғары оқу орындарындағы басты міндет – студенттерді маман ретінде қалыптастыру, дағдыландыру.

Сөйтіп, жоғары мектепте тарихи грамматика пәнін оқыту мәселесін психологиялық тұрғыда талдағанда, студенттердің қабылдауы, қызығушылығы, есте сақтауы, ойлауы секілді үдерістер басты рөл атқарады. Ал қажетті білім, дағдыны меңгеру студенттердің сөйлеу әрекетін белсендіруді керек етеді.

Психологиялық еңбектерде көрсетіліп жүргендей, қазақ тіл білімінің қай саласы бойынша да студенттердің кәсіби ынтасын қалыптастыру үшін бағдарламаға сәйкес теориялық материалдарды меңгертуде олардың өз беттерімен ізденіп, шығармашылық жұмыстарға дағдыландырудың мәні үлкен.

Қорыта айтқанда, жоғары мектепте М. Томанов негізін қалаған қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытуда студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескеру басты талаптың бірі болып саналады. Студенттердің болашақ кәсібіне қажетті білім, дағдыларын қалыптастыруға қажетті жағымды ахуал орнықтыру, олардың білімді түсініп, қабылдау, ұғыну, түйсіну әрекеттерін жүйелі түрде жетілдіріп отыру арқылы оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыруға болады.

2.3 М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың педагогикалық негіздері

Қазіргі таңда кең қанат жайып отырған әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайы отандық білім беру саласында орныққан дәстүрлі педагогикалық тұғырнамалық негіздерді де қайта парықтап, озық дәстүрлерді саралап, өркениетті елдер тәжірибесіндегі жаңашыл бағыттарды анықтауды, мүмкіндігі мен қажеттігіне орай оларды өз оқу үрдісімізде пайдаланудың жолдарын қарастыруды талап етуде. Бірақ бұл басқа жұрттың озық үлгісі екен деп сол қалпында көшіре салмай, сол үлгіні өз оқу жүйеміздің ерекшелігіне, оқыту талабымыз бен күтетін нәтижелерімізге қарай бейімдеп қолдану арқылы ғана өз жемісін бермек. Өйткені қанша артықшылығы болса да, өзге мәдениетке тән заңдылықтарды күштеп, ықтиярсыз көшіріп алудың пайдасынан залалы көп болатыны белгілі. Әсіресе, халықтың ділімен, ұлттың тарихымен байланысты білімді меңгеруде әлемдік үлгілерді аса талғап қолдану қажет. Дей тұрғанмен, болашақ мамандардың білімді өздігінен игеруіне жол ашу, оқу жүйесін кредиттік оқу талаптарымен ұштастыру мақсатында отандық озық дәстүрлер мен өркениеттің жаңа бағыттарын қатар қамту біздің жұмысымызда тарихи грамматиканы оқытудың педагогикалық негіздерін айқындау үшін қажет болып отыр.

Білімнің мазмұны қазақ тілінің тарихи грамматикасы болғандықтан, ол міндетті түрде ғылыми тұжырымдарға, жүйелі білімге негізделеді. Ал оны меңгертуде студенттердің білімді өздігінен игеруіне мүмкіндік беретін, олардың танымдық қызығушылықтары мен сөйлеу дағдыларын, өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін оқытудың практикалық бағытына басымдылық берілуі тиіс.

Ұлттық мәдениет пен өркениеттің педагогикалық сабақтастығын жүзеге асыруда қазақтың ұлы ақыны М. Жұмабаевтың «Педагогика» атты оқулығының кіріспесіндегі мына ойлары тірек етіп алынуы тиіс деп ойлаймыз: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін (орыс, батыс ғалымдары) таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым...» [156, 3].

Білім беру жүйесінің қай сатысында да оқыту үдерісі дидактиканың заңдылықтарына бағынады, ұстанымдарын басшылыққа алады. Онда ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі оқыту ұстанымдары басты рөл атқарады. Әрине, білім беру қағидалары да уақыт талабына қарай үнемі жетілдіріліп, толықтырылып отырылатыны белгілі. Олай болса, оқытудағы дәстүрлілік пен жаңашылдықтың тоғысынан туындаған негізгі концепцияларға сүйену – педагогиканың дамуының басты шарттарының бірі болып саналады.

Мәселен, бүгінгі заманауи білім беру жүйесінде Джон Дьюи негізін қалаған прагматизмге ерекше ден қойылуда. Ғалымдар бұл үдерісті «Оқыту жүйесінде үлкен өзгерістер басталуда. Ол маңызы жағынан Н. Коперниктің жаңалығына (Күн – астрономиялық орталық, басқа ғаламшарлар оның айналасына шоғарланады, оны айнала қозғалады) тең болып отыр, яғни, білім алушы субъект орталық тұлғаға айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландыра жүргізіледі,»- деп бағалайды [157, 16]. Мұндай бағытты өз топырағымыздан шыққан ағартушы ғалымдардың еңбектерінен де табамыз. Мәселен, А. Байтұрсынұлының «Оқыту дегеніміз, асылында, баланы үйренуге үйрету» деген қағидасында оқу әрекетінің басты субъектісі етіп оқушы алынып отыр [21, 265]. «Үйренуге үйретпейінше», оқыту жай ғана ақпараттық сипаттағы білім қалпынан аса алмасы анық. Бұл қағида білім беру сатыларының барлығындағы оқыту жүйесінде ең маңызды орталық идея болып қала береді. Тарихи грамматиканы меңгертуде де студенттің өзіндік ізденістер жасауға, зерттеуге, зерделеуге, пайымдауға, өздігінен ой қорытуға, алған білімін өз өмірінде қолдана білуге үйренуі ғана білімнің нәтижелілігінің негізгі шарты болып есептеледі.

Дьюидің прагматизмі бойынша, «білім беру өмірмен тығыз байланысты болуы керек. Оқу мен тәрбие тең жүруі тиіс. Оқушы – ең басты субъект. Сондықтан теориядан практика басым болсын, оқыту үдерісі оқушының талабы мен жеке қызығушылығына қарай ыңғайландырылуы тиіс» [158, 124].

Ал ғалымның ізін жалғастырушы неопрагматизм өкілдері, «ең алдымен, білім алушының өзіне сенімділігін қалыптастыру керек. Өзін-өзі сыйлауы үшін адамгершілік тәрбиеге басымдылық беру керектігін» айтады. Дәл осы бағыттармен сәйкес идеяларды неопозитивизм бағытын ұстанушылар да бекіте түседі. Жаңа философиялық-педагогикалық бағыт болып саналатын

неопозитивизм өкілдері тәрбиені гуманизациялауды ұсынады. Тек рационалды ойлауды дамыту ғана баланың өзін-өзі жүзеге асыруына (өзін танытуына), басқалармен араласуына ықпал ете алады деген қағиданы ұстанып отыр. Бұл бағыттағылар Платон, Аристотель, Юм, Канттың этикалық идеяларын қолдайды. Ол кейде «неогуманизм» деп те аталады.

Әрине, тарихи жәдігерлердің тілін оқытуда мұндай бағыттардағы оқыту қағидаларына сүйену ұтымды. Өйткені онда білім алушының мүддесі ескерілген. Бірақ білім студент үшін жалаң практика арқылы емес, ой мен әрекетті қатар дамыту нәтижесінде беріледі дейтін отандық тәжірибе үнемі назарда болады. Жалпы білім беру жүйесінің ежелгі заманнан-ақ гуманизмді, жас ұрпақты адамгершілікке, ізгілікке баулуды ұстанатыны белгілі. Ғалым Ж. Дәулетбекова өзінің сөз мәдениетін оқытуға арналған зерттеу еңбегінде бұл туралы былай дейді: «Кейбір зерттеушілер этикеттің сыртқы формаларын анықтайтын саналы мәдениет ережелері сонау антикалық дәуірден (Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римнен) басталған деп санайды. Дәл сол кезеңде адамдарды әсем мінез-құлыққа арнайы баулуға көңіл бөлінген. «Әсем мінез-құлық» ұғымы аясына адамның ізгі істері, оның адамгершілік және азаматтық туралы көзқарастары енген. Сұлулық пен адамгершіліктің үйлесімін ежелгі гректер «калокагатия» (грек тілінде «колос» – әсем, «агатос» – мейірімді) ұғымына сыйдырған. Калокагатияның негізі етіп сыртқы дене бітімі де, рухани-адамгершілік қасиет те алынған. Адамның сұлулығы мен күштілігінің үстіне әділ, дана, өр, ақылды болуы да ескерілген. Бұл орайда антикалық дәуір адамында этикет ұғымы бүгінгідей тек сыртқы әрекет мәдениетін ғана қамтымаған, өйткені олар үшін сыртқы мен ішкі (этикалық пен адамгершілік) бір-біріне қарама-қайшы құбылыс деп саналмаған» [127, 87].

Өзіне дейінгі кезеңдегі әлемдік педагогикада анықталған гуманистік бағыттарды М. Жұмабаев барынша тиянақтап, ұғымды етіп түйеді. Ол: «Тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» Баланы келешек заманына лайық қылып шығару тиіс» – дейді [156, 13].

Олай болса, студенттердің кез келген пән аясында қажетті білімді меңгеруі оның болашақ кәсібіне қатысты ойлау, еңбек мәдениетін қалыптастырумен қоса сөз әдебін, сөйлеу мәдениетін жетілдірумен бірге жүргізілуі тиіс. Мысалы, кредиттік оқу технологияларына сәйкес студенттің креативтік қабілеттерін шыңдайтын өздік жұмыстары, шығармашылық тапсырмаларды таңдауда, олардың болашақ мамандарға қандай іскерліктер мен дағдыларды игерте алады деген де талап қатар қойылады. Дәл осы шығармашылық, ізденімдік жұмыстарда отандық ғылымдағы білімнің

тиянақтылығы мен шетелдік жүйедегі практикалық бағыттың артықшылықтары өзара тоғыстырылады.

«Шығармашылық – жаңаны жасау, ойлап табу үдерісі болса, креативтілік – адамның өз ішкі ресурсын, әлеуетін пайдаланып, шапшаң, нақты ойлау, ішкі мүдделілікке негізделген бай қиял және проблеманы жылдам түсіну қабілеті. Креативтіліктің негізгі шартының бірі – адамның өзін-өзі ұстауы мен өзіне деген сенімділігі. Креативтілік қабілет деңгейі тек ойлау операцияларының сапасымен ғана емес, тұлғалық сипатымен, шығармашылық кезеңдеріне қажетті білім, білік, дағдыны меңгеру деңгейімен, алған білімін өтімді етіп жеткізе алуымен де ерекшеленеді»[159]. Олай болса, дәл осындай өмірлік дағдыларды меңгертуде педагогика ғылымындағы дәстүрлі жүйедегі ғылыми танымның да, заманауи талаптардағы прагматизммен сабақтас қаралатын тәжірибелік іскерліктердің де үлес салмағы теңеседі.

Креативтілік дара тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы ерекше рөл атқаратын маңызды факторлардың бірінен саналады. Адамның креативтілігі оның әрдайым да тәжірибеге дайын болуынан айқын көрінеді. Бұл өз кезегінде шығармашылықпен де тығыз байланысты болады. Өйткені шығармашылық көзі болып саналатын білім алушының танымдық қызығушылығы, интеллектуалдық қабілеті, теориялық білімі, өзгеше ойлау стилі, тұлғалық мінез-болмысы, оқу мотивациясы және қоршаған ортасы креативтіліктің де дамуына ықпал етеді.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасын меңгертуде осы аталған шығармашылықпен креативтілікті дамытуда, жалпы студенттің шығармашылық іс-әрекетке деген ынта-ықыласын оятуда мынадай оқыту қызметтерінің маңызы анық байқалады: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету; оқыту формаларының түрлерін жетілдіру, оқу материалының мазмұнын студенттердің ерекшеліктеріне сәйкес құру, білімді меңгерудің әдіс-тәсілдерін оңтайландыру, жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану, оқытушы мен білім алушының жағымды ықпалды әрекеттерін жетілдіру, шығармашылық оқытуды кеңінен пайдалану т.б. Осындай жағдайда ғана шығармашылықпен креативтілік факторлары тұлғалық бағытталу, жағдайға талдау жасау, жоғары нәтиже деңгейіне көтеріледі. Профессор М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін қазақ тіліндегі қазіргі бағыттармен ұштастыра оқыту да жалпы дидактиканың теориялық тұжырымдары мен оқытудың тірек ұстанымдарына негізделеді. Тарихи грамматиканы оқыту білімді тереңдету, іскерлікпен дағдыны меңгерту, «білім беру үдерісін тиімді пайдалану мақсатына сай келетін ұстанымдардың аясында жүзеге асырылады да, оқытудың озық технологияларын, ұтымды әдістерін, жаңашыл формаларын айқындайтын әдістеме ғылымының қол жеткізілген жетістіктеріне сүйенеді» [159, 12].

«Қазіргі педагогиканың басты мәселелерінің бірі – оқыту жүйесіндегі рефлексия. Рефлексия – оқыту үдерісінде студенттің субъект деңгейіне көтерілуі үшін, алдымен, өз іс-әрекетін саналы түрде ой елегінен өткізіп, тапсырманың мәнділігін және оны жоспарлау барысында туатын түпкі нәтижені ішкі сезінуі. Рефлексияның мақсаты – іс-әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін, өзекті мәселелерін белгілеу, шешу

жолдарын анықтау ». [160]. Шын мәнінде, өзінің оқу тәсілдерін, таным мен ойлау механизмдерін түсінбейінше, білім алушылардың қол жеткізген нәтиженің беретіні пайдасын толық ұғынуы мүмкін емес.

Рефлексивтік іс-әрекет студентке өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін ойлап табу әрі оны өз дағдысына айналдыра алу. Рефлексияның қай түрі болмасын мақсатпен тікелей байланысты. Шығармашылық рефлексия – мақсатқа жету нәтижесі, қорытынды ғана емес, жаңа білім мен жаңа мақсаттарға бастама бола алады.

Педагогтердің пікірінше, «шығармашылық рефлексия – білім алушылардың жекетұлғалық құндылық сапаларын қалыптастыруда және өзіндік даму бағытын айқындауда, оның жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған шығармашылық іс-әрекетте ішкі жан дүниесі ресурстары арқылы ой қорытуына жеткізу үдерісі» [160, 35].

Динамикалық дамуда болатын тілдің қазіргі сипатынан тарихи дамудың іздерін әр қырынан анықтауға болады. Қазіргі қолданыстағы көптеген сөздерде әуелгі түп негіз формалдардың ізі «жасырынып жатқаны» анық. Бұл жайында М. Томанов: «Егер қазіргі қазақ тілінің фактілерін тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырсақ, онда бүгінгі тілімізде негізгі я алғашқы түбір делініп жүрген біраз түбір сөздердің өзін алғашқы түбір мен өлі қосымшаға айыруға болатынын көреміз», - дей келіп, *қалдық, тасқын, күрек, бақ, қайық, қысқаш* сияқты сөздерді түбірге және өлі қосымшаға бөліп қарауға болады деп санайды [36, 92.].

Сонымен бірге ғалымның түбірді анықтауда сөздердің морфологиялық даму заңдылықтарын толық нақтылап, қарастыру керектігін көрсетуі де аса бағалы пікір болды. Ғалым, әсіресе, түбірдің этимологиясын анықтауда мына факторларды маңызды деп есептейді: *қарапайымдану, морфологиялық ығысу, аналогия, халықтық этимология, дифференциация, сөз мағынасының өзгеруі*. Шынын айтқанда, қазіргі кезге дейін М. Томанов айтқан осы факторлар әлі терең зерттелген жоқ. Түркі тілдерінің түбірлер корпусын нақты анықтап, олардың қалыптасу жолдарындағы жоғарыда келтірілген факторларды саралай зерделеу бағытындағы алғашқы ізденіс қадамдары студенттердің СӨЖ және СОӨЖ тапсырмалары ретінде беріледі.

Бұл бағыттағы ізденістерде, алдымен, профессор М. Томановтың мысалдарды талдауына назар аударылады. «Айталық, *ботақан* сөзінің құрамындағы *қ* өз дербестігін жоғалтқаннан кейін барып, *-ан* жалғануы мүмкін. Солай екендігін «кішкентай» сөзінің құрамымен салыстыру арқылы көреміз: *кіш-ке-н-тай*. Көне түркі тілінде соңғы сөздің *кішіг* (соңғы *г* қосымша) түрінде айтылғаны белгілі» [36, 99]. Ғалым қазіргі тілімізде белсенді жұмсалатын туынды түбірлерді осылайша салыстыра талдай отырып, олардың жіктелу сипатын, мағыналық дамуын ашып көрсету болашақта терең зерттеуді қажет ететіндігін жазған болатын. Сондықтан қосымша оқу пәнінің мазмұнына осы тақырып арнайы енгізіліп, студенттер зерттеу жүргізді. Мұндай жұмыстарда

студенттердің тілдік құбылыстардың тарихына қызығушылығын арттырумен қатар рефлексиялық танымдық дағдыларын да дамытты.

Белгілі педагог К.Д. Ушинский: «Ақыл-ой дегеннің өзі жақсы ұйымдастырылған білім жүйесі», –дей келе, өз еңбектерінде білім алушының оқу үрдісінде ақыл-ойын дамыту мен тәрбиелеудегі «ең негізгі дидактикалық шарт – мұғалім мен оқушының оқу үдерісіндегі бірлескен еңбегінің дұрыс болуы мен жүйелі жүргізілуі, яғни ақыл-ойды қандай бағытта, қандай формада дамыту керектігі» туралы айтады [148, 41].

Тілді оқыту үрдісінде материалдың көлемін, сипатын және оқыту әдістерін анықтауда студенттердің ой-өрісі мен қабілеттерінің ерекшеліктерін ескере отырып, материалдың біртіндеп және тізбектеп берілуін әрдайым сақтап отыруды, мазмұндауда да, анықтамаларда да, қорытындылар мен тұжырымдардың анық та дәл айтылуы талап етіледі. Сондай-ақ, «шәкірттердің ойлау қабілетін дамытудың және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырудың маңызды құралы ретінде олардың өздік жұмыстарына басымдылық берген тиімді» [161, 31].

Жоғары мектепте болашақ филолог мамандарға «М.Томанов және қазақ тілі тарихы» атты қосымша оқу пәнін оқытудың ерекшеліктеріне және алдына қойған мақсатына қарай қандай дидактикалық және пәндік ұстанымдарды басшылыққа алуға болады деген мәселені анықтау үшін педагогтердің, тілші-ғалымдардың еңбектеріне сүйендік. Ғылымда дидактикалық ұстанымдарды топтастыруда түрлі пікірлер бар. Енді соның тікелей өз саламызға қатысты отандық ғалымдардың айтқан пікірлері мен тұжырымдарына тоқталайық.

Қолданылу мақсаты мен саласына қарай оқыту ұстанымдары бірнеше топқа бөлінеді. Мысалы кейбір ұстанымдар жалпы оқу үдерісіне қатысты болса, екіншілері жеке пәнді оқытуға байланысты болады. Ал үшінші бір ұстанымдар оқыту үдерісіндегі жекелеген тапсырмаларды орындаумен ғана байланысты болуы заңды. Мысалы, жазба тіл мен ауызша тілде орындалатын жұмыстарды ұйымдастырудың, диалогтік, полилогтік қарым-қатынас пен мәтінмен кешенді жұмыс жүргізудің ішкі ерекшеліктеріне орай басшылыққа алынатын принциптер болады.

Ғалым А. Әбілқабев ұстанымдарды *жалпыдидактикалық және арнаулы ұстанымдар* деп екіге бөле отырып, «жалпыдидактикалық ұстанымдар оқыту пәндерінің бәрінде де қолданылады, бірақ әр пәннің оқу материалының сипатына қарай, әр қилы өзгеріп қолданылады, ал арнаулы ұстанымдар – бұлар нақты сол пәнге, мысалы, қазақ тіліне ғана тән ұстанымдар», – дей келіп, арнаулы ұстанымдарға мыналарды жатқызады:

- тілді оқып-үйрену мен ойлаудың дамуы арасындағы тығыз байланыс;
- грамматикалық құбылысты оқып-үйрену мен әдебиеттік оқу дағдыларын игерудің арасындағы өзара тәуелділік;
- грамматикалық оқып-үйрену мен тілдік дағдыларды игерудің арасындағы өзара шарттастық;
- қазақ тілін оқытуға әртүрлі нұсқадағы әдістемелік жол таба білудің мүмкіндігі мен қажеттігі ұстанымдары» [162, 24].

Әдіскер-ғалым Ә. Исабаев «Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде мұғалім дидактикалық ұстанымдар мен әдістемелік заңдылықтарға сүйенеді. Мұғалім бұл ұстанымдарды бір-бірімен ұштастырып отырады. Осы дидактикалық ұстанымдарды іске асыру тұсында негізінен, екі түрлі ұстанымның басты орын алатынын ескеру керек. Біріншісі – оқушылардың қазақ тілінің материалдарын жеке, яғни өздігінен меңгеру үдерісі. Мұны оқушылардың оқу материалдарын саналы түсінуі, оған оқушының белсенді қатысуы арқылы анықтауға болады. Екіншісі – оқу материалдарын үйрету әдісі. Мұндай жағдайда мұғалімнің белсенділігі аңғарылады», – дейді [163, 6].

Ғалым бұл жерде негізін Я. Коменский, И. Песталоцци, И. Герbart қалаған классикалық педагогикада қалыптасқан «мұғалім – ең басты тұлға!» қағидасын ұстанып отыр. Оқытудың дәстүрлі жүйесі бойынша оның 4 сатысы бар: баяндау, түсіну, жинақтау, қолдану. Соңғы жылдарда осы жүйені сынап, оны авторитарлы білім беру деп бағалау кең өріс алып отыр. Дей тұрғанмен, осы ұстанымды басшылыққа алатын зерттеушілер бұл жүйенің баланың ойлауын, шығармашылығын, өзіндік әрекетін дамытатынын да жоққа шығара алмайды. Өйткені қазіргі Блум таксономиясы дәл осы жүйені ұстанады. Бірақ екеуіндегі айырмашылық сол: біріншісінде мұғалім – білімді түсіндіруші, ал шәкірт сол білімді қабылдаушы болса; екіншісінде мұғалім – бағыт беруші, шәкірт – орындаушы деңгейіне көтерілуі тиіс. Егер екінші жүйе бойынша мұғалімнің қызметі бағыт беру болса, онда мұндай міндетті орындау да мұғалімнің түсіндіруінсіз жүзеге аспайды. Сол себепті бұлай бөле жарып, бір-біріне қарсы қоюдың қажеті жоқ. Керісінше, мұғалімнің осы аталған қызметтерінің білім алушыға жаңа ой, жаңа идея салуына қарай бағытталуын талап еткен дұрыс. Әсіресе, тіл тарихына студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастыру оңай нәрсе емес. Сондықтан оқытушыдан тек білімдік ақпараттарды ұсынумен ғана шектелмей, әрбір тақырыптың тілдік құбылыстарды ашудағы мәніне, қажеттігіне студент көзін жеткізерліктей, мотивациялық жағына назар аударту талап етілуі керек деп санаймыз.

Профессор Н. Оралбаева қазақ тілінен білім беру мен оқытуға байланысты тірек ұстанымдар ретінде төмендегідей дидактикалық ұстанымдардың тиімділігі жоғары деп есептейді:

- 1) оқу материалын саналы меңгерту ұстанымы;
- 2) оқу материалының ғылымилығы ұстанымдары;
- 3) дидактикалық жүйелілік және жалғастық ұстанымы;
- 4) материалдың білім алушының қабылдауына сәйкестігі ұстанымы;
- 5) жеңілден ауырға қарай оқыту ұстанымы;
- 6) теория мен тәжірибенің байланыстылығы ұстанымы;
- 7) көрнекілік ұстанымы;
- 8) оқу мен тәрбие ісінің бірлігі ұстанымы [164, 18].

Тілдік қатынас теориясын зерттеген ғалым Ф. Оразбаева тілді оқытуға негіз болатын оқыту ұстанымдарын жалпыдидактикалық, жалпыәдістемелік, салаәдістемелік ұстанымдар деп бөледі. Ол: «Қазақ тілін оқыту принципі – осы

саладағы заңдылықтарға, оқытудың мақсаты мен маңызына, міндеттің орындалу қажеттігіне, ережесіне, сол ереженің іске асуының жолдарына, оқытудың басты бағытына, тағы сол сияқты белгілердің барлығына тірек болатын ең басты негіз» - деп анықтама береді [138, 303].

Қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытудың нәтижелі болуы онда басшылыққа алынатын дидактикалық ұстанымдарды дұрыс саралап, жіктеп қолдануға тікелей байланысты. Сондықтан тарихи материалдарды оқытуда жоғары мектеп дидактикасының негізгі ұстанымдары қатарынан теория мен практиканың байланысы, студенттердің белсенділігі, оқытудың дамыту сипаты, ғылымилық, теорияның тәжірибемен байланысы, бірізділік, жүйелілік, сапалылық, белсенділік, білім алуға дербестік және т.б. іріктеліп алынды.

Сабақ барысында тарихи грамматикаға қатысты материалдарды оқытушы студенттерге даяр күйінде бермей, оларды ғылыми тұжырымға жетелейтіндей проблемалық сұрақтар арқылы ұйымдастыруы тиімді. Сол себепті қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша студенттерге теориялық білім беру дидактикалық ұстанымдар арқылы іске асырылады.

Дидактика заңдылықтарына сүйеніп, тарихи грамматика бойынша өтілетін тақырыптардың бағдарламалық мазмұны белгіленді және оны оқыту әдістері таңдалды, дәріс және тәжірибелік сабақтар ұйымдастырудың жолдары анықталды. Сонымен бірге студентті өз білімін толықтыруға, өздігінен білім алуға дағдыландырудың жолдары қарастырылды.

Жоғары мектепте оқыған әрбір студенттің теориялық білімді меңгере отырып, өздігінен ізденіп, алған білімін тәжірибеде қолдана алатын маман болып шығуы – басты талап. Сондықтан жоғары оқу орнында оқытылатын әрбір пәннің студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпалы ескеріліп отыруы тиіс.

М.Томанов еңбектерінен бастау алған тарихи грамматиканың теориялық мәселелерін оқытуда ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге сүйене отырып, оқыту ұстанымдары төмендегіше топтастырылды: тарихилық ұстаным, білімнің құндылықтық бағдарын күшейту, белсенділік ұстанымы, даралай оқыту, салааралық байланыстарды ескеру ұстанымы.

Тарихилық ұстаным. Ғылыми еңбектерде көрсетіліп жүргендей, бұл ұстанымға негізделген оқыту үдерісінде студенттердің грамматикалық құбылыстардың тарихи дамуындағы өзгерістерді дұрыс түсінуіне мүмкіндік беріледі. Бұл «Қазақ тілінің тарихи грамматика» курсына оқытуда негізгі ұстаным ретінде алынуы кездейсоқ емес.

Қоғамның тарихын танудағы тарихилық принципі - құбылыстарды олардың пайда болуы және дамуын олардың нақты жағдайлармен байланысында қарау. Бұл принцип тарихи құбылыстардың пайда болу себептерін, түрлі этаптардағы сапалық өзгерістерін анықтап, диалектикалық даму барысында бұл құбылыс неге айналғанын түсінуге мүмкіндік береді. Ал лингвистикалық еңбектердегі, тарихи мұраларды оқытудағы тарихилық ұстаным қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму жолын студенттерге тарихи тұрғыдан түсіндіруде басшылыққа алынады

да, көне жазба ескерткіштерінің материалдары кеңінен пайдаланылады. Сондықтан тіл тарихының мәселелерін түсіндіруде тарихи ұстанымға сай тарихи материалдар мен кейінгі тілдің даму ерекшеліктерін салыстыру тиімді болады. Студенттер тілдік фактілердің тарихи жағынан қалыптасу жолдарын саналы ұғынатын болады. Мысалы, дауыссыз дыбыстар жүйесі тарихи дамуының ерекшелігі жайында айтқанда, алдымен, ескі түркі тілінің дауыссыздар жүйесінің ерекшелігін ескеріп, қазақ тіліндегі «байырғы» түркілік дауыссыздар мен кейін пайда болған «жаңа» дауыссыздардың аражігіне бөлу керек. Демек, тарихилық ұстанымды жүзеге асыруда тарихи грамматика мәселелерін терең ұғына білу қажет.

Тарихи үрдістерді зерделеу теориясы- тарихи фактілерді түсіндіруші логикалық жүйе. Тілдік факт «шындықтың үзігі» ретінде өздігінен ештеңе де білдіре алмайды, тек тіл тарихына ден қойып, зерттеген адам ғана оны өзінің идеялық-теориялық көзқарасына орай, «сөйлете алады». Тарихи фактілер мен деректер, нақты тілдік көріністер ғана ақиқат, ал оларды ұғыну қашан да субъективті болады. Сондықтан оны оқытудың тиімділігі білімнің студенттің жан-дүниесіне қозғау салуы. Ол жалаң түсіндіру, үгіт-насихат жолымен емес, ғалым зерттеулерінен жаңа ойлар, идеялар туындату, қызықты тілдік деректерді талдауға үйрету жолымен жүзеге асырылады да, болашақ маманның кәсіби білігін кеңейтуге қызмет етеді.

Тіл мен тарих бір-бірімен ажырамас байланыста адамзаттың, оның ішінде белгілі бір ұлттың бүкіл өткені тарихи ескерткіштер тілінде өрілген, олар өте көп. Нақты-тарихи өзгерістерді біз тарихи тілдік деректерден аламыз. Тарихи деректердің түрлері: жазба, заттық, этнографиялық, фольклорлық, тілдік, кино фото деректер. Тарих ғылымында жай және күрделі фактілер бар. Алғашқылары оқиғаларды білдірсе, соңғылары оны түсіндіру, ұғыну арқылы танылады. Тарихи тілдік құбылыстар мен деректер – адамзат қоғамының дамуын бейнелейтін және оны ғылыми тануға негіз болатын айғақ.

Сонымен, тарихилық ұстанымға негізделген жаттығу мен тапсырмаларды орындау барысында студенттер тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық, лексикалық сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік өзгерістердің мәнін, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, грамматикалық формалардың шығу, қалыптасу жолдарының тарихи даму жүйесін талдап ажырата білуге дағдыланады.

Осы пәннің алғашқы бағдарламасын жасап, оқу құралын жазған профессор М.Томанов болды. Ғалымның пайымдауынша, тарихи грамматика бүгінгі тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылымының осы күйге жету жолын, эволюциясын тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде түсіндіруге қызмет етуі тиіс. Осы ерекшелігіне сай тарихи грамматика курсы сөздердің грамматикалық топтарға жіктелу тарихын, грамматикалық категориялардың қалыптасуын, дыбыстар жүйесінде болған тарихи өзгерістер, олардың тілдің лексикалық қорына, грамматикалық құрылымына әсері тәрізді мәселелерді тексереді. Ал, біз ұсынып отырған қосымша оқу пәнінде студенттер осы саладағы профессор

М.Томановтың тарихи еңбектеріне талдау жасай отырып, ғалымның зерттеушілік мұратын, ғалымдық ғибратын қоса танитын болады.

Білімнің құндылықтың бағдарын күшейту ұстанымы. «Бұл ұстанымды негізге алған пән сабақтарында білім мен тәрбие тығыз бірлікте жүреді. Өйткені тарих туралы жазылған зерттеулердің немесе тарихи мұралардың болмысы да, стилі де ерекше. Олардың табиғатында барды көріп, дұрыс тани білу – қасиет. Ондағы барды көріп, тани білумен қатар оны саралап, талдай білу – қабілеттілік» [175]. Алайда, білім алушының міндеті сол еңбектерден нені көріп, нені таныса, тек соны талдап, соны сараптау ғана емес. Білім алушы, алдымен, оның арғы жағында жатқан тарихи мәнді танитын көреген болуы шарт. Көреген болу – көздің емес, көңілдің қасиеті. Ол көркем немесе ғылыми мәтіннің, өнер мен мәдениеттің, тұрмыс пен салттың, тарих пен философияның ғасырлар бойы жинақталған асыл үлгілері мен қағидаларын, жалпыадамзаттық сипатты иеленген рухани құндылықтарды көңілінде балқытып, көкірегінде қорытып, зердесіне құя білген зергер жанға ғана бұйырмақ. Сонда ғана зерттеуші филолог маманның, тіл пен өмір туралы, қоғам мен тілдік сана туралы оның тек өзіне ғана тән зерттеушілік мұраты, шығармашылық ұстанымы айқындалмақ. Осындай эстетикалық мұраттың, осындай шығармашылық танымның иесінде ғана тарихи-зерттеу туралы шығарманың танымдық деңгейі, жұмбақ әлемі, өзгеше табиғаты туралы басқада жоқ, тек оның өзінде ғана бар ерекше таным болмақ. Ол сондай таныммен ғана ғылыми еңбек пен тарихи мұрада бар және жоқ, сондай-ақ болуға тиіс құбылыстар мен ерекшеліктерді, басқаша айтқанда, ғылыми еңбектің кешегісін, бүгінгісі мен ертеңгісін, осы шағының болмысы мен келер шағының сипатын қатар, салыстырып көре алады.

Белсенділік ұстанымы. Студенттердің теориялық материалдарды жүйелі де нәтижелі меңгерулері, ең алдымен, олардың өздерінің белсенділіктеріне байланысты. Өйткені әр студент өзінің болашақ кәсіби шеберлігін жетілдіруге талпынбаса, белсенділік танытпаса, тиянақты білім алуы оңай болмайды.

Белсенділік таным процесінің басты сипаты ретінде белгілі бір жағдайлар арқылы іске асырылады. Студенттің сабақтағы белсенділігі оның тілге деген сезімінің оянуына байланысты. Ондай қызығушылықты туғызуда сабақ мақсатына сәйкес ұйымдастырылған жұмыстардың жүйелілігі, тартымдылығы басты рөл атқарады. Сондықтан оқытушы студентті тарихи грамматика заңдылықтарына ынталандыратын түрлі әдістерді орынды пайдалана білуінің ықпалы күшті болады. Сабақ кезінде қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму жолын тарихи тұрғыдан түсіндіру мақсатындағы жұмыстар студенттердің белсенділігін оятатындай деңгейде болуы тиіс. Сондықтан іскерлік ойындар, ойталқы, ойбөліс секілді әдістерді тиімді пайдаланғанда ғана студент белсенділігі арта түседі. Олай болса, белсенділік ұстанымы студентті ынталандыратын әдіс-тәсілдерді орынды пайдалануға байланысты.

Даралық пен ұжымдық әрекетті біріктіру ұстанымы. Білімнің саналы меңгерілуі білім алушылардың әрқайсысының ерекшелігін ескере отырып,

жүргізілген жұмысқа тығыз байланысты екендігі педагогикалық еңбектерде көрсетіліп жүр. Сондықтан сабақ үдерісі студенттің әрқайсысы мен барлығының мүдделерін оқытудың мақсаты мен міндетінің бірлігі негізінде біріктіреді. Сол себепті қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытуда жағымды уәждеме туғызу, қазақ тілінің дыбыс жүйесінің тарихи даму сипатынан бастап грамматикалық ерекшеліктерін көрсетуге, дәлелдеуге арналған жұмыстың студенттің танымдық қызығушылығына сай құрылуы, мәселелі жағдаяттар туғызып, кез келген тапсырманы өз бетімен орындай білуге үйретумен ұласуы тиіс. Өйткені тарихи грамматиканың материалдарын игеру нәтижесінде ертеңгі жоғары білімді маманның ойында, санасында тарихи таным қалыптасады. Далалық мәдениет теңізінің негізгі қайнар бастауы саналатын тілдің тарихи даму жүйесі мен желісін меңгереді. Ал мұның өзі болашақ тіл маманының білімін ғана емес, білігі мен парасатын да айқындай алады. Бұл жұмыстарды іске асыру студенттің жеке субъекті ретіндегі бейімділігі, икемділігі және дайындық дәрежесіне байланысты.

Студент тарихи грамматиканың басты мәселелеріне қатысты тапсырылған кез келген жұмысты орындауда шығармашылық, бастамашылық танытып, өзінің икемділігін, білімін көрсете білуге тиіс. Демек, студенттердің жеке тұлға ретінде орындаған жұмыстары, топ студенттерінің талқылауы, талдауы ұжымдық сипат алады. Сөйтіп, студенттер әрекеттестік тұрғыда жеке тұлға ретінде орындалған жұмысты қорытындылап, жинақтап, өз пікірлерін білдіріп, баяндап дағдыланады, әрі ұжымда ынтымақтастық қасиет қалыптастыруға мүмкіндік жасалады. Бұл үшін оқытудың жекелей, ұжымдық түрлерін қолдануға болатындай, студентке М. Томанов еңбектеріндегі грамматикалық теория мәселелерін талдап түсінуге септігі тиетін шығармашылық жұмыстарды жиі орындату керек. Сонда «таныдым (оқытушымен және курстастарымен бірлесіп іздену арқылы) – ұғындым – айттым – есте сақтадым» сызбасы бойынша студент жұмыстанатын болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығындағы студенттерге қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқыту үшін оның әдіс-тәсілдерін белгілеп алу қажет, өйткені бұл мәселенің өзіндік ерекшеліктері, оны жүзеге асыратын жұмыс түрлері бары сөзсіз.

Ең негізгі ғасырлар бойы педагогтар қауымы мойындаған дидактикалық ұстанымдар жүйесі: ғылымилық; тарихилық; саналылық пен белсенділік; даралық пен ұжымдық қызметті біріктіру ұстанымы және т.б. болса, қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқыту үшін осы жүйенің бәрі қамтылған.

Үдеріс – дамудың бірінің артынан бірі келетін үздіксіз заңды, бірізді ауысым. Яғни, оқыту – өзінің даму логикасы, қатысушыларының бірізді әрекеті, құрылымы, бағынатын ұстанымдары бар бір-біріне байланысты элементтер жиынтығы. [165, 137].

Оқыту үдерісі – дидактикалық жүйе. Дидактикалық зерттеулер оқыту үдерісін қарастыра отырып, оның элементтерінің құрылымдық және мазмұндық сипаты туралы білім береді. Осыған орай оның ғылыми-теориялық қызметі айқындалады. Алынған теориялық білім оқытудың негізгі ұстанымдарын, тиімді әдіс-тәсілдері мен қажетті жабдықтарын, жаңа технологиялық

құрылымдарды оқытудың мақсатына сәйкестендіреді. Бұдан дидактиканың нормативті-қолданбалы қызметі көрінеді. Дидактика оқытудың теориясы ретінде оқыту, оқытудың мазмұны, ұстаным, әдіс т.б. ұғымдарды қамтиды.

Оқыту үдерісі мұғалім мен оқушының бірлескен екі жақты әрекеті. Бұл әрекет белгілі бір пәнді, пән мазмұнын игеруді мақсат етеді. Оқытудың негізгі мақсаты – қоғамның қажетіне, талабына қарай адамды жан-жақты тәрбиелеу болса, оның мазмұнына И.Я. Лернер мынадай элементтерді жатқызады:

- білім;
- тәжірибеден өткен әрекеттің амалы;
- шығармашылық тәжірибе;
- игеретін объектіге эмоциональды-бағалы қарым-қатынас [165, 139].

Яғни оқытудың мақсаты мен міндеті, игерілетін білімнің мазмұны, игерудің әдіс-тәсілдері мен ұйымдастыру жолдары оқыту үдерісінің құрылымын айқындайды. Оқытуды өзінің мәні жағынан белгілі бір мақсатқа құрылған, қоғам тарапынан мақұлданған, педагогикалық жақтан білім алушының жан-жақты дамуына қолайлы ұйымдастырылған, адамзат қоғамының заттық мәдениеті мен рухани дамуын айқындайтын, жүйелі, ғылыми білім және әрекеттің амалы негізінде іске асырылатын үдеріс деп түсінуге болады.

Адам әрекетінің қандай түрі болмасын, оның ішінде педагогтік әрекет жалпыға бірдей белгілі бір заңдылықтарды сақтау арқылы іске асады. Педагогикада ондай заңдылықтарды оқыту ұстанымдары деп атайтыны белгілі. Оқыту ұстанымдары – білім беруде басшылыққа алатын негізгі идея, дидактикалық қағида. Дидактикалық қағида – оқытудың мақсатына сәйкес пән мазмұнын, оқытудың әдіс-тәсілін, құрал-жабдықтарын, ұйымдастыру формаларын айқындайтын ұстанымдар. Дидактикалық ұстанымдар, оны анықтаудың жолдары туралы ғалымдардың пікірлері әр түрлі. М.Н. Скаткин оқыту ұстанымдарын оқытушы мен білім оқушының бірлескен әрекетіне негіздей отырып: 1) тәрбиелеу және жан-жақты дамыту; 2) ғылымилық; 3) саналылық және шығармашылық белсенділік; 4) жүйелілік; 5) көрнекілік және шығармашылық ойлауды дамыту; 6) өз бетімен білім алуға ұмтылушылық; 7) өмірмен байланыстылық; 8) іргелілік және нәтижелілік; 9) оқушының жеке бас ерекшелігін ескеру ұстанымдары деп көрсетсе [166], Л.В. Занков дамыта оқыту жүйесі ұстанымдарын ұсынады [167]. Мектептегі білім берудің түп қазығы қалыптасқан жалпыдидактикалық ұстанымдар болып табылады.

Қандай пәнді алсақ та оны оқытуда оның әр саласының ішкі ерекшеліктеріне қарай арнайы ұстанымдары болады. Арнайы ұстанымдарды жалпыәдістемелік және әдістемелік деп бөлуге болады. Тіл тарихын оқытуға қатысты жалпыәдістемелік ұстанымдарға: экстралингвистикалық, функционалды, мағыналық-құрылымдық, тілдің басқа қабаттарымен байланыс және т.б. жатқызылады.

Экстралингвистикалық ұстаным – тілдің лексикалық қабатының толығында, сөздік қордың молаюында сыртқы фактордың әсерін ескеру. Қоғамның дамуымен байланысты өмірге келіп, қосылып жатқан жаңа ұғымдар,

атаулар тілдің сөзжасам саласы арқылы іске асады. Тарихи грамматиканы әр қырынан талдап оқытатын қосымша оқу пәнін оқыту жүйесінде бұл ұстанымды басшылыққа алу білім алушылардың тілдің дамуы туралы көзқарасын қалыптастырады, оның қоғамдағы мәні мен маңызын түсінуге себепші болады. Тілдегі өзгерістердің мәнін ашуға, түсінуге септігін тигізеді.

Функционалды ұстаным тілдің тарихын оқытуда өзіндік маңызы бар ұстаным. Ол түбір теориясында сөздің ойды беру қызметін танытуға қатысты басшылыққа алынады. Өйткені тілде белгілі бір қызмет атқармайтын бірлік жоқ. Сондықтан фонетикалық, морфологиялық тұрғыдағы тілдік-тарихи талдауларда сол өзгеріске ұшыраған бірліктердің сөз мағынасына, оның қолданысына қатысы бірге танытылып отырады.

Мағыналық-құрылымдық ұстанымда тарихи жүйеде өзгеріске түскен сөз құрылымы және мағынасы қарастырылады. Сөздің мағынасы мен тұлғасы бір-бірімен тығыз байланысты. Тұлға – мағынаның берілу жолы. Сөздің ішкі мағыналық жағы мен оның сыртқы дыбыстық жағы арасындағы байланыс табиғи емес, тарихи қалыптасқан дәстүрлі байланыс болып есептеледі. Басқаша айтқанда, жекелеген дыбыстардан тұратын, қалыптасқан дыбыстық құрам жеке бір тілдік бірлік ретінде белгілі бір ұғымды білдіреді.

Тілдің тарихи сипаттарын *лингвистиканың басқа бір қабаттарымен байланыстыра оқыту ұстанымының* да білім берудегі маңызы зор. Өйткені тіл бір-бірімен тығыз байланысты әр түрлі қабаттардың жиынтығынан тұрады. Тілдің салаларын бір-бірімен байланыстыра оқыту оның даму заңдылығын, жүйелі құбылыс екендігін саналы ұғындыруға, зерттеушілік бағыттағы жұмыстарды кеңейте жүргізуге ықпал етеді. Мысалы, тілдік құбылыстарға ғалым Н. Оразахынова негіздеген сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы талдау жасауға төселдіру тіл тарихын қазіргі фонетика, морфология, лексика, синтаксистік салаларымен байланыстыра оқыту оның өзіне тән ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [168].

Тілдегі тарихилық болмыс пен заманауи өзгерістерді салыстыра оқыту ұстанымы – тілдегі кейбір құбылыстардың ерекшеліктерін ашуға, байқатуға қызмет ететін өте маңызды ұстаным. Тіл – тарихи құбылыс. Оның даму, қалыптастыру заңдылықтары бар. Тілдің әр саласының тарихи сипатын ашу арқылы студент оның қалыптасу тарихын біледі және оларды өзара салыстыра алады. Оған мысал ретінде М. Томановтың зерттеулеріндегі дауыссыздардың тарихи жағынан қалай қалыптасқанын дидактикалық тұрғыдан талдап, оқыту барысында байқауға болады. Осы ұстаным негізінде ғалымның дивергенция процесі түбір мен қосымшаның шегінде де болғандығын, әдетте, қазіргі тіл заңдылықтары тұрғысынан ассимиляция деп қаралатын құбылыс дивергенцияның нәтижесі екендігін ескерте келіп, көптік жалғау *-лар* түрінде емес, қазақ тілінде *-дар*, *-тар* варианттарында да қалыптасты немесе табыс септігі жалғауы тек *-ны*, *-ні* емес, *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті* түрінде де айтылады деп түсіндіруі негізге алынады.

Профессор М. Томанов 1972 жылы университеттің филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне арнап қазақ тілі тарихи

грамматикасының бағдарламасын жасаған еді. Бағдарламаның түсінік хатында ғалым «қазақ тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму жолын тарихи тұрғыдан түсіндіруде материал болатын басты көздер ретінде түркі халықтарының ежелгі дәуірлерінен бізге жеткен мұралар тілі, қазіргі түркі тілдері фактілері және бүгінгі қазақ тілі материалдарын» атап көрсеткен [169, 4].

Қазақ тілі тарихи грамматикасының бағдарламасында студенттердің пән бойынша алатын білімдерінің мазмұны мен көлемі жүйелі берілген. Бағдарламаның кіріспесінде тарихи грамматика тіл тарихының дербес саласы екендігі айтылып, курстың мақсаты мен міндеттері, оның тілдің сипаттама грамматикасынан айырмашылығы мен байланысы, қазақ тілі грамматикалық құрылысының тарихи дамуын зерттеудің көздері және методологиялық негіздері аталады.

Зерттеу нәтижесінде профессор М. Томановтың тіл тарихына қатысты еңбектері жүйеленіп, қосымша оқу пәнінің мазмұны құрастырылды. Онда ұлттық тіл тарихының зерттеу бағыттары, даму жолдары, қазақ тілі тарихи грамматикасының зерттелуіндегі М.Томанов еңбектерінің маңызы, ғалымның қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты концептуалдық тұжырымдары туралы кең мағлұмат беріледі. Қазақ тілі тарихын жүйелеуге қатысты М. Томанов айқындаған ұстанымдар мен тарихи түбір теориясының негіздері жайлы білім игертіледі. Одан кейінгі кезеңдерде студенттердің ізденісіне бағыт беретін грамматикалық салалар мен ғалым негіздеген жаңа тұжырымдар тілдің фонетика, лексика, морфология, сөзжасам салаларымен бірлікте ұсынылады. Сонымен қатар М. Томанов еңбектеріндегі лингвокогнитивтік бағыттардың өрісі, зерттеу бағыттарындағы жаңашылдық сипаттар, М.Томанов тұжырымдарының қазіргі лингвистикалық зерттеулердегі жалғастығына қатысты тақырыптар бойынша студенттердің СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын орындауы талап етіледі.

Осындай тақырыптық жүйеге құрылған курс материалдарын меңгертуде студенттердің жаңа технологиялар бойынша жұмыс жасауына назар аударылды. Бұл орайда заманауи технологиялар мен жаңа әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісінде ұтымды пайдаланудың жолдарын іздеу міндет етіп қойылды. Онда оқытудың инновациялық әдістерін қолдануға басымдылық берілді. Қазіргі педагогикадағы жаңа әдістер сараланды.

Қосымша оқу пәнінің тақырыптарын *студенттердің өзіндік жұмысы* (СӨЖ) негізінде меңгерту мақсат етілді. Тарихи грамматиканы саналы игеруде жаттығу, тапсырмалардың түрлері мол қамтылады. Дегенмен, тақырыптың және студенттердің жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере келіп, СӨЖ-дің төмендегідей түрлерін қолдануға басымдылық беріліп отырды:

- глоссарий;
- тұсаукесер;
- жағдаяттық тапсырмалар;
- портфолио;
- жоба жұмыстары.

Өйткені бұл жұмыстардың барлығы да студенттің курс материалдарын саналы меңгеруіне, қызығушылықтарын дамытуға, сөйтіп білім сапасының дамуына оң ықпалын тигізді.

Глоссарий негізінен пән тақырыптары бойынша терминдер мен ұғымдар бойынша түзілді. Студенттер өздері орындайтын СӨЖ тапсырмалары бойынша да, жалпы пән мазмұны бойынша да тірек ұғымдар мен терминдердің глоссарийін түзеді. Бұл олардың тарихи грамматика терминдерінің мағынасын дұрыс түсінуін және олардың кәсіби лексикасын дамытуын қамтамасыз етуді көздей отырып жүргізілді. Студенттердің қалауына қарай глоссарийді түзу екі (қазақ, орыс), үш (қазақ, орыс, ағылшын) тілде де жүргізуге мүмкіндік берілді.

Глоссарий студенттердің басқа жұмыстарды сапалы орындауына жол ашты. Өйткені барлық тапсырмаларда тарихи грамматика аясындағы терминдер үнемі қолданылып отырады. Осы арқылы студенттердің кәсіби-тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткізілді.

Тұсаукесер – қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кең қолданылуына байланысты өзектілігі мен қажеттілігі қатар танылып отырған оқыту әдістерінің бірі. Онда студент өзі белгілі бір тақырыпты таңдап алып, сол бойынша өз пайымын техникалық тұрғыдан безендіріп, слайд түрінде жүйелеп, тартымды жеткізе алуға төселеді. Тұсаукесер тақырыптың ерекшелігіне және тапсырмалардың сипатына қарай дербес, жұптық, топтық жұмыс түрлері бойынша орындалады. Ол ұсынылған тақырыптың ашылу дәрежесіне қарай қорытындыланып отырады. СӨЖ-дің бұл түріне бағалау критерийлері жасалады.

Тіл тарихын оқыту сапасын арттыруға ықпалы бар тиімді әдістің бірі – жағдаяттық тапсырмалар. Олар студенттің белгілі бір тақырып бойынша немесе курстағы жалпы білімді меңгеруін тексеру, жинақтау, өмірмен байланыстыру мақсатында жүргізіледі. Жағдаяттық тапсырмаларда студенттердің коммуникативтік, танымдық қабілеттерін қатар жетілдіру көзделеді. Онда табиғи, жасанды жағдаяттар рөлдік ойын түрінде де беріледі.

Заманауи талаптарға сай қолданылатын жаңа әдістің бірі әрі бірегейі портфолио (студент портфелі) әдісі – студенттің қосымша оқу пәні бойынша орындаған жұмыстарының жинақталуын, олардың жүйелі, бірізді жүргізілуін қамтамасыз ететін ықпалды әрі нәтижелі әдістің бірі. Онда қосымша оқу пәнінің білім мазмұнына сай жасалынған рефераттар, конспектілер, СӨЖ, СОӨЖ тапсырмалары жинақталып отырады.

Жобалау технологиясы да – қазіргі уақытта өзектілігін дәлелдеп отырған шығармашылық жұмыстың бір түрі. Ол студенттердің модульдік тақырыптарды немесе қорытынды бақылау жұмыстарын тапсыруда тиімді болып саналады. Тіл тарихына қатысты жоба жұмыстарында танымдық, білімдік, дамытушылық мақсаттар өзара тоғыстырылып, студенттің болашақ кәсіби саласына қажетті білімдер мен білікті құзіреттіліктер деңгейінде игеруіне қызмет етеді.

Қосымша оқу пәнінің соңғы жағында студенттерге СОӨЖ орындатуға назар аударылды. СОӨЖ – мақсатты түрде ұйымдастырылатын, студенттердің

өзіндік ізденістеріне бағытталған, ішкі мотивациясы жоғары, студенттердің бірлесіп орындайтын әрекеттер жиынтығы. СОӨЖ студенттердің танымдық және кәсіби біліктілігін қалыптастырудағы ұтымды жұмыс түрі болып саналады. Сондай-ақ шығармашылық деңгейді көтеру және түрлі қайнар көздерден қажетті білімді таба алуға қатысты, зерттеушілік және өздігінен білім алу сипатындағы әрі компьютерлік техника мен телекоммуникациялық құралдарды ұтымды қолданудың жолдарын табуға дағдыландыратын жұмыс.

СОӨЖ сабақ сапасын жақсартудың және болашақ мамандардың дайындығын көтерудің басты алғышарттарының бірі болып табылады. Өйткені техникалық прогрестің қарқынды дамуы кез келген маманның өзінің ой еңбегінің ұтымды әдістерін жетік меңгеру, яғни, олардың қажетті ақпаратты аз уақыт ішінде іздеп тауып, оны игеру, теориялар мен ағымдарды, деректерді жіктеп, жүйелеу, өзінің көзқарасын нақты, дәл жеткізу, өндірістік жағдайларды талдай білу, өз бетімен жұмыс істеу негізінде туындаған мәселелерді шығармашылық жолмен орындай алу дағдыларын қалыптастыруды талап етіп отыр. Сонымен бірге тек өзіндік жұмыс қана ғылыми білімнің терең және жан-жақты болуын әрі оны өмірлік түрлі жағдайларда пайдалана білуін қамтамасыз етеді. Сондықтан да СОӨЖ кәсіби білім беретін жоғары оқу орындарындағы орындалатын студент жұмыстарының жетекші формасы болып саналады. Оны белсендіру, оған үнемі жүйелі түрде жетекшілік жасап отыру, әдістемелік тұрғыда жетілдіріп отыру маңызды дидактикалық талаптардың бірі ретінде қарастырылады. Осының бәрі сабақ сапасын жоғары дәрежеге жеткізіп, болашақ маманның кәсіби деңгейін көтеруге ат салысады. Осылайша, оқу үрдісінде оқытушылардың студенттермен жасайтын өзіндік жұмысы басты рөл атқарады. Ол – шығармашылық ізденістің, ойлауға, өздігінен шешім жасауға төселдірудің негізі.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша орындалатын СОӨЖ тапсырмаларын орындай отырып, студенттер:

- біріншіден, әртүрлі қайнар көздерден өздеріне қажетті мәліметтер жинақтауға үйренеді;
- екіншіден, тілдің өзінің ұзақ тарихында фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жағынан қаншалықты өзгеріске ұшырап отырғаны жөнінде жан-жақты мағлұмат алады;
- үшіншіден, соларға жауап іздей отырып, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттермен танысады;
- төртіншіден, танымдық көзқарасы кеңейіп, ізденеді, шығармашылықпен шұғылданады;
- бесіншіден өзіндік жұмыс түрін орындау арқылы бірнеше оқу әрекеттері жүзеге асырылады.

Қорыта айтқанда, профессор М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты тың ойлары мен тұжырымдарының негізінде оқытылатын қосымша оқу пәнін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын педагогикалық қағидалар, ұстанымдар, заманауи әдістер мен оқытудың

инновациялық технологиялары бір бағытта, ортақ мақсатқа жұмылдырылғанда ғана өз нәтижесін беретініне көз жеткізілді.

Кеңестік кезеңінің өзінде жоғары білім жүйесіне қазақ тілінің тарихи грамматикасы туралы пән енгізген, өзінің бар саналы ғұмырын ана тілінің тарих қойнауларында жатқан құнды құпияларын зерделеген профессор, түркітанушы, лингвист ғалым Мархабат Томановтың артында қалған мұралары дидактикалық, лингвистикалық тұрғыдан құнын жоймайтын, филолог студенттердің кәсіби әлеуетін жетілдіруде білім, білік, дағдысы мен іскерлігін қалыптастыруға жағдай жасайтын еңбек деп бағаланады. Сондықтан ғалым мұраларына негізделген қосымша оқу пәнін оқытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін айқындау, оған сай бірегей әдістеме жасау – уақыт қажет етіп отырған маңызды міндет. Өйткені тарихи жадты жаңғырту арқылы болашақ кәсіби мамандардың рухани әлемін байыту, олардың ұлттық және елжандылық қасиеттерін қалыптастыру, өзінің өткеніне құрмет сезімдерін ояту жүзеге асады. Сонымен қатар студенттерге қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқу арқылы меңгерген білімдерін өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен қолдануға, түйінді және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы өзін-өзі дамытуға, қоршаған өмірдің заңдылықтарын түйсінуге, өзінің даралығын сезінуге, айналасындағы адамдармен өзара тіл табысу дағдыларын игеруге, кәсіби маман ретінде қалыптасуға мүмкіндік беріледі.

Екінші тарау бойынша түйін

XXI ғасырда ерекше белең алған бәсекелестік тәуелсіз елдің тұғырының берік, рухының биік, білімнің терең болуын талап етеді. Сондықтан халықтың тіл, діл, тарих секілді ұлттық құндылықтарын түгендеп, білім жүйесінде руханиятқа қатысты басты мақсат – халық рухын, оның өзегі – ұлттық ой-сананы жаңғырту немесе қайтадан қалпына келтіруге мән берілуі шарт. Ол үшін ұлттық философияның бастауы болып саналатын түркі мәдениетіне, оның қайталамасы жоқ, өзіндік бағыт-бағдары айқын құндылықтарын, оның даму жолының ерекшеліктерін тану көкейкесті мәселеге айналды. Өйткені мәдени қайта өркендеусіз, тарихи жад пен танымның негізінде қалыптасып, өркениеттің биігіне көтеретін саналы білім болмайынша, ешқандай ел бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосыла алмасы анық. М. Томанов еңбектеріндегі тіл тарихына қатысты қадау-қадау жаңашыл бағыттарды жаңғыртуды ұлттық философияның қағидаларымен бірлікте жүзеге асыру осы мақсаттың орындалуына өз ықпалын тигізеді. Себебі ұлттың тілі мен ұлттың философиясы бір-бірімен ажырамас бірлікте танылады. Бұл үдеріс біздің ұлттық ерекшелігімізді ескеріп, ұлттық тіліміздің тарихын терең зерделеу үдерісінде ұлттық философиямыз бен ұлттық мәдениетімізді тірек ете отырып, тіл тарихы саласын меңгертуге теориялық-әдіснамалық негіз ретінде бағыт береді, басқа мәдени кеңістіктермен тиімді сұхбаттық қатынаста болуға шақырады.

Студенттер – қоғамның ең белсенді әрі тез бейімделгіш бөлігі, сондықтан олар әлеуметтік-мәдени өзгерістердің әлеуетті әрі маңызды қозғалыс күші ретінде ерекше назар аударды қажет етеді. Психологтардың пікірінше,

студенттер жас кезеңі мен тұлғалық деңгейіне қарай: «қарапайым, қалыпты немесе құрғақ сөзден гөрі абсолютті сезімталдыққа, оқу үдерісіндегі күрделі психомоторлы дағдыларды меңгеруге дайын болады. Басқа жастағылармен салыстырғанда олардың оперативті есі, кез келген нәрсеге жылдам зейін қоя білуі, вербальді-логикалық тапсырмаларды орындауға қызығушылығы айқын көрінеді. Осылайша бұған дейінгі кезеңдерде меңгерген білімдері мен біліктеріне сүйеніп, биологиялық, психологиялық және әлеуметтік үдерістерге тән «биік» нәтижелерге қол жеткізе алуымен де ерекшеленеді». Тіл тарихына қатысты материалдарды меңгеруде студенттердің дәл осы ерекшелігі үнемі назарда ұсталады. Оқытушының алдында, бір жағынан, студенттердің өз тарихын білуге деген құштарлығын ұштай білу, екінші, жағынан, осы берілетін білімнің олардың болашақ кәсібіне, интеллектуалдық әлеуетінің дамуына ықпал ететінін сезіндіре алу міндеті қатар қойылады. Студенттердің болашақ кәсібіне қажетті білім, дағдыларын қалыптастыруға қажетті жағымды ахуал орнықтыру, олардың білімді түсініп, қабылдау, ұғыну, түйсіну әрекеттерін дербес, жұптық, топтық, ұжымдық формадағы тапсырмалар арқылы жүйелі түрде жетілдіріп, оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыруға болады.

Болашақ филолог мамандардың білімді өздігінен игеруіне жол ашу, оқу жүйесін кредиттік оқу талаптарымен ұштастыру мақсатында отандық педагогикадағы озық дәстүрлер мен өркениетті елдер тәжірибесінің жаңа бағыттарын қатар қамту тарихи грамматиканы оқытудың басты талабы болды. Өйткені білімнің мазмұнын қазақ тілінің тарихи грамматикасы құрайтындықтан, ол міндетті түрде ғылыми тұжырымдарға, жүйелі білімге негізделеді. Ал оны меңгеруде студенттердің білімді өздігінен игеруіне мүмкіндік беретін, олардың танымдық қызығушылықтары мен сөйлеу дағдыларын, өзара қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық, креативтілік қабілеттерін қалыптастыруға басымдылық берілді. Тарихи грамматиканы меңгеруде де студенттің өзіндік ізденістер жасауға, зерттеуге, зерделеуге, пайымдауға, өздігінен ой қорытуға, алған білімін өз өмірінде қолдана білуге үйренуі білімнің түпкі нәтижесі болып белгіленді. Осы нәтижеге жету үшін білім мазмұнын анықтауда экстралингвистикалық, функционалды, мағыналық-құрылымдық ұстанымдар, ал оқытуда тарихилық, білімнің құндылықтың бағдарын күшейту, белсенділік, даралық пен ұжымдық әрекетті біріктіру, тілдің тарихи сипаттарын лингвистиканың басқа бір қабаттарымен байланыстыра оқыту, тілдегі тарихилық болмыс пен заманауи өзгерістерді салыстыра оқыту ұстанымдары басшылыққа алынды. Қосымша оқу пәнін оқыту үдерісінде заманауи білім беру технологияларының СӨЖ/СОӨЖ тапсырмаларына қойылатын талаптармен ұштастырылуы кредиттік оқу жүйесінің ерекшеліктерімен толық үндесім табатынын тәжірибе толық дәлелдеді.

3 М. ТОМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ГРАММАТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

3.1 М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың әдіс-тәсілдері

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушының белсенді іс-әрекетін дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Білім мазмұнын қалай меңгертеміз, оны оқытуда қандай әдістер тиімді болып табылады деген мәселе ғалым-әдіскерлерді үнемі толғандырып келеді.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін оқытушы мен студенттің бірлесіп жұмыс істеуде қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі.

Оқыту әдістері білім беру жүйесінің негізгі компоненті болып есептеледі. Онсыз оқытудың мақсаты мен міндетіне жету мүмкін емес. Бұл ұғым қазіргі дидактикада үш түрлі мағынада қолданылады: жалпыәдіснамалық (әдіс – таным құралы, табиғат құбылыстары мен қоғамды зерттеудің құралы ретінде), жалпыдидактикалық (пән мазмұнын игертудегі оқытушы мен білім алушының бірлескен әрекеті) және жеке әдістемелік. Оқытуда белгілі бір нәтижеге жету тек пән мазмұнын таңдаумен ғана байланысты емес, сонымен қатар оқыту әдістеріне (мазмұнды жеткізу) де тікелей қатысты [170, 27].

Сондықтан ғалым М.Томановтың тарихи грамматика туралы айтқан ой-тұжырымдарын білім алушыға меңгертуде оқыту әдістерін сұрыптап алудың маңызы зор. Тарихи грамматика ең қиын мәселе болып табылады. Оның терең сырлары мен қырларын білім алушыға меңгерту оқытушыдан үнемі ізденуді талап етері сөзсіз.

Ғалым еңбектеріндегі тарихи грамматика туралы мәселелерді меңгертуде *салыстыру әдісінің* алатын рөлі айрықша. Осы уақытқа дейін сабақ үрдісінде өзінің құнын жоймаған бұл әдісті М. Томанов та өз еңбегінде кеңінен қолданған. Ғалым салыстыру әдісін «қолдану зерттелетін тілдердің генетикалық туыстығын мойындаудан келіп» туатынын, «белгілі бір тілдер тобының бір ғана негізден немесе бір-біріне жақын негіздерден тарағандығын мойындаудан барып оларды өзара салыстыра зерттеудің объективтілігі келіп» шығатынын, тілдерді зерттеуде салыстыру әдісін пайдалану әр тілдің өзіндік ерекшеліктерін терең тануға, оның өзіндік қасиетін айқындауға мүмкіндік беретінін айтады [171, 10].

Салыстыру әдісі ғалым пікірлерін басқа да ғалымдардың тұжырымдарымен салыстыра отырып қарастыруда қолданылды. Мәселен, түбір туралы ғалымдардың пікірлері беріліп (Кесте 1), олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды дәлелдеуде аталған әдістің тиімділігі байқалды. Берілген тапсырманы орындау кезінде студенттерден ғалымдардың анықтамаларын нақты тілдік фактілер арқылы талдауы талап етілді. Бұл өз кезегінде студенттердің ғалымдардың еңбегімен толық танысуына деген мұқтаждық тудырды.

Кесте 1 – Ғалымдардың түбір туралы анықтамалары

А.Н.Кононов	А.Байтұрсынұлы	Қ.Жұбано	Ә.Т.Қайдаров	К.Аханов	М.Томанов
Сөздің түбірі – бұл тарихи ұғым, өйткені түбірдің құрылымы бірқатар жағдайларға, ең алдымен, жеке форманттардың сөзтүзу қабілеттерінің сақталуы мен жойылуына байланысты өзгеріп тұрады	Түбір сөз дегеніміз – бастапқы мағынасындағы, бастапқы тұлғасындағы сөз; мәселен, <i>бас, тас, шаш, қол</i>	Сөздің түп мағынасы н беретін бөлшегін түп бөлшек немесе қысқартып түбір дейміз	Кез келген түркі тіліндегі және түркі тілдері тобының барлығындағы бір буынды түбір-негіздер бүкіл базалық лексиканың өзегі саналады және тарихи лексикология мен этимология саласындағы кез келген зерттеудің алдында осы өзектің мәнін мүмкіндігінше толғырақ тану, түбір моносиллабтардың фоно-морфосемантикалық табиғатын ашып көрсету түпкі мақсат ретінде көзделеді	Морфема (түбір) дегеніміз – тілдің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық единицасы	Түбір, түбір сөз деп дербес морфемаларға бөлінбейтін, тұтас күйінде ұғынылатын сөздің мағыналы бөлігі айтылады.

Дәріс әдісі – жоғары оқу орнында тұрақты қолданылатын әдіс. Дәстүрлі білім беруде оқытушы дәрісті тек баяндаумен, кейде сұрақтар қою арқылы дәрістегі негізгі мәселелерге назар аудартумен шектелетін болса, қазіргі таңда әдіскерлер дәрістің көптеген жаңа түрлерін ұсынуда. Бұл қазіргі білім беру жүйесіндегі студентті оқу әрекетіндегі белсенді тұлғаға айналдыру мәселесімен ұштасып жатыр. Дәріс оқу ақпаратын ұсынудың ең тиімді жолы болып табылады, себебі оқу материалы нақтыланған формада шоғырландырылып ұсынылады. Дәріс жаңа, жүйелі білімді нақты тақырыптар төңірегінде жеткізуді көздейді. Дәріс ұсыналатын ақпаратты үнемі жетілдіріп, дамытып, толықтырып отыруды қажет етеді [172, 178].

3. Бейсембаева жоғары мектептегі дәрістің мақсаты «студентке теориялық білім негізін меңгерту, білімін толықтыруға нұсқау, бағыт беруді» көздейтінін, «студенттерді ғылымға» енгізетінін, «игеретін пәннің ғылыми негіздерімен» таныстыратынын, оқытудың басқа жұмыс түрлерінің (практикалық сабақ, өздік жұмыс) бағытын» айқындайтынын, «білімді игерудің, материалмен танысудың

бағыттық деңгейін, жалпы нысананы қамтамасыз» ететінін айтып, дәрістің төмендегідей түрлерін көрсетеді:

1. Дәстүрлі түрлері:

- кіріспе дәріс;
- академиялық дәріс;
- бекіту дәрісі;
- шолу дәрісі;
- қорыту дәрісі.

2. Дәстүрден тыс түрлері:

- проблемалық дәріс;
- визуалды дәріс;
- дәріс-екеу;
- дәріс-пресс-конференция;
- дәріс-дискуссия;
- дәріс-әңгіме [170, 46-47].

Білім берудің инновациялық технологиялары оқытушыдан терең теориялық, психологиялық, әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, студенттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Инновациялық технологиялар оқытудың интербелсенді әдістерін ұтымды қолданумен байланысты. Инновациялық технологиялар студент пен оқытушы, студент пен студенттің арасындағы тілдік қарым-қатынастың интербелсенді қатысым сатысында ұйымдастырылуын негіздейді [173, 356-364.].

Қазір жоғары оқу орындарында кредиттік оқу жүйесінде интербелсенді лекциялар мен семинар, тәжірибелік сабақтарға ерекше көңіл бөлініп, олар оқу процесінде кеңінен қолданылуда. Өйткені «монологқа негізделген дәстүрлі лекцияның мүмкіншіліктері шектеулі». Сондықтан да ғалым А. Әлімов білім алушыларды сабақ үрдісіне қызығушылықпен белсенді қатысуға жетелейтін интербелсенді дәрістің (лекцияның) төмендегідей қағидаларын көрсетеді:

- *интербелсенді лекцияда ақпарат дайын күйінде берілмейді.*

Интербелсенді лекция үйренушінің қандай да бір тақырып немесе мәлімет бойынша бірлескен әрекеттер негізінде (топтық пікір алмасу, талқылау, пікірталас, ой қозғау т.б.) студенттерде өзіндік пікір мен көзқарас қалыптастыруға бағытталады;

- *интербелсенді лекция тақырыпты дамытуға, тереңдетуге бағытталады.* Интербелсенді лекцияның негізгі ұстанымы: «Студенттер қарастырылатын тақырып бойынша сабаққа дайындалып келген, олардың белгілі бір білімдері бар болғандықтан, лекция сол білімді дамыту және тереңдету керек»;

- *интербелсенді лекция диалог түрінде өтеді;*

- *интербелсенді лекцияда бірлескен жұмыс қолданылады;*

- *интербелсенді лекция кері байланыспен аяқталады* [131, 230-231].

Интербелсенді оқытуда студенттер жүйелі ойлау арқылы өздігімен үйрену, ақпаратты таңдау, түсіну, қолдану, оның негізінде жаңа ақпарат құрастыру және оны бағалау дағдыларын қалыптастырады. Бұл дағдылар

болашақта білім алушыларды бүгінгі күні тіпті де болжауға мүмкін болмайтын проблемалардың шешімдерін табуға жетелейді [144, 133-139].

Ғалымдар ұсынған дәрістер қазіргі сабақ үрдісінде өзінің тиімділігін дәлелдеді деп айтуымызға болады. М. Томановтың тарихи грамматика туралы ой-тұжырымдарын меңгертуде *проблемалық дәріс, пікірталас дәрісі, дәріс-кеңес, пресс-конференция дәрістері* жүргізілді.

Проблемалық дәрісте тақырып бойынша бір-біріне қарама-қарсы пікірлер немесе көзқарастар талданады. Қиын теориялық мәселелерге назар аударылады, студенттердің пікірталасын тудыратын сұрақтар іріктеліп алынады. Бұл әдіс студенттердің сабаққа деген белсенділігін арттырып, оны өзіндік ізденіске, пікірін дәлелдеп айтуға дағдыландырады. Мысалы, «Бір буынды түбірлердің табиғаты» тақырыбы проблемалық дәріс түрінде өткізілді. Тіл білімінде бір буынды түбірлерді ғалымдар үш түрлі бағытта қарастырған. Осымен байланысты студенттерге төмендегідей проблемалық сұрақтар берілді:

1. «Көне бір буынды түбірлердің көрінісі СГ сипатында болған. Дауыссыз бен дауысты және дауыссыз дыбыстардан құралған буын екінші пайда болған. Буынның соңғы дыбысы – грамматикалық тұлғаның көрсеткішін анықтайтын формант. Бұл формант – түркі тілдерінің жалғамалылық қасиеті негізінде кейіннен қосылған тұлға. Яғни көне бір буынды түбірдің құрамындағы кейінгі дауыссыз дыбыс іс-қимылды білдіретін түбірлердегі етіс пен сипат категорияларын анықтайтын немесе есімді түбірлердің әртүрлі модификациялық мағынасын көрсететін детерминант ретінде қызмет етеді» деген Д.Ж. Клоусон, Б.М. Юнусалиев, Э.В. Севортян, А.Н. Кононов, А.М. Щербак, А.А. Зайочковский, Ә.Т. Қайдаров және т.б. ғалымдардың пікірлері дұрыс па? Қазақ тіліндегі *санау, жеу, байлау, жағу* сөздері осы қағида бойынша жасалған ба?

2. Г. Вамбери, В.В. Радлов, И.А. Батманов, Н.А. Баскаков сынды ғалымдардың «әуелгі бір буынды түбірлердің сипаты СГС сипатында болған да, бұдан СГ және ГС түбірлері жасалып, ең соңынан Г тұлғасына дамып жеткен» деген пікіріне қосыласыз ба? Н.А. Баскаковтың «Дауыссыз-дауысты-дауыссыздан тұратын түркі түбірі құрылымының типтілігі туралы гипотеза дауыссыз-дауысты (дауыссыз) типтегі барлық түбірлер көптеген сөзжасамдық үлгілерде созылық дауысты дыбысты сақтаған тілдерде орын алатындығына сүйенеді, бұл созылықтылық түпкі дауыссызды өтеудің рефлексі болып табылатындығын дәлелдейді» деген пікірі неге негізделген?

3. «Әуелгі көне түбірдің құрамында Г, СГ, ГС, СГС сияқты түбірлердің бәрі де болған» деген үшінші бағыттағы ғалымдар (Б.М. Юнусалиев) неге сүйенген?

4. М.Томанов «түркі тілдеріндегі түбіржасам процесі бір ғана кезеңнің жемісі емес. Бұл өте үлкен кезеңдегі әртүрлі өзгерістердің нәтижесінде пайда болған түбірлердің көрінісі. Көптеген түбір лексемалар құрылымдық элементтердің қосылуы салдарынан жаңа өзгерістерге ұшырап, тұлғалық және мағыналық жағынан жаңа сипатқа еніп отырған, оның үстіне көне түбірлердің

құрылымдық сипатының өзгеруіне көрші туыстас және туыс емес тілдердің де әсері болған» деген пікірді ұстанған. Ғалымның пікірі неге негізделген?

Студенттер бір буынды түбірлерге байланысты өз пікірлерін айтуға тырысты. Пікірлері дәлелді, дәйекті болу үшін олар тілдік фактілер келтіруі тиіс. Сондықтан дәрістің бұл түрі студенттен ізденісті қажет етеді. Проблемалық дәріс кезінде туындаған сұрақтар семинар сабағында жалғасып, пікірталас, дөңгелек үстел түрінде өтілді.

Пікірталас дәрісі тіл білімінде жан-жақты қарастырылмаған, әлі толық шешімін таба қоймаған «Қазақ тіліндегі тарихи сөзжасамы» мәселесіне арналды. М. Томанов – түбір теориясын, оның тарихи даму заңдылықтарын қазақ тіл білімінде бірінші рет қарастырған ғалым. Тілдің қазіргі морфологиялық құрылымын ғалым динамикалық дамудың жемісі ретінде зерттегені белгілі. Студенттер дәрісте А.Б. Салқынбайдың «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект», Ж.Манкееваның «Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту» атты еңбектері бойынша пікірталастырды.

Дәріс-кеңес студенттердің қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша туындаған мәселелерді теориялық және практикалық тұрғыдан түсіндіру мақсатында іске асты. Студентке қиындық тудырған тақырыптар қайтадан түсіндіріліп, бағыт-бағдар берілді.

Дәріс-кеңесті өткізуде оқытушы өзі жауап беруге асықпай, туындаған сұрақтарға басқа студенттердің жауап беруін қадағалағаны дұрыс. Бір студент түсінбеген мәліметті екінші біреуі жақсы меңгеруі мүмкін. Дәріс-кеңесте оқытушы оларға жол сілтеуші, бағыт берушінің қызметін атқарғаны жөн. Оқытушы ақпарат көздерін, сұрақтарға жауап беретін материалдарды пайдаланып, сабақ үстінде студенттің өзіне ізденіс жұмыстарын жүргіздірсе, аталған дәріс жоғары нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі.

Пресс-конференция дәрісі алдын-ала дайындалған жоспар бойынша жүзеге асырылды. Аталған дәріс тарихи грамматика бойынша барлық тақырыптар өтілген соң жүргізілді. Дәріске осы саланы зерттеп жүрген 3 маман шақырылды. Студенттер алдын-ала өздерін толғандырып жүрген сұрақтарды мамандарға қою арқылы білімдерін толықтыруға мүмкіндік алды. Оқытушы мамандар мен студенттердің арасындағы диалог, полилогқа бағыт-бағдар беруші болып, жетекшілік қызмет атқарды.

Пресс-конференция сабағын пәнді жүргізуші оқытушының өзі де жүргізуіне болады. Дәріс басталардың алдында оқытушы студенттерге өтілетін тақырып бойынша сұрақтар беруді өтінеді. Сұрақ дайындауға 2-3 минут беріледі. Оқытушы студенттердің дайындаған сұрақтарын алып, дәрісті соған негіздеп өткізеді. Бұл әр студентті сұрақты сауатты, нақты қоюға үйрете отырып, тақырыпқа деген зейінін арттырады.

Жоғары оқу орындарында студенттің белсенділігін арттыратын, ойлау қабілетін жетілдіретін, өз бетімен шешім қабылдауға үйрететін, өзіндік пікір айтуға дағдыландыратын дәріс сабақтарын жүргізу студенттің пән мазмұнын терең әрі жүйелі меңгеруіне жол ашады.

Зерттеушілік әдіс. Білім беру үрдісін жеке тұлғаға бағыттай отырып оқытуда және оның белсенділігін арттыруда зерттеушілік әдіс ұтымды болып саналады. Өйткені қазіргі жеке тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасында зерттеушілік әдіс басты орында тұр. Студенттің өздігінен білім алуын, танымдық белсенділігін дамытуда зерттеушілік әдісті үздіксіз қолданып отыруға басымдылық беріліп отыр. Сократ заманында зерттеу-әңгіме түрінде қолданылған бұл әдіс осы күнге дейін өзінің маңызын жоймай, күн өткен сайын басымдылыққа ие болып келеді. Өйткені зерттеушілік әдіс студенттің теориялық және практикалық қабілетін жетілдіреді. Белгілі бір тақырыпты зерттеу арқылы студенттің төмендегідей қабілеттері қалыптасады:

- мәліметтерді өза салыстыра алу;
- ғылыми мәселенің өзектілігін айқындау;
- зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- ғылыми болжам жасай алу;
- зерттеудің негізгі нысанын анықтау;
- зерттеудің теориялық және практикалық маңызын білу;
- зерттеудің жаңалығын дәйектей алу;
- зерттеу бойынша тұжырым жасау;
- зерттеудің нәтижесін нақтылап, дәлелдеп ұсына білу.

М.Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қосқан үлесін дәйектеу мақсатында орындалған жұмыстар студенттердің зерттеушілік қабілеттерін жетілдіруге ықпал етті. Мәселен, олар М.Томановтың еңбектері бойынша библиографиялық көрсеткіш түзді, аннотация жазды, М.Томанов туралы жазылған мақалалар бойынша тезис жазды, ғалымның негізгі тұжырымдарын кестеге түсірді. Бұл оларды ғалымның еңбегі мен материалдардан қажетті мәліметтерді сұрыптап ала білуге, ең негізгісін таңдауға, өзіндік пікір айтуға итермеледі.

Оқытушы студенттерге тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын тапсырардың алдында оның нақты міндеттерін анықтап көрсетуі тиіс. Сонымен бірге әрбір тапсырманың бағалау критерийлері де ұсынылуы қажет. Бұл студентті жұмысты орындау барысында басты мәселелерге мән беруге үйретеді. Кейбір зерттеу жұмыстары бір апта немесе ай көлемінде орындалуы мүмкін. Сондықтан оқытушы бұл әдісті қолданар алдында жұмысын нақты жоспарлап алғаны жөн.

Пікірталас әдісі. Пікірталас оқу/оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі, өйткені студенттер қандай да бір өміршеңді мәселе немесе проблеманы жан-жақты қарастыру және талқылауда өздерінің теориялық және практикалық білімдерін жинақтап, оларды қолдана отырып, өз көзқарасын пайымдау мен түйіндеуге, өзге пікірлерді ескеруге және оларды өз қажетіне пайдалануға үйренеді [174, 279].

Пікірталаста қарама-қайшылық тудыратын тақырып таңдап алынуы тиіс. «Түбірлердің дамуы адам танымымен байланысты ма?» деген тақырып бойынша өткізілген сабақта студенттер екі позицияны қорғады. Әр топ өз пікірлерін тілдік фактілерге сүйене отырып дәйектеді. Пікірталас өткізу үшін

студенттер екі топқа бөлініп, жеребе тастау арқылы позицияларын таңдады, топ басшысын сайлады. Жұмыс жоспарларын дайындады. Пікірталаста уақыт мөлшері қатаң сақталуына баса мән берілді.

Ж.Т. Дәулетбекова пікірталаста төмендегідей талаптардың сақталуына назар аудартады:

1) Пікірталастың барысын қатысушылардың диалог үстінде айтқан пікірлерінің даму бағытымен сәйкестендіріп отыру.

2) Теориялық тұжырымдарды практикалық жаттығулармен бекітіп отыру.

3) Қатысушылардың өзара тілдесуіне қолдау көрсету.

4) Пікірталас барысында қатысушылардың өзі айтқан сөздерінің, ұсыныстарының, идеяларының, сұрақтарының мәнін түсінуіне көмектесу.

5) Айтылып жатқан сөздерді дұрыс тыңдай білуі, пікірталасқа қатысушылардың өзара тыңдау мәдениетін көтермелеп отыру.

6) Пікірталас үстінде өзіндік ой-пікірін, дәлелдемелерін ұтымды жеткізе білетін қатысушыларды қолпаштау.

7) Қатысушылардың әр сөзі өзгелерді ойландыратындай болуын қадағалау.

8) Қатысушылардың ойлауына мол мүмкіндік беруге тырысу.

9) Әңгімеге, диалогқа, пікірталасқа өз билігін жүргізуге жол бермеуі.

10) Өз пікірін өтімді ету мақсатында пікірталасты бұрмалаудан бойды аулақ салу [175, 232].

Пікірталас сабағынан кейін ондағы негізгі мәселелерді талқылаған дұрыс. Пікірталастың өз мақсатына жеткен, жетпегенін, тақырыптың толық ашылуы немесе ашылмай қалған тұстарын айту, сөйлеу мәдениетінің сақталған, сақталмауына талдау жасап отыру келесі сабақта пікірталастың жоғары деңгейде өтуіне септігін тигізеді.

Танымдық әдіс. Зерттеушілердің пікірінше, танымдық оқытудың негізгі мақсаты – студенттің ақыл-ой қабілетін дамыта отырып, түрлі жағдаяттарды шеше білуге үйрету. Танымдық оқыту динамикалық жүйе болып табылады. Ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, оның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталады. Оқытудың танымдық әдісі өзін-өзі бақылау, ойлау әрекеттері арқылы жеке тұлғаның танымдық дамуына әсер етеді. Білім алушының жасырын қабілеттерін дамытуға жол ашады. Жалпы танымдық әдіс ең бірінші рет психология ғылымында қолданылған. Сондықтан бұл әдіс студенттің жеке тұлғасын, танымдық қабілеттерін дамытуды көздейді.

Психологтар жеке тұлғаның төмендегідей қабілеттерінің танымдық әдіс арқылы қалыптасатынын айтады:

- жеке тұлғаның көптеген ұқсас факторлардың ішінен өзіне қажетті нысанды таңдап алу қабілеті;

- мидың доминаттық рөлі: егер адамның сол жақ миы доминаттық рөл атқарса, онда адамның аналитикалық ойлау қабілеті жақсы дамыған; ал оң жақ миы доминат болса, онда адамның индуктивтік ойлау қабілеті жақсы дамыған;

- толеранттылық: индивидтің өзінің өмірлік ұстанымына, көзқарасына сәйкеспейтін материалды сабырмен қабылдай алу қабілеті;

- оқушының өзінің не айтатынын алдымен ой елегінен өткізіп, талдап, содан кейін барып сыртқа шығару қабілеті немесе ойланбай айта салуы;
- түрлі көрнекі құралдарды өзінің ойын, пікірін жеткізе білуде ұтымды пайдалана алу қабілеті.

Танымдық әдіс студенттің қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша игеретін білім мазмұнын, яғни ережелер мен сөйлемдерді жаттанды түрде емес, саналы меңгеруін, әрбір құбылыстың сырына терең үңіле отырып үйретуді көздейді. Мысалы, «Көне ескерткіштер тіліндегі түбірлер» тақырыбы бойынша орындалған тапсырмаларда студенттер әрбір түбірдің жасалуы жолына талдау жасады. Олардың басқа халық тілдеріндегі ұқсастықтарын анықтауға тырысты. Сонымен бірге сабақ үрдісінде өздік жұмыс аясында Мархабат Томановтың «Көне түркі жазуының (Орхон-Енисей) ескерткіштері» (1963), «Махмуд Қашғари түркі тілдерінің фонетикалық құрылымы туралы» (1971), «Қазақ тілі тарихи грамматикасының мәселелері» (1974), «Түбірлердің дамуы туралы мәселеге» (1974), «Үстеулердің тарихынан» (1975), «Тарихи грамматика мәселелері» (1975 ж. екінші авторы – Т. Қордабаев), «Махмуд Қашғари (XI ғ.)», «Тарихи морфологияны зерттеуде көне мұраларды пайдаланудың принциптері туралы» (1976), «Көне түркі жазба ескерткіштері – қазақ тілі морфологиясының тарихын зерттеудің көзі болып табылады» (1977) еңбектерін талдау, ондағы негізі ой-тұжырымдарды таңдап, екшелеп алу студенттердің танымдық қабілеттерін жетілдіруге ықпал етті.

Жыраулар мен дастандардан протеза, эпентеза, элизия құбылыстарына мысалдар жинау көптеген сөздердің шығу тарихымен танысуларына мүмкіндік берумен бірге, олардың танымын жетілдірді. Сол тәрізді ең алғаш буынның қай түрі пайда болған деген сұраққа жауап іздеу арқылы өздік жұмыс тапсырмаларын орындады. Ғалымдардың буын туралы пікірлеріне талдау жасады. Көне ескерткіштер тіліндегі сөздердің қандай буын түрлері арқылы жасалғандарын білді. Сөздерге семантикалық, этимологиялық талдау жасау олардың қазақ тілінің тарихы туралы білімдерін тереңдете түсті.

Кейс-стади (Case study) әдісі жағдаяттарды талдауға негізделеді. Оқушыларға нақты өмірлік жағдаяттар ұсынылады да, оны шешу тапсырылады. Бұл олардан белгілі бір білімдерінің болуын талап етеді. Интербелсенді әдістің бірі болып саналатын бұл әдіс студенттерді ойын арқылы теориялық білімдерін практика жүзінде пайдалануға дағдыландырады. Студенттің кәсіби білімін жетілдіреді. Кейс-стади әдісі оқытушының да білімінің терең, ойлау қабілетінің жоғары болуын талап етеді. Әдіскерлер кейске алынатын мәтіннің көркем әдебиеттен алынуы білім алушының қызығушылығын арттыратынын айтады. Осы пікірді негізге ала отырып, І.Есенберлиннің «Алтын орда» роман-триологиясынан мәтіндер алынып кейс түрінде ұсынылды:

Жошының алтыншы баласы Буалдың екі ұлының үлкені Татардан туған Ноғай Батумен бірге Шығыс Жағрапаға аттанғанда он сегізде еді. Қылшылдаған жас шағы болатын. Өзі де жүзі қайтпаған алмас қанжардай салған жерін алып түсетін өткір еді. Атасы Буал да, әкесі татар да, Жошының өзге бала, немерелеріндей ел шауып, қала алып көзге түспеген.

Бату орусут жеріне аттанған қосындардың ләшқарқаш-и бұзұрығы болып белгіленсе, Жұрмағұн – ләшқари тұма болып бекітілген. Бұл екеуінің үлкен айырмасы бар еді. Жұрмағұн-ноянға төрт түмен, қырық мың әскер берілген. Жүріп бара жатқан Жұрмағұнға ұлы хан Үгедейдің өзі «Сен бізге үнемі сар алтын мен сом алтын, алтын зерлі жібек торқа, маржан-меруерт, қаз мойын, ұзын сирақ батыс елдерінің қызғылт түсті әлеут нарларын, қалың шудалы кичидут түйелерін, жүк тиейтін хачедун қашырларын, жай жұмысқа жарайтын лусут есектерін жіберіп тұр» деген... (І.Есенберлин) [185].

Кейсті талдау үшін студенттер шағын топтарға бөлінді. Кейс бойынша сұрақтар мен тапсырма берілді.

Сұрақтар: Мәтін қай шығармадан алынған? Мәтіндегі жалқы есімдер қазіргі тарихпен қалай байланысады?

Тапсырма: Мәтіндегі тарихи сөздер қалай жасалған? Ономастикалық атаулар тілдің тарихын анықтауға көмектеседі ме? Семантикалық және этимологиялық талдау жасап дәлелдендер.

Студенттердің алдына кейстегі проблеманы шешу қойылған соң ізденіс жұмыстары басталды. Олар топ ішінде проблеманы талдады. Ноғай, татарлардың тарихына көз жүгіртті. Тарихи сөздерге семантикалық, этимологиялық талдау жасау арқылы ол сөздердің түпкі мәнін білді.

Ойлан. Жұтас. Пікірлес тәсілі бойынша студенттерге «Түркі тілдеріндегі грамматикалық мағыналар қандай жолдар арқылы берілген? Есім сөз түлғасының өзгеру тәсілдері қандай?» деген сұрақтар берілді. Студенттерге өз ойларын қағазға түсіруге 2-3 минут берілді. Әр студент өзінің жазғанын жұбымен 3-4 минут көлемінде талқылады. Әр жұп пікірлерін талқылап, бір шешімге келгеннен кейін олар пікірлерін топқа айтып берді.

Т – кестесі тәсілі бір-біріне қарама-қарсы немесе салыстыруға болатын ақпарат мен пікірлерді келтіруге қолданылды. Сабақ үрдісінде бұл әдіс көбінесе түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістерді танытуда қолданылды. Мысалы, студенттерге қазіргі кезде өзінің грамматикалық, мағыналық дербестігін жоғалтқан өлі түбірлерді өзара салыстыру тапсырмасы берілді (Кесте 2):

Кесте 2 – Қазақ тіліндегі өлі түбірлер

-с қосымшасы	-қа (-ға), -ке (-ге) қосымшасы
Үле-с, ұла-с, ұйы-с, үле-с-тір, үле-с-тір-у-ші, кия-с, жуа-с және т.б.	Бұл-ға, бай-қа, бұр-ке, тал-ға, тар-қа, қол-қа және т.б

Студенттер берілген тапсырма бойынша мысалдарды кестеге түсірді, содан кейін оны жұптасып, топтасып талдады. Өлі түбірлерге байланысты айтылып жүрген пікірлерге сүйене отырып, ондағы морфологиялық өзгерістерді анықтады. Т – кестесін пайдалана отырып, студенттер өлі түбірлер туралы пікірлерді өзара салыстырды.

Атаулар (терминдер) кестесі әдісі дәріс, семинар сабақтарында үнемі қолданылып отырылды. «М. Томанов: септеу категориясының негізгі

мағыналық құрылымы жайында» тақырыбы бойынша тақтаға «атау септік, ілік септік, табыс септік» деген үш термин жазылды (Кесте 3):

Кесте 3 – Атаулар (терминдер) кестесі

Атау септік	Ілік септік	Табыс септік
Атау септігінің тарихи, жасалуы, қолданысы туралы білімдері, мағлұматтары мен түсініктері	Ілік септігінің тарихи, жасалуы, қолданысы туралы білімдері, мағлұматтары мен түсініктері	Табыс септігінің тарихи, жасалуы, қолданысы туралы білімдері, мағлұматтары мен түсініктері

Студенттер алдымен өздерінің септік туралы білетін мәліметтерін кестеге түсірді, одан кейін жұп, топ ішінде талқылап, өз ойларымен бөлісті. Талқылаудан соң «Қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғаулары тұлғалық тұрғыдан көп өзгеріске түспей, көне түркі дәуірінен сақталған. ... Септік жалғауларының дамуында айқын байқалатын процесс – қолданылу сферасының кеңеюі немесе тарылуы. Көне түркі тіліндегі атау тұлғасының (түбір тұлғаның) қолданылу аясы қазіргі тіліміздегі сондай тұлғамен салыстырғанда әлдеқайда кең. Бұған қарап атау тұлғаның даму барысында қолдану аясының бірте-бірте тарыла бастағанын көруге болады. ... Бір кездерде жеке септік жалғаулары мағынасы мен қолдану тұрғысынан өзара толық жіктеле қоймаған. Көне түркі тілінде бір септік жалғауының бірнеше септік жалғауға тән мағыналарда жұмсалуды сондай ерекшелік нәтижесі» деген М.Томановтың тұжырымымен өз ойларын салыстырды [36, 171].

Бұл тәсіл қазақ тіліндегі септік категориясының жасалу жолымен студенттерді терең таныстыруға ықпал етті. Тақырыптың оңай не қиындығына және берілетін уақыт көлеміне қарай терминдерді көп не аз беруге болады.

Ой шақыру (ой қозғау, миға шабуыл) тәсілі студенттердің креативті ойлау қабілетін дамытады. Ой шақыруда идеялар мен пікірлердің сапасына емес, санына мән беріледі. Ал оларды іріктеу пікірлер мен идеяларды талдап болған соң басталады. Мысалы, «Қимыл есімдердің жасалу тарихы» тақырыбын меңгерту барысында бұл тәсілдің тиімділігі байқалды. Студенттер қимыл есімдерінің фонетикалық, грамматикалық, семантикалық тұрғыдан өзгерістерге ұшырау жолдары туралы өз пікірлерін фактілер келтіре отырып айтуға тырысты. Сабақ соңында айтылған пікірлердің ішінен дұрыс деп табылғандары топтық тұрғыдан талданды. Ой шақыру тәсілін қолдану барысында А.Әлімов айтқан ережелер басшылыққа алынды:

1. Проблеманы негізгі терминдер арқылы құрастырып, бір ғана ең басты мәселені айқындау.
2. Бір де бір идеяны жалған деп танымай, оны зерттеуді тоқтатпау.
3. Кез келген идеяны (тіпті оның қажеттілігі қазір күмәнді көрінсе де) жалғастыруға ұмтылу.
4. Қатысушылар өзін ыңғайлы сезініп, «ашылуы» үшін оларды қолпаштап, ынталандырып отыру.
5. Идеяларды бағалау мен іріктеуді тек шығармашылық идеялар келтіру

жұмыс аяқталғаннан кейін ғана бастау. Мұндай жұмысты алғашқы әрекетке (идея келтіруге) қатыспаған сарапшыларды жұмылдыру [131, 325].

Тақырыпты меңгертуде кеңінен тараған әдіс-тәсілдердің бірі – сабақ барысында ойын элементтерін пайдалану. *Ойын әдісі* студенттерді сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты жете ұғындыруда пайдалы болып табылады. Себебі студент белсенділігі ойын үстінде танылады. Ойын элементтерін пайдалану аталған тақырыпты қызықты және әсерлі етіп меңгертуде, студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуда ұтымды. Ойын әлемінің қызықты шарты қайталау, есте сақтау, алынған мәліметті бекіту мен меңгертуде эмоционалды жағымды әсер береді, ал ойын қызметіндегі эмоционалды әсер студенттің барлық психологиялық қызметтерінде белсенділігін арттырады. Ойынның тағы бір пайдалы жағы білімді жаңа жағдайда қолдана алу қабілетінің дамуына және де студенттердің білімін өзіндік бір тәжірибеден өткізуіне септігін тигізеді. М.Томанов еңбектерін оқытуда рөлдік ойындар қолданылды. «Тілші-ғалымдар мен жас ізденушілер» атты рөлдік ойында топ мүшелері тілші-ғалымдар және жас ізденушілер болып бөлінді. М. Томанов зерттеген салалар бойынша тілші-ғалымдарға жас ізденушілер өздерінің сұрақтарын қойды, тақырып бойынша түсінбеген жерлерін сұрады. Тілші-ғалымдар алдын-ала дайындалып, олардың сұрақтарына жан-жақты жауап берді. Бұл әдіс тақырыпты қайталау кезінде қолданылғандықтан, студенттердің өткен материал бойынша білімдерін толықтыруға, жетілдіруге көмектесті.

Топтық әдіс семинар сабақ кезінде «М. Томановтың қазақ тілі тарихын жүйелеуі» тақырыбын өтуде нәтиже берді. Бірінші топ М. Томанов, екінші топ студенттері А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, Н.А. Баскаков, үшінші топ А.С. Аманжолов, Ә. Құрышжанов пікірлерін талдап, өздерінің ойларын дәлелдеді.

Студенттердің тапсырманы топ болып орындап, ортақ пікірге келуі – тиімді әдіс, өйткені топтағы әрбір мүшенің бір-біріне көмегі, ынтымақтастық, оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекеті олардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайды. Студент-спикердің оқытушының қызметін атқаруы жаңа білімді игеруде, тапсырмаларды орындауда, бір-бірінің жұмыстарын саралауда, талдауда студенттердің өздерінің жетекшілік етуі олардың жаңа тақырып бойынша өзіндік ой-пікірлерінің қалыптасуына, жаңа білімді меңгерулеріне игі ықпал етеді.

«Қос жазба күнделігі» тәсілі қазақ тілінің грамматикасы бойынша ғалымдардың айтқан пікірлерін талдауда қолданылды. Бұл тәсілді екі түрлі қалыпта қолдануға болады. Дәріс кезінде оқытушы студенттерге қағазды екі бөлімге бөліп, дәрісте өзінің назарын аударған мәліметті бірінші бөлімге қысқаша жазғызып, екінші бөлімге сол туралы өз ойын жаздыртуына болады. Не студентке дайын пікірлерді беріп, сол пікірлер туралы олардың ойын білуге болады. Біз осы екі қалыпты да пайдалануға тырыстық. Мысалы, студенттерге төмендегідей ғалымдардың пікірлері берілді. Олар осы пікірлер туралы өз ойларын жазды:

Кесте 4 – «Қос жазба күнделігі»

Үзінді/ дәйексөз	Түсіндірме
<i>Тілдің құрылымдық тарихын зерттеп білуде дәйек болатын бір сала – ономастика (жерсу, тайпа, ру, халық, кісі аттары, т.б.) (М.Томанов).</i>	<i>Себебі халық көптеген ономастикалық атауларды айналадағы құбылыстарға, өмірлік тәжірибесіне сүйеніп қояды. Оған қасындағы көршілері де әсер етеді. Сондықтан тілдің тарихын танытуда бұл таптырмас материал деп ойлаймын.</i>
<i>Тілдің тарихи дамуын зерттеуде қолданылатын басты әдіс – тарихи-салыстырмалы әдіс (М.Томанов).</i>	<i>Өйткені бұл әдіс бойынша тілдік фактілердің тарихи байланысы мен жүйесі сақталып талданады. Тілдің бір жүйеге жататын, бірақ әр кезеңде қолданылған сөздері қызметі мен семантикалық жағы салыстырылады.</i>

Жигсо тәсілі дәріс сабағында қолданылды. Студенттерге қазақ тіліндегі фузиялық құбылыстарды меңгерту үшін көлемді мәтін үшке бөлінді. Студенттер де үш адамнан шағын топтарға бөлініп, 1 ден 3-ке дейін нөмірленді. Топ мүшелері нөмір бойынша мәтіндерді алып оқыды. Бірінші топқа протеза, эпентеза, дауыссыздардың элизиясы, екінші топқа метатеза, үшінші топқа диссимиляция туралы дәріс мәтіні ұсынылды. Бұдан кейін әрбір топ мүшесі келесі топқа барып мәтінді түсіндірді. Ең соңында әрбір студент өзінің бастапқы тобына қайтып келді де, әрқайсысы басқаларға мәтінді қалай үйреткендерін айтып талқылады. Студенттер мәтін мазмұнын басқа студенттерге түсіндіру үшін түрлі көрнекі құралдарды, кластер, кесте және т.б. пайдаланды. Олар өздерін мұғалім ретінде сезінді. Бұл олардың жауапкершілігін күшейтті, басқа студенттердің алдында беделі түспеу үшін материалды саналы ұғынып, оны басқаларға жеткізуде ұтымды тәсілдерді пайдалануға итермеледі.

Сол сияқты М. Томановтың етістіктің функциялық тұлғаларының дамуы туралы пікірлеріне арналған сабақтарды да ұжымдық жұмыс түрінде ұйымдастыруға болады. Бір топ көсемше тұлғаларының көне жазбаларда қолданылуы жайында айтса, екінші топ есімше тұлғаларының көне жазбаларда қолданылуы жайында, үшінші топ есімше тұлғаларының шақ тұлғаларымен тарихи байланысы туралы өз ойларын ортаға салды. Сонда студенттердің жеке тұлға ретінде орындаған жұмыстары, дәрісханада студенттердің сұрақтарды талқылауы, талдауы ұжымдық сипат алады [176, 184-187].

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер Мархабат Томановтың қазақ тілі грамматикасы туралы еңбектерін, ондағы тың ойлары мен тұжырымдарын студенттерге жан-жақты әрі терең меңгертуге, қазақ тілінің тарихы жайлы білімдерін арттыруға көмектесті.

3.2 М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін өздік жұмыс тапсырмалары арқылы оқыту

Кредиттік оқу жүйесінде студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары бірінші орында тұрады. Өйткені бұл жүйенің басты мақсаты – білім алушыларды өз бетімен орындайтын жұмыстарға үйрету, олардың ізденімдік, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Өйткені бәсекеге қабілетті маман дайындаудың басты компоненттерінің бірі студенттің өздік жұмысы болып саналады. Өздік жұмыс алға қойған міндеттерді шығармашылықпен шешуге, студенттің теориялық білімін арттыра отырып, оны практикалық тұрғыдан жетілдіруге көмектеседі. Студенттің өздік жұмысын ұйымдастыру – жоғары оқу орны оқытушыларын баяғыдан толғандырып келе жатқан мәселе. Тұлғаның белсенділігін арттыру мәселесі Сократтың диалогтік оқыту әдісінен бастау алғаны мәлім. Сократ әдісі айналадағы құбылыстар туралы танымдық сұрақтар қою арқылы зерттеушілік-әңгіме жүргізе отырып, сұхбатқа қатысушыларға дүниетанымдық білім беруді мақсат еткен. Көптеген зерттеушілер оқытушының білім берудегі үлкен қызметіне қарағанда, оқушының өздігінен істеген жұмыстары олардың білімін тереңдетуге көбірек ықпал ететінін айтады.

Кредиттік оқу жүйесінде психологтар, педагогтар мен әдіскерлер студенттің өздік жұмысын ұйымдастыруға, олардың негізгі түрлерін айқындауға баса мән береді. Студенттің өздік жұмысы аталған жүйенің бір тармағы болып есептеледі. Студенттер өздігінен іздену, түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізу, практикалық тапсырмаларды орындау арқылы білімдерін тереңдетеді. Өздік жұмыс студенттің жеке тұлғалық қасиеттерін, интеллектуалдық әлеуетін, шығармашылық белсенділігін дамытуға; өзін-өзі бақылау мен тәрбиелеуге, өмірлік ұстанымын қалыптастыруға; болашақ маман ретінде оқу және кәсіби қызметін арттыруға ықпал етеді. Бұл туралы зерттеушілер Т.С. Садыков, А.Е. Абылқасымова былай дейді: «Өздік жұмыс басқа оқу жұмыстарының барлық түрлерінің тапсырмаларын қорытындылайды. Өз бетінше жасалатын жұмыстың объектісі болмаған ешқандай білім адамның нағыз дәулеті саналмайды. Өздік жұмыстың практикалық маңыздылығымен қатар белгілі бір машық-дағдылармен жиынтығы ғана емес, біліктілігі жоғары заманауи маманның жеке тұлғасын қалыптастыруда айтарлықтай маңызды рөл атқаратын адам мінез-құлқын қалыптастыруда маңызы орасан зор болады. ... Жоғары оқу орынындағы өздік жұмыс мынадай негізгі мақсатты көздейді: студенттерді үйренуге баулы, яғни оқу процесінде машықтар мен дағдыларды өздігінен меңгеруге деген қажеттіліктері мен қабілеттерін дамыту [177, 108-109].

Дәстүрлі жүйеде студенттің білім, білік, дағдысына баса назар аударылса, кредиттік жүйеде осы үшеуі арқылы студенттің алған түпкі нәтижесін күзіреттілік тұрғысынан бағамдауға, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға басымдылық беріп отыр.

Кредиттік жүйеде студенттің тұлғалық белсенділігін тудыратын, танымдық, шығармашылық, логикалық ойлау қабілетін жетілдіретін, материалды, фактілер мен құбылыстарды талдау, зерттеу арқылы кәсіби

біліктілігін қалыптастыратын өздік жұмыстарды іріктеп алудың маңызы зор. Өздік жұмыс мақсатына қарай екіге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен істейтін өздік жұмыстар (СОӨЖ) және студенттің өз бетімен істейтін өздік жұмыстары (СӨЖ).

3. Бейсембаева жоғары оқу орнында сөзжасамды оқытуда қолданылатын өздік жұмысты студенттердің орындауына қарай репродуктивті, іздену деңгейі және зерттеушілік деңгей деп үшке бөліп қарастырады. Оларды өз ішінен білімді бекітуге арналған, білімді толықтыруға арналған және білімді жаңғырту мәніндегі өздік жұмыстар деп жіктейді [143, 194]. Ал Т. Ахметова өздік жұмыстардың СӨЖ және СОӨЖ болып екіге бөлінетінін айта келіп: «СӨЖ материалдарына: негізгі және ұсынылатын әдебиетпен қамтамасыз етілу картасы, студенттердің білімдерін ағымдық және кезеңдік бақылауға арналған тест тапсырмалары, бақылау сұрақтары, дидактикалық материалдар, қорытынды тест тапсырмалары немесе билеттер, әдістемелік нұсқаулар, кейстер, сөзжұмбақтар, көрнекті құралдар, ОТҚ, сырттай оқитын студенттерге арналған әдістемелік пакет, практикалық сабақтардың барлық түрлері бойынша бағдарламалар, пән бойынша оқу үрдісінің картасы жатады» деп тұжырымдайды [178, 45].

ЖОО-да синтаксисті қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытуды қарастырған Р.С. Рахметова өздік жұмыстарды репродуктивті және реконструктивті жұмыстар деп екіге бөліп алады да, репродуктивті өздік жұмыстарға конспект жазу, картотека түзу, тезис жазу, тезаурус құру, реферат дайындау, глосарий жазуды, реконструктивті өздік жұмыстарға аннотация, түйіндеме және сын-пікірді жатқызады [172, 188].

Зерттелген ғылыми жұмыстарды сараптай келе байқағанымыз – СӨЖ және СОӨЖ тапсырмаларының ара жігінің нақты ашылып көрсетілмеуі. Бұл тек қазақ тілін оқыту әдістемесінде ғана емес, орыс тілінде де осылай екендігіне көз жеткіздік. Оқытушыға пәннің білім мазмұнын терең игертуге көмектесетін өздік жұмыс тапсырмаларын таңдап алу біраз қиындықтар тудырады. Себебі өздік жұмыс студенттің өз бетімен қызығып орындайтын тапсырмасына айналу үшін оқытушы көп ізденуі қажет.

Мархабат Томановтың тарихи грамматика бойынша еңбектерін, ғалымның соны тұжырымдарын, қазақ тілінің дамуына қосқан үлесін және т.б. студенттерге жете таныту мақсатында тиімді, ұтымды болып табылатын өздік жұмыстар іріктеліп алынды.

Студенттің өздік жұмысы нәтижелі болу үшін олардың СӨЖ тапсырмасын орындауға деген қызығушылығы болуы тиіс. Егер СӨЖ тапсырмасының мақсаты нақты көрсетілмесе, СӨЖ-дің нәтижелі болуы екіталай. Яғни студент, біріншіден, СӨЖ-дің мақсатын түсінуі, екіншіден, мақсатқа жетуге көмектесетін ең негізгі мәселені талдай алуы, үшіншіден, оқу әрекетін жүйелі ұйымдастыра алуы, төртіншіден, өзінің іс-әрекетінің дұрыстығын бағалай алуы, бесіншіден, өзін-өзі қадағалай алуы тиіс.

Қайнар көздерді жүйелеу студенттің өздік жұмысын ұйымдастырудағы ең негізгі жұмыстардың бірі болып табылады. Себебі пәннің білім мазмұны

бойынша библиографиялық көрсеткіш түзу бірінші кезекте іске асырылады. Өздік жұмыстың бұл түрі екі қалыпта жүргізілді. Біріншіден, студенттер «Тарихи грамматика» бойынша қажетті еңбектердің библиографиялық көрсеткішін жасады. Екіншіден, қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеген, қарастырған ғалымдардың еңбектері туралы библиографиялық аннотация дайындады. Библиографиялық көрсеткішке қойылатын талаптар (автордың аты-жөнін, еңбектің атын, шыққан қаласы, баспа аты, жылы, еңбек көлемі) мен оны дайындаудың үлгісі ұсынылды. Библиографиялық көрсеткіште тыныс белгілері белгілі бір қызмет атқаратындықтан, оны қоюдың ережесі кесте түрінде ұсынылды (Кесте 5):

Кесте 5 – Библиографиялық көрсеткіште қойылатын тыныс белгілер

:	Қос нүкте	Тақырыпқа, еңбектің қай баспадан шыққанына қатысты мәліметті нақтылауда қойылады: Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы: Оқулық. –Алматы: Мектеп баспасы
. –	Нүкте және сызықша	Библиографиялық әр сипаттаудың алдына қойылады. Шартты белгінің алдынан және соңынан бір бос орын қалдырылады: Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы: Оқулық. –Алматы: Мектеп баспасы
/	Қисық сызық	Жауапты редактор немесе құрастырушылар туралы мәлімет: Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері / Жауапты редактор Ә.Қайдаров
:	Қос нүкте	Тақырыпқа, еңбектің қай баспадан шыққанына қатысты мәліметті нақтылауда қойылады: Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы: Оқулық. –Алматы: Мектеп баспасы
. –	Нүкте және сызықша	Библиографиялық әр сипаттаудың алдына қойылады. Шартты белгінің алдынан және соңынан бір бос орын қалдырылады: Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы: Оқулық. – Алматы: Мектеп баспасы
/	Қисық сызық	Жауапты редактор немесе құрастырушылар туралы мәлімет: Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері / Жауапты редактор Ә.Қайдаров
//	Екі қисық сызық	Мерзімді баспасөз құралдары немесе ғылыми конференцияларда жарияланған мақала туралы мәліметте беріледі: Беласарова Ж., Балтабаева Ж. М. Томановтың тарихи морфологияға қатысты пікірлерін оқытудың әдістемелік аспектілері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – № 3 (30). – 2015. – 184-187-бб.
,	Үтір	Еңбектің қайдан шыққаны, баспасы көрсетілгеннен соң үтір қойылып, шыққан жылы көрсетіледі: Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы: Оқулық. – Алматы: Мектеп баспасы, 1988. – 16,5 б.т.

Қазақ тілі грамматикасы бойынша библиографиялық аннотация жазу күрделі жұмыс болып саналады. Өйткені студент еңбекте қандай мәселелер қамтылғанын, еңбектің кімге арналғандығын да қосымша көрсетуі керек. Өздік жұмыстың бұл түрі пән бойынша өздеріне қажетті еңбектерді іріктеп алуға, кейін сабақ үрдісінде қажетіне қарай қолдануға көмектесті.

Тақырып бойынша түзілген *глоссарийлер* студенттердің «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәні бойынша білім мазмұнын жеңіл түсінулеріне септігін тигізді. Латын тілінде «глосс» сөзінен алынған «сөздік» деген мағынаны білдіретін глоссарийлер пән бойынша терминдердің мағынасын түсінуге ықпал етеді. Глоссарийді түсіндірме сөздік деп те атайды. Студенттер М. Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» еңбегіндегі ғалымның терминдерге берген анықтамаларын глоссарий түрінде жинақтады. Олар әрбір терминді оқулықтың қай бетінен алғанын көрсетіп отырды. Мысалы, «Диалект – халықтың бір ғана тобының территориялық, не әлеуметтік тілдік ерекшелігі» (12 бет); «Тарихи-салыстырмалы әдіс дегеніміз – түркі тілдерінің арасындағы фонетикалық, лексикалық, морфологиялық айырмашылықтарды анықтап, салыстыру. Салыстырылатын фактілер семантика, функция, грамматикалық және диахрондық өзгерістер тұрғысынан қарастырылады» (17 бет), «Сингорманизм – дауыстылардың гармониясы заңдылығы» (81 бет), «Дыбыстардың конфергенциясы дегеніміз – генезисі жағынан әр түрлі топтарға жататын сөздер мен тұлғалардың дыбысталуы жағынан бірыңғай, бірдейлігі» (101 бет). Әрбір терминнің мәнін түсіндіріп көрсету тақырыпты терең меңгерулеріне жәрдемдесті. Бір терминнің мәнін ашу үшін олар автордың ойын түсінуі қажет. Өйткені ғалым еңбегінде терминдердің көбіне нақты анықтама берілмеген. Оны тілдік фактілер арқылы көрсетіп отырған. Сондықтан ғалымның ойын тұжырымдап, глоссарий түзу студенттің ойлау қабілетіне, интеллектуалдық әлеуетіне де байланысты.

Картотека ғалым еңбегіндегі мысалдарды жинақтау түрінде орындалды. Картотека деп белгілі бір реттілікпен, мысалы, әліпбилік, тақырыптық, мерзімдік, тағы басқа тәртіппен біріктіріліп, жүйелі орналастырылған, ақпарат беруші қима қағаздар тобын айтамыз. Студенттер картотеканы ғалым еңбегінде берілген тақырыптарды бөліп алып орындады. Бұл сөздердің шығу төркінін тануларына, қажет кезінде дайын мысалды факті ретінде пайдалануларына мүмкіндік берді. Мысалы:

Кесте 6 – Картотека

№1
<p>Тақырып: Қазақ тілі тарихын зерттеудің әдістері</p> <p style="text-align: center;"><i>«Айақ/адақ» сөзі</i></p> <p>Шор тілінде: <i>азақ</i>; Якут тілінде: <i>атах</i>; Көне түркі тілінде: <i>адақ</i> түрінде қолданылған. Қазақ тіліндегі <i>ел адақтау</i> тіркесі <i>айақ</i> сөзімен түбірлес.</p>

№ 2
<p>Тақырып: Түбір синкретизмі</p> <p style="text-align: center;"><i>«Күй» түбірі</i></p> <p>Қырғыз тілінде: <i>күйік</i> сөзі камқар болу, біреу үшін мазасыздану дегенді білдіреді. Қазақ тілінде: <i>күйік</i> зат есім мәнінде қолданылады.</p>

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша *аннотация* жазып үйренді. Аннотацияда ғылыми еңбектегі, мақаладағы басты мәселе, оның көздеген мақсаты мен бағыты, нәтижелері қысқаша қамтылады. Оның басқа еңбектерден артықшылығы, кімге арналғаны туралы мәлімет беріледі.

А.Б. Туманова аннотацияның жазылу құрылымын төмендегідей кесте арқылы ұсынады [179, 107].

Кесте 7 – Аннотация

№ р/с	Аннотацияның құрылымы	Аннотацияны жазуға қажетті тірек құрылымдар (клише)
I	Кіріспе бөлім:	
1.	Автордың аты-жөні, жұмыстың атауы көрсетіледі;	Мақаланың/кітаптың/монографияның ... атауы. Мақалаға/кітапқа ... жазылған аннотация.
2.	Басылымның жылы мен орны, бет саны көрсетіледі	М., 2004. Алматы, 2005. 20-б.
II	Негізгі бөлім:	
1.	Жұмыстың мазмұнына қысқаша сипаттама беріледі, негізгі бағдарлама көрсетіледі;	Статья/книга посвящена (чему?) теме, проблеме, излагается (о чем?)/ рассматривается (что?) ... , в статье/книге автор описывает/характеризует/разбирает (что?) ... , останавливается на проблеме/проблемах (что? каких?);
2.	Негізгі мәселелер сипатталады; жұмыстың негізгі мәні сипатталады;	Мақалаға/кітапқа шолу/сипаттама беріледі (нені?); мәселелер талданады (не туралы? нені?); мақалада/кітапта сөз болады (не туралы?);

Кесте 7 – Аннотация (жағасы)

3.	Кейде жұмыстың құрылымы аталып көрсетіледі.	Кітап/мақала/монография 2/3 бөлімнен/тараудан/параграфтан және т.б. тұрады; иллюстрациялар/кестелер/схемалар; қосымшалар берілген.
III	Қорытынды бөлім:	
1.	Адресат көрсетіледі.	Мақала/кітап/монография (кімге?) арналған/бағытталған.

Студенттер М.Томановтың «Қазақ тілі тарихи грамматикасы», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбектеріне аннотация жазды. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» еңбегіндегі тақырыптар бойынша аннотациялық каталог түзді. Тақырып бойынша аннотациялық каталог дайындау өте тиімді. Аталған еңбек үш бөлімнен тұрады: «Тарихи грамматика пәні (Қазақ тілі тарихын зерттеудің әдістері; Қазақ тілі тарихын кезеңдерге бөлу туралы; Қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орны)»; «Тарихи фонетика (Тарихи фонетика; Дауысты дыбыстар жүйесі; Дауыссыз дыбыстар жүйесі; Екпін. Сингормонизм; Буын)»; «Тарихи морфология (Тарихи морфология; Есім сөз таптарының дамуы; Етістік категорияларының дамуы)». Осындағы екінші және үшінші бөлімдер тағы да іштей тармақшаларға жіктелген. Аннотациялық каталог студенттің бір еңбекті жан-жақты оқып шығуына мүмкіндік бере отырып, оның

әр тарауында қандай мәселелер қамтылғанын есте сақтауына мүмкіндік берді. Оқытушы осы бөлімдегі негізгі проблемалар төңірегінде аннотациялық каталог жасатуына болады. Студент тақырыптағы негізгі проблема бойынша басқа әдебиеттерге де анықтамалық каталог түзеді. Ол үшін әр студентке аннотацияның дайындалу жолдары туралы ақпарат береді.

Реферат – жоғары оқу орнында ең жиі қолданылатын өздік жұмыстың түрі. Бірақ көп жағдайда оқытушылар рефераттың тек бұрыннан қолданылып келе жатқан дәстүрлі түрін, яғни тақырып бойынша 10-15 беттен тұратын, беруден аспай келе жатқаны жасырын емес. Жұмыс барысында осы олқылықты жібермеу үшін рефераттың бірнеше түрі қолданылды. Жалпы реферат туралы ғалымдардың пікірлері жеткілікті. А.А. Вейзенің ғылыми еңбектерінде ақпаратты және оқу мақсаттарына жету контекстінде реферат жазудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Бұл ретте автор реферат деп «түпнұсқаның негізгі мазмұнын беретін қайталама мәтін», ал оқу қызметінің түрі ретіндегі реферат жазуды «оқылған нәрсені түсінудің тиімді тәсілі» деп түсінеді [180, 363].

Реферат студентті пән бойынша қамтылатын тақырыптарды тереңірек меңгеруге жетелейді. Реферат мазмұны көбінесе теориялық материалдарға негізделеді. Кәсіби маңызды шешімдердің нақтылығы студенттің жеке психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Бірақ бұл ерекшеліктердің ішінде оның ойлау мәдениеті мен танымдық қабілеті маңызды орын алады. ... Рефератты дайындап жазу кезінде студент ақпаратты өзгертіп, оны жаңа түрде көрсету үшін рефератталатын мәтін мазмұнына терең дендеп енуі қажет. Тақырыпқа сәйкес материалды сұрыптап ала білу студенттен танымдық қабілет пен талдау жасауды қажет етеді [172, 197].

Рефератқа төмендегідей талаптар қойылады:

- нақтылық (автордың өзіндік көзқарасын нақты баяндау, оған ешқандай өзгеріс енгізбеу, автордың пікірін бағаламай еңбектегі негізгі ойды, тұжырымдап нақты жазу);
- мазмұны (басты пікірді, ойды жүйелі, бәрін қамти отырып жазу);
- стильдің бірыңғайлығы (еңбектегі терминдерді, тілдік бірліктерді сол қалпында қолдану);
- тілі (рефератты ғылыми стильде нақты, қысқа түсінікті жазу);
- жүйелілік (еңбектегі ой жүйелілігін қатаң сақтау);
- көлемі (рефераттың көлемі берілген еңбектің көлеміне тәуелді болуы мүмкін. Рефераттың орташа көлемі 500 таңбадан, 5-12 мың таңбаға дейін жетуі ықтимал).

Кез келген реферат кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Реферат-конспект белгілі бір тақырып бойынша жазылды. Рефераттың аталған түрінің кіріспесінде автор және еңбек туралы қысқаша мағлұмат беріледі. Негізгі бөлімде еңбектегі барлық мәліметтер, тың тұжырымдар баяндалады. Қорытындыда автордың ойы тұжырымдалады. Қорытындыда *автордың ойыниша, бұл мәселе ... , айтылғандарды тұжырымдай келе, мынандай ... , сонымен, мақалада/еңбекте мынандай мәселелер ... қамтылған*

және т.б. сөз орамдары қолданылады. Мысалы, Ж. Манкееваның «Түбір мәселесі зерттелуінің жалғастығы», Қ. Есеновтің «Ғалым мерейі» атты мақалалары туралы жазылған реферат-конспектiлер студенттердiң ойларын сауатты әрi жүйелеп жаза бiлу дағдыларын қалыптастырды. Сонымен бiрге олар қазiргi ғалымдардың М. Томанов жайлы пiкiрлерiмен танысты.

Реферат-шолу берiлген тақырып бойынша бiрнеше еңбектердiң негiзiнде дайындалды. «М. Томанов еңбектерiндегi тарихи түбiр теориясы» тақырыбы аясында орындалған реферат-шолуды студенттер түбiр теориясына байланысты басқа ғалымдардың еңбектерiне сүйене отырып әзiрледi.

Реферат-түйiндеме – бiр мақала туралы қысқаша жазылатын өздiк жұмыс. Студенттер М. Томановтың «Советская тюркология» журналында 1972 жылы жарияланған «Принципы построения исторической грамматики казахского языка» атты мақаласы бойынша реферат-түйiндеме жазды.


Реферат-баяндама бiрнеше еңбектердi қамти отырып, берiлген тақырып бойынша баяндауға негiзделедi. Реферат-баяндама кiрiспеден, негiзгi бөлiмнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер көрсеткiшiнен тұрады. Сонымен бiрге реферат-баяндаманың сыртқы бетi, қысқаша аннотация және жоспары болуы тиiс. Кiрiпе бөлiмде тақырыптың мақсаты, мiндеттерi, негiзгi қамтылатын мәселелер еркiн түрде жан-жақты сөз болады. Негiзгi бөлiм екi тармақтан тұрады. Оның бiрiншi тармағында пайдаланылған еңбектер бойынша баяндалып, ал екiншi тармақта студенттiң аталған мәселе туралы өз ойы, пiкiрi айтылуы қажет. Қорытындыда тақырыптың негiзгi мәселелерi тұжырымдалады. Реферат-баяндамада әрбiр пiкiр сiлтеме түрiнде көрсетiлуi тиiс. Реферат-баяндаманы қорғау кезiнде студент тұсаукесер дайындап, тақырыпты қорғап шығады. «М.Томановтың түбiр теориясының қазiргi қазақ грамматикасындағы рөлi» тақырыбында студенттер реферат-баяндама дайындады. Қазiргi қазақ тiлi грамматикасындағы түбiр туралы пiкiрлерге талдау жасалды. М. Томановқа дейiнгi, М. Томановтың кезiндегi және қазiргi кездегi түбiр туралы жарияланған еңбектердi пайдалана отырып реферат-баяндама әзiрледi.

Кластер студенттiң сыни ойлауына негiзделедi. Кластерде студент берiлген тiрек сөздi ашатын, ойына келген идеялардың барлығын қағазға түсiредi. Қағаздың ортасына тақырып не тiрек сөз жазылады. Студент осы тiрек сөз бойынша ойына келген сөздердi, сөйлемдердi, идеяларды сызық арқылы көрсетедi. Ол сөздердiң мәнiн ашатын басқа сөздердi де таратып жаза бередi. Кластерге қойылатын талап – ойына келген нәрсенiң барлығын жаза беру. Бiрақ соңында студент кластерiн жан-жақты дәлелдеп көрсете бiлуi шарт. Мысалы, студенттер «түбiр синкретизмi» туралы құрған кластерде осы тақырып бойынша барлық мәлiметтердi беруге тырысқан:



Сурет 1 – Кластер

Осы кластердегі ғалымдарды жазу себептерін студенттер олардың осы тақырып төңірегінде жазған еңбектерін келтіріп, талдады. Яғни студент кластерге жазған әрбір сөзін дәйектеп айта білуі тиіс. Сондықтан да кластер студенттің сыни ойлауын дамытатын жұмыс түрі болып табылады. Кластердегі идеяны оқытушы ары қарай жалғастыруға тапсырма беруіне болады. Есім, етістік түбір синкретизмі бойынша студенттер бірнеше мысалдар келтіріп, олардың жасалу тарихына салыстырмалы талдаулар жасады:



Сурет 2 – Түбір синкретизмі бойынша кластер

Тезис – ғылыми негіз пен фактіге құрылған, дәл және қысқа жазылатын ой қорытындысы. Студентке тезис жазуды үйрету олардың ойларын жүйелеуге, айтатын мәселесін тұжырымдап айтуға үйретеді [172, 199]. Тезис – студенттің

ғылыми материалға аналитика-синтетикалық талдау жасауы, ондағы негізгі мәселені қысқаша түрде мағыналы жеткізуі. Студенттерге еңбектің әр бөлімі, тармағы немесе бір еңбек/мақала бойынша тезис жазғызуға болады.

Қазақ тілі тарихи грамматикасын оқыту барысында тезис М. Томанов туралы жарияланған мақалаларға жазылды. Б. Сағындықұлының «М. Томанов құрмалас сөйлем мәселелері туралы» (ҚР БҒМ-нің, ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 82-86 бб, 2002. - № 1); А.Салқынбайдың «Тіл тарихын зерттеген кемел ғалым» («Егемен Қазақстан» газеті, 18 ақпан 2012 жыл) мақалалары бойынша тезис жазды.

Пікір жазылатын еңбектің көлеміне, жазушының айтатын ойына қарай қысқа немесе көлемді болады. Пікірде төмендегідей мәселелерге мән беріледі:

- зерттеудің нысаны;
- тақырыптың өзектілігі;
- қысқаша мазмұны;
- жалпы бағасы;
- жұмыстың кемшілігі мен артықшылығы;
- тұжырым.

Пікірге қойылатын критерийлер:


- пікірдің мазмұндылығы;
- ой жүйелілігі;
- студенттің өзіндік тұжырымы;
- талапқа сай рәсімделуі;
- уақытында орындалуы.

Пікір студентті берілген еңбек туралы өзіндік ой қорытуға, ондағы басты мәселелерді анықтауға, ойын жүйелі әрі сауатты жаза білуге дағдыландырды. Студенттер «М. Томановтың түбір теориясының қазіргі қазақ грамматикасындағы рөлі» атты өздері дайындаған реферат-баяндамаға пікір жазды. Бір-бірінің реферат-баяндамаларына пікір жазу оларды топтың басқа мүшелерінің еңбегін бағалауға, сыни пікір айтуға үйретті.

Тезаурус арқылы лексикалық бірліктердің арасындағы семантикалық байланысты жіктеп көрсетуге болады. «Тезаурус» сөзі грек тілінде «қазына», «байлық», «қор» деген мағынада қолданылады. Тезаурус кейде «семантикалық сүзгі» немесе «ақпараттар сөздігі» деп те аталады. Тезаурус термині сөздер мен сөйлеудің ұйымдасқан жүйесі; тілдік бірліктер арасындағы өзара семантикалық байланыс; бір тілді сөздік; табиғи тіл мен ақпараттық зерттеушілік элементтер арасындағы өзара байланысты жүйе; білім мен түсініктердің күрделі жүйесі; түрлі білімдер арасындағы сабақтастық; түсінік немесе категория жайында нақты, толық, жүйелі берілген анықтама мен терминдердің тізімі; деректердің параметрлері бойынша өзара салыстырылған және осы тақырыпты еркін түсінуге мүмкіндік беретін кілт сөздердің жүйелі түрде құрылуы тәрізді мағыналарда кең түрде түсініліп жүр. Сонымен бірге адамның әлем туралы білімдерінің жиынтығы да тезаурус ретінде қолданылады.

Жұмыста тезаурус лексикалық бірліктердің семантикалық байланысын анықтау мақсатында пайдаланылды. Студентке арнайы бір тақырып беріліп, олар сол тақырып бойынша тезаурус түзді.

Студент тақырып аясында тілдік бірліктерді анықтап, сол бірліктердің басқа тілдік бірліктермен семантикалық байланысын, сабақтастығын анықтады. Тезаурус сөздік ұғымында (сөздердің мағынасына, өзара байланыса қатысты сабақтастықта түзілетін сөздік) қолданылды. Лексикалық бірліктер алаңға мағынасына сәйкес топ түрінде жинақталады. Басқа сөздер мен сөз тіркестерін мағыналық тұрғыдан біріктіретін негізгі сөз/түбір/қосымша ортасына жазылады. Мысалы, түбір құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістерді таныту үшін «ұл» түбірі арқылы өзара семантикалық байланыстағы сөздердің тезаурусын түзді:



Сурет 3 – Дыбыстардың тарихи фонетикалық өзгерістері арқылы жасалған түбір

Жоба жұмысы студенттің ғылыми-зерттеушілік қабілетін арттырады. XX ғасырдың бірінші жартысында Джон Дьюи негізін салған бұл технология қазіргі кезде білім алушының өздік жұмысының бір түріне айналды. Джон Дьюи баланың жанына жақын жұмысты практикалық тұрғыдан орындауына баса мән берген. Автордың ойынша, егер бала өзіне ұнайтын көйлекті өзі тігіп үйренсе, оның өзін-өзі сыйлауға деген көзқарасы қалыптасып, басқаның еңбегін бағалай білуге үйренеді. Әдіскерлер жоба жұмысы білім алушыны «оқу арқылы жаңалық ашуға» итермелейтінін айтады. Жоба жұмысы студенттің өзіне деген сенімін қалыптастырып, зерттеушілік қабілетін арттырады.

Жоба жұмысының ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол студенттің қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалай оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет [181, 16].

Жоба жұмысы кезіндегі оқытушы мен студенттің атқаратын іс-әрекетін төмендегі кестеден байқауға болады:

Кесте 8 – Оқытушы мен студенттің жоба жұмысын орындаудағы іс-әрекеті

Жоба жұмысының кезеңдері	Оқытушының қызметі	Студенттің қызметі
1.1. Жоба тақырыбын таңдау	Оқытушы бірнеше жоба тақырыбын студенттерге ұсынады.	Студенттер тақырыптарды талдап, тақырып бойынша ортақ шешімге келеді.
	Оқытушы студенттерге жоба тақырыбын бірлесіп таңдауға шақырады.	Топ студенттері оқытушымен бірлесе отырып, тақырыпты таңдап, ұжым ішінде талқыға салады.
	Оқытушы студенттер таңдаған тақырыпты талдауға қатысады.	Студенттер өз беттерімен тақырып таңдап, оны басқалардың талқысына салады.
1.2. Жоба тақырыбының бөлімдері мен тармақтарын анықтау	Оқытушы алдын ала бөлімдер мен тармақтарды дайындап, оны студенттердің таңдауына ұсынады.	Әр студент өзіне бөлімді не тармақты таңдап алады не өзі басқасын ұсынады.
	Оқытушы бөлімдер мен тармақтарды студенттермен бірге талдауға қатысады.	Студенттер бөлімдер мен тармақтарды қызу талдап, өз нұсқаларын ұсынады. Әр студент өзіне бір бөлімді не тармақты таңдап алады.
1.3. Шығармашылық топ құру	Оқытушы өзіне бөлімді немесе жоба жұмысындағы	Студенттер жоба жұмысындағы өздерінің рөлдерін бөліп алып,

Кесте 8 – Оқытушы мен студенттің жоба жұмысын орындаудағы іс-әрекеті (жалғасы)

	атқаратын рөлін таңдаған студенттердің тобын ұйымдастырады.	кішігірім топтарға бөлінеді.
1.4. Зерттеуге қажетті материалдарды дайындау: қажетті әдебиеттерді, жауап беретін сұрақтар мен тапсырмаларды жүйелеу	Егер жоба жұмысы көлемді болса оқытушы алдын ала қажетті әдебиеттер мен тапсырмаларды дайындап қояды.	Шешілуге тиіс мәселелер топ та немесе ұжымда талқыланады.
1.5. Жобаның түпкі нәтижесін жеткізудің формасын анықтау	Оқытушы пікірталасқа қатысады.	Студенттер топта, ұжымда жоба жұмысының формасын (бейнефильм, альбом, журнал, тұсаукесер және т.б.) талқылайды.
2. Жоба нұсқаулығы	Оқытушы студенттердің жұмысын ұйымдастырады, кеңес береді, басшылық жасайды.	Студенттер зерттеу жұмыстарын іске асырады.

3. Нәтижені рәсімдеу	Оқытушы студенттердің жұмысын ұйымдастырады, кеңес береді, басшылық жасайды.	Студенттер бірінші өз топтарында, содан кейін барлығы бірігіп жоба жұмысының нәтижесін талапқа сай рәсімдейді.
4. Тұсаукесер	Оқытушы зерттеу нәтижесін сараптауды ұйымдастырады (оқытушылар мен басқа топ студенттерін сарапшылар ретінде шақыру)	Жұмыстарының нәтижесін баяндайды.
5. Рефлексия кезеңі	Өзінің педагогикалық қызметін студенттер жұмысының нәтижесін ескере отырып бағалайды.	Студенттер атқарған жұмысын таразылайды, топпен талқылайды.

Студенттерге «Мархабат Томанов және қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Мархабат Томанов және түбір теориясы», «Мархабат Томанов қазақ тілі тарихын зерттеуші», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеген ғалым», «М.Томановтың тіл тарихы жөніндегі зерттеулері», «Мархабат Томановтың тарихи фонетика туралы зерттеулері», «Мархабат Томановтың сөз этимологиясы туралы пікірлері» және т.б. тақырыптар жоба жұмысы түрінде ұсынылды. Бұл жоба жұмыстары екі бағытта жүргізілді. Біріншіден, зерттеушілік жоба жұмыстары іске асырылды. Яғни студенттер аталған тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оны тұсаукесер түрінде қорғап шықты. Екіншіден, шығармашылық жобалар орындады. М.Томанов туралы ғалымдардан сұхбат алды.

Жоба жұмыстары студенттердің жеке тұлғалық қасиеттерін жетілдіріп, ғылыми-ізденушілік қабілеттерін арттырды. Әр студент жоба жұмысы бойынша төмендегідей үлгіде жазбаша есеп тапсыруы міндеттелді:

Жоба тақырыбы _____
 Менің бұл тақырыпты таңдаған себебім _____
 Жоба жұмысымның мақсаты _____
 Ақпарат жинау (қайдан және қалай іздедім) _____
 Жұмыс барысында мынандай қиындықтарға кездестім: _____
 Оны мынандай тәсілдер/жолдар арқылы шештім: _____
 Жұмысты уақытында орындау/орындамауымның себебі _____
 Нәтижесі қалай болды, қандай шешілмеген сұрақтар қалды _____
 Егер жұмысты қайтадан бастасам, онда _____
 Жоба жұмысы маған _____
 Мен жоба жұмысын орындау арқылы _____
 Бұл жұмыс менің кәсіби біліктілігімді _____

Тірек сызба дайындау студентті материалды жүйелей білуге, негізгі ойды қысқа тұжырымдауға баулиды. Көлемді материалды еркін игеруіне көмектеседі. Тірек сызба студент пен оқытушының практикалық қызметін байланыстырады.

Студент берілген тақырып бойынша тірек сызбаны дайындау арқылы оны жан-жақты меңгереді. Материалды оқи отырып, ондағы негізгі мәселелерді іріктеп алып, кестеге түсіреді. Сабақ үрдісінде дайындаған тірек кестесін пайдалана отырып, ойын жүйелі әрі сабақтаса жеткізуге дағдыланды. Студенттер «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» оқулығындағы «Етістік категорияларының дамуы тарихы» бөлімі бойынша тірек сызба дайындады (Сурет 4).

Қорыта келгенде, студенттердің өз бетімін орындаған жұмыстары олардың танымдық, оқу-зерттеушілік, ғылыми-зерттеушілік, кәсіби қызметтерін жандандыруға ықпал етті. Оқу және ғылыми әдебиеттердегі, түрлі сөздіктердегі, ғаламтор көздеріндегі ақпараттарды өздерінің мақсатына, қажетіне қарай сұрыптап, өндеп қолдану арқылы танымдық қызметтерін жетілдірді.



Сурет 4 – Тірек сызба

Зерттеу жұмыстарын жүргізу, оның жүру барысы мен нәтижелерін сараптау, талдау олардың ғылыми-ізденушілік қызметтерін дұрыс атқаруға дағдыландырды. Жеке, жұптық, топтық тапсырмалар, берілген тапсырманы орындаудың ұтымды жолдарын анықтау немесе таңдап алу, теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан қолдану студенттердің кәсіби күзіреттіліктерін қалыптастыруға көмектесті.

3.3 Тарихи грамматика мәселелерін кешенді жұмыс түрлері арқылы оқыту және эксперимент жұмыстарының қорытындылары

Профессор М. Томанов алтаистикада, түркі тілінде қалыптасқан ғылыми ойларға, тұжырымдарға сүйене отырып, бірінші рет қазақ тілінің тарихи грамматикасын жазды. Бұл күні бүгінге дейін бірегей еңбек әрі дара оқулық ретінде танылып отыр. М. Томановтың ғылыми еңбектері сан-салалы, жан-жақты. Егер санамалап көрсетер болсақ, ол қалам тартпаған тіл білімінің саласы жоқтың қасы. Сірә, бұл ғалымның қарымдылығы, білімінің тереңдігі

болса керек. Және бұл өз кезеңінде ғылымда туындап жатқан сан түрлі қажеттіліктердің үдесінен шығуды көздеген еңбекқорлық екені анық. Иә, бұл ғылымға деген, қазақ тіліне деген шексіз құрметтен туындаса керек. Ғалым артына қазіргі қазақ тілінің синтаксисі, стилистикасы, морфологиясы, қазақ әдеби тілі, диалектологиясы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, ежелгі жазба мұрағаттар тілі, тарихи фонетика, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы сияқты күрделі мәселелер жөнінде терең теориялық мәні бар үлкен-үлкен ғылыми еңбектер қалдырды [182].

Мархабат Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасы жайындағы ой-тұжырымдарын студенттерге оқыту үшін кешенді жұмыс түрлері іріктеліп алынды. Кешенді жұмыс студенттерге тіл білімінің ең күрделі де қызықты саласы тарихи грамматика туралы теориялық білімдерін тереңдетуге, практикалық дағдыларын қалыптастыруға, кәсіби біліктіліктерін арттыруға, дүнитанымдық көзқарастарын тұрақтандыруға және т.б. бағытталды. *Жаттығу, мәтін және өздік жұмыс түрлері* арқылы қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқыту көзделді.

Жаттығу жұмыстары арқылы меңгерту. М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты жазылған ғылыми еңбектерін оқытуда *жаттығу* жұмысының алатын рөлі зор. Ғылым мен тұрмыстың әр алуан салаларында, «жаттығу» термині әр түрлі мәнді білдіреді. Педагогикалық әдебиетте жаттығу ұғымы оқытудың әдісі жөніндегі дәстүрлі түсінікпен іштей байланысты мағынада анықталады. Жаттығу білімді бекітудің және білік пен дағдыларды қалыптастырудың, білім алушылардың ойлау қабілетін дамытудың ұтымды әдісі болып саналады. Жаттығу арқылы білім алушының қабілеті мен дағдысы қалыптасады. Жаттығу студенттің ойлау қабілеті мен шығармашылығын дамытуға, практикалық дағдысын жетілдіруге көмектеседі. Жаттығу оқу үрдісінің барлық кезеңінде қолданылады.

1-жаттығу. Й дыбысынан басталатын сөздерді теріп жазып, қазақ тілінде й-дің орнына қай дыбыс алмасып келетінін анықтаңыз. Қазіргі түркі тілдерінің қайсында сөз басындағы й дыбысы сақталғанын айтыңыз. М.Томановтың қазақ тілі дыбыстық жүйесінің өзгерістері туралы пікіріне сүйене отырып дәлелдеңіз. *Бізің су аты турук, азуқы йоқ әрті... Күл тігін қоні йылқа йіті йәгірмікә учд; тоқузынч ай йәті отузқа йоқ әртүртіміз. Барқын бәдізін бітік таш/ын бічін йылқа йітінч ай йіті отузқа қоп алқады/м/ыз.. (Күлтегін ескерткішінен). Ионт йыл ікінді ай ейкіз отузқа маңа Қайымтуқа әдлу йігу барлуқ кәргәк болуп Мысырның Қочутақы борлуқын алдым (Ұйғыр заң құжаттарынан). Ол йіп узді. Ол йишығ есді («Девану лугатит турктен»).*

Жаттығудың міндеті – көне түркі ескерткіш тіліндегі дыбыстық өзгерістерді таныту.

Жаттығудың нәтижесі. Студенттер жаттығудағы й-дыбысынан басталатын сөздердің қазіргі қолданысын анықтау үшін М.Томановтың дыбыстар жүйесіндегі өзгерістер туралы пікірлерін пайдаланады. Ғалымның ой-тұжырымдарын қажетіне қарай қолдануға дағдыланады.

2-жаттығу. Септік жалғауы жалғанған сөздерді топтап жазыңыз. Оларды қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғауының қолданысымен салыстырып, жасалу жолына талдау жасаңыз. «Қашқари кітабында берілген қыпшақ материалдары бүгінгі қазақ тілінің алғашқы сипатын танытады» деген М.Томановтың пікірін дәлелдеңіз.

Кіші аласы ічтін, йылқы аласы таиштын. От тесә ағыз күмәс. Кічік улуғқа турушмас, қырғуй соңқурқа қарышмас. Татығ көзрә, тікәнің түбрә. Алын арслан тутар, кучүн көснук тутмас. Табуғ таиш йарар, таиш башығ йарар. Ағыз йегсә уйазур. Йылан кенду игрісін білмәс, тавәй бойнын игрі тер. Олдәчі сычкан муш қузруқуқ қашыр. Тай ататты. Ол тарығ екітті. Ол мені атғарды. Ол мені узғызды. Олар ікіазрышды. Қапуғлар ачылды («Девану луғатит турктен»).

Жаттығудың мақсаты – Махмұт Қашқари сөздігіндегі септік жалғауының қолданысымен таныстыру.

Жаттығудың нәтижесі. Студенттер септік жалғауларына тарихи тұрғыдан талдау жасап үйренеді. Ғалымның аталған сөздік туралы пікірінің дұрыстығына көздері жетеді.

3-жаттығу. М.Томановтың тілдің морфологиялық құрылымының тарихи даму ерекшеліктері жайындағы тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, жаттығудағы түбірлерге талдау жасаңыз.

Байат аты бірлә сөзүк башладым.

Төрүткән ікідкән, кәчүркән едім

Окүш өг-ді бірлә телім мың сәна

Оған – бір байатқа энкар йоқ фана

Йағыз йер йашыл көк, күн, ай бірлә түн.

Төрүтті халық, өд өдләк, бу күн

Тіләді төрүтті бу болмыш қамуз («Құтадғу біліктен»).

Жаттығудың мақсаты – морфологиялық бірліктердің динамикалық даму жолын меңгерту.

Жаттығуды орындаудың нәтижесінде қазіргі қазақ тілінің осы күнгі морфологиялық құрылымының даму тарихымен танысады. Тілдің морфологиялық құрылысының даму кезеңдерін біледі. Тілдің морфологиялық даму заңдылықтары туралы білімдерін тереңдетеді.

4-жаттығу. Ғалымның есім сөздердің жасалуы туралы айтқан ой-пікірлерін негізге ала отырып, жаттығудағы есім сөздерге тарихи-салыстырмалы талдау жасаңыз.

Узә турк тәңрісі турк ыдуқ йірі, субы анча тіміс: түрк будун йоқ болмазун тийін, будун болчун тийін, қаңым Ілтәріс қағанығ, өгім Ілбілгә қатунығ тәңрі тәпәсінтә тутып, йөгәру көтүрміс әрінч. Аңым қаған йіті йагірмі ташықмыс; таиша йорыйур тийін, құ әсідіп, балықдақы тағықмыс, тағдақы інміс, тіріліп йәтміс әр болмыс. Тәңрі куч біртук үчүн қаңым қаған сусі бөрі тәғ әрміс, йағысы қон тәғ әрміс (Күлтегін ескерткішінен).

Жаттығудың мақсаты – есім сөз таптарының тарихи даму жолын меңгерту.

Жаттығудың нәтижесі: Студенттер есім сөздердің тарихына талдау жасау арқылы олардың жасалу жолдарының бір-бірімен ұштасып, байланысып

жататынын біледі. Есім сөз таптарына, оларға тән категориялар мен тәсілдерге талдау жасап үйренеді.

Сонымен М. Томановтың қазақ тілінің тарихы туралы еңбектерін оқытуда жаттығулар маңызды рөл атқарады. Әдістеме ілімінде жаттығулар жүйесін жасау мәселесі – оқыту жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі. Қазақ тілінің тарихи грамматикасын игертумен жүргізілетін жұмыс студенттердің алған білімдерін әр түрлі жағдайда қолдана білуге дағдыландырады.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасын мәтін арқылы меңгерту білім алушылардың пән бойынша алған білімдерін ой елегінен өткізуге, оны практикалық тұрғыдан ұтымды қолдануға көмектесіп, шығармашылық ойлауын дамытады. Мәтін – бір тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды сөйлемдердің тізбегі. Мәтінмен жұмыс қазақ тілінің тарихи грамматикасын кәсіби тұрғыда меңгертуде айрықша рөл атқарады. Студенттер академиялық мәтіндермен жұмыс істеу арқылы кәсіби білімдерін толықтырады. Термин сөздердің қолданысын игеруге мүмкіндік алады. Академиялық мәтіндер М.Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасы туралы еңбектерін терең меңгеруге мүмкіндік береді:

➤ *Түркі тілдеріндегі сын есімдер мен зат есімдердің бір-бірінен саралануы көне дәуірде болған процесс. Енисей-Орхон жазбаларының тіліндегі сын есімдер соншалық көп болмаса да сараланғаны, дербестелгендігі байқалады. Ол тілде бірсыпыра туынды сын есім жасайтын аффикстер де өз алдына жіктелген топ есебінде көзге түседі.*

Сын есімдер дамуының екінші бір ерекшелігі – байырғы түбір мағынасының кеңеюі, жіктеліп саралануы, сөйтіп бір түбірдің бірнеше мағыналық мәндерге ие болуы. Мысалы: көк сөзі. Көне түркі тілінде осы сөз заттың түсі мағынасында екі түрлі мәнерді (синий, голубой, көк түрк.), сонан соң аспан мәнін берсе, кейін көк шөп мәнін де беретін болған. Жарық – түс – сәуле, сонымен бірге бір заттың жарығы, т.б. Сөз мағынасының кеңеюі, жіктеліп саралануы сын есімдердің қолдану сферасын, икемділігін арттыра түскен.

Қазіргі тіл нормасы тұрғысынан «байырғы сын есімдер» деп қаралатын сөздердің барлығы бірдей тарихи тұрғыдан тек қана түбір бола бермейді. Тарихи тұрғыдан жіктеуге келмейтін түбір сөздер тілімізде көп емес(М.Томанов).

1-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ой не туралы?

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды айқындап, осы мәселе жөнінде өзіңіздің тұжырымыңызды (анықтамаңызды) шығарыңыз.

3-тапсырма. Ғалымның айтқан пікірі бойынша Енисей-Орхон ескерткіштеріндегі сын есімдерді жинап, талдау жасаңыз.

4-тапсырма. Асты сызылған соңғы ойбөліктегі пікірге байланысты жіктеуге келмейтін қазақ тілінде қандай түбірлер бар? Мысал келтіріңіз.

Мәтіннің танымдық қызметі: қазақ тіліндегі сын есімдердің тарихын таныту арқылы, өткен тарихты бағамдауға үйрету.

Мәтіннің қатысымдық қызметі: студенттерді ғалымның пікіріндегі негізгі мәселелерді ұтымды қолдану арқылы өз ойын тұжырымдап жеткізуге дағдыландыру.

➤ **Жочының өлімін есіттіру**

*Теңіз баштың булғанды,
Кім тундурур, а ханым?
Терәк түбтің жығылды,
Кім турғузур, а ханым?*

*Теңіз баштың булғанса,
Тундурур улум Жочыдыр
Терәк түбтің жығылса,
Турғузур улум Жочыдыр.*

*Көзүң йашын жүгуртур
Көңлің тулды болғай ма?
Жырың көңіл өкүртүр
Жочы өлді болғай мы?*

*Сөйләмәккә еркім йоқ,
Сен сөләдің, а ханым?
Оз йарлығың өзіңе жауаб
Айу ойладың, а ханым!*

*Қулун (ын)алған қуандай
Кулунумдын айрылдым.
Айырышқан анқудай
Ер улумдын айырылдым.*

Шыңғыс ханға Жошының өлімін есірту өте құнды тілдік материал болып саналады. Бұл өлеңді арабтың тарихшысы Ибн-ал-Асир XIII ғасырда жазып алған. Бұл өлең XVII ғасырда өмір сүрген Абулғазы ханның «Шежере-н-турк» атты шығармасында да кездеседі. Тарихи деректерде Шыңғыс ханға оның баласы Жошының өлімін Улуг жырышы есірткен деген мәлімет бар.

1-тапсырма. Көне түркі тіліндегі септіктер жүйесін тұлғалық, функционалдық тұрғыдан қазіргі қазақ тіліндегі септіктер жүйесімен салыстырыңыз.

2-тапсырма. Септіктердің даму процесіндегі семантикалық функциялық өзгерістеріне талдау жасаңыз.

3-тапсырма. Мәтіндегі қазіргі қазақ тілінде бар сөздерді (дыбыстық өзгерістерді есептемей) теріп жазып, оның семантикалық мағынасын анықтаңыз. Түсініксіз сөздерді сөздіктен қараңыз.

4-тапсырма. Мәтіндегі етістіктердің жасалу жолына тарихи-салыстырмалы талдау жасаңыз.

5-тапсырма. Жыршы Жошының өлімін естіртуде қандай ұтымды тәсіл қолданған деп ойлайсыз? Өз ойыңызды дәлелдеп айтыңыз.

Мәтіннің танымдық қызметі: көне түріктерге тән жақын адамның өлімін естіртудің танымдық маңызын тілдік материал арқылы таныстыру. Қазақ тілінің байырғы сөздерінің семантикасын таныту.

Мәтіннің қатысымдық қызметі: қазақ тілінің сөздік қорына кіретін сөздердің тарихын күнделікті қарым-қатынаста қажетіне қарай пайдалануды үйрету.

➤ Қазіргі тілімізде *жара, жыра, сына* т.б. осылар тәріздес сөздер құрамындағы **-а, -е** аффикстері V-VIII ғасыр ескерткіштері тілінде сирек қолданылған. Қашқари сөздігінде де **өтнү** (қарыз, өтініш) сөздері құрамындағы осы аффикс. Бірақ осы дәуірлерде де бұл зат есім жасаудың өнімді тәсілі болмаған.

Қазіргі қазақ тілінде аса жиі қолданылатын **-ма, -ме, (-ба, -бе, -па, -пе)** аффиксі зат есім жасаудың тәсілі ретінде X-XI ғасыр жазбаларынан ұшырасады: *сүрме, кесме, ыстама*, т.б.- **ма** аффиксі құрандылардың қатарына жатады. Қазақ тілінде **кесім, шешім** тәрізді сөздер құрамындағы **-м** бұл аффикстің алдыңғы элементі **-а** осыдан бұрын әңгіме болған, қимыл есімдері мен зат есім жасайтын аффикс. Мұны байқау үшін **кесім, кеспе, басым, баспа** тәрізді сөздерді өзара салыстырып қарау керек. Сонда **-м** құбылыс, әрекет атауын жасайтын аффикс **те**, соңғы **-а** құралдық, объектілік (құрал, объектіге қатысты) мән беретін аффикс болып шығады. Сөйтіп **-ма** құрамындағы **-а** қосымшасы да **жыра, сына** тәрізді сөздер құрамындағы аффикс болып шығады (М.Томанов).

1-тапсырма. Ғалымның мәтінде сөз қылған қазақ тіліндегі аффикстер туралы пікірі бойынша мысалдар жинаңыз.

2-тапсырма. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамындағы бұл аффикстер туралы пікірлерге талдау жасаңыз. Оның қандай айырмашылығы барлығын тілдік фактілер арқылы дәлелдеңіз.

3-тапсырма. Ғалым сөз қылған Қашқаридің еңбегінен осы аффикстер арқылы жасалған сөздерді теріп жазып, оның жасалу жолына талдау жасаңыз.

Мәтіннің танымдық қызметі. Ғалымның аффикстер жайындағы пікірлерін қазіргі сөзжасамдық тәсілмен байланыстыра талдауға үйрету, студенттердің аффикстер туралы танымдық ойларын тереңдету.

Мәтіннің қатысымдық қызметі. М.Томановтың пікірі мен қазіргі сөзжасамдағы пікірлерді салыстыра отырып, олардың айырмашылығын немесе бірізділігін анықтауға үйрету, өзіндік тұжырым жасау қабілеттерін арттыру. Мәтінді студенттің тілдік деңгейі мен даярлығына сәйкес іріктеп алған жөн. Мәтін арқылы орындалған тапсырмалар студенттің ойлау қабілетін дамытады, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Өзіндік пікір айтуға жетелейді. Мәтін материалдарының нақтылыққа, дәлдікке, шыншылдыққа құрылуы олардың ынтасын арттырады. Ғалымдар мұндай мәтіндердің құндылығын атап көрсетеді, өйткені олардың мазмұнында нақты мәліметтер мен фактілер келтіріледі.

М. Томановтың тарихи грамматика туралы еңбектері мен ой-тұжырымдарын *өздік жұмыс* арқылы меңгерту алдыңғы тармақта жан-жақты қамтылды. Қазіргі білім беру үдерісіндегі өздік жұмыстар ұсынылды.

М. Томанов Ж.Түймебаевпен бірлесіп шығарған «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы (әдістемелік нұсқаулар, семинар сабақтары мен өзіндік жұмыстардың тақырыптары)» атты еңбегінде өздік жұмыстың орындалуына байланысты қойылатын талаптарды атап көрсетеді:

Өзіндік жұмыстар теориялық әдебиеттерге, теориялық білімге сүйене отырып, фактілік материалдарға тарихи тұрғыдан талдау жасау арқылы орындалады. Сондықтан да өзіндік жұмыстардың тақырыбы айқындалғаннан кейін бірден ұсынылатын әдебиеттер тізімі/беті, тарауы көрсетіліп/ берілген, жұмыстың мақсаты көрсетілген, содан кейін жұмыстың орындалу процесі берілген. Айталық, қазақ тіліндегі «Етістіктің шақ формаларының дамуы» тақырыбы бойынша орындалатын жұмыс процесі бір-бірімен жалғасып, ұштасып жататын 6 кезеңге бөлініп көрсетілген. Сол көрсетілген кезеңдерді рет-ретімен орындаудың барысында бүкіл тақырыптың мазмұны шығады [183, 29]. Ғалымның аталған еңбегіндегі студенттерге арналған өздік жұмыс тапсырмалары өңделіп қолданылды:

М. Томановтың қазақ тіліндегі сын есімдердің қалыптасуы жайлы ойларын жүйелеу және оның өзіндік ерекшелігін таныту мақсатында студенттерге төмендегідей өздік жұмысы ұсынылды:

1-тапсырма. М. Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Тіл тарихы туралы зерттеулер», «Сын есімдердің сөз табы ретінде қалыптасуының кейбір ерекшеліктері», «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі (авторлық бірлестікте)» еңбектерін пайдалана отырып, ескі жазба ескерткіштер тіліндегі сын есімдердің сипатына мысалдар жинаңыз. Ондағы сын есім жасайтын аффикстерді қазіргі қазақ тілімен салыстырып кесте түрінде беріңіз. Орта ғасырлық авторлардың сын есім жасайтын аффикстер жайлы мәліметтерін «Қос жазба» күнделігін пайдаланып дәлелдеңіз.

2-тапсырма. М. Томановтың «Үстеулердің тарихынан» деп аталатын мақаласы бойынша тезис жазыңыз.

3-тапсырма. М. Томановтың «Тарихи морфологияны зерттеуде көне мұраларды пайдаланудың принциптері туралы» мақаласына аннотация жазыңыз.

4-тапсырма. М. Томановтың «Түбірлердің даму мәселесіне» атты мақаласы бойынша пікір дайындаңыз.

5-тапсырма. М. Томановтың «Етістіктің шақ тұлғаларының қалыптасуы туралы» мақаласы бойынша тірек сызба дайындап, ондағы қамтылған мәліметті тілдік факті арқылы дәлелдеңіз.

Кешенді жұмыстар жүйесі студенттердің қазақ тіл біліміндегі категориялар мен формалардың қалыптасуы мен дамуы, өзгеру процесі мен тұрақталған заңдылықтары туралы білімдерін толықтырды. Қазақ тілінің даму кезеңдеріндегі түрлі сипаты мен күйін айқындатуға, оның өзіндік ерекшеліктерін танытуға септігін тигізді. Қазақ тілінің тарихи грамматикасында қамтылған білім мазмұны арқылы халық тілінің байлығын игертуге ықпал етті.

Сонымен бірге ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтау мақсатында эксперимент жұмыстары жүргізілді. М. Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасының теориялық мәселелері мен оны оқыту жолдарын эксперименттік тексеру үш кезеңге бөлініп ұйымдастырылды (ізденімдік, қалыптастырушы, қорытынды) және 2012/2013, 2013/2014, 2014/2015 оқу жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткізілді. М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматиканың теориялық мәселелері және оны оқыту жолдарын анықтау үшін жүргізілген ізденімдік зерттеу жұмысында студенттің тәжірибеге дейінгі білімін анықтау мақсат етілді. Анықтау эксперименті барысында жұмыс түрлері мына тәртіппен өткізілді:

- студенттерге арнайы жасалған сауалнама ұсыну;
- студенттердің оқыту экспериментіне дейінгі білім деңгейін анықтау;
- бақылау және тәжірибе топтарын белгілеу;
- эксперименттік оқытуға қажетті материалдарды дайындау.

Бірінші, анықтау экспериментінде 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттерден сауалнама алынды. Сауалнамада төмендегідей сұрақтар қамтылды:

- «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» деген ұғымды қалай түсінесіз?
- «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәнін оқу сізге не үшін керек деп ойлайсыз?
- Бұл пәннің зерттеу нысаны не?
- Қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеген ғалымдардан кімдерді атай аласыз?
- «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәнін оқуда қандай оқулықтар мен оқу құралдарын пайдаландыңыз?
- «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» оқулығының авторы кім?
- Мархабат Томанов туралы не білесіз?
- Пәнді игеруде қандай қиындықтар кездесті?
- Қандай тақырыптарды меңгеру сізге қиын тиді?
- Не себепті қиындық тудырды?
- Бұл қиындықтан шығудың жолын білесіз бе?
- Сізге қандай тақырыптар ұнады?
- Сабақ үрдісінде СӨЖ жұмыстарының қандай түрлерін орындадыңыз?
- «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәнін меңгеруде қандай мәселеге баса мән беру керек деп ойлайсыз?

Сауалнама нәтижесі студенттердің қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәнінің зерттеу нысанын толық түсінбейтіндерін, көбі оқулық авторларын білмейтінін көрсетті. Студенттер көне түркі жазулары арқылы берілген нұсқаларды түсіну қиынға соққанын айтқан. СӨЖ жұмыстарының ішінде реферат жұмысын орындайтындарын сөз еткен. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәні бойынша талдау жұмыстарын жүргізу өздерін қызықтыратындарына тоқталған.


Екінші, студенттердің аталған пәннен теориялық білімдерін тексеру мақсатында тест тапсырмалары алынды:

1. Тарихи грамматика пәні нені зерттейді?
 - A) жалпы тіл білімін
 - B) әдеби тіл тарихын
 - C) тілдің барлық салаларының даму заңдылықтарын
 - D) диалектілер мен жаргондарды
 - E) тіл мәдениетін
2. Қазақ тілінің тарихы мен грамматикасы қандай кезеңдерге бөлінеді?
 - A) төрт кезеңге
 - B) жеті кезеңге
 - C) бес кезеңге
 - D) үш кезеңге
 - E) алты кезеңге
3. Көне түркі тілінде неше дауысты дыбыс бар?
 - A) бес
 - B) алты
 - C) тоғыз
 - D) жеті
 - E) сегіз
4. Тарихи тұрғыдан берілген мысалдардың құрамындағы *мен, мұндай, бұл, мұндай, - лар, -лер, -дар, -дер* фонетикалық процесті атаңыз
 - A) ассимиляция
 - B) фузия
 - C) конвергенция
 - D) дивергенция
 - E) элизия
5. Түркі тілдеріне алғаш классификация жасаған ғалым
 - A) Ибн Муханна
 - B) Махмуд Қашқари
 - C) В.Радлов
 - D) М.Томанов
 - E) С.Малов
6. «Түбірлердің синкретизмі» қандай грамматикалық құбылыс?
 - A) синтаксистік
 - B) морфологиялық
 - C) полисемиялық
 - D) семантикалық
 - E) объектілік
7. Қазіргі қазақ тіліндегі көптік жалғауының бастапқы варианты қандай дыбыстан басталады?
 - A) *л* дыбысынан
 - B) *т* дыбысынан
 - C) *д* дыбысынан

- D) б дыбысынан
 E) ш дыбысынан
8. Жіктік жалғаулары қандай сөз таптарына байланысты қалыптасқан?
 A) сын есімге
 B) есімдікке
 C) үстеуге
 D) зат есімге
 E) етістікке
9. Қазақ тілі түркі тілдерінің қай тобына жатады?
 A) солтүстік-батыс
 B) солтүстік-шығыс
 C) пешенек
 D) қыпшақ
 E) қарлұқ
10. «Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының авторы кім?
 A) М. Мұсабаев
 B) М. Томанов
 C) А. Айдаров
 D) Ә. Құрышжанов
 E) Т. Қордабаев

Ізденімдік (анықтау) кезең студенттердің қазіргі қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша осы кезге дейін алған білімдерінің деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Сараптау қорытындылары студенттердің кейбір тақырыптарды жетік меңгермегендерін байқатты. Эксперимент нәтижелері студенттердің тілдің тарихы мен қоғам тарихының байланыстылығы, тіл дамуының сыртқы және ішкі факторлары, тілдің даму кезеңдері, әдеби тіл және сөйлеу тілі ұғымдары және т.б. мәселелерді толық игермегендерін білуге мүмкіндік берді:

Анықтау экспериментінің нәтижесі



Сурет 5 – Анықтау экспериментінің көрсеткіші

Қалыптастыру экспериментінің бастапқы кезеңінде анықтау экспериментінің нәтижесі көрсеткен олқылықтарды жібермеу мақсатында М.Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасы туралы еңбектеріндегі теориялық материалдар мен оны оқытуға мүмкіндік беретін бағыттар айқындалды. Теориялық және педагогика-психологиялық, әдістемелік еңбектер талданды. Типтік оқу бағдарламалары мен жұмыс бағдарламалары, негізгі оқулықтар мен оқу құралдары, әдістемелік еңбектер сараланды. М.Томановтың

қазақ тілінің тарихи грамматикасына қосқан еңбегін, ғалымның соны тұжырымдарын оқытуда жоғары нәтижеге жетуге көмектесетін ұстанымдар мен әдістер іріктеліп алынды, тақырыпты меңгерудің ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалды. «М. Томанов және қазақ тілі тарихы» атты қосымша оқу пәннің бағдарламасы жасалды.

Қалыптастырушы эксперимент қазіргі қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша М. Томановтың теориялық тұжырымдарын жүйелеу және оны оқытуда студенттердің білімі мен білік, дағдыларын тереңдете жетілдірудің тиімді жолдарын сынақтан өткізуді және оны ғылыми-әдістемелік тұрғыда таразылауды көздеді. Эксперимент топтары таңдалып, эксперименттің басталу және аяқталу мерзімдері нақтыланды. Зерттеу жұмысының негізі болып табылатын ой-тұжырымдар, пікірлер, идеялар мен бағыттарға жан-жақты талдау жасалды. Білім алушыларға Мархабат Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасы туралы еңбектерін меңгерудің әдістемелік жүйесінің жобасы жасалды. Қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытуда басшылыққа алынатын ұстанымдар анықталып, ұтымды әдіс-тәсілдер сұрыпталды. Студенттердің СӨЖ тапсырмаларының түрлері іріктеліп алынып, сынақтан өткізілді.

Қорытынды экспериментте М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасы туралы еңбектерін оқытудың нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, қорытындыланды. Бақылау және эксперимент топ студенттерінің қазіргі қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша алған білімдері мен білігіне сандық және сапалық талдау жасалды. Студенттердің білімдері мен біліктіліктерін таразылау тапсырмалар, жағдаяттық тапсырмалар және тест тапсырмалары түрінде жүргізілді.

Эксперимент нәтижелерін тапсырмалар арқылы тексеру.

1-тапсырма. Мәтіндегі көк сөзі мен септік жалғауларының шығу тарихын М.Томановтың айтқан пікірін қолданып, талдаңыз.

Көне күнләрден бір күн

Ай қазанның көзу нариб бодалді,

Еркак оғұл тоғұрды.

Ошул огулнуң өңлугі чірағы көк ерді,

Ағызы аташ кізіл ерді,

Көзләрі ал, сачлары, қашлары

Қара ерділар ерді («Оғыз-намеден»).

2-тапсырма. М. Томановтың тарихи фонетика және дыбыстардың өзгеруі жайлы пікірін негізге алып, мәтінге талдау жасаңыз. Дыбыстардың өзгеруін сызба арқылы көрсетіңіз.

Құлақ дутыб дыңлаңыз ошбу сөзі

Ол Зылиха мәлік задә Таймус қызы

Толун ай-тік балқыр еді аның йүзі...

Зылиха мәлик Таймус қызы ерміш

Йастуқы атасының дізі ерміш

Юсифнің аның ойлуқындан қәтмәз еді.

*Ғәм Зылиха атасына шілә ерді
Бәлқи дағы артуғрақ сев әр емді
Зылиха бір күн йатыб уйуреді*

*Юсуфнің сурәтін дүшдә көрді,
Көрүбән һаман сағат ғашық олды
Ағлайуп ойану бән қәлүр емді.*

3-тапсырма. Ғалымның сан есімдердің шығу тарихи туралы пікірлеріне сүйеніп, мәтіндегі сан есімдердің жасалу жолына, этимологиясына тарихи-салыстырмалы талдау жасаңыз.


*Иети иашита Арсланбабқа қылдым салам,
Хақ Мустафа аманатын қылсаң инғам.
Ошул уақытта мын бир зикрин қылдым тамам,
Нафсим олиб ламканға аштым мана.*

*Иа, достлар, қулақ салың айдығұмға,
Ол сабабдин алтмыш учда кирдим иерга.*

*Тоғуз ай, тоғуз кунда иерга тушитим,
Тоғуз сағат туралмадим кукка учтым*


*Бир иашымда арух меңа улуш берди,
Еки иашымда пайғамбарлар келиб курди.
Уч иашымда чилтан келиб халим сурди,
Ол сабабдин алтмыш учда кирдим иерга (Қожа Ахмет Исауи хикметтерінен).*

Студент білімін тапсырмалар арқылы тексеру бақылау тобындағы студенттердің кейбір теориялық материалдарды толық меңгермегендігін, қазақ тілі грамматикасы бойынша түсініктері болғанмен, оның ғылыми-теориялық жағын көпшілігінің терең игермегендігін байқатты:



Сурет 6 – Бақылау тобының көрсеткіші

Ал эксперименттік топтың студенттері берілген тапсырманы ойдағыдай орындап шықты. Сабақ үрдісінде орындаған түрлі тапсырмалар олардың аталған пән бойынша білімдерінің жүйелі болғандығын танытты. Ішінара тапсырманы орташа орындаған студенттер де болды. Дегенмен олардың көрсеткіштері бақылау тобына қарағанда жоғары болды:



Сурет 7 – Тапсырмаларды орындаудағы эксперименттік топтың көрсеткіші

Эксперимент нәтижелерін түрлі жағдаяттық тапсырмалар арқылы тексеру студенттердің ғалым еңбектеріндегі тың тұжырымдарды қаншалықты білетіндіктерін анықтау мақсатында жүргізілді.

1-жағдаяттық тапсырма. *«Қазіргі түркі тілдерінде, соның бірі қазақ тілінде, оннан бастап санау тәсілі – санау басталған санға келесі санды білдіретін сөзді тіркестіру арқылы жүреді, ал жүзден мыңға дейінгі аралықта жүздіктің мөлшерін білдіретін бірлік (не жүздік), содан соң жүздік айтылады. Көне мұралар тілінің материалдарын шолып қарағанда, санақтың осы жүйесі ежелгі болмаса керек»* деген М. Томановтың пікірін тілдік фактілер арқылы дәлелдеңіздер.

2-жағдаяттық тапсырма. *«Тіл құрамында болған әр қилы фонетикалық өзгерістер (дыбыстардың белгілі позицияда бір-біріне ауысуы немесе түсіп қалуы) тіл құрамында синонимдес аффикстердің пайда болуына негіз жасаған»* деген тұжырымында ғалым қандай аффикстер жайлы айтты? Мысал келтіріп, дәлелдеңіздер.


3-жағдаяттық тапсырма. Ғалым қазақ тілінің тарихи грамматикасында жіктеу және сілтеу есімдіктерінің қалыптасу тарихына жан-жақты талдау жасаған. Ғалымның пікірінше, аталған есімдіктердің қайсысы тіл білімінде бұрын қалыптасқан?

4-жағдаяттық тапсырма. *«Қимыл есімі атауы тарихи грамматикада шығу тегі, мерзімі жағынан бүкіл етістіктермен немесе етістік деп аталатын грамматикалық категориямен бірге қалыптасқан топ деген мәнде қолданылады. ... Қимыл есімдері шақ пен рай тұлғаларының семантикалық көп түрлігіне негіз болды. Түркі тілдерінің тарихынан белгілі қимыл есім тұлғалары да есім мен етістік қызметтерінде қатар қолданылады (әрине, олардың бұл ерекшелігі алғашқы синкретикалық түбірлерге қарағанда әлдеқайда бәсең)»* деген пікірін ғалым қандай мысалдар арқылы дәлелдейді?

5-жағдаяттық тапсырма. Ғалым: *«Көне түркі тілінде қолданылған кейбір есімшелік форманттар қазіргі түркі тілдерінде сол күйінше қолданыс тапса (кейбір фонетикалық айырмашылықтарын ескермесек), бір тобы жеке сөздер құрамында «өлі» қосымша болып сақталып қалған»,* – деген пікір

айтады. Ғалымның айтып отырған «өлі» түбірлеріне қандай түбірлер жатады? Қазіргі кезде қандай түбірлерді «өлі» түбірлерге жатқызып жүрміз?

Жағдаяттық тапсырмалардағы проблемалық сұрақтар студенттердің теориялық білімдерін әр қырынан тексеруге мүмкіндік туғызды. Студенттердің сұраққа нақты жауап беруі, сөйлеу мәдениеті, тілдік фактілер арқылы негіздеп айтулары да назарға алынды. Нәтижесінде бақылау және эксперименттік топтың көрсеткіші төмендегідей болды:



Сурет 8 – Жағдаяттық тапсырмалар арқылы бағаланған бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіші

Эксперименттік нәтижені **тест тапсырмалары** арқылы бағамдау үшін студенттерге ғалымның еңбектері бойынша тест тапсырмалары беріліп, теориялық білімдері таразыланды:

1. Диалектілік ерекшеліктерді ескерткіштер тілімен салыстыру оның қандай өзгерістерін айқындауға көмектеседі?

- A) фонетикалық
- B) тарихи құрылымдық
- C) морфологиялық
- D) ономастикалық
- E) этимологиялық

2. М.Томановтың пікірінше, тілдің тарихи дамуын зерттеуде қай әдіс басты болып есептеледі?

- A) тарихи-фонетикалық
- B) тарихи-салыстырмалы
- C) тарихи-әдістемелік
- D) тарихи-зерттеушілік
- E) ішінара ізденіс

3. М.Томанов қазақ тілінің тарихын неше кезеңге бөледі?

- A) үш
- B) төрт
- C) алты
- D) екі
- E) бес

4. М. Томановтың пікірі бойынша қазақтың халық тілінің дамуы қай дәуірден басталады?

- A) XII-XIII
- B) XI-XIII

- C) IX-XII
- D) XIII-XV
- E) X-XII

5. М.Томанов дауысты дыбыстар жүйесін неше топқа бөліп қарастырады?

- A) екі
- B) бес
- C) үш
- D) төрт
- E) алты

6. Тәуелдік жалғауы қандай түбірден өзгеріп барып қалыптасқан?

- A) көптік жалғауынан
- B) жіктік жалғауынан
- C) септік жалғауынан
- D) жіктеу есімдіктерінен
- E) сілтеу есімдіктерінен

7. Көмектес септігінің көне түрін көрсетіңіз

- A) -мен, -бен, -пен
- B) -минан, -бинан, -пинан
- C) -билан, -бірле, -илан
- D) -бен, -пен
- E) -тан, -тен

8. М.Томановтың ғылыми еңбектерін атаңыз

- A) «Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер»
- B) «Қазақ тілі тарихи грамматикасы бойынша бақылау-пысықтау жинағы»
- C) «Түркітануға кіріспе»
- D) «Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан»
- E) «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы»

9. «Өлі» қосымша дегеніміз не?

- A) өзіне тән формасы мен қызметі бар қосымша
- B) өзіне тән формасы бар, мағынасыз қосымша
- C) белгілі бір дәуірде сөзжасамдық қызмет атқарған қосымша
- D) атқаратын қызметі, беретін мағынасы жоқ, тұлғасы ғана сақталған қосымша
- E) өзіне тән формасы мен қызметі жоқ қосымша

10. Есім түбірден сын есім жасайтын аффикстер

- A) -қы, -лық, -ғыз
- B) -қ, -к
- C) -мыс, -міш
- D) -р, -ар
- E) -ын, -ін


Білім жетістіктерін тест тапсырмалары арқылы тексеру студенттердің қазіргі қазақ тілінің тарихи грамматика курсы бойынша алған білім мазмұнын анықтауға мүмкіндік туғызды. Тест тапсырмалары арқылы қазақ тілінің тарихи грамматикасы және М.Томановтың пікірлері туралы студенттердің білім

деңгейі сарапталды. Тест студенттің білімін тез әрі нақты бағалауға мүмкіндік берді. Тест тапсырмаларының нәтижесі төмендегі көрсеткішті көрсетті:



Сурет 9 – Білім жетістіктерін тест тапсырмалары арқылы тексеру көрсеткіші

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижелері М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасы туралы теориялық еңбектеріндегі тың тұжырымдарды, өзіндік ой-пікірлерді, қазақ тілінің дамуына қосқан үлесін теориялық және әдістемелік тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесінің тиімділігін анықтауға ықпал етті. Студенттердің қазақ тілінің тарихи грамматика курсы бойынша алған білім, білік, дағдыларының деңгейін анықтауға көмектесті. Ал қазақ тілінің тарихи грамматикасы мен М.Томановтың еңбектерін оқыту бойынша ұсынылған әдістемелік жүйе арқылы жүргізілген қорытынды эксперимент студенттердің білімі мен білігінің төмендегідей нәтижесін көрсетті:



Сурет 10 – Қорытынды эксперимент көрсеткіші

Үшінші тарау бойынша түйін

Профессор М. Томановтың ғылыми еңбектерін қазақ тілінің тарихи грамматикасы курсы аясында оқытуда пайдаланылған жұмыстар эксперимент нәтижелері арқылы таразыланды. Болашақ филолог-мамандардың кәсіби білімі мен білігін, сөйлеу дағдысын, өзіндік ойлары мен шығармашылық қабілетін дамытуда ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі дәлелденді. Ғылыми

жұмыс барысында басшылыққа алынған ұстанымдар мен кешенді жұмыстар жүйесі студенттерге қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Сонымен қатар М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың әдіс-тәсілдері ұсынылды. Атап айтқанда: салыстыру әдісі, дәріс әдісі, зерттеушілік әдіс, пікірталас әдісі, танымдық әдіс, кейс-стади (Case study) әдісі, атаулар (терминдер) кестесі әдісі, ой шақыру (ой қозғау, миға шабуыл) тәсілі, топтық әдіс, жигсо тәсілі. Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер Мархабат Томановтың қазақ тілі тарихи грамматикасы туралы еңбектерін, ондағы тың ойлары мен тұжырымдарын студенттерге жан-жақты әрі терең меңгертуге, қазақ тілінің тарихы жайлы білімдерін арттыруға көмектесті. Салыстыру әдісі тарихи грамматикадағы ұқсас тұлғаларды, түбір синкретизмі туралы ой-толғамдарды меңгертуде өте ұтымды болды. Сол тәрізді білім алушыларды белсенді тұлға ретінде тәрбиелеу де ерекше орын алады. Жұмыста дәрістің проблемалық, пресс-конференция дәрістері қолданылды. Студенттердің қатысымдық, тілдік құзіреттілігін қалыптастыруда пікір-талас әдісінің алатын орны айрықша екені жұмыста дәлелденді. Сонымен қатар студенттердің ғылыми ізденістерін қалыптастыруда өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытудағы зерттеушілік әдістің тиімділігі анықталды. Жұмыста қолданылған әдіс-тәсілдер М. Томановтың қазақ тілі тарихи грамматикасы туралы тың тұжырымдарын жан-жақты әрі терең меңгертуде тиімді болды.

СӨЖ тапсырмалары М. Томанов еңбектерін меңгертуде ерекше рөл атқарады. Аталған тармақта кредиттік білім беру жүйесіндегі өздік жұмыс ғылыми әдіскерлердің пікірлеріне талдау жасалды. Ғалым әдіскерлердің СӨЖ туралы тұжырымдары негізге алына отырып, М. Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасының теориялық мәселелерін меңгертуде қолданылатын СӨЖ жұмыстары іріктеліп алынды: библиографиялық көрсеткіш, глоссарий, картотека. Аталған өздік жұмыстар студенттің теориялық білімін танымдық және зерттеушілік қабілетін арттыруға, кәсіби білімін жетілдіруге ықпал етті. Студенттер СӨЖ тапсырмаларын орындау арқылы бір – бірінің еңбектерін бағалауға, өзінің ісін ой-елегінен өткізуге дағдыланады. Ғылыми және академиялық мәтіндермен жұмыс істеу танымдарын кеңейтті. Ойларын сауатты әрі жүйелі жаза білуді үйренді. Ғылыми баяндама, аннотация, тезис, реферат және т.б. жұмыстарға қойылатын талаптарды меңгеріп оны практика жүзінде дұрыс қолдануға дағдыланды. Түрлі декеркөздерден қажетті ақпаратты сұрыптап, өңдеп қолдануды үйренді. Іріктеліп алынған СӨЖ тапсырмалары студенттің ғылыми, оқу- зерттеушілік, кәсіби қызметтерін арттыруға оны кез-келген жағдаятта ұтымды қолдануға ықпал ететінін дәлелдеді.

Тарихи грамматика мәселелерін кешенді жұмыс түрлері арқылы оқыту және эксперимент жұмыстарының қорытындылары атты тақырыпта Мархабат Томановтың қазақ тілі тарихи грамматикасы жайындағы еңбектерін студенттерге оқыту үшін кешенді жұмыс түрлері сұрыпталды. Бұл тармақта жаттығу, мәтін және өздік жұмыстың ғалымның еңбектерін меңгертудегі

тиімділігі жан-жақты дәйектелді. Әрбір кешенді жұмыстың маңызы нақты айқындалып көрсетілді. Мәселен әрбір ұсынылған жаттығу жұмысының міндеттерінің нақтыланып орындалғаны студенттің жеткен нәтижесінің камтылуы ұтымды болды. Сондай-ақ М. Томановтың еңбектерін мәтін арқылы оқытудың ұтымдылығы анықталып, мәтіннің танымдық қызметі нақты көрсетілді. Осы тармақта біз ұсынып отырған ғылыми әдістемелік жүйенің тиімділігі яғни эксперимент нәтижелері сөз болды. Анықтау, қалыптастырушы және қорытынды эксперимент нәтижелерінің көрсеткіштері диаграмма түрінде дәйектелді. Эксперимент нәтижелері тапсырмалар, жағдаяттық тапсырмалар, тест тапсырмалары түрінде бағаланды. Осының нәтижесінде бақылау және эксперимент топтың нәтижелері сарапталып, ұсынылып отырған жүйенің тиімділігі ғылымиәдістемелік тұрғыдан дәлелденді. М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қосқан үлесін ғылымиәдістемелік тұрғыдан дәйектеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып саналатыны аталған бөлімде жан-жақты дәлелденді.

Қорытынды

Профессор М. Томанов тарихи есім түбірлердің дамуын түбір синкретизмі негізінде анықтап, есім сөздер мен етістіктердің жіктелуінің ең негізгі себебін «фонетикалық ұқсас негіздердің тарихи дамуы барысында жасалған» деп бағамдайды[36]. Автор олардың жеке грамматикалық кластарға жіктелуі тілдің грамматикалық құрылысының дамуымен, соның нәтижесінде аффиксация тәсілінің пайда болуымен байланысты деген тұжырым жасап, бір-біріне ұқсас сөздер ежелгі заманда дербес, бір-бірінен бөлек сөздер болмаған, тек мәнмәтін құрамында ғана бір-бірінен ерекшеленген синтаксистік элементтер болғандығын дәлелдейді.

Ғалым түбірдің этимологиясын анықтауда мына факторларды маңызды деп есептейді: *қарапайымдану, морфологиялық ығысу, аналогия, халықтық этимология, дифференциация, сөз мағынасының өзгеруі*. Түркі тілдерінің түбірлер корпусын нақты анықтап, олардың қалыптасу жолдарындағы жоғарыда келтірілген факторларды саралай зерделеу болашақтың ісі деп есептейміз.

Профессор М.Томановтың еңбектерін зерделеген мақалаларды басшылыққа ала отырып және ғалымның ғылыми шығармашылығын қарастыра келе, төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- М. Томанов бірінші рет қазақ тілінің тарихи грамматикасын жазды;
- қазақ тілі тарихын зерттеудің негізгі әдістерін көрсете отырып, оны кезеңге бөлу, қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орны сияқты мәселелерді тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан негіздеп берді;
- тарихи фонетика мен тарихи морфологияның негізгі мәселелерін мол тілдік деректер арқылы ашып көрсетіп, түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық құрылысының басты ерекшеліктерін айқындады;
- тілдің қазіргі морфологиялық құрылымын оның динамикалық дамуының жемісі ретінде танып, тілдік деректерді тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырып, түбір ретінде танылып жүрген көптеген сөздерді алғашқы түбірі мен қосымшаға ажыратып, тіл дамуындағы морфологиялық даму заңдылықтарын жүйелеп көрсетіп берді;
- бір буынды түбірлердің өзгеруіндегі басты ерекшеліктерді анықтады;
- түркі халықтарының өте кең көлемді мекенді жайлап, түркі тектес емес тайпалардың тілдерін ассимиляциялап, түркілік сипат бергенін дәлелдеді;
- түбір морфеманың семантикалық және грамматикалық жағынан дербес қолданылатындығын, әрбір морфема сөз құрамында белгілі бір семантикаға ие болатындығын тарихи тұрғыда дәлелдеді;
- қазақ сөз мәдениетіне қатысты өзіндік тұжырымдар жасап, кейінгі зерттеулерге жол салып берді;

- көне түркі жазбалары, Махмұт Қашқари, Қ. Жалайри жайында үлкен ғылыми зерттеулер жазды;

- ғасырлар бойы көркемдік өңдеудің нәтижесінде ұлттық тіліміздің сөйлеу мен жазу жүйелерінің кемелденгендігін дәлелдеді, жазба тіл туралы да келелі тұжырымдар жасады;

- тілдің бүгінгі дамуының да басты бағыттарын, әдеби тілдің басты даму шарттарын анықтады;

- әртүрлі кезеңдердегі әдеби шығармалардың мәтіндеріне, тілдік құралдарына талдау жасай отырып, әдеби тілдің, ұлттық тілдің дамуындағы негізгі факторларды атап көрсетті.

Профессор М. Томанов қазақ тіл білімінде алғаш рет тарихи фонетиканы жүйелеп, оның негізгі нысаны мен зерттеу әдістерін анықтады, қазақ тілі фонетикалық жүйесінің негізгі ерекшеліктерін көне түркі тілі материалдарымен салыстыра отырып, ашып көрсетті. Дауысты дыбыстар жүйесі мен дауыссыз дыбыстар жүйесін бөлек саралай келе, олардың даму ерекшеліктерін ғылыми сипатта дәлелдеп, түркі тілдеріндегі мынадай дыбыстық өзгерістерді көрсетті: сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырайтын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады.

Фонемалық мәні жоқ, сөз мағынасын ажыратуда ешқандай рөл атқармайтын дыбыстар сапалық жағынан тұрақсыз болып келеді. Қазіргі түркі тілдеріндегі жуан-жіңішкелікке негізделген нұсқалардың көпшілігінің жеке тілдер құрамында дербес мағынаға ие болғандығы соны дәлелдейді. [184, 200-202] Вариант сөздердің дербес мағынаға ие болып жеке атау ретінде қабылдануы, негізінен, жеке тілдерге ғана тән құбылыс ретінде танылады. Сондықтан да қазақ тіліндегі кездесетін мұндай жуан-жіңішкелі сәйкестіктер дыбыстық нұсқалар ретінде қала береді, әрі солай қарастырылады.

Профессор М. Томанов қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі дауыссыз дыбыстарды салыстыра отырып мынандай нәтижеге келеді: қазақ тілі қыпшақ тобына жатады; дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар арасындағы негізгі фонемалық сипат танытатын дыбыстардың жалпы фонетикалық сапалық желісі ұқсас, бірыңғай.

Ғалым түркі тілдерінде түбірдің буын санының ұлғаюы өте ежелгі дәуірде, Орхон-Енисей жазбалары дәуіріне дейін-ақ әбден орныққан құбылыс екендігін айта келіп, түбір құрамына этимологиялық талдау жасаудың негізгі принципті жолы ретінде олардың құрылымында болған мынадай үлкен тарихи өзгерістерді атайды: 1) тарихи фонетикалық және 2) морфологиялық өзгерістер.

Профессор М. Томанов көптік жалғауы мен көптік категорияны тарихи және қазіргі тіл тұрғысынан терең зерделей келе, олардың морфологиялық; лексикалық және синтаксистік тәсіл арқылы берілетінін анықтайды.

Тілдегі көптік жалғауының жалпы семантикалық сипаты мен олардың өзіндік мағыналық даму жүйесі бар және көне түркі тіліндегі көптік жалғауының тарихи сипаты қазақ тілінде сақталған деуге толық негіз бар.

Қазақ тілінің тәуелдік категориясы көне түркілік тұлғаларымен тұлғалық және мағыналық жағынан бір-бірімен өте жақын, шығу тегі мен тарихи дамуы ұқсас категориялар ретінде саналады. Алайда қазақ тілімен көне түркі жазбаларындағы тәуелдік тұлғаларын салыстырғанда мынадай өзгешеліктер кездеседі: 1) қазақ тіліндегі тәуелдік жақтың бірінші жағындағы *-ым, -ім, -м* тұлғаларының орнына, оның көне түркіше нұсқасы *-им, -имиз* тұлғалары жұмсалады; 2) екінші жақтағы *-ң, -ың, -ің* тұлғасының орнына *-ін, -ин* тұлғалары келеді; 3) тәуелдік жалғаудың үшінші жағындағы қазақ тіліндегі *-сы, -сі* нұсқасы онда болмайды.

Профессор М. Томанов септік категориясының морфологиялық және семантикалық дамуы екі түрлі грамматикалық категориямен тығыз байланысты қарастырады: тіл құрамында жалғаулардың пайда болып, молаюы және етістіктердің меңгеру қабілетінің өзгеріп, кеңеюі.

XXI ғасырда ерекше белең алған бәсекелестік тәуелсіз елдің тұғырының берік, рухының биік, білімнің терең болуын талап етеді. Сондықтан халықтың тіл, діл, тарих секілді ұлттық құндылықтарын түгендеп, білім жүйесінде руханиятқа қатысты басты мақсат – халық рухын, оның өзегі – ұлттық ой-сананы жаңғырту немесе қайтадан қалпына келтіруге мән берілуі шарт. Ол үшін ұлттық философияның бастауы болып саналатын түркі мәдениетіне, оның қайталамасы жоқ, өзіндік бағыт-бағдары айқын құндылықтарын, оның даму жолының ерекшеліктерін тану көкейкесті мәселеге айналды. Өйткені мәдени қайта өркендеусіз, тарихи жад пен танымның негізінде қалыптасып, өркениеттің биігіне көтеретін саналы білім болмайынша, ешқандай ел бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосыла алмасы анық. М. Томанов еңбектеріндегі тіл тарихына қатысты қадау-қадау жаңашыл бағыттарды жаңғыртуды ұлттық философияның қағидаларымен бірлікте жүзеге асыру осы мақсаттың орындалуына өз ықпалын тигізеді. Себебі ұлттың тілі мен ұлттың философиясы бір-бірімен ажырамас бірлікте танылады. Бұл үдеріс біздің ұлттық ерекшелігімізді ескеріп, ұлттық тіліміздің тарихын терең зерделеу үдерісінде ұлттық философиямыз бен ұлттық мәдениетімізді тірек ете отырып, тіл тарихы саласын меңгертуге теориялық-әдіснамалық негіз ретінде бағыт береді, басқа мәдени кеңістіктермен тиімді сұхбаттық қатынаста болуға шақырады.

Студенттер – қоғамның ең белсенді әрі тез бейімделгіш бөлігі, сондықтан олар әлеуметтік-мәдени өзгерістердің әлеуетті әрі маңызды қозғалыс күші ретінде ерекше назар аударды қажет етеді. Психологтардың пікірінше, студенттер жас кезеңі мен тұлғалық деңгейіне қарай: «қарапайым, қалыпты немесе құрғақ сөзден гөрі абсолютті сезімталдыққа, оқу үдерісіндегі күрделі психомоторлы дағдыларды меңгеруге дайын болады. Басқа жастағылармен салыстырғанда олардың оперативті есі, кез келген нәрсеге жылдам зейін қоя білуі, вербальді-логикалық тапсырмаларды орындауға қызығушылығы айқын көрінеді. Осылайша бұған дейінгі кезеңдерде меңгерген білімдері мен біліктеріне сүйеніп, биологиялық, психологиялық және әлеуметтік үдерістерге тән «биік» нәтижелерге қол жеткізе алуымен де ерекшеленеді». Тіл тарихына қатысты материалдарды меңгертуде студенттердің дәл осы ерекшелігі үнемі

назарда ұсталады. Оқытушының алдында, бір жағынан, студенттердің өз тарихын білуге деген құштарлығын ұштай білу, екінші, жағынан, осы берілетін білімнің олардың болашақ кәсібіне, интеллектуалдық әлеуетінің дамуына ықпал ететінін сезіндіре алу міндеті қатар қойылады. Студенттердің болашақ кәсібіне қажетті білім, дағдыларын қалыптастыруға қажетті жағымды ахуал орнықтыру, олардың білімді түсініп, қабылдау, ұғыну, түйсіну әрекеттерін дербес, жұптық, топтық, ұжымдық формадағы тапсырмалар арқылы жүйелі түрде жетілдіріп, оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыруға болады.

Болашақ филолог мамандардың білімді өздігінен игеруіне жол ашу, оқу жүйесін кредиттік оқу талаптарымен ұштастыру мақсатында отандық педагогикадағы озық дәстүрлер мен өркениетті елдер тәжірибесінің жаңа бағыттарын қатар қамту тарихи грамматиканы оқытудың басты талабы болды. Өйткені білімнің мазмұнын қазақ тілінің тарихи грамматикасы құрайтындықтан, ол міндетті түрде ғылыми тұжырымдарға, жүйелі білімге негізделеді. Ал оны меңгертуде студенттердің білімді өздігінен игеруіне мүмкіндік беретін, олардың танымдық қызығушылықтары мен сөйлеу дағдыларын, өзара қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық, креативтілік қабілеттерін қалыптастыруға басымдылық берілді. Тарихи грамматиканы меңгертуде де студенттің өзіндік ізденістер жасауға, зерттеуге, зерделеуге, пайымдауға, өздігінен ой қорытуға, алған білімін өз өмірінде қолдана білуге үйренуі білімнің түпкі нәтижесі болып белгіленді. Осы нәтижеге жету үшін білім мазмұнын анықтауда экстралингвистикалық, функционалды, мағыналық-құрылымдық ұстанымдар, ал оқытуда тарихилық, білімнің құндылықтың бағдарын күшейту, белсенділік, даралық пен ұжымдық әрекетті біріктіру, тілдің тарихи сипаттарын лингвистиканың басқа бір қабаттарымен байланыстыра оқыту, тілдегі тарихилық болмыс пен заманауи өзгерістерді салыстыра оқыту ұстанымдары басшылыққа алынды. Қосымша оқу пәнін оқыту үдерісінде заманауи білім беру технологияларының СӨЖ/СОӨЖ тапсырмаларына қойылатын талаптармен ұштастырылуы кредиттік оқу жүйесінің ерекшеліктерімен толық үндесім табатынын тәжірибе толық дәлелдеді.

Зерттеу барысындағы эксперимент нәтижелері бойынша М. Томанов еңбектеріндегі тарихи грамматика мәселелерін оқытудың әдіс-тәсілдері ұсынылды. Атап айтқанда: салыстыру әдісі, дәріс әдісі, зерттеушілік әдіс, пікірталас әдісі, танымдық әдіс, кейс-стади (Case study) әдісі, атаулар (терминдер) кестесі әдісі, ой шақыру (ой қозғау, миға шабуыл) тәсілі, топтық әдіс, жигсо тәсілі. Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер Мархабат Томановтың қазақ тілі тарихи грамматикасы туралы еңбектерін, ондағы тың ойлары мен тұжырымдарын студенттерге жан-жақты әрі терең меңгертуге, қазақ тілінің тарихы жайлы білімдерін арттыруға көмектесті. Салыстыру әдісі тарихи грамматикадағы ұқсас тұлғаларды, түбір синкретизмі туралы ой-толғамдарды меңгертуде өте ұтымды болды. Сол тәрізді білім алушыларды белсенді тұлға ретінде тәрбиелеу де ерекше орын алады. Жұмыста дәрістің проблемалық, пресс-конференция дәрістері қолданылды. Студенттердің қатысымдық, тілдік күзіреттілігін қалыптастыруда пікір-талас әдісінің алатын орны айрықша екені

жұмыста дәлелденді. Сонымен қатар студенттердің ғылыми ізденістерін қалыптастыруда өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытудағы зерттеушілік әдістің тиімділігі анықталды. Жұмыста қолданылған әдіс-тәсілдер М. Томановтың қазақ тілі тарихи грамматикасы туралы тың тұжырымдарын жан-жақты әрі терең меңгертуде тиімді болды.

СӨЖ тапсырмалары М. Томанов еңбектерін меңгертуде ерекше рөл атқарады. Аталған тармақта кредиттік білім беру жүйесіндегі өздік жұмыс ғылыми әдіскерлердің пікірлеріне талдау жасалды. Ғалым әдіскерлердің СӨЖ туралы тұжырымдары негізге алына отырып, М. Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасының теориялық мәселелерін меңгертуде қолданылатын СӨЖ жұмыстары іріктеліп алынды: библиографиялық көрсеткіш, глоссарий, картотека. Аталған өздік жұмыстар студенттің теориялық білімін танымдық және зерттеушілік қабілетін арттыруға, кәсіби білімін жетілдіруге ықпал етті. Студенттер СӨЖ тапсырмаларын орындау арқылы бір – бірінің еңбектерін бағалауға, өзінің ісін ой-елегінен өткізуге дағдыланады. Ғылыми және академиялық мәтіндермен жұмыс істеу танымдарын кеңейтті. Ойларын сауатты әрі жүйелі жаза білуді үйренді. Ғылыми баяндама, аннотация, тезис, реферат және т.б. жұмыстарға қойылатын талаптарды меңгеріп оны практика жүзінде дұрыс қолдануға дағдыланды. Түрлі декеркөздерден қажетті ақпаратты сұрыптап, өңдеп қолдануды үйренді. Іріктеліп алынған СӨЖ тапсырмалары студенттің ғылыми, оқу-зерттеушілік, кәсіби қызметтерін арттыруға оны кез-келген жағдаятта ұтымды қолдануға ықпал ететінін дәлелдеді.

Тарихи грамматика мәселелерін кешенді жұмыс түрлері арқылы оқыту және эксперимент жұмыстарының қорытындылары атты тақырыпта Мархабат Томановтың қазақ тілі тарихи грамматикасы жайындағы еңбектерін студенттерге оқыту үшін кешенді жұмыс түрлері сұрыпталды. Бұл тармақта жаттығу, мәтін және өздік жұмыстың ғалымның еңбектерін меңгертудегі тиімділігі жан-жақты дәйектелді. Әрбір кешенді жұмыстың маңызы нақты айқындалып көрсетілді. Мәселен әрбір ұсынылған жаттығу жұмысының міндеттерінің нақтыланып орындалғаны студенттің жеткен нәтижесінің қамтылуы ұтымды болды. Сондай-ақ М. Томановтың еңбектерін мәтін арқылы оқытудың ұтымдылығы анықталып, мәтіннің танымдық қызметі нақты көрсетілді. Осы тармақта біз ұсынып отырған ғылыми әдістемелік жүйенің тиімділігі яғни эксперимент нәтижелері сөз болды. Анықтау, қалыптастырушы және қорытынды эксперимент нәтижелерінің көрсеткіштері диаграмма түрінде дәйектелді. Эксперимент нәтижелері тапсырмалар, жағдаяттық тапсырмалар, тест тапсырмалары түрінде бағаланды. Осының нәтижесінде бақылау және эксперимент топтың нәтижелері сарапталып, ұсынылып отырған жүйенің тиімділігі ғылыми әдістемелік тұрғыдан дәлелденді. М. Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қосқан үлесін ғылыми әдістемелік тұрғыдан дәйектеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып саналатыны аталған бөлімде жан-жақты дәлелденді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ибрагимов Қ.Ш. Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 125 б.
- 2 Сәдуақас Н.Ә. Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Ақтөбе, 1999. – 134 б.
- 3 Сұлтан Ж. И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ. Жұбанов мұраларындағы көрінісі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 135 б.
- 4 Омарова А.Қ. Профессор Қ.Қ. Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 122 б.
- 5 Тектіғұлова Ж.О. Қ. Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1994. – 140 б.
- 6 Жұбаева О.С. Қ. Кеменгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2002. – 143 б.
- 7 Әмірова Г.О. Академик Н.Т. Сауранбаевтың еңбектеріндегі қазақ тілі морфологиясының теориялық мәселелері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1997. – 124 б.
- 8 Өмірзақова А.К. Н.Т. Сауранбаев және құрмалас сөйлемдер жөніндегі теорияның қалыптасуы: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 120 б.
- 9 Иманғазина А.Ә. Қазақ тілі лексикологиясының теориялық қырлары (Проф. Ғ.Ғ. Мұсабаевтың ғылыми мұралары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2002. – 122 б.
- 10 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык: фонетика и морфология – М.: Наука, 1952. – 523 с.
- 11 Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука. 1988. – 208 с.
- 12 Баскаков Н.А. Структура слога в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. – Ч. I. – М., 1955. – 333 с.
- 13 Кононов А.Н. Грамматика языка рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – 256 с.
- 14 Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – М.: Наука, 1962. – 346 б.
- 15 Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л.: Наука, 1970. – 204 б.
- 16 Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Развитие корневых слов. – Фрунзе, 1959. – 184 б.
- 17 Тенишев Р. Строй саларского языка. – М., 1976. – 574 с.

- 18 Кызласов А.С. Односложные корни основы в хакасском языке: автореф. дисс. .. канд. филол. наук. – Алматы, 1998. – 25 с.: ил
- 19 Шайхулов А. Структура и идеографическая парадигматика односложных корневых основ в кыпчакских языках Урало-Поволжья в континууме ареальной, межтюркской и общетюркской лексики: синопсис и таксономия когнитивной сферы «Природа не живая и живая». – Уфа: Изд-во Башкир. ун-та, 2000. – 494 с.
- 20 Байтұрсынов А. Тіл жұмсар. – Қызылорда, 1928. – 116 б.
- 21 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 с.
- 22 Жубанов К. Исследования по казахскому языку. – Алматы: Наука, 2000. – 394 с.
- 23 Аманжолов С. Тарихи грамматика курсына керекті материалдар. – Алматы: Ғылым, 1964. – 36 б.
- 24 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1975. – 272 б.
- 25 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы, 1988. – 196 б.
- 26 Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 164 б.
- 27 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Наука, 1986. – 194 б.
- 28 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
- 29 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382б.
- 30 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 298 б.
- 31 Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 340 б.
- 32 Манкеева Ж. Реконструкция первичных корней глагольных основ в казахском языке. – Алматы, 1991. – 155 с.
- 33 Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 307 б.
- 34 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 246 б.
- 35 Есенов Қ. Ғалым мерейі // Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. Жауапты шығарушы және редакторы профессор А.Б. Салқынбай. – Алматы: Ғылым, 2002. – 36-42 бб.
- 36 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
- 37 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности: Тексты и исследования. – М.-Л.: Наука, 1951. – 451 с.
- 38 Беласарова Ж.Т. Қазақ тілінің тарихи грамматикасының зерттелуі туралы // М. Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. № 2 (54) – 2014. – Орал. – 203-207-бб.
- 39 Құрышжанұлы Ә., Көмеков Б.Е., Дүйсен С.Ж. Ескі қыпшақ тілі. – Алматы, 2008. – 214 б.

- 40 Гаджиева Н.З. Теоретические основы классификации языков мира. – М., 1980. – 318 с.
- 41 Ескеева М. Бір және екі буынды сөздер соңындағы қ-к-ғ-г-у-й дыбыстарының сәйкестігі (түркі тілдері деректері негізінде): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. – 113 б.
- 42 Beresin. I. Recherches sur les dialectes musulmans. – Казань, 1848. – 112 p.
- 43 Ильминский Н.И. Вступление в курс тюрко-татарских языков. – Казань, 1860. – 322 с.
- 44 Radloff W. Phonetik der nördlichen Türksprachen. – Leipzig, 1882. – 210 p.
- 45 Аристов А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности/СПб тип.С.Н.Худекова, 1897.– 176с.
- 46 Катанов Н.Ф. Опыт исследования урянхайского языка. – Казань, 1903. – 414 с.
- 47 Корш Ф.Е. Классификация турецких племен по языкам // Этнографическое обозрение. – М., 1910. – №1-2
- 48 Баскаков Н.А. К вопросу о классификации тюркских языков // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – Т. XI. Вып. 2. – М., 1952. – С. 121-134.
- 49 Батманов И.А. Северные диалекты киргизского языка. Вып. 1. – Фрунзе, 1938. – 312 с.
- 50 Решетов В.В. Кураминские говоры Ташкентской области: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Ташкент, 1952. – 52 с.
- 51 Киндикова Н.М. К вопросу об изучении древнетюркской литературы // Алтай и Центральная Азия: культурно-историческая преемственность. – Горно-Алтайск, 1999. – С. 97-105.
- 52 Баскаков Н.А. Алтайский фольклор и литература. – М., 1948. – 315 с.
- 53 Гаджиева Н.З. К вопросу о классификации тюркских языков и диалектов // Тюркология: К семидесятилетию академика А.Н.Конопова. –Л., 1976. – С. 37-46.
- 54 Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1953. – 224 с.
- 55 Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 1955. – 186 с.
- 56 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1969. – 384 с.
- 57 Беласарова Ж.Т. М. Томанов еңбектеріндегі тарихи түбір теориясы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – № 2 (29) 2015. – 196-199-бб.
- 58 Манкеева Ж. Түбір мәселесі зерттелуінің жалғастығы // Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. Жауапты шығарушы және редакторы профессор А.Б. Салқынбай. – Алматы: Ғылым, 2002. – 24-29 бб.
- 59 Большой энциклопедический словарь/ Гл. ред. А.М. Прохоров. – 2-е изд., перераб. и доп. –М.: Норинт, 1997. – 1408 с.
- 60 Томанов М. Состояние и пути совершенствования учебников по современному казахскому языку. Республиканская научно-методическая

конференция по вопросам совершенствования программ и учебников на казахском языке. – Алматы, 1986. – 62 с.

61 Кубрякова Е.С. Морфема и проблемы типологии. – М.: Наука, 1991. – 158 с.

62 Belassarova Z., Sarbalina A., Zhunissova M., Azhgaliev M., Zhunissova Z., Ortayeva A., Tebegenov T.S. Theoretical-pedagogical Issues of Forming Professional Competence of Future Philology Specialists on the Basis of Kazakh Language Historical Grammar and Terms // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015. – V. 6. – Iss. 4S2. – P. 417-421.

63 Қажыбеков Е.З. Синкретизм дегеніміз не? // Білім және еңбек. – Алматы, 1981. № 6. – 20-27-бб.

64 Қажыбеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 272 с.

65 Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді есім қосымшалардың тарихи дамуы: филол. ғыл. докторы ... дис. – Алматы, 2003. – 258 б.

66 Салқынбай А. М. Томанов зерттеулерінің кемелдігі мен кешенділігі // Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. Жауапты шығарушы және редакторы профессор А.Б. Салқынбай. – Алматы: Ғылым, 2002. – 30-35 бб.

67 Беласарова Ж.Т. М. Томановтың қазақ тілі дыбыстық жүйесінің өзгерістері туралы пікірлері // «Инновация және білім беру технологиялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Жетісай, 2014. – 34-37-бб.

68 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – 215 б.

69 Аманжолов С. Жаңа алфавиттің принциптері // «Социалистік Қазақстан». 1941. – № 12. – 2 бб.

70 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1962. – 300 б.

71 Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971. – 246 б.

72 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1997. – 154 б.

73 Беласарова Ж.Т. Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың сипатталуы туралы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университеті. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы, № 2 (44), 2013. – 41-44-бб.

74 Серебренников Б., Гаджиева Н. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986. – 283 с.

75 Севортян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка. – М., 1956. – 152 с.

76 Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 1994. – 296 б.

77 Аралбаев Ж.А. Вокализм казахского языка: очерки по экспериментальной фонетике и фонологии / Аралбаев. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 179 с.

78 Раева Г. Қазақ тіліндегі сингармониялық варианттар мен параллельдер: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 128 б.

79 Кондратьев В.Г. Грамматический строй памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. – М., 1981. – 412 б.

- 80 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 446 б.
- 81 Беласарова Ж. Тарихи грамматикалық еңбектердегі морфологиялық тұлғалардың ерекшеліктері // Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері. Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары / Құраст.: С.Құлманов.–Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2016. – 179-185-бб.
- 82 Ювалы А., Имашева Н. Жалпы түркі тарихы. – Түркістан, 2004. – 214 б.
- 83 Жұбаева О. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэзектілігі: филол. ғыл. докторы ... дисс. автореф. – Алматы, 2010.– 52 б.
- 84 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. –Алматы, 1992. – 316 б.
- 85 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет.
- 86 Баскаков Н.А. Морфологическая структура слова и части речи в тюркских языках. –Баку, 1970. – 354 с.
- 87 Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Имя. –Л., 1987. – 104 с.
- 88 Томанов М. Принципы построения исторической грамматики казахского языка // «Советская тюркология». – М., 1972. – С. 14-19.
- 89 Deni J. Türk dili grameri (Osmanli lehçesi). – Istanbul: Maarif Vekaleti, 1941. – 1281 p.
- 90 Gabain Von A. Eski türkçenin grameri. – Ankara, 1988. – 313 p.
- 91 Banguoğlu T. Türkçenin grameri. – Ankara, 1990. – 628 p.
- 92 Özkan N. Gagavuz türkçesi grameri. – Ankara, 1996. – 345 p.
- 93 Gürsoy-Naskali E. Türk dünyasi gramer terimleri kilavusu. – Ankara, 1997. – 190 p.
- 94 Korkmaz Z. Türkiye türkçesi grameri. – Eskişehir, 2009. – 1224 p.
- 95 Develi H. Osmanli türkçesi grameri. – Eskişehir, 2010. – 293 p.
- 96 Айғабылұлы А. Қазақ тілінде грамматикалық сан-мөлшер категориясы бар ма? // ҚазМУ Хабаршысы. № 33. – 1999. – 18-25 б.
- 97 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис. – М., Наука, 1961. – 438 б.
- 98 Беласарова Ж. Қазақ тіліндегі көптік жалғауының сипаттамасы // Актуальные проблемы диалектологии языков России. Материалы XIV Всероссийской научной конференции.–Уфа. -2014. С.117-120.
- 99 Майзель С.С. Изафет в турецком языке.– М.-Л., 1957. – 98 б.
- 100 Беласарова Ж.Т. Түркі тілдеріндегі тәуелдік жалғауының тарихи дамуы // «Заманауи филологиялық ғылымдар» («Филологические науки в современном мире» / «Phylological sciences in contemporary world»: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда материалдары: – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2013. – 455-459-бб.
- 101 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого языка. – М.-Л., 1956. – 244 б.

- 102 Балтабаева Ж. Қазақ тіліндегі қосымшасыз ілік және табыс септіктердің семантикалық-стилистикалық қызметі. – Алматы, 2006. – 33 б.
- 103 Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 136 б.
- 104 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алма-Ата, 1987. – 228 б.
- 105 Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, Ленинградское отделение, 1961. – 204 с.
- 106 Насилов Д.М. К истории вспомогательных глаголов в тюркских языках // Тюркологические исследования. – М., 1976. – С. 12-24.
- 107 Мусаев К. Лексикология тюркских языков. – М., 1964. – 218 с.
- 108 Балақаев М. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967. – 314 б.
- 109 Baltabayeva Zh.K., Nyuzbekova K.S., Omarova Anar., Belassarova Zh.N., Features in the use of cases of the Kazakh language // The International Conference on Transformation of Education. – London, 22-23 April 2013. – P. 163-182.
- 110 Серғалиев М. Қазіргі қазақ әдеби тілі (морфология, синтаксис). – Алматы, 1991. – 266 б.
- 111 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 212 б.
- 112 Аблақов Ә. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. – Алматы, 1986. – 176 б.
- 113 Благова Г.Ф. Тюркское склонение в ареално-историческом освещении. – М., 1982. – 94 с.
- 114 Наджип Э. Кыпчакско-огузский литературный язык. – М., 1965. – 296 с.
- 115 Ғабитов Т., Алтаев Ж. Философия және мәдениеттану. Алматы, 2014 Б.249
- 116 Отарбекова Ж.К. Тіл мен философияның сабақтастығы: зерттеудің қазіргі бағыттары // конференция материалдары
- 117 Лосев А.Ф. Философия имени. - М.: Изд. МГУ, 1990. – 208 с.
- 118 Бәкірұлы Ә. Әлемді мойындатқан қазақ философы неге жоқ? // Ақиқат. – 2015. №1. – 21-28 бб.
- 119 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 15.12.2012.
- 120 Никифров А.Л. Историческая память, история и истина / Способы постижения прошлого: Методология и теория исторической науки / отв. ред. М.А. Кукарцева. – М.: «Канон» РООИ «Реабилитация», 2011. – 255 с.
- 121 Смоленский Н.И. Теория и методология истории: учеб. пособие для студ. выш. учеб. заведений / Н.И. Смоленский. – 2-е изд, М.: Издателский центр «Академия», 2008. – 239 с.
- 122 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы – Алматы, 1996. – 168 б.
- 123 Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. – М., 1977. – 213 с.
- 124 Гумбольдт В. фон. Избранные работы по языкознанию. – М., 1984. – 360 с.
- 125 Булгаков С. Первообраз и образ. Сочинения в двух томах, т. 2. Философия имени. СПб, 1999. – 320 с.
- 126 Кассирер Э. Познание и действительность. – СПб, 1912. – 190 с.

- 127 Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі.-Алматы: ҚБТУ, 2010. –240 б.
- 128 Абай Құнанбайұлы. Шығармалар. – Алматы: Рауан, 1992. – 230 б.
- 129 Негачева О.В. Студенчества как социальная группа.–Алматы, 2014. –63 б.
- 130 Педагогика и психология высшей школы. 2-часть. –М., 2015. –324 с.
- 131 Әлімов А. Жоғары мектепте интербелсенді әдістерді қолдану. – Астана, 2015. – 236 б.
- 132 Баринаова Е.А. Основы методики связной речи. –СПб., 2001. – 314 с.
- 133 Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология. – Алматы: Print, 2006. – 296 б.
- 134 Иванов П.И. Общая психология. – Ташкент, 1967. – 543 с.
- 135 Ысқақов А. Қазақ тілі программасы жобасының құрылымы жайында // Қазақ тілімен әдебиеті. 1958. –№ 10. – 15-20-бб.
- 136 Абдулина О. А. Личность студента в процессе профессиональной подготовки // Высшее образование в России. – 2003. №3. – С. 23-27.
- 137 Львов М.П. Речь младших школьников и пути его развития. –М.: Просвещение, 1975. –212 с.
- 138 Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. –Алматы: Ан Арыс, 2011. –350 б.
- 139 Ананьев Б. Г. Избранные психологические труды: В 2 т. / Под ред. А.А.Бодалева и др. –М., 1980. – 231 с.
- 140 Салықжанов Р.С. Студент жастардың әлеуметтік топ ретіндегі ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. - № 1 (80). 2011. – 42-46-бб.
- 141 Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докторы ... дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 50 б.
- 142 Балтабаева Ж.Қ. Жоғары оқу орнында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (қазіргі қазақ тілінің морфология саласы бойынша): пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2009. – 246 б.
- 143 Бейсенбаева З. Жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 43 б.
- 144 Mukhamejanova G., Mynbayeva A., Belassarova Zh., Imankulova M. Innovative Methods in Education // Biosciences Biotechnology Research Asia. – 2015. – V. 12. – Iss. 1. P. 133-139.
- 145 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1991. – 246 б.
- 146 Степанов Н.А. Восприятиеи наблюдательность. –М., 1966. – 490 с.
- 147 Павлов И.П. Избранные труды. –М., 1954. – 410 с.
- 148 Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения / Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии (1861). – М.: Изд-во Академии наук РСФСР, 1945. – 475 с.
- 149 Жарықбаев Қ. Психология. –Алматы: Мектеп, 1982. – 324 б.
- 150 Киселева В.Г. Обучение устной речи с учетом индивидуальных особенностей учащихся. –М., 1976. – 23 с.
- 151 Құнанбаев А. Қарасөздер. –Алматы: Көшпенділер, 2007. – 160 б.

- 152 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Ғылым, 1998. – 447 б.
- 153 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докторы ... автореф. – Алматы, 2007. – 50 б.
- 154 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы: Кітапбаспа үйі, 2002. – 415 б.
- 155 Психология студентов. – М.: ИКЦ-МарТ, 2005. – 560 с.
- 156 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 93.
- 157 Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам // Пособие для учителя. – М.: Аркти-Глосса, 2007. – 193.
- 158 Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления / пер. с англ. Н.М. Никольской; под ред. (и с предисл.) Н.Д. Виноградова. – М.: Мир, 1995. – С.202.
- 159 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 3-деңгей. – Алматы: НЗМ, 2012. – 306 б.
- 160 Ильин М.С. Проблемы воспитания потребности в знаниях у школьников. 2-е издание. – Ростов на Дону, 2011. – 189 с.
- 161 Саломатов К.И. Проблемы обучения диалогической речи // Иностранные языки в школе. – 2007, №63. – С. 29-34.
- 162 Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
- 163 Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 160 б.
- 164 Оралбаева Н. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1996. – 235 б.
- 165 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Просвещение, 1981. – 186 с.
- 166 Скаткин М.Н. Дидактика средней школы. Некоторые проблемы современной дидактики / Под ред. М.А. Данилова и М.Н.Скаткина. – М.: Просвещение, 2005. – 302 с.
- 167 Занков Л.В. Обучение и развитие (экспериментально-педагогическое исследование). – М.: Педагогика, 1975. – 440 с.
- 168 Оразахынова Н. Сатылай кешенді талдау. – Алматы, 2012. – 230 б.
- 169 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: бағдарлама. – Алматы 1990. – 104 бет.
- 170 Бейсембаева З, Шаханова Р.Ә. және т.б. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2009. – 278 бет.
- 171 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы (Методикалық талдау). – Алматы: Кітап, 1981. – 112 бет.
- 172 Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисі: коммуникативтік-танымдық аспект. Ғылыми монография. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 270. – 178 бет.
- 173 Belassarova Zh., Muratbek N., Sultaniyazova I., Nurbaeva A., Sabirova D. Realization of Parameters of Bologna Process at Teaching of Philologists in the Republic of Kazakhstan // Review of European Studies. – 2015. – V. 7. – Iss. 7. – P. 356-364.
- 174 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені жоғары оқу орындарында қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 бет.

- 175 Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2008. – 290 бет.
- 176 Беласарова Ж., Балтабаева Ж. М. Томановтың тарихи морфологияға қатысты пікірлерін оқытудың әдістемелік аспектілері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. № 3 (30) 2015. – 184-187-бб.
- 177 Садыков Т.С., Абылқасымов А.Е. Дидактические основы обучения в высшей школе. – Алматы: РИККАО им.Алтынсарина, 2000. – 187 с.
- 178 Ахметова Т.А. Білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастыру //оқу-әдістемелік құрал. – Петропавл, 2007. – 45.
- 179 Туманова А.Б. Русский язык. Научный стиль речи. – Алматы: КБТУ, 2010. – 153 с.
- 180 Вейзе А.А. Теория и практика порождения вторичного текста в курсе вузовского обучения иностранным языкам: дисс. доктора пед.наук. –Минск, 1993. – 402 с.
- 181 Сәтбекова А.А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім): пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 55 бет.
- 182 Салқынбай А. Тіл тарихын зерттеген кемел ғалым // «Егемен Қазақстан» 18 ақпан 2012 жыл.
- 183 Томанов М., Түймебаев Ж. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы (әдістемелік нұсқаулар, семинар сабақтары мен өзіндік жұмыстардың тақырыптары). Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінің студенттеріне арналған. – Астана, 2005. – 60 б.
- 184 Беласарова Ж. Түркі тілдеріндегі жуан және жіңішке дауытылардың екершеліктері. «Проблемы формирования и реализация профессиональной речевой компетенции в системе непрерывного образования Республики Узбекистан». Сборник материалов Республиканского семинара. Ташкент Ташкент.- 2013. С.200-202.
- 185 І.Есенберлин. Алтын Орда. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қор», 1999. – 528. –114 б.

СӨЗДІКТЕР

- 1 Библиографический словарь отечественных тюркологов. – М.: Наука, 1974. – 336 с.
- 2 Древнетюркский словарь. – Л., Наука, 1969. – 648 с.
- 3 Лингвистический энциклопедический словарь. – М., Наука, 1991. – 414 с.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт.–Алматы: Ғылым, 1971-1986.
- 5 Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы: Ғылым, 1997. – 246 б.
- 6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1977. – 324 б.
- 7 Қазақ тілі сөздігі. –Алматы: Ғылым, 2001. – 534 б.
- 8 Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. –346 б.
- 9 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 184 б.
- 10 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. –248 б.
- 11 Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. –Алматы: Ғылым, 1969. – 234 б.
- 12 Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Ғылым, 1974. – 245 б.
- 13 Салқынбай А.Б., Абақан Е.М. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 164 б.
- 14 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1972. – 646 с.
- 15 Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. –Алма-Ата: Наука, 1976. – 249 б.
- 16 Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 296 б.